

Қазақстан Республикасы
Мәдениет, ақпарат және
қоғамдық келісім
министрлігінде 2002 жылы
3-мамырда тіркеліп,
№2904-Ж куәлік берілген

ҚАЗАҚ ТАРИХЫ

Екі айда бір шығатын
республикалық ғылыми-
әдістемелік журнал

Меншік иесі – “Қазақ тарихы” ЖШС

№2 (197),
НАУРЫЗ-СӘУІР
2022 жыл

1993 жылдың шілде
айынан бастап шығады

АҚЫЛДАСТАР АЛҚАСЫ:

Төраға: Өлімбай Н. – ҚР МОМ дирек-
торы, проф., этнолог (Алматы).

Орынбасары: Салықбай Ө.Ж. –
журнал редакторы (Алматы).

Мүшелері:

Қабылдинов З.Е. – т.ғ.д., проф., ҚР
БҒМ ҒК ТЭИ директоры (Алматы).

Байтанаев Б.Ө. – т.ғ.д., проф., ҚР БҒМ
ҒК АИ директоры (Алматы).

Әбіл Е.А. – т.ғ.д., проф., ҚР БҒМ ҒК МТИ
директоры (Нұр-Сұлтан).

Аяған Б.Ғ. – т.ғ.д., проф., ҚР БҒМ ҒК
МТИ дир. орынбасары (Нұр-Сұлтан).

Кәрібаев Б.Б. – т.ғ.д., проф., ҚР ҰҒА
академигі (Алматы).

Қарасаев Ғ.М. – т.ғ.д., проф., Ресей ҒА
корр.-мүшесі (Нұр-Сұлтан).

Төлеубаев Ө.Т. – т.ғ.д., проф. (Алматы).

Жұмағұлов Қ.Т. – т.ғ.д., проф. (Алматы).

Uyama Tomohiko. – т.ғ.д., проф. Hokkaido
University disabled (Japan, Sapporo).

Буканова Р.Г. – т.ғ.д., проф. (Башқұрт-
стан, Уфа).

Курманов З.К. – с.ғ.д., проф. (Қырғыз-
стан, Бішкек).

Невежин В.А. – т.ғ.д., проф. (Ресей, Мәскеу).

Еңсенев Қ.А. – т.ғ.к., қауымд. проф.
(Нұр-Сұлтан).

Эксперттер тобы:

Найманбаев Б.Р. – т.ғ.д., проф. (Шымкент).

Жұмағұлов Б.С. – т.ғ.к., қауымд. проф.
(Алматы).

Асылбекова Ж.М.-А. – т.ғ.д., проф. (Алматы).

Ауанасова А.М. – т.ғ.д., проф. (Нұр-Сұлтан).

Исин А. – т.ғ.к., проф. (Семей).

Салқынбек Д. – т.ғ.к. проф. (Алматы).

Қартаева Т.Е. – т.ғ.к., проф. (Алматы).

Ноғайбаева М.С. – т.ғ.к., қауымд. проф.
(Алматы).

Сәбитов Ж.М. PhD, саяс/шы (Нұр-Сұлтан).

Дүйсен С.Ж. – п.ғ.к. (Нұр-Сұлтан).

Қалиев Ж.Н. – п.ғ.к. (Нұр-Сұлтан).

Ерімбетова Қ.М. – т.ғ.к. (Нұр-Сұлтан).

Үмітқалиев Ұ.Ұ. – т.ғ.к., арх/г (Нұр-Сұлтан).

Ізбасарова Г.Б. – т.ғ.к., доцент (Ақтөбе).

Базарбаев Қ.Қ. – PhD тарихшы (Түркістан).

Қозыбаева М.М. – PhD тарихшы (Алматы).

Нұргүл Қасымқызы – жауапты редактор.

.....

Басуға 06.04.2022 ж. жіберілді.

Пішімі 84 x 108 1/16 Шартты б.т. – 4.

СТР басылым. Бағасы келісімді.

Таралымы – 1380. Индекс – 75748.

Редакцияда беттеліп-қатталып,

"Акимбаев" ЖК-де басылды.

Алматы қаласы, Төле би көшесі 203-үй.

МАЗМҰНЫ

ҒЫЛЫМИ ЗЕРТТЕУЛЕР МЕН МАҚАЛАЛАР

ИСА Қ. Қостанай әуежайы Ахаң атында болады.....	2
Ахмет Байтұрсынұлының қанатты сөздері.....	4
ӘРІПБАЕВА Л., МЫРЗАБАЕВА М., ТІЛЕПОВА А. Құрманғазы күйлерінің шығу тарихы.....	7
САЛҚЫНБЕК Д., КСЕНЖИК Г., ЖҰМАН С. Озық ойлы орыс гуманисті.....	11
САЛҚЫНБЕК Д., ӘБУХАНОВ Ш. Соғыс тұтқындарының тауқыметті тағдыры.....	16
ЖАРАСОВ Ө. Коллективизация в Казахстане: особенности и последствия	19
ДҮЙСЕН С. Қалтарыста қалған қайраткер	23
МЕКЕБАЕВ Т., БАЙБҰҚАШЕВА А. Д.А.Қонаев еңбектері – XX ғасырдағы Қазақстан тарихының дереккөзі	24
НҰРБЕКОВА Р., ҚАБИДОЛДИН Қ. Желтоқсан жұлдызы Сәбирә: ақтаңдақтар және ақталу	28
ТУҒАНОВ С. Үржарда Сәкеннің ізі қалған	33
НҮСІПОВ Р. Құпия соғыс	35
ҒАЛЫМОВА І. Ортағасырлық араб тілді еңбектерде Орталық Азияның тарихы мен географиясының зерттелуі	43
ӘБДИНАЗАР А. Депортацияланған поляктардың қазақ жеріне бейімделуі	48
ЖӨРКЕН С. П.Скрыплев экспедициясының ерекшелігі және зерттелу мәселесі.....	54
КАМАЛОВА П. Атырау өңіріндегі қараусыз қалған балаларды қорғау	56

ОҚЫТУ. ӘДІСТЕМЕ. ТӘЖІРИБЕ.

ЖУСАНБАЕВА Г. Құзыреттілік – нәтижеге бағытталған білім беру негізі	59
ҚОШҚАРБАЕВА Н. Ы.Алтынсаринның ағартушылық қызметінің негізгі құндылықтары	63
ҮДЕРБАЕВ О. Отанды сүю – міндетің, Отанды қорғау – парызың!.....	65
ИБРАГИМОВА Ұ. Сыртқы бақылауға дайындаудың тиімді жолдары.	66
АЙНАБЕКОВА А. Алаш қозғалысы.....	67
ҚҰРМАНЖАНОВА Г. Архив деректері Ахмет Байтұрсынұлы хақында.....	69
ЕСКЕНДІР Қ. Ресейдің шынайы тарихы	71

Қазыбек ИСА

ҚОСТАНАЙ ӘУЕЖАЙЫ АХАҢ АТЫНДА БОЛАДЫ

Арқыраған ақпанның аяғында Ахаңның 150 жылдығы мерейтойын ашып келдік. Он күн ел аралауымыздың аяғы Ахаңның туған өлкесіне жалғасты. 28 ақпанда Қостанайда ұлт ұстазы, Алаштың рухани көсемі Ахмет Байтұрсынұлының ЮНЕСКО аясында тойланатын 150 жылдық мерейтойының ресми ашылу салтанаты өтті.

Қостанай облысы әкімі Архимед Мұқанбетовпен кездесіп, еліміз елеңдеп отырған мерейтойдың барысы жөнінде сөйлестік. Әкім той туралы толыққанды ақпарат берді.

Ахаңның 150 жылдығына байланысты Үкімет басшысы орынбасары Е.Тоғжановқа «Ақ жол» фракциясының депутаттық сауалын жолдағаны белгілі. Оның ішінде Алаш көсемдері Ахаң мен Жахаңның туған ауылдарына баратын жол жоқ екендігін жазып, барлығы 17 ұсыныс жасағанбыз. Олардың көбісі орындалып жатқаны туралы вице-премьердің жауабы да келген.

Біздің депутаттық сауалдан кейін Қостанай облысының әкімі Архимед Мұхамбетов Жангелдин ауданына, соның ішінде Ахмет Байтұрсынұлы ауылына барып, елмен кездесіп қайтқаны белгілі. Ахаңның тойына арналып істеліп жатқан іс-шараларды, оның ішінде жол салу басталғанын баяндап, жұрттың ой-пікірін, ұсыныстарын тыңдап, маңызды мәселелерді орындауға уәде етті. Ал ең бастысы – Ахаң ауылына баратын жолды күрделі жөндеуден өткізу жұмыстары шешімін тауып отыр.

«2022 жылдың бюджетін бекіткен кезде жолдың 11,4 шақырымын жөндеуге 450 млн теңге бөлінген болатын. Қазіргі уақытта одан әрі қарай жол салу үшін құжаттама әзірлеуге қаражат бөлінді. Құжат дайын болған бетте, жұмыстар басталады. Ол мақсатта қосымша 1,5 млрд теңге қарастырып отырмыз, бұл шамамен 21 шақырым жол төсеуге жетеді. Сонда 32 шақырым жолдың қаржысы шешіліп тұр. Ал көктемдегі бюджетті қайта пысықтау кезінде қалған шақырымдарға қаржы сұраймыз деп отырмыз», – деді Архимед Бегежанұлы.

Республикалық «Қазақ үні» газеті мен ұлттық порталында біздің «Ұлт ұстазын ұлықтауға қарсы қоғамдық кеңесті таратып жіберу керек» деген мақаламызда көтерілген мәселелерді де қолға алып жатқандарын айтты. *«А.Байтұрсынұлы туған үйді қалпына келтіруге облыстық бюджет есебінен қаражат бөлінді. Оны жаңғыртып, музей үйге айналдыру жоспарланып отыр»,* – деді. Сондай-ақ, Орынбор қаласында Ахаңның ескерткішін орнату мәселесін демеушілер арқылы шешуге тырысып жатқандарын жеткізді.

Әкімнің айтуынша, біздің көтерген депутаттық сауал бойынша облыс орталығындағы әуежайға Ахмет Байтұрсынұлы есімі берілу туралы ұсыныс облыстық мәслихат депутаттары тарапынан өз

қолдауын тауып жатыр екен. Әуежай әкімшілігі де өз келісімін берген. Бұл туралы облыстық мәслихат хатшысы, руханиятқа қамқор болып жүретін кәсіпкер Сайлаубек Ешанов та растады. Ал кеше облыстық мәслихат Қостанай қаласындағы әуежайға Ахмет Байтұрсынұлының атына беруді қолдап, бекітті. Енді республикалық ономастикалық комиссияның шешімі ғана қалды.

Құдай қаласа, Ахаңның тойына алыс-жақыннан ағылған қонақтарды Қостанайда ұшақтан түскен бетте әуежайда «Ахмет Байтұрсынұлы» деген айшықты жазумен Ахаңның өзі қарсы алып тұрса қандай ғанибет!

Мерейтой мәселесінде аймақ басшылығы барынша қимылдап жатыр екен. Халық үніне құлақ түре білген облыс әкімі Архимед Бегежанұлына алғыс айтамыз. Енді сол уәделердің барлығы орындалсын деп сенейік.

Ұлыларымызды ұлықтамасақ, ел болып алға жылжи алмаймыз.

Жалпы, Ахаң еліндегі сапарымыз туралы толық ақпаратты облыстық «Қостанай таңы» газетінде жазылған хабар мен журналист Қыдырбек Қиысханға берген сұқбатымыздан оқуға болады.

ҰЛТ ҰСТАЗЫНЫҢ ТОЙЫ РЕСМИ АШЫЛДЫ

Мерейтойдың әлқиссасы.

Биыл 28 ақпанда Қостанайда ұлт ұстазы Ахмет Байтұрсынұлының 150 жылдық мерейтойының ресми ашылу салтанаты өтті. Айтулы шараға ақын, ҚР Парламенті Мәжілісінің депутаты Қазыбек Иса, Қазақстан Жазушылар одағының төрағасы Ұлықбек Есдәулет, ҚР Білім және ғылым министрлігінің Тіл саясаты комитетінің Шайсұлтан Шаяхметов атындағы «Тіл-Қазына» ұлттық ғылыми-практикалық орталығының директоры Ербол Тілешов, Алматы қаласындағы Ахмет Байтұрсынұлы мемориалдық музей-үйінің директоры Райхан Имаханбет, өңіріміздегі зиялы қауым өкілдері қатысты. Салтанатты жиынды аймақ басшысы Архимед Мұхамбетов бастап, алыстан-жақыннан келген меймандар облыс орталығындағы Ахаң ескерткішіне гүл шоғын қоюдан бастады.

Мұнан кейін А.Байтұрсынов атындағы Қостанай өңірлік университетінде «Ұлт ұстазы» дөңгелек үстел отырысына жалғасты. Алғашқы сөз кезегін алған облыс әкімі жыл бойына өңірімізде ауқымды ғылыми-танымдық және мәдени-ағартушылық шараларды өткізу жоспары бекітіліп, тиісті жұмыстар жүргізіліп жатқанын жеткізді:

– *Ұлт ұстазына арналған айтулы шаралар өткен аптада Елордамыздан бастау алып, рухани көсемнің туған жерінде жалғасып жатыр. Жыл басында Жанкелдин ауданына жұмыс сапарыммен*

барып, халықпен кездесіп қайттық. Сол кездесу аясында ауыл тұрғындары жол жөндеу, интернет желісін қосу және медициналық көмек көрсету сапасын арттыру жөнінде өтініштерін жеткізген болатын. Осыған байланысты қосымша шаралар қабылдап жатырмыз. 2022 жылдың бюджетін бекіткен кезде «Шұбалаң-Қарасу» бағытындағы жолдың 11,4 шақырымын жөндеуге 450 млн теңге бөлінген болатын. Қазіргі уақытта одан әрі қарай жол салу үшін құжаттама әзірлеуге қаражат бөлінді. Құжат дайын болған бетте, жұмыстар басталады. Ол мақсатта қосымша 1,5 млрд теңге қарастырып отырмыз, бұл шамамен 21 шақырым жол төсеуге жетеді. Шалғай ауылдарды интернет желісіне қосу бойынша Цифрландыру министрлігі және «Қазақтелеком» акционерлік қоғамымен бірлесіп жол картасы әзірленіп, жұмыстар пысықталуда. Жоспар аясында Торғай ауылындағы «Ахмет Байтұрсынұлы мен Міржақып Дулатұлының әдеби музейін» жөндеу жұмыстары жүргізілетін болады және экспозициясы толығымен қайта жаңартылады. Оған қоса, А.Байтұрсынұлы туған үйді қалпына келтіруге облыстық бюджет есебінен қаражат бөлінді. Оны жаңғыртып, музей үйге айналдыру жоспарланып отыр, – деді аймақ басшысы.

Ақын Қазыбек Иса өз сөзінде Ахаңның мерейтойына тоқталды:

– Әлемде барлық елде Ұлттың ұлы тұлғаларының мемориалдық кешені ең алдымен олардың туған жерінде болады. Киелі Жидебайды облыс орталығынан тым алыста деп Ұлы Абайдың мемориалдық кешенін Өскеменнен немесе Семейден салған жоқпыз ғой. Ұлыларға тағзым ету үшін ел алысты жақындатып, Абай ауылына барады. Сол секілді Ұлттың ұлы көсемі Ахмет Байтұрсынұлының әруағына тағзым ету үшін алыстағы Ахмет ауылына баруы керек, деді. – «Ақжол» партиясы биылғы жылды Мемлекеттік тіл жылы деп жариялауды ұсынды. Бірақ Үкімет Балалар жылы деп атады. Дегенмен ұлт үшін, қоғам үшін биыл Ахаң тойы қарсаңында Ана тілі жылы болады деп сенемін. Біздің көтерген депутаттық сауал бойынша облыс орталығындағы әуежайға Ахмет Байтұрсынұлы есімі берілу туралы ұсыныс өз қолдауын тауып жатыр. Әуежай әкімшілігі өз келісімін берген, қазіргі күні осы мәселенің шешілуі үкіметтік деңгейде қарастылып жатыр. Сонымен бірге бір айта кетерім, мынау университеттің атындағы «Ахмет Байтұрсынұлов» деген тегіндегі «ов» жалғауын алып тастау керек. Алаш көсемдері Ахаң, Әлихан, Міржақыптар өз тектерінен ов» жалғауына қарсы болған, ол туралы мақалалары да бар, – деді ҚР Парламенті Мәжілісінің депутаты.

Жарты ғұмырын Ахмет Байтұрсынұлы музей-үйіне арнаған Райхан Имаханбет «Қазақ» деп өткен Ахмет Байтұрсынұлының жасаған еңбегінің төрттен бір бөлшегін де жасай алмай отырмыз дейді.

– Артқа тәуелсіздікпен бірге отыз жылдық-ты тастағанымен, қоғамда тұлғаларымыздың да еңбегі еленіп жатқан жоқ. Оны ескеруіміз керек. Әсіресе, біз атқа мініп жүрген ер азаматтарымызға қараймыз. Кешегі Алаш арыстарының рухын сіздер сезінбесеңіздер, қарапайым халықтың сезінгені аздық етеді. Әсіресе, Ахметті ұшырған Ақ-

көлге үлкен көңіл аударуларыңызды сұраймын. Көбі елден тысқары жатыр деп ойлайды. Егер жағдайын жасаса, Ахмет туған өлкеге ел неге бармайды? – деп ахметтанушы Ахмет атамның өлеңімен ойын түйіндеді.

Сөз орайында айта кетейік, университет қабырғасында өткен жиында Қазақстанның «Ақ жол» демократиялық партиясынан сайланған Мәжіліс депутаты Қазыбек Иса өңіріміздің тіл жанашырлары ақын Ақылбек Шаяхмет пен «Қостанай таңы» газеттің бас редакторы Жанұзақ Аязбековке «Ақ жол» партиясының еңбек ардагерлеріне арналған «Еңбегім еліме» медалін табыс етті. Салтанатты шара соңында белгілі ғалым, ақын Серікбай Оспановтың «Ұлт ұстазы» кітабының тұсаукесер рәсімі өтті. Мәртебелі меймандар мен ғалымдарға «Ахмет Байтұрсынұлов» құрмет медалі табыс етілді.

Айтулы шара қаламыздың мәдени орындарында да жалғасын тапты. А.Байтұрсынұлов атындағы Қостанай өңірлік университетінде, Ыбырай Алтынсарин мемориалдық музейінде, І.Омаров атындағы қазақ драма театрында, «Достық үйінде» және Балалар шығармашылық үйінде ахметтану дәріс сабақтары өтті. Жастар сарайында Ахмет Байтұрсынұлына арналған мерейлі жылдың салтанатты ашылу рәсімі болды. Әдеби-сазды кеш өтіп, онда Ахаңның әндері, күйлері орындалып, өлеңдері оқылады, кемеңгердің өмірінен театрландырылған қойылымдар ұсынылды. «Қостанай Плаза» сауда-ойынсауық орталығында Ахмет образымен фотосессия, мектеп оқушыларының, студенттердің қатысуымен интерактивті шаралар өтті, онда белгілі өнер иелері және көркемөнерпаздар ұжымы өнер көрсетті. Жастар арасында «Астықжан» сауда орталығы аймағында «Поиск» танымдық квест ойыны ұйымдастырылды. «Маса» Youtube-жобасының тұсауы кесілді.

Мерейтой аясында «Байтұрсынұлы оқулары – 2022», халықаралық ғылыми-практикалық конференциялар, «Ахаң жүрген жолмен» ғылыми экспедициясы, қайраткердің мұрасын зерттеуге арналған «Ахмет әлемі» интерактивті порталы, облыстық театр сахналарында тақырыптық қойылымдар жоспарланған. Ерекше атап өтетін жайт, келесі оқу жылы облыс үшін маңызды мамандықтар бойынша Ахмет Байтұрсынұлы атындағы гранттар жергілікті бюджет есебінен тағайындалады.

Мерейтойға арналған негізгі іс-шараларды өзінің туған күні аясында, яғни 5 қыркүйек шамасында өткізу жоспарланған. Оған қоса, облыс орталығында Қазақстан халқы тілдері күніне арналған ауқымды шаралар, «Тіл-қазына» фестивалі өтеді. Сондай-ақ, тарихи тұлғаның туған жері Жанкелдин ауданында бірқатар көлемді мерейтойлық шаралар, атап айтқанда әдеби музейдің жөндеуден кейінгі тұсаукесері, ғылыми тәжірибелік конференция, ақындар айтысы, оқушылар арасында «Ахмет оқулары» байқауы, ат спортынан жарыстар өткізу көзделген.

Айта кету керек, ақжолтай жаңалық, ұлт жанашырларының бастамасымен Ахаң атындағы өңірлік университет «ов» жалғауынан арылып, Ахмет Байтұрсынұлы атындағы оқу ордасы болып аталатын болды.

<http://qazaquni.kz/.../159875-ult-ustazyn-ulyqtai-bilu...>

Биыл қазақтың маңдайына біткен аса ірі тұлғаларының бірі Ахмет Байтұрсынұлының (1872-1937) туғанына – 150 жыл! Ол «Адамға ең қымбат нәрсе – жұрт қамы, жұрт ісі» дей отырып, ұлт жұмысына күшімен де, тісімен де, білім қуатымен де ақтық демі таусылғанша қызмет етті, қолынан келгенше еңбек сіңірді. Әрі «Ұлт жұмысы – үлкен жұмыс. Басқадан кем болмау үшін біз білімді, бай һәм күшті болуымыз керек. Білімді болуға оқу керек. Бай болуға кәсіп керек. Күшті болуға бірлік керек. Осы керектердің жолында жалықпай жұмыс істеу керек» деп, қазақтың қарыштап алға басатын, өркендейтін сара жолын көрсетті. Әуелі «Көсем сөз – әлеумет ісіне басшылық пікір жүргізетін сөз» деп, барлық газет-журналдарға қоғамдық пікір туғызатын, ұлтты соңынан ертетін көсем сөздер жазды. Іле-шала «Газет – халықтың көзі, құлағы һәм тілі... Газеті жоқ жұрт, басқа газеті бар жұрттардың қасында құлағы жоқ керең, тілі жоқ мылқау, көзі жоқ соқыр сықылды» деп, шапшаң тарайтын басылымның мән-мағынасын, пайдасын түсіндіріп, Әлекеңмен ақылдаса отырып, Міржақып Дулатов екеуі «Қазақ» газетін ашты. «Аталы жұртымыздың, ауданды ұлтымыздың аруақты аты деп газетіміздің есімін «Қазақ» қойдық. Ұлт үшін деген істің ұлғаюына күшін қосып, көмектесіп, қызмет ету – қазақ баласына міндет. Халыққа қызмет етемін десеңдер, азаматтар, тура жолдың бірі – осы! Жол – ұзақ, ғұмыр – қысқа, қолдан келгенінше істеп кетелік», – деп, Алаш баласын осы газеттің маңына топтасуға шақырды. Содан соң «Оқу – ерге теңдік, кемге кеңдік», «Білім – таусылмайтын қазына, сарқылмайтын байлық» деп, елді оқу, білімге шақырды. Жай ұрандап қоя салмай, осы жолда өзі де жан аямай еңбектеніп, «Әліппе», «Әдебиет танытқыштан» басталатын көптеген оқулықтары мен оқу-әдістемелік құралдарын жазып бастырды. Ақыры мұғалім даярлау, бала оқыту, мектеп ашу сынды халық ағарту мәселелерінің бәріне қойын-қолтық араласты. «Сөздің ең ұлысы, ең сипаттысы – тарих!» деп, төл тарихтың да жоғын жоқтап, есебін түгелдеуге атсалысты. Қазаққа қатысты барлық мәдени-тарихи, діни-эстетикалық, саяси-әлеуметтік мәселелерге қомақты үлес қосты. Түптің түбінде ердің жасы елуге жетпей тұрып-ақ ұлт ұстазына айналды.

Төменде ұлт ұстазы Ахмет Байтұрсынұлының қанатты сөздерін оқырманға қайыра ұсынуды жөн көрдік.

Бас редактор.

АХМЕТ БАЙТҰРСЫНҰЛЫНЫҢ ҚАНАТТЫ СӨЗДЕРІ

Мектептің жаны – мұғалім. Мұғалім қандай болса, мектеп һәм сондай болмақшы.

Оқуды керек қыла бастағаны – жұртқа ес кіре бастағаны.

Оқу – ерге теңдік, кемге кеңдік.

Білім – таусылмайтын қазына, сарқылмайтын байлық.

Білімді болуға оқу керек. Бай болуға кәсіп керек. Күшті болуға бірлік керек. Осы керектердің жолында жұмыс істеу керек.

Тілі жоғалған жұрттың өзі де жоғалады.

Баланы ұлша тәрбиелесең – ұл, құлша тәрбиелесең – құл болмақшы.

Жер мәселесі – қазақтың тірі я өлі болуының мәселесі.

Мойындағы борышты білу – білімнің ісі, борышты төлеу – адамшылық ісі.

Жақсы шықса, жаман қашар.

Адамға ең қымбат нәрсе – жұрт қамы, жұрт ісі.

Ақын сөзіне жұрт рухының сәулесі түспей тұрмайды.

Сөздің асыл болуы – ұнауынан.

Сайлау деген өзіңе берген ықтияр.

Халықтардың басынан өткізген анайылық шағы – біздің балалық шағымыз мысалды.

Дүниедегі нәрселердің бәрі қысылады, мұздайды, қатады – түсі қашып, өлік сияқты жатады.

Сөздің ең ұлысы, ең сипаттысы – тарих!

Елде жоқ рух ақын сөзіне қайдан келсін?!

Көсем сөз – әлеумет ісіне басшылық пікір жүргізетін сөз.

Көркем сөз – көңіл тілі, жалаң сөз – зейін тілі.

Шежіре, заманхат, өмірбаян, мінездеме – бәрі де тарихтың жемі есебіндегі нәрселер.

Тақпақтан гөрі мақал маңызды, шымыр келеді.

Мақал – тәжірибеден шыққан ақиқат түрінде айтылатын сөз.

Сөз жазатын адам әрі жазушы, әрі сыншы болуы керек.

Білімнің бас құралы – кітап.

Бір нәрсені істегенде сол істей білетін адам істесе, шапшаң да жақсы істер еді.

Күнелту үшін ас керек, ас істеуге күш керек, күшті жұмсауға ес керек.

Тән саулығы – тазалықтан, жан саулығының тамыры – тән саулығында.

Ұлт жұмысы – үлкен жұмыс: Үлкен жұмысқа көп жұмыскер керек.

Ғылым мен өнер көбейген сайын, бейнет кемиді.

Ел бағатындар ел бағуларын жақсы білулері керек.

Ұлт намысы дегенді қазақтың көбі – екі ауылдың, екі топтың я екі рудың намысы деп ұғады: басқадан кемшілік көрсе – намыстанбайды, кектемейді; бір-бірінен кемшілік көрсе, кегін жібермейді.

Мәтел дегеніміз – кезі келгенде кесегімен айтылатын белгілі-белгілі сөздер: мәтел ақиқат жағын қарамай, әдетті сөз есебінде айтылады.

Оқусыз халық қашан бай болса да, біраз жылдардан кейін оның байлығы өнерлі халықтардың қолына көшеді.

Неше түрлі ғылым, өнер – бәрі де тіршіліктің ауырлығын азайту үшін, рақатын молайту үшін шығарған нәрселер.

Әркім өзі жақсы білетін нәрсесін сынауы керек.

Қазақ – жоқшы, жоғын іздеген қуғыншы!

Дұрыстық-бұрыстықты білмеген жұрт азады.

Жақсы нәрсенің жолға шығуы – жаман нәрседен қиынырақ.

Алушы да, беруші де – өзіне жағымды жағын іздейді.

Әркім өз білгенін, өзінің қолынан келетінін істеу керек.

Басқадан кем болмас үшін білімді һәм күшті болу керек.

Бәрін айт та, бірін айт – сөздің тұрар жерін айт!

Кейбір істерді істеу керек бола тұра істеуге болмайды.

Өткенді қуғанды қойып, осы күйіңді жөндеуге жөн іздеу керек.

Халықтың ісі – бұрап қалса басқа жөнге келетін машинаның тетігі емес.

Жұртқа керегін білетіндер – көп, істейтіндер – аз.

Жұрт жұмысы – құмырсқаның илеуіндегі жұмысқа ұқсайды: құмырсқаша жабыла тынбай істесе өнеді.

Көсемдер көбейсе, ерушілер де көбейер еді.

Ұлтын керек қылып, қызмет қыламын деген қазақ балалары қазақ жұмысына қолынан келгенше қарап тұрмай кірісіп істей берсе, ұлт жұмысы ұлғайып, толықпақшы.

Біреу – жұмыс қылайын десем, тұрған жерім жаман дейді, біреу – маңайымдағы елім жаман дейді: бұлардың бәрі де – бос сөз!

Ниеті жаман Аллаға өкпелемес болар.

Талап – жоқ, үміт мол бір халықпыз.

Еңбексіз егін шықпайды, терлемесең терің шықпайды.

Телміріп алған теңгеден, тер төгіп тапқан тиын жұғымды.

Қатерлі жерде қаперсіз отырма!

Өзгеге емес, өзіңе өкпеле.

Қазақ жерінің тұтқасының екі ұшы екі қолда: бір ұшы – қазақта, екіншісі – орыста.

Қазақ жері қазақтан кетпес еді, қазақ жері қазақтан кетпесіне іс қылсақ.

Әдіс қылу – жөнсіздік емес, ептілік.

Ғылым мен өнер елсізді – елдіге, жоқты – барға теңгереді.

Қазақ жеріндегі шаруалық – мал бағу мен егін егу.

Сайлау, рас, бөле болса, білімді, өнерлі халықтар өз ісінің бәріне басынан бастап, аяғына дейін неге сайлау кіргізді?!

Білімі көп адам құралы сай ұста секілді: не істесе де, келістіріп істейді.

Жерді жалдаудан тартынбағандар сатудан да тартынбайды.

Қазақтың әлі күнге жерден қол үзбей отырғаны – жер қазыналық болғандықтан: әйтпесе, бүгін тойғанына мәз болып, ертеңгісін ұмытқан қазақ бүгін – жерін сатып тойып, ертең – төнтіреп кетер еді.

Олжалы жерде үлестен қалғанымыз, жоралы жерде жолдан қағылғанымыз – бәрі надандық кесапаты.

Қазақтың бас адамдары! Әуелі сіздер адаспаңыздар: адаспас үшін ақылдасып, ойланып, ынтымақпен іс етіңдер!

Алашқа аты шыққан адамдар! Көсемдіктеріңді адаспай түзу істеңдер! Сендер адассаңдар, арттарыңнан алаш адасады: арттарыңнан ергендердің обал-сауабына сіздер қаласыздар.

Біздің заманымыз – өткен заманның баласы, келер заманның атасы!

Ұлт жұмысы – үлкен жұмыс. Басқадан кем болмау үшін біз білімді, бай һәм күшті болуымыз керек. Білімді болуға оқу керек. Бай болуға кәсіп керек. Күшті болуға бірлік керек. Осы керектердің жолында жалықпай жұмыс істеу керек.

Тән көмілер, көмілмес еткен ісім,
Ойлайтындар мен емес бір күнгісін.
Жұрт ұқпаса, ұқпасын, жабықпаймын,
Ел бүгіншіл, менікі ертеңгі үшін.

Тән саулығының тамыры – тазалықта,
Жан саулықтың тамыры – тән саулықта.

Кенің бай, келімің мол, туған тілім,
Дыбыстың теріп сөз ғып бұған гүлін.
Қайырған қайдағыны жүйрік ең сен.
Мен қосып, құтыла алсам, құсам білім.

Тілдің міндеті – ақылдың аңдауын аңдағанынша, қиялдың меңзеуін меңзегенінше, кө-

ңілдің түйінін түйгенінше айтуға жарау.

Тіл дәлдігі деп ойлаған ұғымға сөз мағынасы сәйкес келуі айтылады.

Баланы оқыту ата-анасына ауыр болғанымен, жұртқа жеңіл... сол қаңғырып қалып тұрған балалар бір ұлттың ұлы емес пе?

Әр ауылда бір молдадан қалдыруды, Қырғыз балаларының сауатын ашу үшін әр 50 түтін сайын бір мұғалимадан ұстауды және олардың медреседен куәлігі («Шаадат-нама») болуын, қалаларда мұсылман медреселерінде оқитындарды әскерге шақырудан босатуды қадағалау керек...

Адамға тіл, құлақ қандай керек болса, бастауыш мектеп те, үйрететін білім де сондай керек.

Ең әуелі мектепке керегі – білімді, педагогика, методикадан хабардар, оқыта білетін мұғалім. Екінші, оқыту ісіне керекті құралдар, қолайлы һәм сайлы болу, құралсыз іс істелмейді, һәм құралдар қандай болса, істеген іс те сондай болмақшы. Үшінші, мектепке керегі белгіленген программа (бағдарлама). **Әр іс көңілдегідей болып шығуы үшін, оның үлгісі, я мерзімді өлшеуі болуы керек. Үлгісіз я өлшеусіз істелген іс – солпы, я – орта, я – кем шықпақшы.**

Газет – халықтың көзі, құлағы һәм тілі.

Газетасы жоқ жұрт, басқа газетасы бар жұрттардың қасында құлағы жоқ керең, тілі жоқ мылқау, көзі жоқ соқыр сықылды.

Дүниеда не болып жатқанын көру жоқ, не болып жатқанын есту жоқ, өз пікірін айту жоқ.

Жұртым деп халықтың арын арлап, зарын зарлап, газет арқылы халықтың сөзін сөйлеп, пайдасын қорғап, зарарына қарсы тұруды мақсат етті.

Аталыжұртымыздың, аудандыұлтымыздың аруақты аты деп газетіміздің есімін «Қазақ» қойдық. Ұлт үшін деген істің ұлғаюына күшін қосып, көмектесіп, қызмет ету – қазақ баласына міндет. Халыққа қызмет етемін десеңдер, азаматтар, тура жолдың бірі – осы! Жол – ұзақ, ғұмыр – қысқа, қолдан келгенінше істеп кетелік.

Балам деген жұрт болмаса, жұртым дейтін бала қайдан шықсын! Балам деп бағып оқытып, адам қылғаннан кейін, жұртым деп танымаса, онда өкпелеу жөн ғой. Аталық міндетін атқарып отырған жұрт жоқ, жұртқа борыштымыз деп жүрген қазақ баласы жоқ. Баққан – қазына, қазынаға борыштымыз деп жүр. Жастарды оқыту расхोынан қашып, қазынаға борышты қылып қойса, жастарға не жазық? **Баланы ұлша тәрбиелесең, ұл болмақшы. Құлша тәрбиелесең, құл болмақшы.**

ӘОЖ 372, 878

Ләззат ӘРІПБАЕВА¹, Манзура МЫРЗАБАЕВА², Айнұр ТІЛЕПОВА³,¹п.ғ.к., доцент, e-mail: aripbayeval70@mail.ru,

М.Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан университеті,

²аға оқытушы, e-mail: manzura_murzabaeva@mail.ru,³аға оқытушы, e-mail: ainur@mail.ru,^{2,3}Орталық Азия Инновациялық университеті, ^{1,2,3}Шымкент, Қазақстан

ҚҰРМАНҒАЗЫ КҮЙЛЕРІНІҢ ШЫҒУ ТАРИХЫ

Құрманғазы күйлері – қазақ өмірінің рухани қорегі, бостандық рухының ұраны. Ұлттық тарихтың музыка тілінде жазылған ұлы эпосы деп айтуға болады. Күйшінің шығармашылық мәселелері – халықтың бостандығы мен жеке адамның бостандығы. Құрманғазы күйлері бай әуенімен, әсем бояуларымен, жігерлі энергиясымен тыңдаушыларды баурап алады. Күйші домбыраны орындау техникасын, аспаптың дыбыстық және техникалық әдістерін барынша қолданды. Құрманғазы күйлерінің ерекшелігіне байланысты күйдің шарықтау шегін, яғни шағын дастан мен үлкен дастанды жазып алу, домбыраның диапазоны толық игеріліп, күйдің өзінің өлшемі мен ырғағы бүкіл әлемде өзгеріссіз қалады.

Құрманғазы Қазақстанның музыка мәдениетінде айрықша орын алады. Ол – қазақтың аспапты музыка өнерінің классигі. Құрманғазының қазақ музыкасына қосқан үлесін, келесі музыкант-домбырашылар ұрпағына тигізген әсерін асыра бағаласақ та артық болмайды.

Кілт сөздер: бай музыка, әсем түс, жігерлі екпін, музыкалық дауыс, қайғы үні, домбыра диапазоны.

Ләззат АРИПБАЕВА¹, Манзура МЫРЗАБАЕВА², Айнұр ТІЛЕПОВА³,¹кандидат педагогических наук, доцент, e-mail: aripbayeval70@mail.ru,

Южно-Казахстанский университет им. М. Ауэзова,

²старший преподаватель, e-mail: manzura_murzabaeva@mail.ru,³старший преподаватель, e-mail: ainur@mail.ru,^{2,3}Среднеазиатский инновационный университет, ^{1,2,3}Шымкент, Казахстан

ИСТОРИЯ ВОЗНИКНОВЕНИЯ КЮЕВ КУРМАНҒАЗЫ

Кюи Курманғазы являются языческими корнями казахской жизни, девизом духа свободы. Можно сказать, великая эпопея национальной истории, написанная на языке музыки. Актуальные вопросы творчества күйші-свобода народа и свобода личности. Кюи Курманғазы покоряют слушателей богатой музыкой, изящным колоритом, энергичной энергетикой. Күйші наиболее полно применял приемы исполнения домбры, звуковые и технические приемы инструмента. Благодаря особенностям кюев Курманғазы – записи кульминации кюя, то есть малой сағы и большой сағы, диапазон домбры полностью освоен, а сам размер и ритм кюя остаются неизменными на протяжении всего произведения.

Курманғазы занимает особое место в музыкальной культуре Казахстана. Классик казахской инструментальной музыки. Вклад Курманғазы в казахскую музыку и его влияние на следующее поколение музыкантов и домбристов нельзя недооценивать.

Ключевые слова: с богатой музыкой, элегантным колоритом, энергичным темпом, энергичным акцентом, музыкальным голосом, звучанием горя, домбровым диапазоном.

Lazzat ARIPBAYEVA¹, Manzura MYRZABAEVA², Ainur TLEPOVA³,¹Candidate of Pedagogical Sciences, Associate Professor, e-mail: aripbayeval70@mail.ru,

M. Auezov South Kazakhstan University,

²senior teachers, e-mail: manzura_murzabaeva@mail.ru,³senior teachers, e-mail: ainur@mail.ru,^{2,3}Central Asian Innovative University, ^{1,2,3}Shymkent, Kazakhstan

HISTORY OF KURMANGAZY KUI

Kui Kurmangazy are the pagan roots of Kazakh life, the motto of the spirit of freedom. We can say that it is a great epic of national history, written in the language of music. Current issues of Kuishi's creativity are the freedom of the people and the freedom of the individual. Kuya Kurmangazy captivate listeners with rich music, elegant color, energetic energy. Kuishi most fully applied the techniques of performing dombra, sound and technical techniques of the instrument. Due to the peculiarities of the Kurmangazy kuys-the recording of the culmination of the kuy, that is, the small saga and the big saga, the dombra range is fully mastered, and the size and rhythm of the kuy itself remain unchanged throughout the work.

Kurmangazy occupies a special place in the musical culture of Kazakhstan. Classic of Kazakh instrumental music. Kurmangazy's contribution to Kazakh music and his influence on the next generation of musicians and dombra players cannot be underestimated.

Keywords: with rich music, elegant color, energetic tempo, energetic accent, musical voice, the sound of grief, dombrov range.

Кіріспе. Құрманғазы Сағырбайұлы (1806 –1879) – төкпе күйдің шебері, ұлы күйші. Ол Қазіргі Орал облысы, Жаңақала ауданы, Жиделіде туған. Жасынан ән-күйге әуестігімен көзге түседі. Алғашқы ұстазы ел арасында “Хан Базар күйшісі” атанған екен. Ұзақтан Байжұма, Соқыр Есжан, Шеркеш күйлерін үйреніп, орындаушылық шеберлігін шыңдады. Еңбекші бұқараның бай феодалдар мен патша ұлықтарына қарсы күресі Құрманғазы шығармашылығының негізгі өзегіне айналды. Құрманғазы қазақ ауылындағы әлеуметтік қайшылықтардың жігін ерте ажыратып, халқының арман-тілегі мен мұң-шерін өз күйлерінде қозғап отырды. Бұл қылығы үшін ол “ақ патшаның” қырдағы итаршыларынан өмір бойы қуғын көрді. Күйшінің соңына түсіп, жазықсыз жала жауып, қудалауына ұшырады. Алайда Құрманғазы бір сәт те жауына бас иіп мойыған емес. Қайта айналада болып жатқан өмірдің ең өзекті уақиғалары мен көкейтесті құбылыстарын өз күйлерінде шынайы бейнелеп отырды.

Құрманғазының алғашқы шығармаларының бірі – “Кішкентай”. Бұл күй көтеріліс басшысы Исатайға арналған. Оның шығарған “Ақбай”, “Ақсақ киік”, “Көбік шашқан”, “Түрмеден қашқан”, “Адай” деген күйлерінде нұрлы болашақ, халық үміті, үстем тапқа деген ызакек шебер суреттеледі. Күйші “Сарыарқа” күйі арқылы туған жерді, кең байтақ даланы көз алдына келтіреді. Құрманғазы күйлері тыңдаушысын бай сазымен, кербез нақышымен, жігерлі қуатымен борандатып, ұшқыр екпінімен баурап әкетеді [1].

Алғашқы туындыларының дәстүрлі әрі қарапайым болғанына қарамастан, почерк ерекшелігімен, табиғилығымен және еркін интонациялық-тақырыптық дамуымен, кейде формалық кемелімен көзге түсті. Композиторға әйгілілік пен танымалдылық әкелген күйлер жас суреткер кемелін көрсетеді, олар: ақжелең жанрында жазылған «Бас Ақжелең», «Ұзақ Ақжелең» және Құрманғазының шедеврлерінің біріне айналған «Балбырауын» күйі. «Балбырауын» күйінің мазмұны бойынша ешқандай тарихи оқиғамен не сюжетпен байланысы жоқ, яғни онда мәндес бағдарлама жоқ.

Күйлерінің көпшілігінің тақырыбы бар, құрылымы жағынан бір жүйеге түскен ауқымды туындылар. Күйші домбыраның орындау әдістерін, аспаптың дыбыстық және техникалық бай мүмкіндіктерін мейлінше толық қолдана білген. Құрманғазы күйлерінің ерекшеліктеріне – күйдің шарықтау шегінің, яғни кіші саға мен үлкен сағаның жазыла түсуінің арқасында домбыра диапазоны толық игеріліп, күйдің өзіндік өлшемі мен ырғағы шығарманың өне бойында ауытқымай сақталып отырады. “Ертең кетем”, “Балқаймақ”, “Боз қаңғыр”, “Не кричи, не шуми”, “Айжанай”, “Лаушкен”, т.б. көптеген күйлері жайлы төменде анықтамалар беріледі:

“Қайран шешем” – Құрманғазының күйі. Ақбайдың шабармандары Құрманғазыны арбаға байлап жүргелі жатқанда шешесі Ақбаланы көреді. Өлпештеп өсірген анасына әлі күнге дейін қайырымды іс істемегеніне өкініп, енді тағы міне айдалып бара жатқанын ойлап, көзіне жас кеп, шешесінің қасына келеді. “Мен ұл таптым деп жүрсем, жаман, жасық немені туған екем ғой. Кімнің алдында көзіңнен жас шығарып тұрсың?” – деп, жағына шапалақпен тартып жібереді. Құрманғазы өзінің қателігін түсінеді. Орал түрмесінде жатқанда осының бәрін ойлап, шешесіне арнап

“Қайран шешем” атты күйін шығарады. Күй күйшінің қапастағы халін баяндағандай баяу басталады да, бірте-бірте әсерленіп, шабыт-тана төгіледі [2].

“Қапы” – Құрманғазының күйі. Құрманғазы өштескен би оның соңына түсумен болады. Бір жиында домбыра тартып, Исатай, Махамбет толғауын айтып отырған Құрманғазыға “Сен Исатай Махамбеттің толғауын айттың”, деп кінә тағып күйшіні ұстатады. Міне, осы өкінішке байланысты “Қапы” деген күйін шығарған екен [3].

«Қош аман бол» – күйі Құрманғазы қапылыста ұсталып Орда түрмесіне жөнелтілейін деп тұрғанда “Қайтып көріскенше қош аман болыңдар, халқым” деп, “Қош аман бол” күйін тартыпты [4].

«Қыз Данайдың қырғыны» – Құрманғазының күйі. 1850 ж. Құрманғазы Жем өзенінің бойындағы Төремұрат, Өтен, Нарымбай ағаларымен барып қыз Данайды алып қайтады. Қыз соңынан шапқан қуғыншыларды Құрманғазы отауға жібермей келгенін қағып түсіріп, қорғап тұрады. Оның бұл батырлығына нағашылары риза болып, сый-құрмет жасайды. Шабыты шалқыған күйші осы қуанышқа арнап “Қыз Данайдың қырғыны” күйін шығарады. Құрманғазы күй арқылы ат тұяғының дүбірін, қиян-кескі ұрысты суреттейді. Арасында қыз Данайдың сұлулығын, сыңғырлаған күлкісін сазды дауыстармен бейнелей білген. Бұл күйдің шығуына байланысты Төремұрат ел жиып, мал сойып үлкен той жасайды [5].

“Қызыл қайың” – Құрманғазы ен далада жалғыз өскен қызыл қайыңның бұтағын жамылып отырып, қуғыншылардан аман қалыпты, дейді. Кейін: *“Менің елім де, жерім де, ағашым да пана екен. Анадай қамқор болып, жапырағымен жауып пана болған қызыл қайыңға арнап едім”*, – деп осы күйді шығарған.

Материалдар мен әдістер. «Құрманғазы Орал түрмесінде жатып қалады. Бір күні қысқы серуен кезінде Лавочкин деген орыс тұтқынымен танысады. Ол «ақ патшаға тіл тигізгені үшін» қамалған орыс жұмыскері болып шығады. Өзі қазақ арасында көп болып, қазақша суда білетін болады. Бірде, түрме қарақшыларының бірі Лавочкинге оның шешесі келгенін хабарлайды. Ол түрме бастықтары ұлықсат еткен бөлмеге барып, шешесімен көріседі. Шешесі пісіріп алып келген тамақтарын надзирательдің көзінше баласына береді. Бір нанның ішінде болат ара барын ыммен білдіреді. Шешесі қоштасып кеткесін, Лавочкин тамақтарды камераға алып келіп, болған жайды Құрманғазыға баяндайды. Екеуі қашу жоспарын жасап, ол ойларын өздеріне іштартып жүрген (Құрманғазыға домбыра әкеліп берген) надзирательге білдіреді. Ол бұларға жәрдемдесуге уәде береді», – деп келеді оқиға баянында. *«Сайдың бойына келіп кісенімді алып отырғанымда, жараның аузы ашылып, түні бойы ауырып ұйқы бермеді. Жүруге де мүмкіншілік болмады. Сол бір сәтте осы күй басыма келіп еді»*, – дейді. «Кісен ашқан» күйі осылай шығады [6].

Оның «Ертең кетем», «Түрмеден қашқан» сияқты күйлері замана басқа салған зобалаңның бір-бір бекеті сияқты. Ол қатал тағдырдың кез келген талқысына өнерімен жауап беріп, өнерімен белгі қалдырып отырған.

«Кісен ашқан» – еркіндікке ұмтылған тұтқынның жан айқайы. Ал күйші «Қайран шешем», «Аман бол, шешем, аман бол», «Бұқтым-бұқтым» күйлерінде

өзінің ішкі толғанысын күй арқылы шебер береді.

Талдау. Перовскийдің бұйрығы өне-міне деп орындалмай, Құрманғазы түрмеде жата береді. Күндерден күн өткенде Құрманғазы амалдың жоқтығын біліп, қалайда қашуды ойлайды. Айсыз қараңғы бір түнде жұмыстан қайтып келе жатып, аяғы ауырып, тіпті жүргізбеген болып Құрманғазы тұтқындар тобынан кейін қала береді. Қапысын тауып, конвойдың біреуін қағып түсіріп, қаша жөнеледі. Қараңғыда күйшінің ізін жоғалтып алған конвойлар түрмеге қайтады. Оның алдында күндіз жұмыс үстінде Құрманғазы баяғы Лавочкиннің шешесі берген болат араны ұлтарағының астынан суырып, кісеннің бір жағын кесіп жай орнына байлап қойған болатын. Қашарда бір жағын қолына алып адымдай жөнеледі. Қаладан алысырақ бір сарайға барып, кісеннің екінші басын да кесіп, сол араға лақтырып тастайды. Біреулердің айтуынша Құрманғазы қашар тұста кісенді жұлып аламын дегенде өзінің майөкшесінің бірін жұлып алады да қаша береді. Ол күні қалың шөптің арасынан ешқайда шықпайды. Кісен қиған жерлерін көйлек-дамбалынан жыртып алып орайды. Кеш бата Құрманғазы Жайықтың бойын төмен қуа жүре береді. Таң ата бір ауыл шетіндегі малшының үйіне келіп, өзінің мән-жайын айтады. Ол үйдің иелері Құрманғазыны тамақтандырып, басқалардың көздерінен тасалап, тыным алдырады. Жарасына сормақта тартып, жақсылап байлап береді. Кішкене тыныққасын, Құрманғазы домбыра алдырып, бірнеше күй тартады. Ең соңғы күйінде қайғының үні шығады. Айналадағыларға Құрманғазы бұл күйдің атын «Кісен ашқан» екенін айтады. Оқырманға түсінікті болуы үшін Лавочкиннің шешесі берген ара туралы айта кетелік. Ол туралы Ахмет Жұбановтың зерттеу еңбегі негізінде шыққан «Құрманғазы күйлері қалай шыққан?» (Алматы, «Өнер» баспасы, 1993 жыл) кітабындағы «Түрмеден қашқан» оқиғасында баяндалады [7].

Құрманғазы орыс мәдениетінің өкілдері – филологтармен, тарихшылармен, этнографтармен таныс болған, олар қазақ музыкасы, музыканттар мен ұлттық аспаптар жайлы материал жинаған. «Ләушкен» күйін Құрманғазы орыс досы ақын Н.Савичевке арнаған, ол Құрманғазыға өмірінің қиын сәттерінде қол ұшын созған. Оның достық сезімі сонымен қатар, «Машина», «Перовский марш» және т.б. күйлерде көрініс тапқан.

«Сарыарқа» күйі – Құрманғазы шығармашылығының биік шыңы, қазақтың дәстүрлі музыкасының шыңында тұрған шығармалардың бірі. Ұлттық өнерімізді әлемге танытқан бұл күй ұлы күйшінің туған жеріне, қазақтың кең даласына деген махаббатынан туған туынды, халықтың, даланың өзі сияқты кең, өзі сияқты шексіздігін танытатын дауысы. Қуғын-сүргінге ұшырап жүрген шағында жазылған Құрманғазының «Сарыарқасы» бүкіл қазақ халқының еркіндікке, азаттыққа деген құлшынысының көрінісіндей.

Зерттеу нәтижелері. Құрманғазының шығармашылық өмірін шұқшия зерттеп, оның күйлерін оркестрге түсіріп, орындатып, күйші туралы мақалалар жазып, кітап шығарған, елге насихаттаған адамның бірі – ғалым, композитор, музыка зерттеушісі, дирижер Ахмет Қуанұлы Жұбанов еді. Ол 1935 жылдан бастап Құрманғазының туып-өскен, жүрген жерлерінде болып, күйшіні көрген, бірге бол-

ған, күйлерін үйреніп басқаға үйреткен адамдармен сөйлесіп, көптеген деректер жинаған. Жұбановтанушы ғалым Б.Ғизатовтың айтуынша, Ахаң (А.Жұбанов) 1951 жылдан Құрманғазыға байланысты мұрағат деректерін жинай бастаған. Қазақстан, Мәскеу, Ленинград мұрағаттарынан іздеп тапқан Құрманғазыға байланысты деректерді баспасөз бетіне жариялаған. Көптеген ауызша деректердің өзі аса құнды дүниелер. Өйткені, ол деректерді Ахаң берген Ерғали Есжанов, Дина Нұрпейісова, Охаб Қабиғожин, Сейітқали Меңдешев, Сымағұл Көмекбаев, Лұқпан Мұхатов, Махамбет және Науша Бөкейхановтар, Ғадулиан Матов, Меңдіғали Сүлейменов, Жүсіп Тәкенов, Жаулыбай Қосанов, т.б. өткен ғасырдың 60-жылдарына дейін өмірден өтіп кеткен-ді. Осылардың барлығымен А.Жұбанов ауызба-ауыз сөйлескен адам. Ол тек композитор, музыка зерттеуші ғана емес, шебер домбырашы, даулескер күйші де болатын. Ол естіген күйлерін нотаға тез түсіретін. Олардың тарихын да жазып алып отырған. Сол себепті күйлердің шығу тарихын да көп білген. А.Жұбанов 1936 жылы «Қазақтың халық композиторы Құрманғазы» деген кітапша шығарды. Онда күйшінің өмір сүрген дәуірі, сол кездегі Бөкей хандығының саяси экономикалық жағдайы, Құрманғазы күйлерінің мазмұны, кезеңдері, тарихы, күйшінің шәкірттері, мұрагерлері туралы мәліметтер және күйлерге теориялық талдаулар да берілген. 1960 жылы автор бұл кітапшасын толықтырып қайта бастырды. Ал 1975 жылы қазақтың аспапты музыкасы туралы «Ғасырлар пернесі» жинағына Құрманғазы туралы материалдар да енді. А.Жұбанов Құрманғазының тырнақалды туындыларының бірі «Кішкентай» күйінің XIX ғасырдың 30-жылдарының аяқ кезінде болған ұлт-азаттық көтерілісінің басшысы Исатай Таймановқа арналғандығын айтыпты. Көтерілісті көзімен көрген Құрманғазы сол кезде 15 жаста ғана екен.

А.Жұбанов өз еңбектерінде Құрманғазы күйлерінің тақырыбы, формалары қазақтың бұрынғы күйлерінің формаларына келе бермейтінін дәлелдеп, тек өзіндік ерекшелігі мол туындылар екенін айтқан. Сондықтан Құрманғазы күйлерінің басқа күйлерден биік тұратынын пайымдай келе аталмыш күйлерді екшеп, талдайды [8].

Қазақ тарихында, мәдениетінде Құрманғазы бабамыздың алатын орнын, өнегесін білмейтін адам жоқтың қасы. Өйткені күй – тек қана біздің қазағымызға, ұлтымызға тән өнер. Ал Құрманғазы – сан ғасырда бір туар құбылыс. Ол – құдірет. 1868 жылы «Уральские войсковые ведомости» газетінде ол туралы очерк шығады, онда журналист-жазушы Н.Ф.Савичев былай дейді: *«Алғашында мен таң қаларлық күйде болдым, ал кейін тамсандым... Құрманғазы екі ішекті күйлеп, ойнай бастады. Домбырадан мөлдір, таза музыка төгілді, әуен сипаты қазақша болса да, оның берілуінен бұл туындыны үлгілі музыка шығармаларының қатарына қоюға болады, өйткені Сағырбаевтың күй тартысы сол дарын мен шабыттан шығады... Сағырбаев – сирек кездесетін музыкалық жан, ол еуропалық білім алса, музыка дүниесінде ең үлкен жұлдыз болар еді»* [9].

Біздің замандастарымыз қазақ музыкасының майталманы, композитор Құрманғазының үлкен шығармашылық мұрасын сақтап қалу үшін көп игі істер жасады.

Орыс музыка ғылымының әйгілі өкілдерінің бірі – Александр Викторович Затаевичтің бастамасымен Қазақстанда 1930 жылдан қазақтың ұлттық музыка мәдениетінің байлығын жинау жұмыстары басталды. Құрманғазы күйлерінің алғашқы жазбасын 1931 жылы А.В. Затаевич «500 казахских песен и кюев» жинағында жариялады. Ол композитордың «Серпер», «Кісен ашқан», «Ақсақ киік» және тағы басқа күйлерін жазып алды.

Бүгінгі күні Затаевичтің жинағындағы Құрманғазы жайлы мәліметтер мен оның шығармаларының жазбалары оның шәкірттерінің бізге жеткен естеліктерімен және композитордың домбырашы ізбасарлары арқылы толықтырылды.

Құрманғазы мұрасын бізге жеткізушілер көп-ақ. Солардың ішінде алдымен ауызға ілігетіні – Дина күйші. Құрманғазы шәкірттері ішінде Динадан кейінгі ірі тұлға – сөз жоқ, Ерғали Есжанов. Құрманғазы мұрасын біздің заманымызға жеткізушілердің ішінде күйшінің алдын көрген Меңдіғали мен оның ұлы Қисмет және шәкірті Ғатау Ібішев, кешегі Меңетай күйші, оның шәкірті Ишанғали Жанқанов, Мәмек, Көкбала сынды мирасқорларын жинайды.

Құрманғазының асқақ рухы – бір ғана музыка саласына сиятын құбылыс емес. Мұндай тегеурінді дарынның болмысы біртұтас ұлттың рухани болмысына айғақ бола алады. Ұлт тағдырындағы тарихи ұлы өзгерістердің барша қуаныш-қайғысы қашан да біртуар перзенттерінің тағдыр-талайымен шендесіп жатады. Бұл орайда, Құрманғазы өзінің қайталанбас өнерімен ғана емес, өмірімен де туған халқының бүкіл қасиетіне, сол бір алмағайып аласапыран кезеңнің хал күйіне ең жарқын айғақ бола білді. Ол өзінің қанатты күйлерімен поэзиядағы Махамбет сияқты, ғылымдағы Шоқан сияқты, майдан даласындағы Кенесары сияқты, өршіл рухына қылау түсірмей, замана тауқыметін қайыспай арқалап ғұмыр кешті. Міне, Құрманғазының дәл осындай образы бірнеше жыл өткен соң Абай атындағы академиялық опера және балет театрының сахнасында «Құрманғазы» операсында сомдалады. Бұл идея Ахмет Жұбановтың ойынан шығады. Ахмет Жұбанов Құрманғазы жайлы алғашқы либреттоны Мұхтар Омарханұлы Әуезов жазды деп ойлағанымен, бұл арман жүзеге аспайды.

Әйгілі француз жазушысы және музыкатанушысы Ромен Роллан қазақ музыкасының жинағымен танысып, оны құрастырушы Александр Затаевичке былай деп жазған: *«Сіздердің байтақ далаларыңызға әсемдік беретін әуенге таң қалдым. Мен олардың маған таныс болып көрінгендігімен таң қалдым. Мен бұл әуендердің біздің Еуропалық музыка фольклорына жақындығын сеземін...»* [10].

Құрманғазы қандай тақырыпта күй жазса да, онда адам сезімінің барлық түрі – махаббат та, мейірімділік те, жақсылық та, рақымдылық та болды. Оның өзіне тән орындаушылық стилі болатын, өзінің ұлттық домбыра мектебі де болды.

Қорытынды. Құрманғазының күйлері қазақ халқы шығармашылығында аса маңызды тарихи орын алады. Ол өз туындылары арқылы халқымыздың мәдени дамуына қомақты үлес қосты.

Тағдырдың ең бір қиын бұралаңдарында халқының бойына қуат берген, жігерін жанумен болған Құрманғазы күйлері келер ғасырлардағы толқын-толқын талай ұрпаққа ата-бабаларының мұңы мен шерін, арманы мен рухын ұмыттырмай, үнемі құла-

ғына құюмен болары анық. Жер бетінде Қазақ елі тұрғанда, осынау мәңгілік сарын да ешуақытта үзілмейді.

Ұлт тағдырындағы тарихи ұлы өзгерістердің барша қуаныш-қайғысы қашанда біртуар перзенттерінің тағдыр-талайымен шендесіп жатады. Бұл орайда, Құрманғазы өзінің қайталанбас өнерімен ғана емес, өмірімен де туған халқының бүкіл қасиетіне, сол бір алмағайып аласапыран кезеңнің хал-күйіне ең жарқын айғақ бола білді. Ол өзінің қанатты күйлерімен поэзиядағы Махамбет сияқты, ғылымдағы Шоқан сияқты, майдан даласындағы Кенесары сияқты, өршіл рухына қылау түсірмей, замана тауқыметін қайыспай арқалап ғұмыр кешті.

ӘДЕБИЕТТЕР

- «Құрманғазы» жинақ кітабы. – Алматы, «Арыс» қоры баспасы, 2012 жыл.
- Қазақ ұлттық энциклопедиясы. «Қазақ энциклопедиясының» Бас редакциясы. – Алматы, 2004 жыл. 6-том, 133-бет.
- Маңғыстау энциклопедиясы, Алматы, 1997;
- Қазақ мәдениеті. Энциклопедиялық анықтамалық. – Алматы: «Аруна Ltd.» ЖШС, 2005.
- Атырау: Энциклопедия. – Алматы: Атамұра, 2000.
- Тарихи тұлғалар. Танымдық-көпшілік басылым. Мектеп жасындағы оқушылар мен көпшілікке арналған. Құрастырушы: Тоғысбаев Б. Сужикова А. – Алматы. «Алматы кітап баспасы», 2009.
- Құрманғазы күйлері қалай шыққан? – Алматы, «Өнер» баспасы, 1993.
- Жубанов А.К. Струны столетий. – Алма-Ата, 1958. 394 с.
- Губанов Л.Г. Курмангазы Сағырбаев. – Алма-Ата, 1978. 368 с.
- Затаевич А.В. 500 казахских песен и кюев: переиздание 1931 года: с предисловием и 403 примечаниями автора / Затаевич А. – Алматы: Дайк-Пресс, 2002. 413 с.

REFERENCES

- «Qurmangazy» jinaq kitabı [Collect Hion book «Kurmangazy»]. – Almaty, Arys Foundation Publishing House, 2012 [in Qazaq].
- Qazaq ulttıq énciklopediıyası. «Qazaq ensiklopediasynyñ» Bas redaksiyası [Kazakh national encyclopedia. General edition of the «Kazakh encyclopedia»]. – Almaty, 2004. Volume 6, p. 133 [in Qazaq].
- Mañğıstau énciklopediıyası [Mangystau encyclopedia]. – Almaty, 2007 [in Qazaq].
- Qazaq мәдениеті. Énciklopediialıq anıqtamalıq [Kazakh culture. Encyclopedic reference book]. – Almaty: Aruna Ltd. LLP. 2005 [in Qazaq].
- Atıraw: Énciklopediıya [Atyrau: Encyclopedia]. – Almaty: Atamura, 2000 [in Qazaq].
- Tarihi tұлғалар. Tanymdyq-köpsilik basylym. Mektep jasyndağy oquşylar men köpsilikke arналған. Qұrastyruşy: Toğysbaev B. Sujikova A. [Historical figures. Cognitive - popular publication. For school-age students and the general public. Compiled by: Togysbayev B. Suzhikova A.]. – Almaty. Almaty Book Publishing House, 2009 [in Qazaq].
- Qurmangazy küyleri qalay şıqqan? [How did Kurmangazy kuis come out?]. – Almaty, Oner Publishing House, 2003 [in Qazaq].
- Jubанov A.K. Struny stoleti [Strings of centuries]. – Alma-Ata, 1958. P. 394 [in Russian].
- Gubанov L.G. Kurmangazy Sagyrbaev [Kurmangazy Sagyrbaev]. – Alma-Ata, 1978. p. 368 [in Russian].
- Zataevich A.V. 500 kazahskih pesen i küev: pereizdanie 1931 goda: s predisloviem i 403 primechaniami avtora / Zataevich A. [500 Kazakh songs and kyuis: reprint of 1931: with a preface and 403 notes by the author / Zataevich A.]. – Almaty: Dyk-Press, 2002. p. 413 [in Russian].

Д.САЛҚЫНБЕК¹, Г.КСЕНЖИК,² С.ЖҰМАН,³

¹Т.ғ.к., қауымдас. профессор, salkynbek.dosaly@mail.ru

Қ.И.Сәтбаев атындағы ҚазҰТЗУ,

²Т.ғ.д., проф. ҚазҰАЗУ, migkz@ya.ru,

³Т.ғ.к., қауымдас. профессор, Абай атындағы ҚазҰПУ, sayat_009@mail.ru

^{1,2,3}Алматы қ., Қазақстан,

ОЗЫҚ ОЙЛЫ ОРЫС ГУМАНИСТІ

Мақалада, XX ғасырдың бас кезінде Ресей империясының қазақ жерін отарлау саясаты кеңінен көтеріледі. Сонау, XVIII ғасырдан бастап, Қазақ жерін әскери бекіністер салып, Қазақ жерін тартып алуды бастаған Ресей империясы XIX ғасырдың екінші жартысы мен XX ғасырдың бас кезінде отаршылық саясатын бұрынғыдан да күшейте түскен болатын. Бұл отарлық қанау XX ғасырдың бас кезінде орасан көп мөлшерде қазақ жерін тартып алып, келімсек орыс шаруаларына беруден айқын көрінді.

Ғылыми жұмыста халқымыздың басына төнген осынау қиын-қыстау заманда қолынан келген мүмкіндігінше халқымызға көмек қолын созып, оның мүддесін қорғап, жанашырлық танытқан озық ойлы, гуманист тұлғалардың бірі Седельников Тимофей Ивановичтің Ресей империясының қазақтар жерінде жүргізіп отырған отарлық саясатына қарсы күресі және оның қазақ революциялық комитетінің құрамында болған кезіндегі Ахмет Байтұрсынұлы сынды ұлтжанды тұлғаларға көрсеткен көмегі жан-жақты талданады.

Кілт сөздер: империя, отарлық қанау, жер мәселесі, гуманист, ұлт жанашыры, жер маманы.

САЛҚЫНБЕК Д.,¹ КСЕНЖИК Г.Н.,² ЖУМАН С.А.³

¹Ассоциированный профессор КазННТУ им. К.И.Сатпаева, к.и.н.

Алматы, Қазақстан, salkynbek.dosaly@mail.ru

²Профессор КазНАИУ, д.и.н., migkz@ya.ru

³Ассоциир. Проф. КазНПУ имени Абая, к.и.н.

^{1,2,3}Алматы қ., Қазақстан, sayat_009@mail.ru

ПРОГРЕССИВНО МЫСЛЯЩИЙ РУССКИЙ ГУМАНИСТ

В статье раскрывается политика Российской империи по колонизации казахских земель в начале XX века. Еще в 18 веке Российская империя, начавшая строить военные укрепления на казахских землях и захватывать казахские земли, во второй половине 19 века и начале 20 века активизировала свою колониальную политику. Эта колониальная эксплуатация проявилась в начале XX века, когда огромное количество казахских земель было захвачено и отдано переселенцам русским крестьянам.

В научной работе всесторонне анализируется борьба Седельникова Тимофея Ивановича, одного из лучших мыслящих, гуманистических личностей, проявивших сочувствие и помощь нашему народу в эти непростые времена, против колониальной политики, проводимой Российской империей на земле казахов, и его помощь национальным лидерам, таких как Ахмет Байтұрсынұлы в период его пребывания в составе казахского революционного комитета.

Ключевые слова: империя, колониальная эксплуатация, земельные вопросы, гуманист, патриот, земельный специалист.

SALKYNBEK D.I.¹ KSENZHNIK G.N.² ZHUMAN S.A.³

¹Associate Professor KazNRTU named after K.I.Satpayev,

Candidate of Historical Sciences, salkynbek.dosaly@mail.ru,

²Professor KazNARU, Doctor of Historical Sciences, migkz@ya.ru

³Associate Professor KazNPU named after Abay,

Candidate of Historical Science, sayat_009@mail.ru

^{1,2,3}Almaty, Kazakhstan

PROGRESSIVE THINKING RUSSIAN HUMANIST

The article reveals the policy of the Russian Empire on the colonization of Kazakh lands in the early twentieth century. Back in the 18th century, the Russian Empire, which began to build military fortifications on Kazakh lands and seize Kazakh lands, stepped up its colonial policy in the second half of the 19th century and the beginning of the 20th century. This colonial exploitation manifested itself at the beginning of the 20th century, when a huge amount of Kazakh lands was seized and given to Russian peasants.

The scientific work comprehensively analyzes the struggle of Sedelnikov Timofey Ivanovich, one of the best thinking, humanistic personalities who showed sympathy and help to our people in these difficult times, against the colonial policy pursued by the Russian Empire on the land of the Kazakhs, and his assistance to national leaders such as Akhmet Baitursynuly during his stay in the Kazakh revolutionary committee.

Key words: empire, colonial exploitation, land issues, humanist, patriot, land specialist.

Кіріспе. Қазақ халқы отарлық озбырлықтың зардабын басынан кешіріп, оның бар ауыртпалығын мойнымен көтерген халықтардың бірі. Халқымыздың басына төнген осынау қиын-қыстау заманда қолына белген мүмкіндігінше халқымызға көмек қолын созып, оның мүддесін қорғап, жанашырлық танытқан өзге ұлттардың арасынан шыққан озық ойлы, гуманист тұлғалардың да болғанын айтуға тиіспіз! Сондай жандардың бірі XIX ғасырдың аяғы мен XX ғасырдың бас кезіндегі орыстың саяси қайраткері Седельников Тимофей Иванұлы еді.

Т.Седельников 1876 жылы ақпан айында Оңтүстік Оралдағы (Қазіргі Орынбор облысы, Сарактай ауданы) Спаск селосындағы Орынбор әскері казагының отбасында дүниеге келді. Сегіз жылдай казактар мектебінде оқығаннан кейін жоғарғы Орал қалалық мектебінде оқиды. Одан соң, Уфа қаласындағы училищеде оқып жер өлшеуші мамандығын алып шығады.

Материалдар мен әдістер: зерттеу жұмысына бұрын жарияланбаған архив материалдары және мемлекеттік органдардың нормативтік құжаттары арқау болды. Мақалада тарихи зерттеулердің негізгі өзегі саналатын объективтілік, тарихилық, жүйелілік және статистикалық әдістер қолданылды.

Талдау. Ғылыми зерттеу мақалада XIX ғасырдың соңы мен XX ғасырдың бас кезінде Ресей империясының қазақ жерін отарлау саясатының нәтижесінде қазақ халқының дәстүрлі шаруашылығының бұзылуы соның салдарынан қазақ халқының әлеуметтік-саяси және экономикалық жағдайының қиындауын ашып көрсету. Сонымен қатар, өзге ұлттардың арасынан шыққан озық ойлы, гуманист тұлғалардың бірі Т.И.Седельниковтың қазақ халқына болысып, Ресей империясының қазақ жерінде жүргізіп отырған отарлық саясатына әшкерелеудегі қызметін баяндау.

Зерттеу нәтижелері. 1896-1903 жылдары арнайы жерге орналастыру экспедициясының құрамында жер өлшеуші және статист болып Орал, Торғай, Ақмола, Семей облыстарында еңбек етті. Жергілікті Қазақ халқының тұрмыс салтын, шаруашылығын зерттеумен айналысты. Қазақтармен тығыз араласып, олармен қазақ тілінде еркін сөйлесетін болған. Өзі толтырған анкеталық сұрақтың жауабында Қазақ тілін білем, сөйлей аламын деп жазыпты. Қазақ жерінде жұмыс істеп, Қазақтар өмірімен жете танысқан және Қазақтар жерінде Ресей империясы тарапынан жүргізіліп жатқан отарлық саясатты өз көзімен көріп қаныққан Т.Седельников өзінің азаматтық гуманистік көзқарасын танытып, бұл қанаушылыққа ба-тыл қарсылығын көрсетті. Өйткені бұл жылдары Қазақстанда жер мәселесінің ушығуы өзінің жоғары «деңгейіне» жеткен еді. Сонау, XVIII ғасырдан бастап, Қазақ жеріне әскери бекіністер салып, Қазақ жерін тартып алуды бастаған Ресей империясы XIX ғасырдың екінші жартысы мен XX ғасырдың бас кезінде отаршылық саясатын бұрынғыдан да күшейте түсті. Бұл отарлық қанау XX ғасырдың бас кезінде тіпті күшейе түсті. Ресей империясы Қазақ жерлерін жаулаған кезде және аймақты бағындырып ұстап тұруда, шекараны күзетуде казактардың әскери күшіне иек артты. Кешегі ұры-қаралардан, қылмыскерлерден құрылған топтың қолына қару беріп, қазақ жерін жаулап алуға аттандырған Ресей империясы басып алған жерлердің ең құнарлы бөлігін соларға берді. Сібір Казак әскерлеріне 5 миллион, Орал Казак әскерлеріне 6 миллион, Жетісу Казак әскерлеріне 600 мың десятина Қазақтардың жері тартып әперілген болатын [1]. Ресей империясы Қа-

зақстан мен Орта Азияны басып алғаннан кейін, осы үлкен аймақты ұстап тұру үшін казактардың әскери күші жеткіліксіз екенін түсінді. Сондықтан, 1860 жылдары Қазақ жерін толық жаулап алғаннан кейін бұл аймақта орыстардың санын көбейту кең көлемде мемлекеттік деңгейде қолға алынды. Арнайы қоныс аудару басқармалары құрылып, бұл басқармалар Ресейдің ішкі аудандарынан Қазақ жеріне орыс шаруаларын кезең-кезеңмен қоныс аудару ісімен айналысты. Бұл істің «ұқыпты» іске асырылғаны соншалық, қоныс аударушылар үшін арнайы мемлекет қаржысы бөлініп, қоныс аударушылардың жолында арнайы тұрақтар ұйымдастырылды. Онда қоныс аударушыларға дәрігерлік қызмет көрсетіліп, азық-түлікпен қамтамасыз ету ұйымдастырылды. Қоныс аудару басқармасының есебінен тыс Қазақстанға өз бетімен босып, тонау жолымен баюды мақсат етіп келген кезбелердің санында да есеп болған жоқ. Ресей үкіметі тарапынан Қазақстандағы басы бос артық жерлерді анықтау үшін арнайы экспедициялар жасақталып жіберілді. Мәселен, 1891 жылы 25 наурызда қабылданған «Ақмола, Семей, Жетісу, Орал және Торғай облыстарын басқару туралы» жаңа ереже күшіне енгеннен кейін орыстың белгілі земство статисі Ф.Шербинаның бастауымен 1895 жылы Қазақ даласындағы «басы артық» жерлерді анықтау үшін экспедиция ұйымдастырылды. Бұл экспедиция 1896-1899 жылдары Торғай, Ақмола, Семей облыстарының жерін аралап, бұл облыстарда «басы артық» 22592000 десятина жер бар деген шешім шығарған. Осы шешімнің негізінде Ресей империясының үкіметі Қазақтың Торғай, Орал, Ақмола, Семей, Сырдария, Жетісу облыстарына орыс шаруаларын қоныстандырудың жоспарын жасады.

Сонымен, Ресей империясының Қазақ жерін отарлау саясатының нәтижесінде жүргізілген жұмыстар өз «нәтижесін» беріп, XX ғасырдың бас кезінде Қазақстанның кейбір аймақтарында жергілікті тұрғындардың келімсек қоныстанушылардың саны артып шыға келді. XX ғасырдың бас кезінде Ақмола облысындағы халықтың 58% келімсек орыстар құрылды. 1897 жылы санақ бойынша олар облыстағы халықтың санының 33% ғана құрған болатын. Келімсектердің екінші ірі шоғырланған жері Торғай облысы болды. 1897 жылы ондағы орыстардың саны 35028 адам болса, 1911 жылы 235480 адамға өсті. Яғни 14 жылдың ішінде 7 есеге өскен [2]. Бұларға Ресей империялық үкіметі тарапынан берілген жеңілдіктер мен жағдайын жақсартуға мақсатталған әлеуметтік көмектің де мөлшері қомақты болды. Отбасының әрбір мүшесіне 30 десятинадан жер берілді. Әскери қызметтен және барлық алым-салықтан 15 жылға босатылды. Пайыздық өсімсіз қарыз ақша, үй салу үшін құрылыс материалдары тегін берілген. Қазақтың құнарлы жерлері тартып әперіліп, Ресейлік империялық билік тарапынан әлеуметтік жәрдем алған орыс шаруалары аз ғана уақыттың ішінде байып алды және Сырдария облысының әскери губернаторы Гродековтың «Түркістандағы әрбір жаңа орыс поселкасы, орыстың әскери батальонына тең» [3], деген сөзі шындыққа айналып, бұл қоныстанушылар Ресей империясының өлкедегі саяси тірегіне айналды.

XIX ғасырдың аяғы XX ғасырдың бас кезінде Ресейден Қазақ жеріне қоныс аударушылардың легі толастамауына байланысты, мұнда басы бос жерлер азайып, жер иесі Қазақтар мен Орыс қоныс аударушылығы арасында жер үшін талас күшейіп, оның арты ұлтаралық қақтығыстардың жиілеуін күшейтті. Ф.Шербина экспедициясының құрамында

Қазақстандағы артық жерлерді анықтау онда қоныс аударушыларды орналастыру жолында үлкен «еңбек сіңірген» және қоныс аударудың жай-жапсары жөнінде бірнеше еңбектер жазған профессор А.А.Кауфман 1905 жылдың өзінде-ақ «Қоныс аудару және отарлау» деген еңбегінде: «Я не рискую ошибиться, если скажу, что степные области ни в коем случае не дадут еще такой же площади земель, годных для крестьянской колонизации, какая уже была отведена к 1905 году в размере 3 миллионов десятин», – деп жаза отырып (әңгіме 1893-1905 жылдар аралығындағы далалық өңірден тартып алынған жерлер туралы болып отыр. Д.С.), Қазақ жерінің шамадан тыс тартып алынғанын мойындайды және қазақ даласын орыстардың отарлауы аяқталды деп есептеу керек деген қорытынды жасайды [4]. Ал бірақ қазақ жерін отарлау бұдан кейінгі жылдары да жалғасып жатты.

Жерді тартып алу, Қазақ халқының дәстүрлі шаруашылығы мен тұрмыс-тіршілігіне ауыр ауыртпалық алып келгенін айқын түсінген гуманист Т.Седельников XX ғасырдың бас кезінде-ақ Ресей империясының отарлық саясатын әшкерелеп дабыл қақты. Отарлау саясатының зардаптарын және бұған дейінгі қазақтардың дәстүрлі жер шаруашылығын ғылыми негізде дәйектеп, алғаш көтергендердің бірі де Т.Седельников болды. Қазақтардың жерді пайдалану дәстүрлі оған соққы болып отырған Ресей империясының қоныс аудару саясаты жөніндегі ой-тұжырымдарын 1905 жылы жарияланған «Қырғыз (Қазақ) даласындағы жер үшін күрес және үкіметтің отарлық саясаты» атты еңбегінде кеңінен ашып баяндады. Озық ойлы зерттеушінің бұл еңбегі Ресей қоғамының демократиялық бөлігінде үлкен қозғалыс туғызды. Осы еңбегі үшін Ресей империясы ішкі істер министрлігі П.Дурновтың талап етуімен жұмыстан шығарылды. Қазақтар арасында жұмыс істеген және жер шаруашылық маманы Т.Седельников Қазақ даласындағы жерді пайдаланудың түрін аймақтың климаттық жағдайына байланысты: Мал шаруашылықты көшпелі, мал шаруашылықты – отырықшы, отырықшы және отырықшы – кәсіби деп бірнеше түрлерге бөліп қарастырады. Қазақтардың жерді пайдалану ісінде тек бір шаруашылық түрін қарастырып, басқа түрлерін ұмыту, халықтың қалған бөлігін «тағдыр төлкегіне» ұрындыру деп есептеді. Сондықтан, ол алғашқы кезекте қазақтардың өзін жерге орналастырып, одан кейін қоныс аударушыларға жер бөліктерін беруді ұйымдастыруды жақтады. Қазақ жерін отарлау саясатына ашық қарсы шыққан ол: «Қазақ даласын казактардың отарлауы XVIII ғасырдың орта кезінен басталғанын көріп отырмыз және бұл отарлау XIX ғасырдың соңғы кезеңіне дейін жасасын, Қазақтардан ең құнарлы 10 миллионнан аса десятина жер тартып алынды. Казактардың отарлауынан кейін, қазіргі уақытқа дейін жалғасып отырған «бос жерлер» деп аталатын қоныстанушыларға арналған жер иеліктерін құру жалғасуда» деп жазады [5]. Қазақ даласының жер жағдайымен жеке таныс және өз ісінің білгір маманы Т.Седельников Ресей әкімшілігінің тапсырмасымен қоныс аударушылар үшін «басы бос» жерлерді анықтау мақсатында Қазақ жеріне жіберілген Ф.Шербинаның және А.Кауфманның экспедицияларының нәтижесінде анықталған «бос жерлер» туралы анықтамаларын қатты сынға алып, қазақ даласында басы бос артық жерлер жоқ деген қорытынды жасайды. Жерді пайдалану, Қазақ жерлерін тартып алуды және Ресейдің орталық аудандарынан қоныс аударуды тоқтату жөніндегі Т.Седельниковтың пікірі сол кезеңдегі қазақтың

ұлттық зиялыларының пікірімен үндесіп жатқан болатын. Ол өз еңбегінде қазақтардың өз өкілдерін бірінші мемлекеттік думаға сайлауға дайындап жатқанын, конституциялық демократиялық партияның бағдарламасын қабылдағанын, кадеттер партиясының бағдарламасын Қазақ тіліне аударған Оралдық кадет партиясының Қазақ өкілдері жер мәселесіне байланысты ресми тексттің орнына өздерінің талаптарын: «Қазақтың жерлері тек Қазақ халқының мәңгілік жеке меншігі болуы керек. Қазақ жерлерін мемлекеттік меншік деп таныған және оған орыс мұжықтарын қоныс аудару туралы заңдар жойылуы тиіс. Қазақтардың еркінен тыс орыстар қазақ жерлерін уақытша пайдалануға да мәңгілік пайдалануға да тартып алмауы тиіс», – деп жазды деген болатын [6].

Қазақ халқының жанашыры гуманист, озық ойлы Т.Седельников XX ғасырдың бас кезінде бүкіл Ресей империясы қоғамында үлкен айтулы оқиға болған дума сайлауына Орынбор губерниясынан депутат болып сайланады. Және осы бірінші мемлекеттік думада өзінің белсенділігімен көзге түсті. Мемлекеттік дума мінберінен өзі шыққан әлеуметтік топ казактардың мәселесін көтерді. Ол, халықтан бөлек және билік халыққа қарсы пайдаланып отырған Казактардың әскери топ болуына қарсы болды. 1906 жылы 3 мамырда думада сөйлеген сөзінде: «Казактарды ауыр әскери тәртіптен босатуға, оларды орыс халқының және өздерінің жауы қылып отырған адамзатқа жат әскери тәртіптен босатуға» шақырды [7]. Бірінші мемлекеттік думаның депутаты Т.Седельников алыстағы Қазақ халқының басынан кешіп жатқан мұң-мұқтажын да ұмытқан жоқ болатын. 1906 жылы 4 мамыр күні сөйлеген сөзінде империя аймағындағы аграрлық мәселені көтеріп, Қазақ даласында жер отарлаудың тым оспадырлықпен жүргізіліп жатқанын, Қазақ жеріне орыс шаруаларын қоныстандыру саясаты біржақты жүргізіліп отырғанын сынаумен бірге, қазақтардың жерін тартып алуды тоқтатуды, мемлекеттік думада жер мәселесін алдыңғы кезекте талқылауды талап етті. Ол дума мінберінен: «Қырғыз (Қазақ) жеріне қоныстандыру ісі жергілікті халықтың жерін тартып алу арқылы іске асырылуда», – деп батыл түрде Қазақ даласында болып жатқан шындықты көтерген болатын [8]. Мемлекеттік думадағы депутаттардың демократиялық бөлігі үкімет алдында «Қазақ даласында заңсыз қоныс аударушылар қоныстарын құру туралы» заңсыздықтар жөніндегі депутаттың талабын қолдаған еді. Бірақ, өкінішке орай, сол кезеңдегі Ресейдің және оның қол астындағы халықтардың алдыңғы қатарлы бөлігінің Ресейді демократияландыру жолындағы ұсынған: «Министрлердің дума алдындағы жауапкершілігін енгізу, барлық азаматтық бостандықтарға кепілдік беру, өлім жазасын алып тастау және толық саяси кешірім беру, ұлттық азшылық өкілдерінің талаптарын қанағаттандыру, жалпы тегін білім беруді орнату және аграрлық реформаны жүргізу» бағдарламасын II Николай патша қабылдамай, думаны таратуға бұйрық берген еді. Бірінші мемлекеттік думаның таратуына наразылық білдіріп, дума мүшелерінің Выборгтегі жиналысына қатысып және сондағы үндеуге қол қойғандардың ішінде Т.Седельников те болды. Осы үндеуге қол қойғаны үшін, оған айып тағылып, сотталған еді.

Бірінші мемлекеттік дума қуып таратылғаннан кейін Ресейдің орталық аудандарында әртүрлі жұмыстарды атқарған Т.Седельников 1917 жылғы ақпан революциясынан кейін өзінің туған өлкесі Орынбор губерниясына оралып, бұндағы саяси өзгерістердің

бел ортасындағы Орынбор казак әскерінің әскери тобының мүшесі, оның демократиялық бөлігінің жетекшілерінің бірі болды. 1918 жылы Кеңес өкіметі жағына өтеді. 1918-1919 жылдары Кеңес өкіметінің басшысы В.Лениннің тапсырмасымен Башқұрстанда БОАК-нің өкілі және Башқұрт ревкомының мүшесі болып жұмыс істейді.

Т.Седельниковтың Қазақ халқының ұлттық мүддесін қорғап, оның болашағы жолындағы табанды талаптарын Қазақ өлкесін басқару жөніндегі революциялық комитеттің мүшесі болған кезінде де айқын көрінді. 1920 жылы 20 ақпанда БОАК Казревкомның жаңа құрамын бекіткенде оның мүшесі болып Т.Седельников те кірген болатын. Топтық қарсылықтан туындаған азамат соғысының бел ортасында құрылған бұл Ревкомның алдындағы басты жұмыстарының бірі Ресей империясының кезіндегі «бөлшекте де, билей бер» саясатының салдарынан жан-жаққа бөлшектеніп кеткен байырғы қазақ жерлерін біріктіру, жинастыру, болашақ құрылғалы жатқан автономияның шекарасын белгілеу жұмыстары болды. Кеңестік негіздегі автономияның жариялау жөніндегі құрылтайға дайындық жұмыстарын да Казревком жүргізген болатын. Бірақ, бұл жұмыстар оңайлықпен жүргізілген жоқ. Орталықтан келген өкілдер жергілікті большевиктермен санаспастан, белден басып, ұлт мәселесінде ұлы державашыл шовинизмді ұстанды. Орталықтың өктем өкілдері жергілікті халыққа, жергілікті халық өкілдеріне тізесін батыруға тырысты. Казревкомның мүшелерінің арасында айтыс-тартыстың өршігені соншалықты оған кеңес елінің басшысы В.Лениннің өзінің тікелей араласуына тура келді. Осы айтыстың бел ортасында болып, оның ұлттық мүддені ту еткен, сол жолда күрескен Ахмет Байтұрсынұлы бастаған топ жағында өзге ұлт өкілдері арасынан тек Т.Седельниковты көреміз. Озық ойлы гуманист Қазақ халқының тағдыры шешілер жауапты кезеңде өзінің азаматтық көзқарасын тағы да танытып, Ахмет Байтұрсынұлы сынды тұлғаларды қолдады, Қазақ халқының мүддесін жақтай білді және оның ұлттық мүдде жолындағы талаптарының орындалуын табанды түрде талап етті де. Т.Седельниковтің Казревкомдағы негізгі жұмыстарының бірі жалпы Қазақ съезіне дайындық және оны өткізу болды. Қазақ өлкесін басқару жөніндегі революциялық комитеттің 1920 жылы 10 сәуірде болған мәжілісі көңіл аударарлық. Мәжілісте Қостанай уезіне және Қазақстанның басқа да талас тудырып отырған жерлеріне байланысты А.Байтұрсынұлын Москваға іс сапарға жіберу керек пе, әлде бұл мәселені Москвадан ревком төрағасы Пестковский келгенше кейінге қалдыра тұру керек пе деген пікір талас өрбиді. Ревком мүшесі Т.Седельников қордаланған мәселені шешу үшін тез арада А.Байтұрсынұлын Москваға жіберуді табанды түрде ұсынып, бұған дейін Москвада бірнеше рет болған Пестковский ештеңе шеше алмады, оған үміт артудың қажеті жоқ деген ой айтады. Т.Седельниковтың А.Байтұрсынұлын Москваға тез арада жіберу керек деген ойының екінші бір себебі Ревкомның өз ішінде алдағы құрылғалы жатқан Қазақ кеңестік автономиясының құрылымы мен әдіс-тәсілдері жөнінде қарама-қайшылық күшейіп келе жатқан болатын [9]. Бұл кезде Москвада жүрген Пестковскийдің өзі байланыс арқылы Ревком мүшелерімен сөйлескенде БОАК-тің жанындағы Қазақ Ревкомының тұрақты өкілдігін қайта құру үшін, Қазақстанды материалдық және қаржылай жағынан қамтамасыз етуді жақсарту мақсатында оның қызметін күшейту үшін беделді тұлға А.Байтұрсынұлының тез

арада Москваға келуін жақтайды. Сонымен, 1920 жылы сәуір айында Москваға аттанған А.Байтұрсынұлы Кеңес елінің басшысы В.Ленинмен кездескенде қазақ жерінің шекарасын айқындау барысында талас тудырып отырған Семей мен Ақмола облыстары, Қостанай уезі, Орынбор губерниясын экономикалық, саяси, тарихи-этнографиялық тұрғыдан Қазақстанға қосудың тиімділігін нақты көрсетіп, Ресей империясы кезінде қазақтардан тартып алынып орыс шаруаларына берілгенін дәлелдеп береді. Ахмет Байтұрсынұлының В.Ленинмен кездесуінде назар аударуды қажет ететін тағы бір мәселе, қайраткер тұлға Қазақ автономиясының құрылымы және қазақ халқының болашақ дамуы жөніндегі өз ұсыныстары мен Т.Седельниковтың ұсыныстарын жазылған хаттарды табыстауы болды. Қайраткер тұлғалардың В.И.Лениннің атына жазылған бұл хаттарының мазмұнын үндес еді деп айтуымызға болады. Ахмет Байтұрсынұлы Кеңес өкіметі билікті неғұрлым ұлт зиялылары арқылы жүргізсе, Қазақ халқының сеніміне соғұрлым тезірек ие болатындығына баса назар аударатын: «өзінің туған халқының еркін болуын аңсайтын қазақ интеллигенциясы интернационалдан басқа жолды қаламайды, егер мұндай интеллигент қазақтар бар болса, тіпті ол коммунист еместігіне қарамастан, адал ұлтшыл ретінде-ақ Кеңес өкіметінің сенімін ақтар еді. Өйткені, ол шексіз сүйетін халық мүддесі оны Кеңес өкіметінің айтқанын орындауға мәжбүр етеді»,— деп жазса, Т.Седельников: «Қазақ интеллигенциясына жол ашу керек, олардың алқымына қанжар тақап «коммунистке өт» дегенді қоюмыз керек. Мұның бәрін олардың өзі ақырындап, ақылмен және мақсатты түрде жүзеге асырады» деп жазады. Жалпы, алдағы құрылғалы жатқан Қазақ автономиясындағы ұлт мәселесі жөніндегі көзқарасын Т.Седельников 1920 жылы сәуір айында жазылған «Қазақ мәселелері жөніндегі тезистерінен» деп аталатын еңбегінде білдірген еді. Онда Қазақ халқының өздерінің ұлттық автономиясын құрудағы істерінің сәтсіз аяқталғанын, одан кейінгі қадамында не көрсе де Кеңес өкіметімен бірге көруге талпынып отырғанын баяндаудан бастаған автор: «Қазақтар тең праволы болуды қалайды. Оларға үстемдік емес, азаттық тән, ал басқаның есебінен күн көру оларға мүлде жат нәрсе. Табиғатында соғыс құмар емес қазақтар басқыншылық дегенді де білмейді. Мінездері кіді, өркөкірек башқұрттар болса өздерін татарларға қосуға үзілді-кесілді қарсы. Олар мұның орнына өздерінен он есе көп қазақтарға қосылуды мейлінше қалап отыр. Басқа халыққа деген сенім, міне осындай-ақ болар»,— деп, Қазақ халқының бойындағы адами асыл қасиеттеріне тоқталуымен бірге, кеңестік құрылысқа тартылып отырған Қазақ халқына көмек қолын шынайы түрде соза отырып, олардың ұлттық тең құқылығын қамтамасыз ету, қазақтарға көбірек сенім мен техникалық жабдықтар жөнінен көмек беру мәселелерін баса көрсетіп: «Ұсақ күдік, орынсыз қамқорлық, күштеп орыстандыру азайса, Кеңес өкіметі, РКП Қазақ автономиялы-территориялық республикасында табысқа солғұрлым тезірек жеткен болар еді»,— деген қорытынды жасайды [10].

Қазақ халқының жанашыры Т.Седельниковтың қазақ халқының ұлттық автономия құру жолындағы күресіне көмегі, қазақтың ұлттық зиялы қауым өкілдерін қолдауы және оны шынайы негіздеп, айтқан ұсыныс пікірлері мен жазған еңбектері Қазақ халқына «жоғарыдан» қарайтын өлкені билеп-төстеп, еркінсіп қалған шовинистерге ұнаған жоқ. Олар істің мәнін бұрмалап, жала жауып Т.Седельниковты айыптап

жазған хаттарын жан-жаққа жөнелтіп жатты. Ревком мүшесі В.Мюрет 1920 жылы 14 сәуір күні «Қазақ өлкелік партия органдарына» арнап жазған хатында Т.Седельниковты: «...жергілікті коммунистердің бір бөлігі қазақ ұлты құрып барады деп есептейтіндігін нығырлай мәлімдеп, өзінің барлық баяндамаларында қазақ халқын орыс коммунистерінің орынсыз шабуылынан қорғау керек деп айрықша дабырлатып келеді» деп айыптаумен қатар, «партияның беделін түсірді, қазақ шовинистерінің қазақ бұқарасын коммунистерге айдап салуына жол ашты, Седельниковтың сөздерінен көбіне қазақтың шовинистік иісі аңқып тұрғандықтан, оған арнайы партиялық бақылау орнату қажет» деумен барлық партия ұйымдарын оған қарсы шабуылға шығуға шақырады [11]. Ревком мүшелері Авдеев, А.Кулаков дегендер Т.Седельниковты айыптап орталыққа жазған хаттарында мәселені одан әрі күрделендіре түсті. Мәселен, Қазақ өлкелік революциялық комитетінің төрағасы Пестковскийдің (Пестковский бұл уақытта Москвада болатын Д.С.), Орталық комитеттің хатшысы Крестинскийдің және БОАК-нің төрағасы Енукидзең аттарына жолданған хаттарында, бұған дейін де ревкомдағы ауыр ахуалды телеграф арқылы хабарлап айтқанын және осы мәселе жөнінде кеңірек хабарлама беруді жөн көрдік деп бастаған олар, барлық айтыс-тартыстың негізі Т.Седельниковтың Қырғыз (Қазақ) ұлтшылдарының ресми көсемі болып, коммунистерге қарсы ашық түрдегі шовинистік күресті жүргізіп отырғандығынан дей келе: «... шеткері аймақтардағы шовинистік көңіл-күйдегі орыс коммунистеріне қарсы күресуге шақырды. Осының барлығы ашық түрде жиналыстарда айтылды. Соның салдарынан ұлтшылдар бас көтеріп, оның төңірегіне жиналуда. Олардың осы уақытқа дейін көсемі болмаған болса, Седельниковтың бейнесінде өз көсемдерін тапты. Ол Қырғыздардың (Қазақтардың) ұлтшылдық идеологиясының негізін қалады ...» деп көпірткен болатын [12]. Сонымен қатар, олар, Қазақ халқының ғасырлар бойы тапталып келген құқығын қорғап, Қазақ халқының басқалармен тең дәрежеде дамуына және ұлттық құқығының сақталуы жолында аянбай күресіп келген қайраткерге қарсы негізсіз жалған айыптауларын тоқтатқан жоқ. 1920 жылы 27 сәуір күні өткен РКП(б) Қазақ өлкелік ұйымдастыру бюросы Президиумының мәжілісінде Т.Седельниковтың жеке мәселесін қарап, оған мынадай айыптар тақты: «1. Мейлінше көкезулікке салынған Седельников өзінің барлық сөзінде коммунистерге қарсы қазақтардың ұлтшыл насихатын жүргізіп келген. 2. Партия өкілдері мен жергілікті партия ұйымдарын ұлы орыс шовинизмі дертіне шалдыққан деп айыптап, ұлттар арасына от жағады. Мұның сыртында бірқатар коммунистердің қазақтарды құрып бара жатқан халық деп есептейтіндігін мәлімдейді. 3. Осы мәселеде ол қазақ ұлтшылдары мен Алашорда өкілдерімен бірлесіп, түрліше кеңестерді тұрақты түрде өткізіп, олардың нақты көмегіне сүйенуде. ... оның Алаш-орданың ұлтшыл қазақ тобының басшысы ретіндегі коммунистік ұйымдарға деген көзқарасы анықталып болды» [13].

Қорытынды: Озық ойлы гуманист, азаттық пен әділдіктен таймаған Т.Седельников өзін айыптаған топ, өзінің үстінен партиялық бақылау орнатса да, партиялық және жалпы жиналыстарда сөйлеуге тиым салса да, Қазақ халқының мүддесін қорғауын қаймықпай жалғастыра берді. 1920 жылы мамыр айында В.Лениннің атына жазған хатында тағы да Қазақ халқының өзін-өзі билеу құқығын көтеріп, қазіргі биліктің «өзін-өзі билеу» жөніндегі түсінігі бұрынғы отаршылдық биліктен еш айырмасы жоқ, тек сыртқы кел-

бетін қызылға айырбастап қойғаны болмаса» деген еді.

1920 жылы маусым айында Т.Седельников Қазақстаннан БОАК-нің қарамағына шақырылып алынды. 1921 жылы РКФСР егін шаруашылығы комиссариатында одан кейінгі жылдары жұмысшы-шаруа инспекциясының комиссариатында жұмыс істеді.

Сол кезеңдегі орыстың прогресшіл өкілдерінің алдыңғы қатарлы өкілдерінің бірі, саяси қайраткер, қазақ халқының жанашыры 1930 жылы 26 мамырда қайтыс болды. Қазақ халқының ұлттық мүддесін қорғап, жанашырлық тудырған орыстың озық ойлы саяси қайраткерін ұлықтау мақсатында көше аттарын беріп, ескерткіш қойып ұлықтау біздің азаматтық борышымыз!

ӘДЕБИЕТТЕР

- Азиатская Россия. – С.Петербург. 1914. т.1. с.382-383.
Азиатская Россия. – С.Петербург. 1914. т.1. с.69.
Галузо П.Г. Вооружение русских переселенцев в Средней Азии (исторический очерк). – Ташкент. 1926. с.5.
Кауфман А.А. Переселение и колонизация. СПб. 1905. с. 231.
Седельников Т.И. Борьба за землю в Киргизской степи и колонизационная политика правительства. – С.Петербург. 1907. с.19.
Седельников Т.И. Борьба за землю в Киргизской степи и колонизационная политика правительства. – С.Петербург. 1907. с. 61.
Государственная дума. Стенографический отчеты. 1906 г. Сессия 1. – СПб. 1906. т.1. с. 113-114.
Государственная дума. Стенографический отчеты. 1906 г. Сессия 1. – СПб. 1906 т.1. с. 204-205.
Протоколы Революционного комитета по управлению Казахским краем (1919-1920 гг.): Сборник документов. – Алматы: Гылым, 1993.-277 с.
«Қазақстан коммунисті» журналы. 1991. №10. 78-79-бб.
«Қазақстан коммунисті» журналы. 1991. №10. 6.80.
ҚР ПМ. 811- қор, 20-т. іс-568. pp 90-91.
Қазақстан Коммунисті 1991. №10. б. 81.

REFERENCES

- Aziatskaya Rossiya [Asian Russia]. – S.Peterburg. 1914. t.1. p.382-383 [in Russian].
Aziatskaya Rossiya[Asian Russia]. – S.Peterburg. 1914. t.1. p.69[in Russian].
Galuzo P.G. Vooruzhenie russkikh pereselencov v Srednej Azii (istoricheskij ocherk) [Arming of Russian settlers in Central Asia (historical essay)] . – Tashkent. 1926. p.5[in Russian].
Kaufman A.A. Pereselenie i kolonizaciya [Resettlement and colonization]. –SPB. 1905. p. 231 [in Russian].
Sedel'nikov T.I. Bor'ba za zemlyu v Kirgizskoj stepi i kolonizatsionnaya politika pravitel'stva [The struggle for land in the Kyrgyz steppe and the colonization policy of the Government]. – S.Peterburg. 1907. p.19 [in Russian].
Sedel'nikov T.I. Bor'ba za zemlyu v Kirgizskoj stepi i kolonizatsionnaya politika pravitel'stva [The struggle for land in the Kyrgyz steppe and the colonization policy of the Government]. – S.Peterburg. 1907. p. 61 [in Russian].
Gosudarstvennaya дума. Stenograficheskij otchety. 1906 g. Sessiya 1 [The State Duma. Verbatim report. 1906 Session 1.]. – SPB. 1906. t.1. p. 113-114 [in Russian].
Gosudarstvennaya дума. Stenograficheskij otchety. 1906g. Sessiya 1 [The State Duma. Verbatim report. 1906 Session 1.]. – SPB. 1906 t.1. p. 204-205 [in Russian].
Protokoly Revolyucionnogo komiteta po upravleniyu Kazahskim kraem(1919-1920 gg.): Sbornik dokumentov[Protocols of the Revolutionary Committee for the Management of the Kazakh Region (1919-1920): Collection of documents]. – Almaty: Gylym, 1993.-277p [in Russian].
«Kazakstan kommunisti» журналы [Journal «Communist of Kazakhstan»]. – 1991. №10. pp78-79 [in Qazaq].
«Kazakstan kommunisti» журналы [Journal «Communist of Kazakhstan»]. – 1991. №10. p.80 [in Qazaq].
KR PM.kor-811, t-20. is-568. pp 90-91 [in Qazaq].
«Kazakstan kommunisti» журналы [Journal «Communist of Kazakhstan»]. –1991. №10. p. 81 [in Qazaq].

FTAHP/IRSTI/MPHTI: 03.20.00

Досалы САЛҚЫНБЕК,¹¹Қ.И.Сәтбаев атындағы ҚазҰТЗУ-нің қауымдастырылған профессоры, т.ғ.к., E-mail: salkynbek.dosaly@mail.ru, Алматы қ., Қазақстан,**Шаяхмет ӘБУХАНОВ,²**²Ғ.Дәукеев атындағы Алматы энергетика және байланыс университетінің аға оқытушысы, E-mail: sabukhanov@gmail.com, Алматы қ., Қазақстан

СОҒЫС ТҰТҚЫНДАРЫНЫҢ ТАУҚЫМЕТТІ ТАҒДЫРЫ

Мақалада адамзат баласына ауыр қайғы қасірет әкелген саяси және әлеуметтік қайшылықтар мен дүрбелеңге толы XX ғасырдың ірі саяси оқиғасы екінші дүние жүзілік соғыстың зардаптары қарастырылған. Бүгінгі таңда әлемде бұл соғыстың тарихына көзқарас әртүрлі өрбиде. Ресей Федерациясы сияқты мемлекеттер жауды бір өзі жеңгендей бүкіл жеңісті өздерінің меншігіне айналдырып алды. Осындай соғыс тақырыбы сан-саққа жүгіртіліп жатқан кезеңде оны тағы да ой елегінен өткізіп, оның «ақтаңдақ» тұстарына әділ бағасын беру көкейкесті мәселелердің бірі болып табылады.

Екінші дүниежүзілік соғыс тарихындағы ерекше маңыз беріп, қарастыратын тақырыптардың бірі – соғыс тұтқындарының тағдыры. Мақалада жау қолына тұтқынға түсіп, ауыр азапты басынан кешкен қандастарымыздың тауқиметті тағдыры баяндалады. Олар жау қолына тұтқынға түсіп, ауыр азапты басынан кешіп, елге оралғаннан кейін олардың бәріне «отанын сатқан опасыздар» ретінде айып тағылып, әртүрлі мерзімге сотталды. Және саяси тұрғыдан тағылған осы негізсіз айыптаулар әлі алынған жоқ. Мақалада, екінші дүние жүзілік соғыс жылдарында жау тұтқынында болып жазықсыз айыпталған майдан ардагерлерінің ісін қайта қарап, толық ақтайтын мезгіл келді деген тұжырым жасалады.

Кілт сөздер: Соғыс, тұтқын, тауқиметті тағдыр, ақтаңдақ, негізсіз айыптаулар, толық ақтау.

Досалы САЛҚЫНБЕК,¹¹Ассоциированный профессор КазННТУ им. К.И.Сатпаева, к.и.н., E-mail: salkynbek.dosaly@mail.ru, Алматы, Казахстан,**Шаяхмет АБУХАНОВ,²**²Старший преподаватель Алматинского университета энергетики и связи им. Г. Даукеева, E-mail: sabukhanov@gmail.com, Алматы, Казахстан

ТРАГИЧЕСКАЯ СУДЬБА ВОЕННОПЛЕННЫХ

В статье рассматриваются последствия крупнейшего политического события XX века Второй мировой войны, принесшего человечеству большие страдания. Сегодня в мире по-разному складывается взгляд на историю Второй мировой войны. Такие государства, как Российская Федерация рассматривает историю Великой отечественной войны как победителя в одиночку, не рассматривая вклад в победу других государств.

Одной из тем в истории Второй мировой войны, придающей особое значение является судьба военнопленных. В статье рассказывается о трагической судьбе наших соотечественников, попавших в плен к врагам и переживших тяжелые страдания. После того, как они попали в плен к врагам, пережили тяжелые страдания и вернулись в страну, все они были осуждены как «изменники Родины» и приговорены к различным срокам. И эти беспочвенные политические обвинения до сих пор ничем не подтверждены. В статье делается вывод о том, что наступила пора пересмотра и полного оправдания дел ветеранов фронта, невинно обвиняемых во вражеских пленных в годы Второй мировой войны.

Ключевые слова: война, военнопленный, трудная судьба, бланк, необоснованные обвинения, полное оправдание.

Dosaly SALKYNBEK,¹¹Associate Professor KazNRTU named after K.I.Satpayev, Candidate of Historical Sciences

E-mail: salkynbek.dosaly@mail.ru, Almaty, Kazakhstan,

Shayahmet ABUKHANOV,²²Senior lecturer of Almaty University of Energy and Communications named after G. Daukeev, E-mail: sabukhanov@gmail.com, Almaty, Kazakhstan

THE TRAGIC FATE OF PRISONERS OF WAR

The article examines the consequences of the largest political event of the twentieth century, the Second World War, which brought great suffering to humanity. Today, the world has a different view of the history of the Second World War. States such as the Russian Federation view the history of the Great Patriotic War as a winner alone, without considering the contribution to the victory of other states.

One of the topics in the history of the Second World War, which attaches particular importance is the fate of prisoners of war. The

article tells about the tragic fate of our compatriots who were captured by the enemies and endured severe suffering. After they were captured by the enemy, endured severe suffering and returned to the country, they were all condemned as "traitors to the Motherland" and sentenced to various terms. And these baseless political accusations have not yet been confirmed by anything. The article concludes that it is time to review and fully justify the cases of veterans of the front, who were innocently accused of enemy prisoners during the Second World War.

Key words: war, prisoner of war, difficult fate, blank, unfounded accusations, full justification.

Кіріспе: КСРО деген одақ ыдырап, оның құрамында болған елдер тәуелсіздігін алғаннан кейін, кейбір республикалар тарапынан Ұлы Отан соғысына деген көзқарас өзгере бастады. Бұрынғы одаққа кірген кейбір республикалар тарапынан ата-әжелеріміздің даңқты ерлік жолына басқаша баға беріліп жатқанда, біздің елімізде қайта керісінше Ұлы Отан соғысының батырларына деген құрмет одан әрі жалғасын тауып, кезінде әртүрлі бұрмалаулардың салдарынан лайықты бағаланбаған батыр аталарымызбен әжелерімізді лайықты бағалап, тәуелсіз еліміздің ең жоғары атақтарымен марапаттадық. Тәуелсіздік жылдары сол кезеңдегі еліміздің Президенті Н.Назарбаевтың жарлығымен 1941 жылы 26 маусымда өз экипажымен бірге жаны бара жатқан ұшағын жау танктері мен бензин цистерналары шоғырына бағыттап ерлікпен қаза тапқан Бақтыораз Бейсекбаевқа, Украинада партизан отрядын басқарған қаһарман Қасым Қайсеновке, рейхстагқа бірінші болып жеңіс туын тіккен Рақымжан Қошқарбаевқа және қазақтың ұшқыш батыр қызы Хиуаз Доспановаға Қазақстан Республикасының ең жоғарғы марапаты Халық Қаһарманы атағы берілді.

Материалдар мен әдістер: Мақаланы жазу кезінде ғылыми зерттеудің теориясы және әдістемесі бойынша негізінен тарихилық, объективтілік, тарихи салыстырмалы талдау және тарихи жүйелілік әдістері пайдаланылды.

Талдау. Бүгінгі күнге дейін Ұлы Отан соғысы тақырыбына қатысты том-том зерттеу еңбектері жарық көргенімен, оның ақтаңдақтары әлі де толық ашылып болды деп айта алмаймыз. Сол кезеңде КСРО-ны басқарған Сталиннің Ұлы Отан соғысындағы жеке тұлғасына қатысты пікір қайшылықтары бәсеңдер емес. Кейбір зерттеушілер, неміс басқыншыларының КСРО-ның үлкен аумағын басып алып, Москваға дейін келуі, көптеген Еуропа елдері фашизммен күресіп жатқанда, Сталиннің 1939 жылы тамыз айында олармен достастық жөніндегі шартқа қол қоюы, 1937-1939 жылдары елде жаппай саяси қуғын-сүргін жүргізіп, оған әскери мамандардың ілігуі сынды мәселелерді алға тартып, бұған тікелей жауапты Сталин дегенді төтесінен қояды. Бұл Ұлы Отан соғысындағы Сталиннің рөліне қатысты мәселенің бір жағы болса, оның екінші жағы тікелей Ұлы Отан соғысы барысында Сталиннің жіберген қателіктері.

Сан қилы саяси және әлеуметтік қайшылықтар мен дүрбелең үстінде өткен XX ғасыр адамзат санасында жойқын соғыстарымен де сақталары сөзсіз. Өйткені, бір ғана екінші дүниежүзілік соғыстың өзі қаншама ұрпақты қайғы-қасіретке душар етіп, өмірін өксітті. Жалпы, үлкен тарих тұрғысынан алғанда азғантай мерзім болғанымен ұзақтығы жағынан төрт жылға жуық, нақтылап айтқанда бір мың төрт жүз он сегіз күнге созылған Ұлы Отан соғысы өзінің ауқымы мен қилы-қилы оқиғаларға қанықтығымен тұтас бір дәуірге тең. Ол сан миллион адамдардың өмірін қиған, жер бетінде бұрын-сынды болмаған ең зардапты, әрі қантөгісті зор соғыстың бірі болған еді.

Зерттеу нәтижелері. «Елу жылда ел жаңа» дегендей жаңарған, жаңғырған заман тұрғысынан кешегі сұрапыл қырғынның қиянатына көз тігіп осы

соғыстың біздің ұлтымыздың тарихындағы және тағдырындағы орны қандай екенін бағамдайтын уақыт жеткендей. Қабырғасы қираған кеңес империясының санамызға сіңірген идеологиялық сандырақтарын қайта қарап, қайсысы дұрыс, қайсысы бұрыс екенін анықтап, ақиқатын айтқанымыз жөн. Тәуелсіздікке қол жеткізгенше дүниенің ақ-қарасын аңдамайтын соқыр адамдай болып келдік. Соғыстың да, басқа оқиғалардың да толық шындығы бізге жетпеді. Өз халқына шындықты айтпайтын өкіметтің тұсында өмір сүргендіктен тек белгілі бір ойлау қалыптарының, идеологиялық құрсаулардың шеңберінде қалдық. Соңғы ашылған мұрағаттық деректер мен құжаттар өткен соғыстың көп көлеңкелі, қанқұйлы тұстарын да ашып отыр.

1988-1989 жылдары КСРО қарулы күштерінің бас штатында 1941-1945 жылғы кеңес әскерлерінің жеке құрамы мен қару-жарақтың, соғыс техникасының шығынын анықтау жөнінде екі комиссия жұмыс істеді. Оның қортындысы қаралып, бекітілді. «Майданда қаза тапқан, жоғалып кеткен, тұтқынға түсіп, содан қайта оралмаған, жарақат алып немесе кездейсоқ оқиғаға ұшырап өлгендер Қиыр шығыстағы науқанды қосып есептегенде 8 млн. 668 мың 400 адам», деп жазды бас штаб бастығы, армия генералы Моисеев [1].

Осыдан бес жыл өткеннен кейін, сол кеңсе қойнауынан шыққан «Гриф секретности снят» деген кітапта соғысқа қатысты шығын деп осы цифр қайталанды, ал хабарсыз ғайып болғандар мен тұтқанға түсіп, әскер қатарынан кеткендердің саны 11 млн. 441 мың 100 адам делінген. Бас штабтың бұрынғы бастығының бірі, армия генералы Лобов басқа дерек келтіреді, ол электрондық банк қорына тіркелген қаза тапқандар 17 миллионға жетті деп хабарлады [2].

Майданда шеіт болған боздақтардың шығынын дұрыс анықтау үшін 1945 жылдың соңындағы халықтың санын, соғыс жылдарында (1941-1945) қанша бала дүниеге келгенін білу қажет. Алайда, бұл деректер көп уақыт мемлекет құпиясы болып есептеліп, темір сейфте сүрленді. Бірақ, кейін құпия сыры ашылмаған соң басқа да хабар-ошарды салыстыра отырып, зерттеуші В.Первышин кеңес азаматтарының соғыс кезінде өлім-жетімге ұшыраған 38 миллион 794 мың болғанын есептеп шығарды.

Ұлы жеңіс мерекесі, шынын айтқанда, бір жағынан қаралы кезең болғанымен, ерлік пен елдік, ар-намыс, отаншылдық пен биік рух аяусыз сынға түскен ғаламат тарихи сәт еді. Ендеше, өткеніміздің қадау-қадау оқиғаларын сезім көзімен сүзіп өтпей, оған сындарлы әрі байыппен қарайтын кезең келді. Өмірдің сайрап жатқан кең даңғыл жолы жоқ. Оның жарқыраған жарық күні де, түнерген тұманды түйі де бар. Осындай алмағайып, кезеңнің Ұлы Отан соғысы екені белгілі. Қандай ұлы оқиға болсын, оның тарих талқысына түсуі заңдылық.

Кеңес Одағын жаулап алу мақсатында жасалған «Барбаросса» жоспары дайын болғаннан кейін фашистік Германия КСРО-ға Солтүстік әскерлер тобы, Оңтүстік әскерлер тобы және Орталық тобы деген үш лекпен лап қойды. Германия КСРО-ға қарсы

құрамында 5,5 млн. мұздай қаруланған солдатты мен офицерлері бар 190 дивизияны шығарды. Мұндай ауқымды агрессияны тарих бұрын-соңды білмеген-ді.

Батыстық шекаралық облыстарда кеңестік әскер де пәлендей осал емес еді онда 2 млн. 680 мың қызыл армияшылар мен командирлер тұрды. Соғыстың алғашқы күні неміс-фашистік әскердің басшылығы шайқасқа 153 дивизия тартты. КСРО тарапынан шекара аймағындағы ұрысқа алғашқы эшолондағы 56 дивизия (900 мыңға жуық жауынгер) қатысты. Алайда кеңес әскері барлық жерде бірдей әскери тәртіпке салып шайқас жүргізе алмады, сөйтті де, алғашқы бетпе-бет шайқастарда-ақ үлкен шығындарға жол берді. Соғыстың алғашқы күні-ақ кеңестік аэродром бомбаланып, 1 мың 200 ұшақ жойылды. Қару-жарақ қоймалары мен артиллериялық қоймалар, танк паркттері зеңбіректерден атқыланып, бомбалау нәтижесінде істен шықты. Белостокта және Минскінің түбінде 300 мыңнан астам кеңес солдаттары мен офицерлері тұтқынға түсті. Жау соғыстың алғашқы үш аптасының ішінде 350-600 шақырым ішке басып кірді. Соғыстың алғашқы айларында кеңес әскерлері тарапынан құрбандық өте көп болды. Атап айтқанда, 1941 жылдың маусымы мен қараша айлары аралығында майдан даласында күн сайын 17 мың адам құрбан болып, 7 мыңнан астам адам жараланған. Бұл күн сайын қызыл армия екі дивизиясынан айрылып отырды деген сөз.

Ұлы Отан соғысы тақырыбындағы осы күнге дейін әлі әділ бағасын ала-алмай келе жатқан мәселенің бірі соғыс тұтқындарының тауқыметті тағдыры. Шетелдік зерттеушілердің дерегі бойынша соғыстың алғашқы жылында 4,5 миллион адам тұтқынға түскен екен. Немістер алғашқы кезде оларды қайда сыйғызарын білмеген көрінеді. Майдан шебінің сыртында ашық далада сымнан қоршау жасап, соған қамапты. Сол жерде, одан кейінгі лагерлерде тұтқындар аштықтан, шөлден мыңдап қырылып жатыпты.

1943 жылдың сәуір айында Швециядағы кеңес елшісі А.М.Коллонтай араға түсіп, тұтқындарға қол үшін берем деп ұмтылған үшінші елдердің өкілдеріне кеңес одағының тұтқындағы азаматтарының алдында ешқандай міндетті емес екендігін ресми түрде жеткізіп, жау қолына түскендердің «Отанын сатқандар» деп есептелетінін ашық айтады. И.Сталин АҚШ Президенті Ф.Рузвельтпен кездесуінде кеңес одағының Женева келісіміне қосылмайтындығын тағы да қуаттады.

Сталин ашықтан ашық интернационалдық Қызыл ай қоғамына: «Біз тұтқындарды танымаймыз, әрі бұл үшін оларға жәрдем бере алмаймыз»,— деген болатын. Мұның үстіне «дана және кемеңгер» Сталин өзінің №270 бұйрығымен «Совет тұтқындары қай жерде қолға түссе, сол жерде жоқ етілсін» деген «кемеңгерлік», яғни, барып тұрған жабайылық өмірін шығарды [3]. Сөйтіп, оларға өз отанына, туған жеріне қайтар жол қалмады.

Ал, енді жаудың тұтқынында болған өзіміздің қандастарымыздың жағдайына келетін болсақ, соғыстың алғашқы жылы жау қолына түсіп, тағдырдың тауқыметін көргендердің қатарында қазақтар көп болды. Соғыстың алғашқы айларында атақты Брест қамалын ерлікпен қорғап, қаза тапқандардың ішінде қазақтардың көп болғаны белгілі. Қамалда қалғандардың тағдыры соғыстан кейін де ешкімге керек болмады. Сталин өлген соң ғана зерттеле бастады. Оны қорғаған он мыңдай жауынгердің үш жүздейі ғана тірі қалыпты.

Ақиқатына жүгінетін болсақ, тұтқындардың көпшілігі жау қолына жаралы болып, контузия алып түссе, кейбіреулері жау тылында тапсырма орындау кезінде ұсталып қалғандар. 1942 жылы Харьков түбінде біздің үш армия қиратылды. 240 мың адам тұтқынға түсті. Солардың ішінде қазақтың талай боздақтары кетті. Ақмолада құрылған 106-шы атты әскер дивизиясын Харьков түбінде немістердің алғы шепті бұзып өткен танкілеріне қарсы салған. 1942 жылдың мамыр айында Харьков облысындағы 63-ші атты әскер полкінде миномет батареясын басқарған Хаби Тінәлиннің естелігі сол кездегі ауыр ахуалды дәл бейнеледі: «Бұл кез немістер өте күшті болатын. Біздің әскерлерді кейін қарай қуып, тықсырып бара жатты. Ақыры үш армия қоршауда қалып, мамыр айының аяғында жан беріп, жан алысқан кескілескен ұрыс басталды. Сол күні, дәлірек айтсам, 23 мамыр күні таң ата немістер тағы шабуылға шыққан болатын. Бұл біздің қоршауда қалған он сегізінші, ең ақырғы күніміз еді. Сөйтіп, майданға кіргеніме бір ай уақыт болмай немістерге тұтқынға түстік. Өңім түгілі, түсімде көрмеген азапты өмірім енді басталды» [4].

Қортынды: Қазақ жауынгерлерінің ішінде соғыс тұтқынында болып, елге оралғандардың барлығына «Түркістан легионында» болдың деген айып тағылып, тергеуге алынғаны мәлім. Олардың барлығының тарихы бір жақты көзқараспен бағаланып, жазықсыз айыпты болып келді. Мәселен, «Түркістан легионына» қатысы бар деген айыппен 1947 жылы 8-18 сәуір аралығында Алматы қаласында атышулы «49-дың соты» болды. Оларға «Әлихан Бөкейхановтың, Мұстафа Шоқайдың, Тұрар Рысқұловтың, Файзолла Ходжаевтың, Сәкен Сейфуллиннің, Темірбек Жүргеновтың, Сұлтанбек Қожановтың істерін алға апарушы, революцияға қарсы күрес жүргізуші, неміс қарулы күштерінің барлаушылары» деген айыптар тағылды [5]. Осы айыптаулар бойынша шығарылған 11 адам ату жазасын, 4 адам 25 жылға, 20 адам 20 жылға, 9 адам 15 жылға, 4 адам 10 жылға және жалғыз әйел Шәрифа Сәдуллаева 7 жылға түрмеде отыру жазасын алды. Бірақ, 1947 жылы маусымда КСРО жоғарғы кеңес президиумы «Ату жазасы барлық елдер бойынша тоқтатылсын» деген қаулы шығарып, «49-дың» бәрі де тірі қалады. Олар кейіннен біртіндеп кешірімге ие болғанымен, ақталмады. Міне, сондықтан да, соғыс тұтқындары тарихын қайта қарап, жазықсыз жазаланған, негізсіз айыпты болып келген соғыс ардагерлерінің ісіне лайықты баға беретін уақыт келді деп есептейміз.

ӘДЕБИЕТТЕР

- Военно-исторический журнал. 1990, №3. с.177.
Красная звезда. 1994. 18 наурыз.
Самсонов А.М. Знать и помнить. М: Политиздат, 1988. с. 57.
Қазақ әдебиеті. 1985, 7 мамыр.
Көлбаев Т. Өшпес даңқ. Алматы: Азия арна, 2013. 233-б.

REFERENCES

- Voenno-istoricheskii jurnal [Military history magazine].— 1990, №3, p.177 [in Russian].
Krasnaiazvezda [Krasnaiazvezda].— 1994. March 18[in Russian].
Samsonov A.M. Znat i pomnit [Know and remember].— M: Politizdat, 1988. p. 57 [in Russian].
Qazaqädebieti [Kazakh literature].— 1985, 7 May [inQazaq].
Kölbaev T. Öshpesdañq [Immortal glory].— Almaty: Asia Channel, 2013. p. 233[in Qazaq].

Адилхан ЖАРАСОВ,
преподаватель, Казахский национальный университет им аль-Фараби,
e-mail: adilkhan,zharasov@mail.ru, Казахстан, г. Алматы

КОЛЛЕКТИВИЗАЦИЯ В КАЗАХСТАНЕ: ОСОБЕННОСТИ И ПОСЛЕДСТВИЯ

В данной статье рассматриваются специфические черты, характеристики и особенности коллективизации в Казахстане. Коллективизация в Казахстане проводилась форсированными темпами без учета особенностей жизни коренного населения, необходимой предварительной подготовки, и преимущественно административными методами. Коллективизация и оседание кочевого населения были взаимосвязаны, поэтому коллективизация, как результат был бы реализован только после окончательного устранения кочевой экономики. Также организация коллективных хозяйственных объединений привел к массовому оттоку населения за пределы республики. В совокупности, силовая коллективизация сельского хозяйства, в Казахстане привела к голоду.

Ключевые слова: СССР, коллективизация, оседание, кочевники, откочевники, конфискация, кулачество, голод, трагедия.

Әділхан ЖАРАСОВ,
оқытушы, әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті,
e-mail: adilkhan.zharasov@mail.ru, Қазақстан, Алматы қ.

ҚАЗАҚСТАНДАҒЫ ҰЖЫМДАСТЫРУ: ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ МЕН САЛДАРЫ

Бұл мақалада Қазақстандағы ұжымдастырудың спецификалық ерекшеліктері, белгілері мен ерекшеліктері қарастырылады. Қазақстандағы ұжымдастыру жергілікті халықтың өмір сүру ерекшеліктерін есепке алмай, қажетті алдын ала дайындықсыз, негізінен әкімшілік әдістермен жеделдетілген қарқынмен жүргізілді. Ұжымдастыру мен көшпелі халықты отырықшыландыру өзара байланысты ұғым ретінде қарастырылды, сондықтан ұжымдастыру көшпелі шаруашылықты түпкілікті жойғаннан кейін ғана мүмкін болар еді. Сондай-ақ ұжымдық шаруашылық бірлестіктерін ұжымдастыру халықтың республикадан тысқары жерлерге жاپпай кетуіне әкелді. Қазақстандағы ауыл шаруашылығын күштеп ұжымдастыру ашаршылыққа әкелген еді.

Түйін сөздер: КСРО, ұжымдастыру, отырықшылық, көшпелілер, кәмпеске, кулактар, ашаршылық, трагедия.

Adilhan ZHARASSOV,
Lecturer, al-Farabi Kazakh National University,
e-mail: adilkhan,zharasov@mail.ru, Kazakhstan, Almaty

COLLECTIVIZATION IN KAZAKHSTAN: FEATURES AND CONSEQUENCES

This article discusses the specific features, characteristics and traits of collectivization in Kazakhstan. Collectivization in Kazakhstan was conducted at an accelerated pace without taking into account the peculiarities of the life of the indigenous population, the necessary preliminary preparation, mainly by administrative methods. Collectivization and the settlement of the nomadic population were interconnected, so this would only be possible after the final elimination of the nomadic economy. Also, the organization of collective economic associations led to a massive outflow of the population outside the republic. Taken together, the forced collectivization of agriculture in Kazakhstan led to starvation...

Key words: USSR, collectivization, settling, nomads, confiscation, kulaks, starvation, tragedy.

Введение. Коренные изменения в образе жизни казахского населения на рубеже 20-30-х гг. XX века сопровождалась советизацией аула, переделом пахотных и сенокосных угодий, конфискация скота и имущества крупных баев-полукфеодалов, кооперирование населения. В то же время и осуществлялось массовое, насильственное оседание кочевого и полукочевого казахского населения, которое тесно было связано с сплошной коллективизации в СССР. Вторая половина двадцатых годов XX века была пронизана идеей большевиков о строительстве новой социальной действительности с помощью индустриализации и коллективизации, которое в конечном итоге способствовало бы

укреплению государства. Для этого большевикам необходимо было в первую очередь реализовать развитие экономическое производства по всему СССР, перевести в собственность государства средства производства во всех секторах экономики и усилить государство и внутри, и на международной арене (Н. Пианчола, 2018: 84).

Материалы и методы. Методологической основой работы служит системный подход. В ходе исследования мы опирались на методы системно-структурного анализа и конкретного историзма, принципы методологического плюрализма и диалектического историзма, предлагающие исследование явлений и событий в их взаимосвязи и

взаимообусловленности, а общество как сложной целостности и самоорганизующейся системы с присутствующей им динамичностью. Использование сравнительного метода и отдельных аспектов типологий дали возможность для раскрытия многомерности сложнейшего процесса.

В данной работе как исторический источник используется архивные материалы из различных регионов Казахстана, а также материалы из архивов РФ. Были использованы многие труды советских и постсоветских авторов, в которых содержится ценный эмпирический материал о хозяйственной деятельности, социальной структуре, политической жизни, отражаются вопросы, связанные с организацией деятельности советской тоталитарной администрации, дается оценка официальной политике государства и отмечаются последствия ее воздействия на традиционное общество казахов.

Анализ. В целом историографию проблемы можно условно разделить на три этапа: в первый входят работы, написанные в период 1930-х - середины 1950-х гг.; во второй - работы периода середины 1950-х - середины 1980-х гг.; в третий - работы периода середины 1980-х гг. по наши дни. Наиболее актуальным в изучении рассматриваемой проблемы является третий, в котором решающий фактор активизации исследований коллективизации явилась политика гласности и демократизации общественно-политической жизни страны, что способствовало к повышенному интереса к истории 1920-1930-х гг. Отечественные историки М.Козыбаев, Т.Омарбеков, Ж.Абылхожин, К.Алдажуманов, Б.Аяган в своих трудах постарались дать объективную оценку государственной политики в 1930-е гг. и пересмотреть устоявшиеся стереотипы в отечественной историографии. Значительный вклад в изучение проблемы внесли зарубежные исследователи — И.Огайон, М.Б.Олкотт, Н.Пианчиола, С.Уиткрофт, С.Камерон, Р.Киндлер.

Результаты исследований. В декабре 1927 года XV съезд ВКП (б) провозгласил курс на коллективизацию сельского хозяйства. За короткие сроки, к весне 1932 г. сельское хозяйство страны должно было превратиться из единоличного в коллективное-колхозное. (И.Сталин. Сочинения, 1997: Том 10). ЦК ВКП(б) разделил все области и республики на три группы по коллективизации и сроков завершения с учетом местных условий, это было связано со степенью развертывания колхозного движения в различных регионах страны. К первой группе относились зерновые районы — Северный Кавказ, Нижняя Волга, Средняя Волга (Левобережье). Планировалось закончить коллективизацию к весне 1931 года. Вторая группа — это Украина, Центрально-Черноземная область Сибири, Урала и др. Сроки окончания устанавливались к весне 1932 года. К третьей группе относились все остальные регионы, Закавказье, среднеазиатские республики, где коллективизацию предполагалось завершить к концу пятилетки (Трапезников, 1965:200-201).

Коллективизация в Казахстане на самом деле проходила в дальнейшем в виде насильственного оседания казахских традиционных кочевых и полукочевых хозяйств. Это было связано с тем, что необходимо было в первую очередь достичь имобильности хозяйства и веками сложившегося образа жизни казахов. Так, движение за оседание охватило широкие массы трудящихся казахского аула. Казахский краевой комитет ВКБ(б) вынес в ноябре

1929 г. специальное решение об открытии плановых работ по оседанию. Подробно обсудила вопрос об оседании казахов 2-сессия КазЦИК в январе 1930 г. Во исполнение этих решений постановлением ЦИК КазАССР от 9 января 1930 года был создан Комитет по оседанию кочевого и полукочевого казахского населения при СНК КазАССР (Оседком) (АП РК Ф.5, оп.10, д.105:295; АП РК Ф.1179, оп. 1. д. 4: 40). На оседком возлагалась общее политическое руководство политикой по оседанию кочевого и полукочевого казахского населения. Оседком являлся межведомственным органом координирующим все мероприятия по оседанию. Непосредственные задачи Оседкома: определение контингента и районов оседания, содействие организации оседания как на местах кочевков, так и при внутриреспубликанском переселении, принятие мер к обеспечению развития земледелия и интенсификации животноводства в оседающих казахских хозяйствах на основах коллективизации. Члены Оседкома при СНК КазАССР назначались президиумом ЦИК КазАССР, при чем, в его состав входил председатель СНК, его заместитель и представители от Наркомзема КазАССР, Казкрайколхозсоюза и других наркоматов и ведомств. (АП РК Ф. 1179, оп. 1, д. 1: 35-48).

17 сентября 1932 года было принято постановление Политбюро ЦК ВКП(б) «О сельском хозяйстве, и, в частности, животноводстве Казахстана» В постановлении указывалось: 1) ЦК признает правильной линию крайкома по постепенному оседанию кочевого и полукочевого казахского населения;

2) Поставлена задача по организации поселкового расселения казахского аула с европейского типа постройками;

3) В животноводческих районах Казахстана предложено создавать ТОЗы (товарищества по совместной обработке земли и косьбе). (Трагедия советской деревни, 2001:483–484). Однако работа по оседанию на местах проводилась крайне слабо. Особенно это было заметно в строительстве жилых и других объектов. Эти факты прослеживаются в докладных записках из различных регионов по обследованию точек оседания. Ход строительства слабый, объясняется следующими причинами: Никто на районных организаций не интересуется строительством и смотрят на него как на лишнюю нагрузку, также и колхозы относятся к строительству халатно... Работа производилась урывками и как попало (ЦДНИ ВКО Ф 578 оп.1 д.87:40).

Оседание кочевого и полукочевого население «как социалистический метод переустройства экономики» на рубеже 20-30-х гг. XX века имел, в то же время вынужденный характер из-за падежа от джута и экономической нестабильности. Так, в формуляре бюджетного обследования крестьянских хозяйств в Алма-Атинском округе Балхашского района и Всесоюзного переселенческого комитета при ЦИК СССР рассматриваются различные хозяйства данного региона — данные о владельце хозяйства, данные семьи, его социальный статус, количество скота, способ ведения хозяйства, сведения о том как ведется хозяйство, хочет ли перейти на оседлое хозяйство. В разделе анкеты Кочевание имеются такие вопросы: Каковы причины сезонного кочевания, при каком составе стада и составе семьи считает кочевание возможным и выгодным, продолжительность пребывания на сезонных пастбищах, Есть ли у хозяина заметное желание к оседанию и причины побудившие к этому. Так бед-

някие хозяйства указаны в опросных анкетах изъявляют желание к оседанию из-за отсутствия скота. Зажиточные хозяйства, по большей части, не имеют желания к оседанию, занимаются земледелием, сеют просо. Помогают сородичам, занимаются благотворительностью. Середняки также не имеют желания к оседанию, кочуют вместе с зажиточными соседями (РГАЭ Ф5675, оп. 1, д. 13, 14, 15, 16).

В целом, землеустройство этого периода можно рассматривать как политическое средство для осуществления перевода казахского полукочевого и кочевого населения на оседлость, что привело бы по мнению руководства страны к рациональному использованию территории, выявлению земельных фондов для совхозного и колхозного строительства и для переселения. (Алтаев, 2015: 125). Однако, как известно, седентаризация насильственными методами, которое способствовало разрушению традиционного кочевого и полукочевого хозяйства казахов, привело к губительной катастрофе.

Сплошную коллективизацию многие в различных регионах представляли таким образом, что сначала необходимо было ликвидировать кулачество и байство. Нарушался принцип добровольности, принудительные созданные хозяйства не были прочными, что вызывало у крестьян недоверие. Постановление ЦИК и СНК СССР «О мероприятиях по укреплению социалистического переустройства сельского хозяйства в районах сплошной коллективизации и по борьбе с кулачеством» от 1 февраля 1930 года, предоставляло право применять в районах сплошной коллективизации «все необходимые меры борьбы с кулачеством, вплоть до полной конфискации имущества кулаков и выселения их из пределов отдельных районов и краев (областей)». Активно применялась статья 61 Уголовного кодекса. (Крестьянская Голгофа. 2013:23). Это делалось местными властями в погоне за высоким процентом коллективизации. В частности по Алма-Атинскому округу по статье 61 по норме привлечен к ответственности крестьян применялись формулировки В злостной не сдаче излишков хлеба государству, За не выполнение контрольной цифры, Срыв плана хлебозаготовки и т.д. Подавляющее большинство репрессированных по данной статье не относились к кулацким хозяйствам. Однако, по данной статье применялись следующий вид и размер наказания – это лишение свободы с сроком на 2-5 лет и конфискацией всего имущества и дополнительным выселением из пределов Казахстана или выселением из пределов Алма-Атинского округа (Ст.61, ч. III УК), также Принудительные работы с различными сроками и штрафы (Государственный архив города Алматы Ф.70).

Все репрессивные меры основывались на следующих нормативно-правовых актах принятые на рубеже 20-30-х гг., Выписка из протокола № 60 Бюро Казкрайкома ВКП(б) от 15.08.1928 г., где были рассмотрены вопросы конфискации хозяйств на селе. Декрет ЦИК и СНК КАССР «О конфискации и выселении крупнейших байских хозяйств и полуфеодалов» от 27 августа 1928 г. по которому разрешалось конфисковывать байские хозяйства, а их владельцев выселять. Инструкция от 30 августа 1928 г. по применению постановления ЦИК и СНК КАССР о конфискации байских хозяйств от 27 августа 1928 г., в ней отмечалось, что подлежат конфискации и выселению:

- баи, имеющие в переводе на крупный рогатый скот в кочевых районах свыше 400 голов, в полукочевых районах свыше 300 голов скота, которые являются социально-опасными;

- другие лица, признанные местной властью социально-опасными;

- лица, принадлежащие ранее по своему положению к привилегированным группам (Насильственная коллективизация и голод в Казахстане, 1998). Также выполнялся приказ ОГПУ «О мероприятиях по ликвидации кулачества как класса» от 2 февраля 1930 г. № 44/21, о немедленной ликвидации контрреволюционного кулацкого актива. Массовое выселение наиболее богатых кулаков и их семейств в отдаленные северные районы СССР и конфискация их имущества. (ГА РФ. Ф. Р-9414. Оп. 1. Д. 1944:17-25). Постановление Политбюро ЦК ВКП(б) «О мероприятиях по ликвидации кулацких хозяйств в районах сплошной коллективизации» от 30 января 1930 г. Разрешена конфискации скота имущества кулаков и баев, и «ликвидируемые кулацкие хозяйства не должны превышать в среднем 3-5 % крестьянских хозяйств». (РГАСПИ. Ф. 17. Оп. 162. Д. 8:64-69). При этом эти цифры на практике не соответствовали реалиям. Так, в отчетном политдонесении от начальника Политотдела Чимкенского МТС ЮКО В.Карякина приводятся следующие сведения. Колхозов 34, 25 казахских и 9 русс. Русское население поселившееся главным образом в эпоху Столыпинщины, пронизано было тенденцией колонизаторской. Дешевая рабочая сила из местных казахов, беспощадно эксплуатировавшаяся и хорошие рынки сбыта давали возможность быстро обогащаться. Местное сельское хозяйство носителями которого были русское население имело исключительно капиталистический характер и развивалось без всяких феодальных издержек и ограничений. До 1929 года местные органы советской власти не пытались сдерживать капиталистическое развитие. Заманчивый буржуазный дух витал над каждым хозяйством. Вот почему колхозное движение было так чуждо местному русскому крестьянству. В 1930 г. в колхозы записывали всех. Кто не хотел, жали налогом. В колхозы шли предварительно уничтожив скот. Массовой работы не было. Казахские колхозы образовывались из полукочевого населения, занимавшегося главным образом скотоводством. Трудность: они мало знакомы с земледелием и мало заинтересованы в нем. Зернопоставка Государству выполнена полностью, за счет уменьшения налогового обложения. Следует отметить о низком сборе урожая. Одно из причин этого недосев. Так как, часть семян, в некоторых колхозах, приготовленные на посев, несмотря на их обработку от грызунов были использованы в пищу, что привело отравлению и гибели людей. Недосев из-за воровства, воровство из-за голода... По приблизительным подсчетам Райуполномоченного ОГПУ в наших колхозах умерло около 2000 человек. Из 34 колхозов в 22 чтобы не допустить голодовки будем давать частичную продовольственную помощь отдельным семьям. Но до тех пор пока колхозы не построятся поселками их трудно будет сделать большевикскими. Допускать разбросанность по степи зимних кибиток значит потакать феодальным пережиткам (РГАСПИ Ф.112, оп. 36, д: 28-29). Схожие сведения можно проследить и из политдонесения от политотдела Ленгерской МТС Тихонова – 42 колхозов 28 казах. с\х артелей, 4 тоза и русско-украинских колхозов с\х артелей 53 трактора, 11

тракторных бригад. Общая площадь посевных 31665 га. Засоренность колхозов классовыми врагами. Кулаки раскулаченные в 29-30 гг. осужденные на 8-10 лет теперь состоят членами колхозов... Кулацкое землепользование каким кулакам ранее принадлежала земля, тому селению эта земля и указывалась, несмотря на то, что у этого колхоза нет никаких производственных возможностей освоить эти земли (пример колхоза Кызыл Джайлау) (РГАСПИ Ф.112, оп. 36. д. 93:7-9).

Периодический повторяющейся формой протестов коренного населения, занимающееся кочевым и полукочевым скотоводством, против гнета властей, как царской, так большевистской были откочевки за пределы Казахстана, в Монголию и Китай. Переход на оседлое положение скотоводов и организация коллективных хозяйственных объединении на которое основывалось сплошное землеустройство в период коллективизации без сомнения ухудшило положение кочевых и полукочевых хозяйств. Этому способствовали насильственные административные методы власти, такие как, создание лжеколхозов с прикреплением в порядке оседания к земельным наделам, переселение в другие места оседания, прииска скота, судебные процессы и подведение под раскулачивание середняков и бедняков и многое др. (Неизвестные страницы истории Семипалатинского Прииртышья, 2002:175). Все эти факторы привели к массовым откочевкам байских и зажиточных хозяйств за пределы республики, что бесспорно привело к большим убыткам в социально-экономическом плане.

Заключение. Такие насильственные методы сплошной коллективизации, которая завершилась к концу 1930-х гг., когда в колхозы было включено 93% крестьянских хозяйств. Государство создало систему перекачки ресурсов из аграрного сектора в индустриальный сектор экономики. Аграрный сектор превратился в составную часть директивной сталинской экономики, в то же время нанесли большой урон национально-культурной целостности казахского народа, отвергая многовековую культуру кочевников. Огромный ущерб был нанесен животноводству. Казахстан из крупнейшего поставщика мяса и других продуктов животноводства, превратился в голодную степь. Но все эти отрицательные стороны не сравнятся с трагедией казахского народа-голодом. Голод, который унес миллионы жизни и который будоражит умы и совесть казахстанцев и по сей день.

ЛИТЕРАТУРА И ИСТОЧНИКИ

- Алтаев А.Ш. Седентаризация в земельной политике советского правительства в Казахстане // Вестник КазНУ. 2015. № 4. С. 122-126.
 АП РК Ф.5 оп.10, д.105, лл 295.
 АП РК Ф.1179, оп.1. д.4, л.40.
 АП РК Ф.1179, оп.1.д.1.лл 35-4.
 Аяган Б.Г. Коллективизация и «великий голод» в Казахстане // История государства. Спецвыпуск. 2012. С. 17-23.
 ГА РФ. Ф. Р-9414. Оп. 1. Д. 1944. Л. 17-25.
 Государственный архив города Алматы. Ф.70.
 И. Сталин. Сочинения в 16 тома. Том 10. М.: Издательство «Писатель», 1997.
 Киндлер Р. Сталинские кочевники: власть и голод в Казахстане / Роберт Киндлер ; [пер. с нем. Л. Ю. Пантинной]. — М. : Политическая энциклопедия, 2017.
 Козыбаев М.К., Абылхожин Ж.Б., Алдажуманов К.С., Коллективизация в Казахстане: трагедия крестьянства. А., 1992 г.
 Крестьянская Голгофа. Книга памяти репрессированного крестьянства Омской области. Т. 1. — Омск: Кн. Изд-во, 2013. - С.23.
 Насильственная коллективизация и голод в Казахстане в

1931-1933 гг. Сборник документов и материалов. — Алматы, 1998.

Неизвестные страницы истории Семипалатинского Прииртышья (20 — 30 гг. XX в). Сборник документов. — Семипалатинск, 2002. — 175 с.

Никколо Пианчола. Сталинская иерархия потребления и Великий Голод 1931-1933 гг. в Казахстане ... Статья. — Ab Imperio. — 2018. — No 3. — с. 80-116.

РГАЭ Ф5675, оп.1, д.13.

РГАЭ Ф5675, оп.1, д.14.

РГАЭ Ф5675, оп.1, д.15.

РГАЭ Ф5675, оп.1, д.16.

РГАСПИ. Ф. 17. Оп. 162. Д. 8. Л. 64—69.

РГАСПИ Ф.112, оп.36, д.Л.28-29.

РГАСПИ Ф.112, оп.36, д.93 Л.7-9.

Седентаризация казахов СССР при Сталине. Коллективизация и социальные изменения (1928-1945 гг.) / Изабель Огайон ; [пер. с фр. А. Т. Ракишева ; сост. Б. М. Сужиков], 2009.

Трапезников, С.П. Исторический опыт КПСС в осуществлении ленинского кооперативного плана. М.: Мысль, 1965, лл. 200-201.

Трагедия советской деревни. Коллективизация и раскулачивание. 1927—1939: Документы и материалы. В 5-ти тт. / Т. 3. Конец 1930 — 1933 / Под ред. В.Данилова, Р.Маннинг, Л.Виолы. — М.: «Российская политическая энциклопедия» (РОССПЭН), 2001. — С. 483—484.

ЦДНИ ВКО Ф 578 оп.1 д.87 л.40.

REFERENCES

- Altayev A. Sh. Sedentarizatsiia v zemel'noi politike sovetskogo pravitel'stva v Kazakhstane [Sedentarization in the land policy of the Soviet government in Kazakhstan], Vestnik KazNU, 2015, No 4., p.122-126 [in Russian].
 RKPA [Republic of Kazakhstan Presidential Archive] F.5 inventory 10, case 105, p. 295 [in Russian].
 RKPA [Republic of Kazakhstan Presidential Archive] F.1179, inventory 1, case 4, p. 40 [in Russian].
 RKPA [Republic of Kazakhstan Presidential Archive] F.1179, inventory 1, case 1, p. 35-48 [in Russian].
 Ayagan B.G. Kollektivizatsiya i "velikiy golod" v Kazakhstane [Collectivization and the "great famine" in Kazakhstan] / State history. Special issue, 2012, p. 17-23 [in Russian].
 SA of RF [State Archive of the Russian Federation], Fund 9414, inventory 1, case 1944, p.17-25 [in Russian].
 Gosudarstvennyi arkhiv goroda Almaty [State archive of Almaty], Fund 70[in Russian].
 I. Stalin "Sochineniia v 16 toma" ["Works in 16 tomes"], Tome 10, Moscow: Publishing house "Pisatel", 1997. [in Russian]
 Kindler R. Stalinskiie kochevniki: vlast i golod v Kazakhstane [Stalin's Nomads: Power and Famine in Kazakhstan] / Robert Kindler; [translated from German by L.Y.Pantina], Moscow: Political Encyclopedia, 2017 [in Russian].
 Kozymbayev M.K., Abylkhozhin Zh.B., Aldazhumanov K.S.. Kollektivizatsiya v Kazakhstane: tragediya krestianstva [Collectivization in Kazakhstan: the tragedy of the peasantry], 1992 [in Russian].
 Krestyanskaya Golgofa. Kniga pamyati repressirovannogo krestyanstva Omskoi oblasti. T. 1. [Peasant Golgotha. Book of memory of the repressed peasantry of the Omsk region. T. 1.], Omsk: publishing house, 2013, p.23 [in Russian].
 Nasilstvennaya kollektivizatsiya i golod v Kazakhstane v 1931-1933 gg. [Forced collectivization and famine in Kazakhstan in 1931-1933.] Collection of documents and materials, Almaty, 1998[in Russian].
 Neizvestnyye stranitsy istorii Semipalatinskogo Priirtyshia (20 — 30 gg. XX v.) [Unknown pages of the history of the Semipalatinsk Irtysh region (20 - 30 years of the XX century)] Collection of documents, Semipalatinsk, 2002, p.175[in Russian].
 Niccolò Pianciola "Stalinskaya "ierarkhiia potrebleniia" i velikii golod 1931-1933 gg. v Kazakhstane ["The Stalinist "Hierarchy of Consumption" and the Great Famine in Kazakhstan, 1931-33"]", Ab Imperio, Issue 2, 2018, 19 p., Accepted for publication [in Russian].
 RSAE [Russian State Archive of Economy], fund 5675,

inventory 1, case 13[in Russian].

RSAE [Russian State Archive of Economy], fund 5675, inventory 1, case 14[in Russian].

RSAE [Russian State Archive of Economy], fund 5675, inventory 1, case 15[in Russian].

RSAE [Russian State Archive of Economy], fund 5675, inventory 1, case 16[in Russian].

RSASPH [Russian State Archive of Socio-Political History], Fund 17, inventory 162, case 8, p. 64-69[in Russian].

RSASPH [Russian State Archive of Socio-Political History], Fund 112, inventory 36, p.28-29 [in Russian].

RSASPH [Russian State Archive of Socio-Political History], Fund 112, inventory 36, case 93, p. 7-9 [in Russian].

Sedentarizatsiya kazakhov SSSR pri Staline. Kollektivizatsiya i sotsialnyye izmeneniya (1928-1945) [Sedentarization of Kazakhs in the USSR under Stalin. Collectivization and social change 1928-

1945) / Isabelle Ohayon; [translated from French by A.T.Rakisheva; compiler B.M.Suzhikov], 2009 [in Russian].

Trapeznikov S.P. "Istoricheskii opyt KPSS v osushchestvlenii leninskogo kooperativnogo plana" ["The historical experience of the CPSU in the implementation of the Leninist cooperative plan"], Mocsow: Mysl', 1965, p. 200-201 [in Russian].

Tragediya sovetskoy derevni. Kollektivizatsiya i raskulachivaniye. 1927-1939: Dokumenty i materialy. V 5-ti tt. / T. 3. Koneets 1930 - 1933 [The tragedy of the Soviet village. Collectivization and dispossession. 1927-1939: Documents and materials. In 5 vols. / T. 3. The end of 1930 - 1933] Edited by V.Danilov, R.Manning, L.Viola., Moscow: Russian Political Encyclopedia" (ROSSPEN), 2001. - P. 483-484[in Russian].

DCMH of EKR [Documentation Center of the modern history of the East Kazakhstan region], fund 578, inventory 1, case 87, p.40 [in Russian].

ТАНЫСЫҢЫЗ, ЖАҢА КІТАП!

ҚАЛТАРЫСТА ҚАЛҒАН ҚАЙРАТКЕР

Сағалбай
Жанбаев
(1904-1972) –
кеңестік
заманда өмір
сүріп, халқына
адал қызмет
еткен партия,
мемлекет
қайраткері.
Қазіргі қоғам
коммунист,
партия
қызметкері

деген ұғымдарды естісе, өткен XX ғасырдың жағымсыз кейіпкері ретінде қабылдайды. Дегенмен, Қазақ мемлекетінің 74 жылдық кеңестік кезеңдегі дамуын тарихтан алып тастай алмаймыз. Ұлтжанды, іскер, ұйымдастырушылық қабілеті мықты С.Жанбаев сол кездегі әкімшілік бөлініс бойынша Ақмола облысы, Омбы уезі №4 Алабота болысының Қаратал ауылында кедей отбасында дүниеге келіп, бала кезінен қазақ-орыс байларына бақташылыққа, түрлі жұмыстарға жалданып, тұрмыс ауыртпалығын басынан ерте кешеді. Ауылдық жерде сауат ашу курсына хат танып, Петропавл ауылшаруашылық техникумында оқып, одан әрі бірнеше рет қысқа мерзімді партиялық-саяси курстарда білімін жетілдіріп, ауыл, аудан деңгейінде түрлі шаруашылық, ұйымдастырушылық, басшылық жұмыстарға араласады.

1945-1948 жылдары Мәскеуде Жоғары партия мектебінде білім алған соң Қостанай, Ақмола, Қызылорда облыстық партия комитетіне басшылық жасайды. Жан-жақты терең білім алмаса да, талантты, ұйымдастырушылық қабілеті өте жоғары,

алғыр басшы қандай жұмыс тапсырылмасын ұршықша үйірген екен. Нағыз халық арасынан шыққан, әрқашан қарапайым еңбек адамының ортасында болған, «сомтума» («самородок») партия, кеңес, шаруашылық басшысы болды. Сол кезде үстемдік құрған орыс тіліне шорқақ болса да, қысылтаяң сәттерде тапқырлықпен тығырықтан шығатын сәттері ел арасында «Жанбаев айтыпты» деген аңыз болып тарады. Мәскеу мен Қазақстан басшылығы С.Жанбаевқа талай жауапты жұмысты сеніп тапсырып отырды және құрметтеді. Еңбегі бағаланып, үш мәрте орденмен марапатталды.

Өткен жылдың аяғында танымал тарихшы ғалым Ілияс Қозыбаевтың авторлығымен Алматыдағы «Раритет» баспасынан «Тот самый Жанбаев» деп аталатын тарихи-ғұмырнамалық еңбек (14,2 баспа табақ) басылып шықты. Мәдениет және спорт министрлігі бағдарламасының аясында шыққан кітапты жазу барысында ғалым Ресейдің және Қазақстанның он архивінен С.Жанбаев туралы деректер жинағаны және республикалық, облыстық басылымдарда жарық көрген ондаған жазба-естеліктерді саралап пайдаланғаны еңбектің ғылыми негізі жоғары екенін көрсетеді.

Бұл жаңа кітаптан гөрі өңделіп, толықтырылған екінші басылымы деген қисынды. Алғаш рет автор осындай атаумен 2014 жылы өз қаржысына аз таралыммен шығарған екен. Бұл басылымы барлық облыстық кітапханаларға жеткізіліп, оқырмандарға қол жетімді болмақ. Қалың оқырман бұл кітапты іздеп жүріп қызыға оқиды деп сенеміз.

Сейіткали ДҮЙСЕН,
п.ғ.к., қауымд. профессор.
Нұр-Сұлтан қ.

ФТАХР/IRSTI/МРНТИ: 03.20.00

Талғат МЕКЕБАЕВ¹, Айдана БАЙБҰҚАШЕВА²

¹Т.ғ.к., қауымдастырылған профессор, e-mail: mekebaev.talgat@mail.ru,

²курс магистранты, e-mail: aidana240198@gmail.com

^{1, 2}Әл-Фараби атындағы Қазақ Ұлттық университеті, Қазақстан, Алматы

Д.А.ҚОНАЕВ ЕҢБЕКТЕРІ – XX ҒАСЫРДАҒЫ ҚАЗАҚСТАН ТАРИХЫНЫҢ ДЕРЕККӨЗІ

Кез келген тарихи оқиғаны сипаттауда әртүрлі дерек түрлері қолданылады. Бұл мақалада жеке тектік деректердің рөлі айшықталады. Соның ішінде тарихта зерттеле қоймаған кеңестік кезеңдегі Қазақстан басшыларының бірі Дінмұхамед Қонаевтың еңбектеріне талдау жасалады. Оның ғылыми-техникалық, тарихи еңбектерінің, сонымен қатар мақалалары мен естеліктерінің тарихи және ғылыми маңызы анықталады. Тарихи-жүйелілік принципі басшылыққа алынып, автор еңбектері сараланады. Д.А.Қонаевтың мақалалары, баяндамалары мен естелік-эсселері бүгінгі күн тұрғысынан талданып-таразыланады.

Зерттеудің нәтижесінде Д.А.Қонаев халық тарапынан да, замандастары мен ірі шетелдік мемлекет қайраткерлері тарапынан да жақсы бағаға ие болған тұлға болғандықтан, әрі оның еңбектері өзі өмір сүрген заман шындығын бейнелейтіндіктен, автор еңбектерін XX ғасырдағы Қазақстан тарихының дерегі ретінде пайдалануға болатыны дәлелденді.

Түйін сөздер: Д.А.Қонаев, тарихи дерек, Қазақстан тарихы, естелік-эссе, XX ғасыр, тарихи тұлға, Қазақстан экономикасы, ғылыми-техникалық еңбек.

Талғат МЕКЕБАЕВ¹, Айдана БАЙБҰҚАШЕВА²

¹к.и.н., ассоциированный профессор e-mail: mekebaev.talgat@mail.ru,

²магистрант 2-курса, e-mail: aidana240198@gmail.com,

^{1, 2}Казахский национальный университет им. аль-Фараби, Казахстан, Алматы

РАБОТЫ Д.А.КУНАЕВА – ИСТОЧНИК ИСТОРИИ КАЗАХСТАНА XX ВЕКА

При описании любого исторического события используются различные типы данных. В этой статье раскрывается роль данных личного происхождения в истории. В частности, будет проведен анализ трудов Динмукхамеда Кунаева, одного из руководителей Казахстана советского периода, который не был исследован в истории. Определяется историческое и научное значение его научно-технических, исторических трудов, а также статей и воспоминаний. Руководствуясь принципом историко-систематичности, делается классификация работ автора. Проводится анализ статей, докладов и эссе Кунаева Д.А. истории Казахстана. Определяется историческая значимость и научная ценность этих данных.

В результате исследования было доказано, что работы автора могут быть использованы как факты истории Казахстана XX века, так и потому, что Д.А.Кунаев является однородной личностью, получившей положительную оценку со стороны народа, а также хорошую оценку со стороны современников и крупных зарубежных государственных деятелей, а его труды отражают реалии времени, в котором он жил.

Ключевые слова: Д.А.Кунаев, исторический источник, история Казахстана, мемуары-эссе, XX век, историческая личность, экономика Казахстана, научно-технический труд.

¹Talgat MEKEBAEV, ²Aidana BAIBUKASHEVA,

¹Candidate of Historical Sciences, Associate Professor e-mail: mekebaev.talgat@mail.ru,

²2nd year master's student, e-mail: aidana240198@gmail.com,

^{1, 2}Al-Farabi Kazakh National University, Kazakhstan, Almaty

WORKS D.A. KUNAEVA IS THE SOURCE OF THE HISTORY OF KAZAKHSTAN OF THE XX CENTURY

When describing any historical event, various types of data are used. This article reveals the role of personal origin data in history. In particular, the analysis of the works of Dinmukhamed Kunaev, one of the leaders of Kazakhstan during the Soviet period, which has not been studied in history, will be carried out. The historical and scientific significance of his scientific, technical, historical works, as well as articles and memoirs is determined. Guided by the principle of historical systematicity, the classification of the author's works is made. The analysis of articles, reports and essays by D.A.Kunaev on the history of Kazakhstan is carried out. The historical significance and scientific value of these data is determined.

As a result of the research, it was proved that the author's works can be used as facts of the history of Kazakhstan of the twentieth century, and because D. A. Kunaev is a homogeneous personality who received a positive assessment from the people, as well as a good assessment from contemporaries and major foreign statesmen, and his works reflect the realities of the time in which he lived.

Key words: D.A.Kunaev, historical source, history of Kazakhstan, memoirs-essays, twentieth century, historical personality, economy of Kazakhstan, scientific and technical work.

Кіріспе. Адамзат қоғамының тарихи дамуында қай кезеңде болмасын әрбір қоғамда белгілі бір тарихи тұлға тарихи оқиғаларды қалыптастыруда маңызды рөл атқарады. Қазақ тарихында есімдері алтын еріппен жазылып, өзіндік із қалдырып кеткен тұлғалар аз болған жоқ. Әр заманның, әр дәуірдің ерекше есте қалған, халық жадында мәңгілік орын тепкен тұлғалары болғаны анық. Соның бірі – Дінмұхамед Ахметұлы Қонаев.

Қазақ тарихының күрделі кезеңі Кеңес дәуірі екендігі мәлім. Соған карамастан Д.А.Қонаев Қазақстанды басқарған уақытында елдің саяси-әлеуметтік, экономикалық, ғылыми өмірін жақсартуға үлкен үлес қосты. Тарихнамалық тұрғыдан алып қарағанда, Д.Қонаевтың өмірі мен қызметі біршама зерттеліп, диссертация қорғалып, монографиялар жарияланған. Алайда оның еңбектері ғылыми түрде зерттелген жоқ. Сол себепті де, Д.А.Қонаев қатардағы адам емес, мемлекет басқарған және өз замандастары мен халық тарапынан оң бағаға ие болған тұлға болғандықтан, оның еңбектерін тарихи дереккөзі ретінде қарастыру маңызды болмақ. Сонымен бірге оның еңбектеріндегі тарих үшін маңызды мәселелерге талдау жүргізіледі. Қонаевтың жеке тектік деректерін, естелік жазбаларын, мақалаларын талдап, сыннан өткізу тақырыптың өзектілігін айшықтайды.

Зерттеу материалдары мен әдістері. Тарихи оқиғаларды сипаттауда, тарихи шындықты анықтау барысында, сонымен бірге объективті тұжырымдарды қабылдау үшін әртүрлі дереккөздерді пайдалану аса маңызды болып есептеледі. Қай тұрғыдан алып қарасақ та, кез келген дерек түрінің өзіндік ерекшеліктері бар. Біз қарастырғалы отырған дерек түрі – жеке тектік деректер қатарына жатады. Себебі соңғы жылдары тарих ғылымында «жеке тектік деректер» кешенін қолдану және олардың ғылымдағы маңызы туралы мәселелер қарастырылып жүр.

Зерттеу жүргізу барысында алынған негізгі дерек көзі – Д.А.Қонаевтың еңбектері. Қазіргі таңда тарих ғылымы барынша кешенді зерттеуді талап етеді. Әдістеме тұрғысынан қарағанда, жеке тектік деректерді кеңінен қолдану жаңаша көзқарастың қалыптасуына ықпал ете алады. Мақаланы жазу барысында тарихи-жүйелілік принципі басшылыққа алынды. Д.А.Қонаев еңбектері әлі күнге дейін ғылыми түрде өз бағасын толық алған жоқ. Сол себепті оның еңбектерінің тарихи дерек ретінде маңыздылығын анықтау мақсатында еңбектеріне классификация жасалып, жіктелді.

Талдау мен зерттеу нәтижелері. Дінмұхамед Ахметұлы Қонаев 1912 жылы Алматы қаласында Меңліахмет Жұмабайұлының отбасында дүниеге келеді. Өз естелік жазбаларында шығу тегі, шежіресі туралы толыққанды түсінік беріп кетеді. 1931 жылы Мәскеудегі Түсті металдар институтына оқуға түседі. 1936 жылы институтты бітірген соң, тау-кен инженері мамандығын алып, Балқаш мыс қорыту комбинатының Қоңырат кенішіне жұмысқа жіберіледі. Осында ол жауапты қызметтерді атқарады. Тіпті кен руднигінің директоры мәртебесіне дейін жетеді (Асанова, 2011: 16-17).

Д.Қонаев өзінің соңына аса үлкен шығармашылық мұра қалдырып кетті. Оның техникалық еңбектері кен орындарын ашық әдіспен қазу теориясы мен практикасының көкейкесті мәселелеріне арналды. Одан бөлек, автордың КОКП съездерінде жасаған баяндамалары, газет-журналдарда жариялаған

мақалалары, өз өмірі жайлы жазылған естелік-эсселері ХХ ғасырдағы Қазақстанның саяси-әлеуметтік, экономикалық және мәдени жағдайы туралы мәлімет беретін бірден-бір дерек болып табылады.

Дінмұхамед Ахметұлы еңбектерін жазылу сипатына және мазмұнына қарай бірнеше топқа бөліп қарастырамыз. Бірінші топқа естелік-эсселер жатады. Онда автор өз көзімен көрген оқиғаларды бейнелейді. Екінші топқа тарихи еңбектер жатады. Д.Қонаев кәсіби тарихшы болмаса да, қазақ халқының тарихына қатысты бірқатар еңбектерді жазып қалдырған. Үшінші топ деректеріне мерзімді басылым беттерінде жарияланған автордың мақалалары мен баяндамалары жатады.

Естелік-эсселер. 1986 жылы желтоқсан айында зейнеттік демалысқа шыққаннан кейін, Д.А.Қонаев өзі өмір сүрген кезеңнің небір қилы оқиғалары мен ащы шындықтарын бейнелейтін естелік-эсселерін жазады. Ең алғашқы естелік-эссе 1992 жылы «Өтті дәурен осылай» («О моем времени») деген атпен жарыққа шығады.

Дінмұхамед Ахметұлы естелігінде аталған еңбектің жазылуына бірқатар көрнекті тұлғалардың, мемлекет қайраткерлерінің түрткі болғандығын алға тартады. Ол, әсіресе, дәл сол кезеңдегі өтпелі шақта, мемлекет қайта құрылып жатқан уақытта, Республиканың өткен тарихына қайта оралудың, сол арқылы келешекте бұрынғы қателіктерді қайталамау үшін аса маңызды болды. Өткенге терең талдау жасау қажеттілігі сол тұста айқын сезілді.

Д.Қонаевтың көзі тірісінде естелік-эссесі жарыққа шыққан соң, республиканың түрлі өңірлерінен құттықтаулар мен ұсыныс хаттар түскен. Ол туралы автор былай дейді: «Шынымды айтсам, 1992 жылы «Өтті дәурен осылай» естелігі жарыққа шыққан кезде, бұл естелік тек Қазақстан тұрғындарын ғана емес, оның сыртындағы оқырмандардың да назарын аударады деп ойламадым. Менің ол еңбегіме таныстарым да, таныс емес адамдар да тіпті ең қарапайым мамандық иелері де таяу және алыс шетел тұрғындары, достарым, тіпті оппоненттерім де өз ойларын білдірді. Сол себепті де мен қайтадан қолыма қалам алып, маған айтылған нәрселердің барлығын, үлкен саясаттағы маңызды фигуралардың, оларға қатысты беймәлім тұстарды ашып көрсетуге тырыстым...» (Қонаев, 1992: 5).

Жоғарыда аталған мәселеге байланысты автор «От Сталина до Горбачева» (Қонаев, 1994), «Ақиқаттан аттауға болмайды» (Қонаев, 1994) деген атаулармен өзінің естелік жазбаларын толықтырып, жариялайды. Бұл еңбектерде, әсіресе, саяси оқиғаларға толықтырулар енгізіліп, жоғарғы жақтағы басшыларға қатысты біраз шындықтар жарияланады. Сталин мен Хрущев, Брежнев пен Горбачев билік еткен жылдардағы Қазақстан тарихына қатысты оқиғалар қамтылған. Кезінде жылы жауып қойылған Теміртау оқиғасын, Семей полигонын, Арал мәселесін, Желтоқсан зардаптарын, сондай-ақ тілге, дінге, ділге қатысты көкейкесті сұрақтардың жауабын алға тартады.

Тарихи еңбектер. 1958 жылы «Казахская ССР: Краткий историко-экономический очерк» (Қонаев, 1958) атты шағын брошюралық еңбегін жарыққа шығарады. Бұл еңбекте Д.А.Қонаев сол уақытта өзінің тәуелсіздігі мен бостандығынан айырылған, қазақ халқының 1958 жылға дейінгі тарихи дамуына қысқаша түрде сипаттама береді. Дегенмен ол

Қазақстанның Ұлы Отан соғысынан кейінгі жылдардағы экономикалық дамуы мен мәдени өміріне әлдеқайда ауқымды сипаттама береді.

Д.А.Қонаевтың XX ғасырдың 80-жылдары жарық көрген «Советский Казахстан» (Кунаев, 1980) атты кітабында Кеңес Одағындағы Қазақстанның орны мен рөліне баға береді. Автор Кеңес үкіметі орнаған уақыттан бастап 60 жыл ішіндегі, атап айтқанда, 1980 жылға дейінгі уақыт аралығындағы қазақ халқының, тіпті Қазақстан халқының ішіндегі ерен еңбегімен танылған тұлғалардың ерліктерін сипаттап жазады. Қонаев еңбегінде айқын тарихи фактілер мен ел өмірінен алынған мысалдарды кеңінен пайдаланады. Сол арқылы Қазақстанның экономикалық, мәдени, ғылыми, мәдени өміріндегі түбегейлі өзгерістер мен даму жағдайларын баяндайды. Мәдениет саласы қайраткерлерін, ағарту саласының дамуына үлес қосқандар – барлығын да осы еңбекте атап өтеді.

Мерзімді басылым. Дінмұхамед Ахметұлының мерзімді басылым беттерінде жарық көрген мақалаларында да Қазақстанның ауыл шаруашылығына, экономикасына, әлеуметтік жағдайына қатысты көптеген маңызды мағлұматтар кездеседі. Соның бірі – «Алыптың асқақ адымы» (Қонаев, 1970: 1-2) атты мақаласы. Онда 1920 жылдан 1970 жылға дейінгі Қазақстандағы әлеуметтік, экономикалық, мәдени өзгерістер жайлы баяндалған. Мәселен, 50 жылдың ішінде Қазақстанда 64 қала мен 174 қала типтес елдімекеннің бой көтергені, 10 мыңнан астам мектеп, 43 жоғары оқу орны, 187 орта оқу орны, 153 жаңа ғылыми мекеме ашылғанын жазады.

Д.Қонаевтың «Социалистік Қазақстан» газетінде 1966 жылы «Үлкен аттаныс үстінде» (Қонаев, 1966: 1) атты мақаласы жарияланады. Онда жетіжылдық жоспардың негізгі қорытындылары баяндалады. 1959-1965 жылдары Қазақстан аумағында 18 жаңа қала салынған. Сонымен қатар ауыр және түсті металлургия, жеңіл өнеркәсіп қарқынды дамыды. Аталған кезеңде 900-ден астам ірі өнеркәсіп орындары мен цехтар салынды. Жеті жылдық жоспардың қорытындысы бойынша Қазақстан одақ мемлекеттері ішінде қорғасын кенін өндіруде бірінші орынға, ал мырыш және мысты өндіруден екінші орында тұрды.

Дінмұхамед Ахметұлы билік еткен жылдары Қазақстан ауыл шаруашылығында, өнеркәсіп өнімдерін өндіруде ерекше көрсеткіштер мен жетістіктерге ие болған еді. Соның бірі – тоғызыншы бесжылдық кезінде орын алған рекордтық миллиард. Бұл туралы автор 1973 жылы «Огонек» журналында «Казахстанский миллиард» (Кунаев, 1973: 6-8) деген атпен мақала жазған болатын. Онда Қазақстанның астық өндіруден миллиард пұт, яғни 16 миллион тоннадан астам өнім алғаны айтылған. Автор келтірген мәліметтер негізінде төмендегі кестеге (1-кесте) ең көп астық өндірген аймақтардың тізімін келтірдік.

1-кесте. Қазақстандық миллиард.

Облыс атауы	Астық мөлшері, тонна
Қостанай	2 млн. 620 мың
Маңғыстау	2 млн. 336 мың
Целиноград	2 млн. 162 мың
Торғай	1 млн. 687 мың

Солтүстік Қазақстан	1 млн. 674 мың
Орал	1 млн. 70 мың
Ақтөбе	662 мың
Павлодар	621 мың
Талдықорған	561 мың
Семей	516 мың
Қарағанды	509 мың
Алматы	492 мың
Шығыс Қазақстан	475 мың
Жамбыл	460 мың
Шымкент	345 мың
Жезқазған	66 мың

Д.Қонаев ел билігін қолына алмастан бұрын әртүрлі қызмет атқарған болатын. Соның бірі – Қазақ КСР Ғылым академиясының басшысы қызметі болды. Сол уақытта ол мерзімді басылым беттерінде Академия жұмысының жетістіктері туралы мақалалар жариялап жүрді. Соның бірі – 1954 жылы жарияланған «Ғылым халық қызметінде» (Қонаев, 1954: 3) атты мақаласы. Бұнда автор әртүрлі ғылым салаларындағы, атап айтқанда, металлургия, геология, гидрогеология, ботаника, зоология, химия, биология ғылымдарындағы, сонымен қатар осы салалардағы жетістіктерді ауыл шаруашылығына, өнеркәсіпке енгізу туралы ойларымен бөліседі.

Д.А.Қонаевтың еңбектерінде кездесетін аса маңызды мәліметтер Ұлы Отан соғысы уақытына қатысты айтылады. Осы тұста, әсіресе, экономикалық салада Қазақстанның қосқан үлесі орасан зор. Бұған дәлел ретінде автор келтірген мына мәліметтерді атап көрсетуге болады: «... Ерге қарап өз намысын от шалса да, өзгеге қарап ердің жігері құм болмайды. Күдік пен үміт арпалысқан тұста елге сенбеске, ел ішіндегі серке жігіттерге сенбеске болмайды. Олардың жасымас жігері, жалынды сөздері қандай қайраннан болса да алып шығып, берік байламдар жасатып жатты. Лениногор металлургиясының кеншілері Германияның қарақшылықпен жасаған шабуылына жауап ретінде өздерінің ең жоғары еңбек өнімділігімен жұмыс істеп, Отанды қорғау ісіне бар күш-жігерін жұмсайтындарын атап өткен еді...» (Қонаев, 1992: 85).

Д.А.Қонаев ҰОС жылдары өзі де өндіріс орнында қызмет атқарғандықтан, ол өзінің жанындағы жұмысшылардың ерлік істерін барынша жадында тұтып, соны насихаттауға ұмтылған. «...Өндіріс озаттары кен өндіру нормасын күннен күнге арттыра түсті. Белгілі стахановшы Г.Г.Хайдин 1942 жылы 9 қаңтарда Қызыл Армияның Москва түбіндегі табысы құрметіне орай бұрын-соңды болмаған рекорд жасады. Ол бір өзі ғана 151 текше метр кен қопарып, ауысымдық нормасын 2389%-ке орындады. Ол бұнымен тоқтап қалмай, 24 қаңтар күні нормасын 3322%-ке дейін жеткізеді. Осылайша, ол бір ауысымда бір айлық жұмыс жоспарын орындап шықты. Бұдан кейін Г.Г.Хайдин стахановтық еңбек әдісі жөніндегі нұсқаушылыққа тағайындалды. Лениногор кенішінің көптеген бұрғылаушылары егер өнері

мен шеберлігі жағынан белгілі бір дәрежеге қол жеткізсе, ең әуелі осы Хайдингге қарыздар» (Қонаев, 1992: 88), – деп жазады ол.

Лениногор кен басқармасының директоры Д.А.Қонаев өзінің 1941 жылы жазған баяндамасында былай дейді: «Майданға аттанған жұмысшылардың орнына олардың аналары, әйелдері және қыздары келді. Олар негізінен ерлердің мамандығы саналған бұрғылаушы, кен қазушы секілді мамандықтарды меңгерді. Олар тек норманы орындап қана қоймай, артығымен де жұмыс атқарып отырды» (Балақаев, Алдажұманов, 1985: 102).

Сонымен, соғыс жылдары көптеген ер-азаматтар, әйелдер сан алуан таңғажайып көрсеткіштерді көрсетіп жатты. Соның бірі – алғаш рет Балқаштағы Қоңырат мыс кенішінде инженер Е. Антоновский түні-түні ізденіп жүріп, алғаш молибден концентратын алған болатын. Бұл өз кезегінде қазақ даласында молибден өндірісінің ілгерілей дамуына ықпал етті. «1941-1945 жылдардағы Ұлы Отан соғысының тарихы» деп аталатын көптомдық кітапта мынандай қызықты дерек кездеседі: «Елде соғыс уақытында өндірілген әрбір 100 тонна молибденнің 60 тоннасын Балқаш даласының ерлері, Шығыс Қоңырат кеншілері беріп отырды» (Қонаев, 1994: 95).

Бұдан басқа, соғыс жылдарындағы өнеркәсіп орындарының жұмысы туралы мәліметтер, сол кездегі саяси жағдайлар туралы да мәліметтер Д.А.Қонаевтың еңбектерінде кездеседі. Автор келтірген мәліметтер М.Қозыбаев, Т.Балақаев, Қ.Алдажұманов сынды авторлардың Ұлы Отан соғысы туралы жазылған еңбектерінде кездеседі. Сондықтан да Дінмұхамед Ахметұлының еңбектерін де аталған авторлардың еңбектерімен қатар Ұлы Отан соғысы тарихын баяндауда кеңінен қолдануға болады.

Қорытынды. Кемеңгер тұлғаның естелік-эсселері, мақалалары мен баяндамаларының қазақ тарихында алар орны ерекше. Д.А.Қонаев еңбектері мен мақалаларын зерттеу арқылы біз жеке тектік деректерді тарихи дерек ретінде пайдалануға мүмкіндік аламыз. Деректанушы Қамбар Атабаев жеке тектік деректер жайлы былай дейді: «Ол – жеке адамның замандастары және келешек ұрпақ үшін өзі қатысқан тарихи оқиғалардағы өзінің іс-тәжірибесін көрсету, ондағы өзінің орнын ой елегінен өткізу үшін жазылған әдеби еңбек» (Атабаев, 2007: 186). Бұдан бөлек, Алашорданың белді мүшесі Ахмет Байтұрсынұлы XX ғасырдың басында жеке тектік деректердің тарихи дерек ретінде маңызы туралы айтып кеткен болатын.

Біз аталған мақалада жеке тектік деректер қатарына жататын естелік-мемуарлардың тарихи деректік маңызын көрсеттік. Еңбек авторы Дінмұхамед Ахметұлының өзі өмір сүрген заманның шындығы мен беймәлім тұстарын естеліктерінде атап көрсетуі біз үшін тың деректерді табуда және аталған еңбектерді тарихи дерек ретінде қолдануда аса маңызды болмақ.

ӘДЕБИЕТТЕР МЕН ДЕРЕКТЕР

Атабаев Қ. Деректану: Оқу құралы. Толықтырылып II басылуы. – Алматы: «Қазақ тарихы», 2007. 272 б.;

Балақаев Т., Алдажұманов Қ. Қазақстан еңбекшілері майдан қызметінде (1941–1945 жж.). Алматы: Ғылым, 1985. 320 б.

Д.А.Кунаев. Советский Казахстан. Гл.ред.общ.-полит.лит. – Алма-Ата: Казахстан, 1980. – 240 с.

Кунаев Д.А. Казахская ССР: Краткий историко-эконо-

мический очерк–М.: Госполитиздат, 1958. – 164с.: ил.; 1л.карт.

Кунаев Д.А. Казахстанский миллиард / Д.А. Кунаев // Огонек. – 1973. №45. С. 6-8

Кунаев Д.А. От Сталина до Горбачева (в аспекте истории Казахстана). – Алматы, 1994. – 300 с.

Қонаев Д. Ақиқаттан аттауға болмайды (Естелік-эссе) (Ауд. С. Әбдірайымұлы). – Алматы, «Санат», 1994. – 512 бет.;

Қонаев Д.А. Алыптың асқақ адымы / Қазақ әдебиеті. – 1970. 1-2 б.

Қонаев Д.А. Ғылым халық қызметінде (Қазақ ССР Ғылым академиясы туралы) / Д.А. Қонаев // Соц. Қазақстан. – 1954. №1. – 3 б.

Қонаев Д.А. Өтті дәурен осылай: естелік-эссе / орыс тілінен еркін ауд. және автордың ықыласымен қазақша нұсқасын кеңейтіп, әдеби ред. жасаған журналист С. Әбдірайымұлы. – Алматы: РГЖИ «Дәуір» МП «Ынтымақ», 1992. – 443 б.

Қонаев Д.А. Үлкен аттаныс үстінде: (Қазақстанның қазіргі экономикасы жайында) / Д.А. Қонаев // Соц. Қазақстан. – 1966. № 2. 1-б.

Мұхиттан өткен қайық: (Мемлекет және қоғам қайраткері Дінмұхамед Ахметұлы Қонаевқа арналады) / Құраст. Б.С.Асанова, т.ғ.к. Ред. алқасының төрағасы Б.Т.Жұмағұлов, ҚР БҒМ министрі, академик, профессор. Бас ред..... Жауапты ред. Қ.Е.Қаймақбаева, OFK директоры. Ғылыми кеңесші Ж.Асқарова, Д.А.Қонаев атындағы қордың бас директоры. Библиогр. ред.: Г.И.Белгібаева, Ш.Е.Құнанбаева, Т.В.Вдохухина. – Алматы: OFK, 2011. б., сур.

REFERENCES

Atabaev Q. Derektaný: Oqý quraly [Source Studies: Textbook. II edition with additions]. – Almaty: «Kazakh history», 2007. p. 272 [in Qazaq].

Balaqaeв T., Aldajumanov Q. Qazaqstan eńbekshileri maidaп qyzmetinde (1941–1945 j.j.) [Workers of Kazakhstan served on the front line (1941-1945). Almaty: gylým, 1985. 320 p. [inQazaq].

D.A. Kýnaev. Sovetskii Kazahstan [Soviet Kazakhstan. Gl.red. ob.-polit.lit-ry]. – Alma-Ata: Kazakhstan, 1980. 240 s[in Russian].

Kýnaev D.A. Kazahskaia SSR: Kratkii istoriko-ekonomicheskiı ocherk [Kazakh SSR: Short historical and economic essay]. Moscow: Gospolitizdat publ., 1958-164p. 11L. card [in Russian].

Kýnaev D.A. Kazahstanskiı milliard [Kazakhstan's billion]/ D.A. Kýnaev // Ogonek. – 1973. №45. 6-8p[in Russian].

Kýnaev D.A. Ot Stalina do Gorbacheva (v aspekte istorii Kazahstana) [from Stalin to Gorbacheva (in the history of Kazakhstan)]. – Almaty, 1994. – 300 p [in Russian].

Qonaev D. Aqıqattan attayǵa bolmaıdy (Estelik-esse)[It is impossible not to forget the truth (memory-essay)] (Translator. S. Ábdıraıymuly). – Almaty, «Sanat», 1994. – 512 p. [inQazaq].

Qonaev D.A. Alyptyń asqaq adymy [The sublime step of the giant] / Qazaq ádebieti. – 1970. 1-2 p. [inQazaq].

Qonaev D.A. gylým halyq qyzmetinde [Qazaq SSR gylým akademııasy týraly] [In the service of the people of Science [about the Academy of Sciences of the Kazakh SSR]/ D.A. Qonaev // Sots. Qazaqstan. – 1954. №1. 3 p. [inQazaq].

Qonaev D.A. Ótti dáýren osylay [Tekst]: estelik-esse [Decade was like this. Memory-essay]/ translated to Russia S. Ábdıraıymuly. – Almaty: «Dáýir», «Yntymaq», 1992. 443 p [in Qazaq].

Qonaev D.A. Úlken attanys ústinde: (Qazaqstannıń qazirgi ekonomıkasy jayında) [On The Great Ascension: [on the modern economy of Kazakhstan] / D.A.Qonaev // Socialist Qazaqstan. – 1966. № 2. 1p [in Qazaq].

Muhtıtan ótken qayıq: (Memleket jáne qogam qairatkeri Dınmukhamed Ahmetuly Qonaevqa amalady) [Boat across the ocean: [dedicated to state and public figure Dınmukhamed Akhmetovich Kunaev] / comp. B.S.Asanova, Ph. D. Ed. The main Ed..... Responsible Ed. K. E. Kaymakbayeva, director of the NSC. Scientific adviser Zh. Askarova, general director of the D.A.Kunaev Foundation.. Almaty: NSC, 2011. - p., fig. [in Qazaq].

ҒТАХР/IRSTI/МРНТИ: 03.20.00

Раушан НҮРБЕКОВА,

тарих ғылымдарының кандидаты, қауымд. профессор,
С.Аманжолов атындағы Шығыс Қазақстан университеті,
E-mail: r_nurbekova@mail.ru, Қазақстан, Өскемен

Қуаныш КАБИДОЛДИН,

магистрант, тарих пәні мұғалімі, шебер-педагог,
E-mail: kabidoldin@list.ru, Қазақстан, Ақжар

ЖЕЛТОҚСАН ЖҰЛДЫЗЫ СӘБИРӘ: АҚТАҢДАҚТАР ЖӘНЕ АҚТАЛУ

Бұл мақалада Желтоқсан көтерілісінің құрбаны Сәбирә Мұхамеджанова жайлы баяндалған. Оның елін сүйген ерлігіне бұған дейін лайықты баға берілмей, тиісті құрмет көрсетілмеуі және оның өміріне қатысты ақтаңдақтар мәселелері қамтылған. Сонымен бірге мақалада Желтоқсан көтерілісіне 35 жыл толғанда Сәбирәнің ақталуы туралы ресми құжат пен деректер келтірілген.

Сондай-ақ қайсар қыздың туған жері Шығыс Қазақстан облысы Тарбағатай ауданында Сәбирә Мұхамеджановаға арналған іс-шаралар өткізіліп, құрмет көрсетілгені туралы айтылған.

Түйін сөздер: Желтоқсан көтерілісі, Тәуелсіздік, ақтаңдақтар, ақталу, Сәбирә Мұхамеджанова.

Raushan NURBEKOVA,

candidate of historical sciences, associate professor,
East Kazakhstan University named after S. Amanzholov,
E-mail: r_nurbekova@mail.ru, Kazakhstan, Ust-Kamenogorsk,

Kuanysh KABIDOLDIN,

Master's student, history teacher, Master-educator,
E-mail: kabidoldin@list.ru, Kazakhstan, Akzhar

THE BASIS OF INDEPENDENCE IS THE DECEMBER REVOLUTION

This article is about Sabira Mukhamedzhanova, who was an sacrifice of the December event in 1986. There are some facts about undervaluation and disrespect towards Sabira and also there are official documents that prove her exoneration after 35 years. This article informs us that East Kazakhstan, Tarbagatai region where she was born, held many performances devoted to Sabira Mukhamedzhanova. It was 35 years after December event. Also the 35 years anniversary of independence was celebrated last year. At the beginning of it, the history of the December revolution is very im...

Key words: The December revolution (event), Independence, to exonerate, valuable facts, Sabira Mukhamedzhanova.

Раушан НҮРБЕКОВА,

кандидат исторических наук, ассоциированный профессор,
Восточно-Казахстанский университет им. С. Аманжолова,
E-mail: r_nurbekova@mail.ru, Казахстан, Усть-Каменогорск,

Қуаныш КАБИДОЛДИН,

магистрант, учитель истории, мастер-педагог,
E-mail: kabidoldin@list.ru, Казахстан, Акжар

САБИРА – ЗВЕЗДА ДЕКАБРСКОЙ СОБЫТИИ: БЕЛЫЕ ПЯТНА И РЕАБИЛИТАЦИЯ

В этой статье рассказывается о Сабире Мухамеджановой, жертве Декабрьского восстания. Ее подвиг, который полюбил его страну, ранее не был оценен по достоинству, не удостоен должного уважения и не освещен проблемами, связанными с его жизнью. Вместе с тем, в статье приводятся официальные документы и данные о реабилитации Сабире в год 35-летия Декабрьского восстания.

Также отмечается, что в Тарбагатайском районе Восточно-Казахстанской области, где родилась казахская отважная девочка, были проведены мероприятия, посвященные Сабире Мухамеджановой.

Ключевые слова: декабрьское восстание, независимость, белые пятна, реабилитация, Сабире Мухамеджанова.

Тәуелсіздіктің кіндігі – желтоқсан!

Кіріспе. Өткен жылы Желтоқсан көтерілісіне 35 жыл толды. Сонымен бірге осы жылы еліміз Тәуелсіздіктің 30 жыл мерейтойын да атап өтті. Ел Тәуелсіздігінің бастауы болған «Желтоқсан

көтерілісінің» тарихи маңызы өте зор. Желтоқсан көтерілісі – сан ғасырлар бойы еркіндік пен тәуелсіздік жолында күрескен ата-бабамыздың ұлт-азаттық көтерілістерінің соңғы нүктесі. Себебі осы көтерілістен кейін бес жыл өткенде іштей іріп, шіріп

тұрған КСРО империясы құлап, оның құрамындағы он бес республика өз алдына жеке ел болып, өз егемендіктерін жариялады. Желтоқсан көтерілісі бұл қазақ халқының азаттық жолындағы жан алып, жан берген жанкешті әрекеті, Тәуелсіздік жолындағы көптеген ұлт-азаттық көтерілістердің заңды жалғасы, Ел Тәуелсіздігінің қайнары.

«Тәуелсіздіктің кіндігі – желтоқсан!» иә, тура осылай деп, осындай тақырыппен, халқымыздың даңқты перзенті, әйгілі партизан, жазушы, **Халық Қаһарманы Қасым Қайсенов** Желтоқсан көтерілісінің 20 жылдығында 7 сәуір 2006 жылы шыққан «Қазақ әдебиеті» газетінде мақала жазған.

Өткен 2021 жылы қаңтарда жарық көрген, «**Тәуелсіздік бәрінен қымбат**» атты өз мақаласында, президент Қ.К.Тоқаев: Биыл әйгілі Желтоқсан оқиғасына 35 жыл толады. 1986 жылы өрімдей ұл-қыздарымыз Кеңес Одағының қаһарынан қаймықпай, ұлт намысы үшін алаңға шықты. Осы күннен соң тура бес жыл өткенде Тәуелсіздігімізді жариялауымыздың символдық мәні зор. Бұл орайда азаттықтың алғашқы қарлығаштары – Желтоқсан қаһармандарының азаматтық ерлігі лайықты бағасын алып, жоспарлы түрде насихатталуы керек деген-ді.

Иә, осы айтылған сөздерден Желтоқсан көтерілісінің тарихи маңызы қаншалықты құнды және қымбат екенін аңғаруға болады. Тарихты тұлғалар жасайды. Осы мақалада Желтоқсан көтерілісінің тарихына қатысты тұлға Сәбирә Мұхамеджанова туралы айтылады.

Ақтаңдақтар мен ақталу



С ә б и р а Мұхамеджанова (01.01.1970-26.12.1986 жж. Суретте) – 1986 жылы, республика орталығы Алматы қаласында болған, дүние жүзін дүр сілкіндірген Желтоқсан көтерілісіне Шығыс Қазақстан орталығы Өскемен қаласынан қолдау көрсетіп шыққан жастардың бірі еді. Ол осы жолда мерт болды.

Алаңға шыққан Өскемен педучилищесінің студент жастарын оқу орны басшылары мен тергеушілер бірнеше рет тергеуге алған. Аяусыз жүргізілген тергеу-тексеру жұмыстарының беталысы «кінәлілерді» анықтап, жаппай жазалау екені айдан анық еді. Оған дәлел жоғары жақтан сондай нұсқаулардың берілгені. Сол кездегі училище директоры мен оқу ісінің меңгерушілері, сынып жетекшілері, студент қыздарды «*ұлтшыл, бұзақы, тіпті фашисттер*» деп айыптаған. Осылайша барлығы жабыла келіп, қыздарды оқудан шығаруды, ары қарай оларды заңмен жазалауды көздеген.

Осы уақытта Сәбирә барлық кінәны өз мойнына алып, оқу орны басшылығы мен тергеушіге: «*Ешкімге тиіспейдер, оқудан шығармаңдар, барлығын мен*

ұйымдастырдым және алаңға мен алып шықтым» деп ашық мәлімдеген. Сәбираның мұндағы ойы – бірге оқыған жолдастарына араша түсу және шындығында алаңға шығуды ұйымдастырған белсенді жастардың бірі болғанын ашық айтуы еді. Бұл әрекет солай болған да еді, әйтпесе адам өзіне мүлдем қатысы жоқ істі өз еркімен мойнына алмайтыны анық. Осылайша ол барлық кінәны өз мойнына алып, оқу орны басшылығы мен тергеушілердің қысымынан қатты психологиялық күйзеліске түсіп, орынсыз қорлау мен жала жабуға шыдай алмай, жатақхананың бесінші қабатындағы өз бөлмесінің терезесінен секіріп, қаза болды. Бар-жоғы он алты жасында-ақ осылайша өмірмен қош айтысып кете барды. Бұл – қазақ елі үшін үлкен қайғылы оқиға еді.

Зерттеу нәтижелері. 2-курс студенті Сәбира Мұхамеджанованың өлімі, өзімен бірге алаңға шыққан көп жастарды, биліктің қудалауынан құтқарған тосқауыл болды. «*Он алты жасар қаршадай қыздың қазасы училищеде оқитын басқа қазақ қыздарын тергеу-тексеруден, қудалаудан құтқарғаны – басы ашық жайт*». Бұл істің ақыры, «*5 қаңтарда тағы да тергеу-тексерулерден кейін жиналыс болып, оқиганы ұйымдастырды деген алты қызға қатаң сөгіс беріп, комсомол билеттерінің тіркеу кітапшаларына «Өскеменде тәртіпті бұзғаны үшін қатаң сөгіс» деген сөйлемді жазып берген*», – деп жазады «Алматыдағы 1986 жылғы желтоқсан оқиғасы және Шығыс Қазақстан (қозғалыстың 20 жылдығына)» атты кітабында тарихшы Ғани Қарасаев ағамыз.

Сәбирәмен бірге алаңда болған қыздар «*Сәбирә бізді ҰҚК-нің қудалауынан, училищедегі оқудан шығарудан, тіпті сотталудан құтқарып қалу үшін жанын қиып, ерлік көрсеткен құрбымыз. Сондықтан оның аруағына бас иіп, жыл сайын еске алу біздің адамдық парызымыз*», – дейді.

Сәбираның осы ерлігін «Кеңес-Герман соғысы кезінде пулемет ұңғысын кеудесімен жапқан Сұлтан Баймағанбетовтің ерлігімен парапар деп айтуға болады», – деп жазады тарбағатайлық тарихшы Төлеухан Салқынбаев. Алайда бізге мұны айтуға оңай, ал жан-тәнімен түсініп қабылдау – өте қиын іс.

Осылай он алты жаста өлім құшқан қайсар қыз, ел бойынша ресми түрде белгілі, марқұм болған, әйгілі төрт желтоқсан құрбандарының бірі болып, аты тарихта қалды.

Алайда Сәбираның есімі елге осылай мәлім болып қалғанымен, оның азаттық жолында құрбан болған әрекетіне лайықты баға беріліп, оның атын есте қалдыру үшін ел бойынша атқарылған іс-шаралар жоқтың қасы. Бұл – Сәбира Мұхамеджановаға қатысты орны толмас ақтаңдақ іс.

Талай жылдар бойы қоғамда Сәбира өлімінің себебіне, Сәбираның өзін кінәлағанына теріс түсінік қалыптасып келген. Сәбираның мінезі ашушаң, оның бойында шектен шығу әрекеті жиі кездеседі, осылайша ол осы мінезінің нәтижесінде өз-өзіне қол жұмсап мерт болды деген қате түсінік болған. Алайда бұл олай емес-ті.

Бұрынғы жылдары Сәбирә туралы қысқаша мағлұмат, бастауыш сынып оқулығына енген, қазір ол жоқ. Осы уақытқа дейін Сәбира Мұхамеджановаға арналған ғылыми еңбектер мен жеке кітап жоқ. Еліміздің ешбір қаласында Сәбирә Мұхамеджановаға арналған еңселі ескерткіш те қойылмаған және көше де берілмеген. Осыдан екі жыл бұрын Өскемен қа-

ласында Сәбирә атына берілген көшенің ұзындығы бар жоғы 500 метрдің ар жақ-бер жағы болатындай күйде. Мұны көше деп атауға да келмейді.

2011 жылы 1 желтоқсанда, Желтоқсан көтерілісінің 25 жылдығына арналып өткен «Тәуелсіздік бастауы – желтоқсан» атты халықаралық жыр мүшәйрасында жүлделі орындардан бөлек Қ. Рысқұлбеков атындағы, Л.Асанова атындағы, Е.Сыпатаев атындағы деген арнаулы жүлделер тағайындалғанда Сәбира Мұхамеджанова атында мұндай жүлде жоқ.

Қайрат Рысқұлбековке «Халық қаһарманы» атағы берілген, Тараз қаласында оған қойылған ескерткіш пен оның атымен аталатын саябақ бар. Семей қаласында Қайрат Рысқұлбеков атындағы мектеп бар. Ләззәт Асанова мен Ербол Сыпатаевқа Жаркент қаласының орталығында еңселі ескерткіш қойылған. Алматы энергетика және байланыс университетінде Ербол Сыпатаев атындағы оқу залы ашылған. Алматы облысындағы бір көше Ербол Сыпатаев атымен аталады. Осы аймақтағы «Еңбекші орта мектебіне» Ербол Сыпатаевтың есімі берілген.

Шығыс Қазақстан облыстық «JELTOQSAN – 86» қоғамдық бірлестігінің төрағасы Марат Рамазанов: «Осыдан бір-екі жыл бұрын облыстық Тіл басқармасына Сәбираның ауылындағы мектепке оның есімін беру жөнінде хат жазылған. Алайда олар бұл ұсыныстың республикалық ономастикалық комиссияның мақұлдауынан өтпегенін айтты. Себебі, Сәбирә Мұхамеджанова танымал тұлғалар тізімінде жоқ екен. Дегенмен осымен тоқтап қалмай жұмыс істеп жатырмыз. Өскемен әкімдігі Сәбирәға қаладан басқа көше береміз деп отыр», – дейді.

Ел үшін құрбан болған әйгілі үш қыршын кеткен жастар мен қатар аты аталатын, он алты жасында өмірден озып, есімі тарихта қалған Сәбирә Мұхамеджановаға осылайша елдік деңгейде құрмет көрсетілмей келуінің басты себебі – желтоқсан көтерілісі өткеннен бері 35 жыл өтсе де, ел үшін құрбан болған Сәбира Мұхамеджанованың ақталмауы еді.

Өткен 2021 жылдың аяғында Сәбирә Мұхамеджанованы ақтау туралы ресми құжат жария болды. Міне, осы жайт Сәбирә Мұхамеджановаға байланысты ақтаңдақтың үлкен айғағы. Өйткені бұл 35 жыл өткеннен кейін ғана шешімін тауып, өз уақытында, дер кезінде жүзеге аспай, арада 35 жылдан кейін кешігіп орындалған іс болды. Осы уақытқа дейін Сәбирә есімі қылмыскер қатарында болып келді.

Ақталу туралы республикалық «Айқын» газетінің Шығыс Қазақстан облысы бойынша тілшісі Азамат Қасым газеттің 2021 ж 20 қараша күні шыққан санында жарияланған «Сәбирә Мұхамеджанова 35 жылдан кейін ақталды» атты өз мақаласында былай деп жазған-ды:

«Сәбирә Мұхамеджанова 35 жылдан кейін ақталды. Мұндай жағымды жаңалықты бізге Шығыс Қазақстан облыстық «JELTOQSAN-86» қоғамдық бірлестігінің төрағасы Марат Рамазанов сүйіншілеп жеткізді. Бұл хабарды естігенде қуанғанымыз өз алдына «Сәбирә Мұхамеджанова әлі күнге дейін ақталмаған ба?» деп таңданғанымыз да рас. «Биылғы жыл біз үшін қуанышты, мерейлі жыл болды. Желтоқсан көтерілісінің қаһармандарының бірі Сәбирә Мұхамеджанова ғана емес, онымен бір топта оқыған 28 қыз бен бір курста білім алған 8 жігіт ақталды. Бұл бізге оңай болған жоқ. Осы

жұмыстың басы-қасында жүріп, желтоқсаншы қыз-жігіттердің ақталуына зор үлес қосқан Алматыдағы тіркелмеген «Желтоқсан ақиқаты» республикалық қоғамдық бірлестігінің төрағасы Бейсенбай Сайфолдаға айтар алғысымыз зор», – дейді Марат Рамазанов.

Өзі де Желтоқсан көтерілісіне қатысқан, бүгінде кезінде жазықсыз жаза арқаалаған замандастарын ақтаумен шындап шұғылданып жүрген Бейсенбай Сайфолдамен ұялы телефон арқылы сөйлескенімізде көп жайға қаныққандай болдық. Сәбирә Мұхамеджанованы ақтау жұмыстарының қаншалықты қиынға соққанын да түсіндік. «Сәбирәны біз Алматы қалалық прокуратурасы арқылы ақтадық. Ақтамас бұрын онымен бір топта оқыған 28 қыз, орыс тобында білім алған Сәуле Өмірбекова және 8 жігіттің ақтау құжаттарын алдық. Бір қызығы, Сәбираның ауылдасы Сәуле Өмірбекова 1987 жылы оқудан шығарылған. Себебі, 1986 жылғы у-шу кезінде үн-түнсіз кетіп қалған екен. «28 қыз ақталғанда қалай жалғыз өзін қалдырамыз?» деп оны да тізімге қос-тырдық. Сөйтіп, «Сәбирәмен бірге оқыған 29 қыз ақталды, енді Сәбирәның өзін де ақтаймыз» деп қуанып отырғанымызда Алматы прокуратурасы көңілімізді су сепкендей басты. «Сәбирәны ақтай алмаймыз, өйткені, туған-туыстары жоқ. Егер 28 қызға хат жаздырып, «қарсы емеспіз» деген қол қойдырып әкелсеңіздер бұл мәселе шешілуі мүмкін. Бас прокуратура бізге осылай деп отыр» деді. Содан жанұшырып, Шығысқа барып, 28 қыздың қолын қойдырып, Алматы қалалық прокуратурасына табыс еттік», – дейді Бейсенбай Сайфолда.

2021 жылдың 27 қыркүйегінде берілген, Алматы қаласы прокурорының орынбасары Н.Рақышев қол қойған анықтамада былай деп жазылған: «1986 жылғы желтоқсанның 26-сы күні «Желтоқсан» оқиғасына қатысқанына байланысты С.Мұхамеджанова Өскемен қаласында жатақхананың бесінші қабатынан секіріп, өзін-өзі мерт етті. Қазақстан Республикасының 1993 жылғы 14 сәуірдегі «Жаппай саяси қуғын-сүргін құрбандарын ақтау туралы» Заңы негізінде 01.01.1970 жылы туған Сабира Есимбекқызы Мұхамеджанова саяси қуғын-сүргін құрбаны ретінде танылады».

Шығыс Қазақстан облыстық «JELTOQSAN – 86» қоғамдық бірлестігінің төрағасы Марат Рамазанов сан жыл сарғая күткен құжаттың көшірмелерін жақында Сәбирә Мұхамеджанова туып-өскен ауылдағы мектеп пен Өскемендегі білім алған бұрынғы училище қазіргі колледж ұжымына және Нұр-Сұлтан қаласындағы Ұлттық музейге табыстапты. Ал тіркелмеген «Желтоқсан ақиқаты» республикалық қоғамдық бірлестігінің төрағасы Бейсенбай Сайфолда алда әлі де жұмыс көп екенін жеткізді. Оның сөзіне сенсек, 2010-2021 жылдар аралығында республика бойынша 400-ге жуық, Өскемен қаласы бойынша Желтоқсан көтерілісіне қатысы бар 38 азаматтың (28-і Сәбираның топтастары, біреуі орыс тобында оқыған Сәуле Өмірбекова, 8 жігіт – курстастары және С.Мұхамеджанованың өзі) ақталуына жәрдемдесіпті. «Орайы келгенде айта кетейін, қазір менің қолымда Алматыда болған Желтоқсан көтерілісіне қатысқан 15 адамның ақталу құжаттары бар. Олар – сол уақытта Алматыда жұмыс істеген өскемендіктер. Сәбирә Мұхамеджановамен бірге немесе жоғары

курста оқып жазаланған студенттердің тізімін Өскемендегі партиялық архивтен алдым. Мәселен, Сәбирәдан жоғары, яғни 3 курста оқығандар да алаңға шыққан. Алдағы уақытта оларды да ақтау керек деп ойлаймын»,— дейді ол.

Сәбирә Мұхамеджановамен бір курста оқып, бір жатақханада тұрған, биыл 8 жігіттің қатарында ақтау құжатын алған Амангелді Орамалов мұның өзі үшін күтпеген жағдай болғанын айтады. «Әйгілі дүмпудің өткеніне 35 жыл болыпты. Шынымды айтсам, бізді де біреу елеп-ескереді, ақталамыз-ау деген дүние ойымызға келмепті. Сәбирәмен бір жатақханада тұрғанымыз, алаңда көп студенттермен бірге жүргеніміз рас. Ол бесінші қабатта тұратын еді. Мен үшінші қабатта тұрдым. Сол күні Өскеменде 100-ден астам жастар әуелі қазіргі Республика алаңына жиналып, сол жерден Ущанов алаңына дейін ұранымызды, талаптарымызды айтып, жүріп өттік. Соңымыздан қалың әскер колонна болып келе жатты. «45 Гастроном» жақтан, яғни, алдымыздан тағы бір колонна келіп, екі жақтан қоршады. Қашатындары қашып үлгерді. Екі кісі отыратын Уазикке 6 кісіні отырғызып алып кетті. Біз үш жігіт Стаханов көшесіндегі полиция бекетінде үш күн жатып шықтық. Бір кісілік камераға 11 кісіні қамады. Үш күнде төрт пирошкіді әрең дегенде жалынып сұрап алдық. Әрбір 15 минут сайын жеке-жеке тергеуге шақырды. 15-16 жастағы кезіміз. Жатақханадағы 18-ден асқан жігіттерге «сендер шықпай-ақ қойыңдар. Соттап жіберуі мүмкін. Біз кәмелет жасқа толған жоқпыз, ешкім соттай қоймас, ештеңе болмас» деп алаңға бардық қой алаңсыз. Сәбирә қайтыс болғаннан кейін комиссия құрылып, жатақханадан шығарылып, оқудан қуылдық. Бірақ жатақханаға кіріп жүрдік. Жыл аяғында әкем келіп, ауылға алып кетті. Не деймін, ақталғаныма қуаныштымын»,— дейді Сәбирә Мұхамеджанованың курстасы.

Қайсар қызға туған жеріндегі құрмет

Желтоқсан көтерілісінің құрбаны жерлесіміз Сәбирә Мұхамеджанованың атын

ұлықтап, оған құрмет көрсету ісі, оның туған жері Шығыс Қазақстан облысы Тарбағатай ауданында үздіксіз жүзеге асырылуда. 2001 ж аудандық мәслихат депутаттарының шешімімен Сәбирә Мұхамеджановаға «Тарбағатай ауданының құрметті азаматы» атағы берілді. Желтоқсан көтерілісінің 30 жылдығында, патриоттық қозғалыс «Желтоқсан ақиқаты» республикалық қоғамдық бірлестігі Сәбирә Мұхамеджановаға арналған «Желтоқсан көтерілісіне 30 жыл» мерейтойлық медалін шығарып, Сәбирәның оқыған мектебіне табыстады. Он жылдан аса уақыт бойы аудандық мәслихат депутаты, белгілі атбегі, елжанды азамат Сержан Омарбеков, Тарбағатай жерінде дәстүрлі түрде үстел теннисінен жастар арасында аудандық, кейін облыстық және республикалық деңгейде турнир ұйымдастырып келеді.

Сәбирәның оқыған мектебі Ақмектеп ауылындағы «Ақмектеп» орта мектебінде, Сәбирәның қайтыс болғанына 20 жыл толуына орай, мектеп мұғалімі, Сәбирәның сыныптасы Майгүл Балқиянованың бас-тамасымен, Сәбирәның сыныптастары және мектеп әкімшілігінің қолдауымен көпшілік болып, мектептің география пән бөлмесін Сәбирә Мұхамеджанованың атына жабдықтады. Тарбағатай жеріндегі Найман Байжігіт елінің баласы Тәуке Жұмықұлының ұрпақтары

Тәуке бабаға ас беру барысында «Ақмектеп» орта мектебінің алдына Сәбирәның кеуде мүсінін (бюст) орнатып, мүсін ескерткіштің салтанатты ашылуын ұйымдастырды. Кеуде мүсінінің авторы — Сәбирәның бұрынғы көршісі, бүгінде Зайсан ауданының тұрғыны, белгілі мүсінші Құралай Рахымбаева (суретте). Бұл игі жұмыс «Ақмектеп» орта мектебінің бүгінгі оқушы жастары үшін үлкен өнегелі іс пен патриоттық тәрбие айғағы. Ауданның бұрынғы орталығы Ақжар ауылындағы «Ақжар халық театры», «Сәбирә» атты спектакль дайындап сахналады (Сәбира оқыған «Ақмектеп орта мектебі» алдына орнатылған кеудемүсіні (бюст) және мүсін авторы Құралай Рахымбаева).

2020 жылы Сәбирә Мұхамеджанованың туғанына 50 жыл толуына орай «Желтоқсан ақиқаты» республикалық қоғамдық бірлестігі Өскемен қаласында Сәбирә рухына



арнап ас ұйымдастырды. Бұл шараға ел бойынша барлық желтоқсандық ардагерлер, желтоқсан тақырыбын зерттеушілер мен жазушылар және т.б. желтоқсан көтерілісіне қатысты азаматтар келіп қатысты. Осы істің өтуіне ұйытқы болған азаматтар, Шығыс Қазақстан облыстық «JELTOQSAN – 86» қоғамдық бірлестігінің төрағасы Марат Рамазанов пен қоғамдық бірлестіктің белді мүшелері. Өзім тарихшы маман ретінде осы игі іске қатынасып, ас барысында Сәбирәнің туған өлкесі Тарбағатай жерінде қайсар қызға арналған игі іс-шаралар бойынша баяндама жасадым.

Осы жылдың қыркүйек айында Сәбираның 50 жыл мерейтойына тарту ретінде туған жері, Ақмектеп ауылында Сәбирә Мұхамеджанованың атымен аталатын футбол алаңы ашылып, қолданысқа берілді. Футбол алаңына демеуші болған аудан әкімшілігі мен Ақмектеп ауыл халқы. Бұл ауыл жастарының спортпен шұғылдануына және бұқаралық спортты дамытуға деген үлкен игілікті іс болды.

Жергілікті аға буын тарихшы Төлеухан Салқынбаев ағамыздың облыстық «Тарихқа толы Тарбағатай» альманағының 3-ші кітабында «Сәбирә» атты көлемді мақаласы жарияланды. «Ақмектеп» орта мектебінің информатика пәні мұғалімі, қоғамдық белсенді Мейіржан Темірбек Сәбирә Мұхамеджановаға арналған бірнеше бейнеайналым құрастырып, өзінің ютуб арнасына жүктеді. Тарбағатайлық ақындар мен композиторлардың Сәбирә Мұхамеджановаға арналған бірнеше өлеңдері мен әндері жарық көріп, бүгінде сахнада орындалып жүр. Жетіарал ауылының әуесқой жас ақыны Ринат Қожахметовтің ұйымдастыруымен ауылда «Бостандыққа жол ашқан бақыт құсы» тақырыбында аудандық жазба ақындар мүшәйрасы өтті.

Шығыс Қазақстан облыстық «JELTOQSAN – 86» қоғамдық бірлестігінің төрағасы Марат Рамазанов мырза жылда Сәбирәні еске алуға арналған аудандық және облыстық іс-шаралар өткізіп келеді. Жыл сайын қайсар қыздың туған жеріне келіп, оның жатқан жеріне тәу етіп құран қатым бағыштайды. Өткен жылдың қараша, желтоқсан айында «Ақмектеп» орта мектебіне келіп, Сәбирәні еске алуға арналған шара барысында, бүгінгі күнде елім, жерім деп жүрген және

Сәбирә Мұхамеджанованы ұлықтап жүрген бірнеше жастарға, желтоқсандықтар ізбасары ретінде «Жас толқын» ұйымының куәлігін табыстады.

Қорытынды. Ендігі мақсат – Сәбирә Мұхамеджанова есімін елдік деңгейде насихаттап, қазақтың қайсар қызына лайықты құрмет көрсету. Бұл барлығымызға ортақ елдік іс болуы керек деп ойлаймыз. Өйткені Сәбирә – сол кездегі ел орталығы Алматыда басталған қызыл империяның үстемдігіне қарсы шыққан жастар көтерілісіне қолдау көрсетіп, сол жолда өмірін қиып, қыршын кеткен тұлға. Сол жолда ағып түскен жұлдыз. Желтоқсан көтерілісінің жарқын жұлдызы!

ӘДЕБИЕТТЕР

Азамат Қасым. Сәбирә Мұхамеджанова 35 жылдан кейін ақталды // «Айқын». 20 қараша 2021 жыл.

Қ.К.Тоқаев. Тәуелсіздік бәрінен қымбат // «Егемен Қазақстан», 5 қаңтар 2021 ж.

Ғани Қарасаев. Алматыдағы 1986 жылғы желтоқсан оқиғасы және Шығыс Қазақстан (қозғалыстың 20 жылдығына). – Өскемен, 2006 ж.

Төлеухан Салқынбаев. Сәбирә. «Тарихқа толы Тарбағатай» альманағы. – Алматы 2018 ж.

Талғат Айтбайұлы. Желтоқсан көтерілісі, 3-том. – Алматы, 2021 жыл.

REFERENCES

Azamat Kasym. Säbirä Mühamejanova 35 jyldan keiін aqtaldy [Sabira Mukhamedzhanova was justified after 35 years] // Aikyn. November 20, 2021[in Qazaq].

Tokayev K.K. Täuelsızdık bärinen qymbat [Independence is the most expensive thing] // Yegemen Kazakhstan, January 5, 2021[in Qazaq].

Gani Karasayev. Almatydağy 1986 jylğy jeltoqsan oqıgasy jäne Şyğys Qazaqstan (qozğalystyñ 20 jylğyyna) [The event in 1986 in Almaty and East Kazakhstan (for 20th anniversary of the event)] . – Ust-Kamenogorsk, 2006[in Qazaq].

Toleukhan Salkynbayev. Säbirä. «Tarihqa toly Tarbagatai» älmanağy [Sabira. «Tarbagatay is full of history»]. – Almaty, 2018[in Qazaq].

Talgat Aibatuly. Jeltoqsan köterılısı [The revolt of January]. 3-rd tom. – Almaty 2021[in Qazaq].

Сіз білесіз бе?

...АДАМНАН БАҚЫТТЫРАҚПЫЗ

ЕГЕР БІЗ: 20 пайыз қонысы жайлылардың; 30 пайыз сауаттылардың; 50 пайыз тойып тамақ ішетіндердің; 1 пайыз компьютері барлардың; 1 пайыз (тек бір пайыз ғана) жоғары білімі барлардың ішінде болсақ, онда біз бақыттылардың ішіндеміз! Егер біз таңертең аман-есен орнымыздан тұрсақ, онда келесі аптаға да жетпейтін 1 миллион адамнан бақыттырақпыз. Егер біз ешқашан соғысты көрмесек, жалғыздықты сезінбесек, түрмеге түспеген болсақ, зорлық пен аштықты көрмесек, онда біз бұл әлемдегі 500 миллион адамнан бақыттырақпыз. Егер біз өз дінімізге қорықпастан сыйына алсақ, ол үшін қамауға алынып немесе өлім

жазасы бұйырылмайтын болса, онда біз әлемдегі 3 миллиард адамнан бақыттырақпыз. Егер біздің тоңазытқышымызда тамақ болып, киіміміз бүтін, басымызда баспана, төсек-орынымыз болса, онда біз әлемдегі 75 пайыз адамнан байырақпыз. Егер біздің банкіді есепшотымыз, әмиянымызда аздаған ақша, жастық астында кішкене қаржы болса, онда біз бұл әлемдегі 8 пайыз жеткілікті өмір сүретін адамдардың ішіндеміз. Егер біз оқи білмейтін 2 миллиард адамның ішінде болмасақ, осы сөздерді бір-бірімізге жолдасақ, демек біз сол арқылы бір-бірімізге жақсылық тілегеніміз. Онда біз бақытты адамдардың тізімінде болғанымыз!

Ғаламтор беттерінен.

«Есіме түскен сайын орта бойлы, толқынды қара шашты, өткір, ойлы көзді, сымбатты, көрікті, түсі ақ пен қараның аралығындағы қоңырқай кісі көз алдыма келеді. Қадала қарағанда сыртыңды түгіл, ішінді көріп тұрғандай. Ал, оған қадалған көздер, әсіресе, әйел көздері оңай айырыла алмайтын. Сырты өте сұлу, кербез, тәкаппар, іші өте қарапайым, кішіпейіл еді» деп естелік қалдырған Ғабиден Мұстафин сұңқар ақынның бітім-болмысын дәл берген. Қазақ поэзиясының сұңқары, ұлтымыздың дарынды ұлдарының бірі Сәкен Сейфуллиннің Үржар өңіріне келіп, біраз уақыт еңбек еткендігі әрі ақиқат әрі аңыз.

Ақиқаты – С.Сейфуллиннің Үржар өңіріне келгендігі. Оған ақынды арбакеш ретінде алып жүрген, кейіннен әйгілі ақын болған Ш.Әбеновтің әңгімесі мен есепші О.Орынтаевтың естелігі айғақ. Шәкір Әбенов өз әңгімесінде 30-жылдары ашаршылықтан соң Сәкен Үржар өңірін аралады. Мен атарбамен алып жүрдім. Сонда аштықтан қынадай қырылған қазақты көріп, комиссар ақын көз жасын тия алмады. Қанша өкілге жолсерік, атқосшы болдық қой. Бірақ мынадай егілген жанды көрген емеспін. Содан соң ол кісіге «жылауық комиссар» деген ат қойып алдым деген екен. Мұны сонау жылдары ұзақ уақыт Абай мұражайын басқарған Төкен Ибрагимов бір журналистке берген сұқбатында Шәкірден естіп едім деп баяндайды. Ал төмендегі есепші Оспанбай Орынтаев өз естелігінде Сәкеннің Үржар өңіріне келген уақытын «1931 жылдың көкек айы, ауыл еңбекшілері жан аямай жұмыс атқарып жүрген шақ» деп келтіреді. Осыған қарағанда ақын бұл жаққа бір емес, бірнеше рет келген сияқты. Ал аңыз болатыны – Сәкеннің Үржар өңіріне келген соң әр қадамы аңызға айналған. Біреулер тіпті Сәкен «Тау ішінде» өлеңін осында шығарған екен дейді. Ал екіншілері Сәкен өзіне шай құйған осы ауылдың бір қызына ғашық болып, керемет ән шығарыпты деседі. Болса болған да шығар. Бірақ оның анық-қанығын анықтау енді мүмкін емес. Төменде осы туралы мақала мен есепші Оспанбай Орынтаевтың естелігі назарларыңызға ұсынылып отыр.

Бас редактор.

ҮРЖАРДА СӘКЕННІҢ ІЗІ ҚАЛҒАН

Отызыншы жылдардың ортасында ақын Алматыдан келіп, осы Үржарда біраз уақыт тұрақтап қалыпты. Ел аралапты. Тегісшілдік ауылында болған екен. Оның шығармаларын қарап отырсаң, Тегісшілдік ауылы жайында жазған біраз өлеңі бар. Сол Сәкен сері Тегісшілдікке келген кезде бірер күн қона жатады. Сәкенге киіз үй тігіп, жеке күтіпті. Ол үй қазіргі Елтай ауылының жоғарғы жағындағы Тамды өзенінің бойындағы Жиделі тоғайдың түбінде тұрыпты. Сәкен өзіне шай құйған осы ауылдың бір қызына ғашық болып, керемет ән шығарыпты деседі. Кейіннен Сәкеннің киіз үйі тұрған Жиделіні тұрғындар «Сәкеннің жидесі» немесе Жиделі тоғай деп атап кетсе керек. Бертіңге дейін солай аталған. Әрі Жиделі тоғайға таяу маңда тарихи қалашық яки керуен сарай «Наймәңгәла» орын тепкен.

Ардагер-ұстаз, тарихи-өлкетану музейінің тұрақты көрермені Бағи Қаспақпаева ақынның көзін көрген азамат Оспанбай Орынтаевтың естелік-жазбасын біздерге берген еді. Құнды жазбаны көпшілік назарына ұсынуды жөн санаймыз. «Қуғын-сүргіннен, аштықтан қалың қазақтың Қытайға ауып жатқан кезі. Сол елді тоқтатпақ болып және колхоздастыруға ұйытқы болуға арнайы келген еді» дейді бұл жайды білетін қариялар.

Оспанбайдың естеліктері

1931 жылдың көкек айы, ауыл еңбекшілері жан аямай жұмыс атқарып жүрген шақ. Өйткені артельдің жігіттері мен қыздары биылдың өзінде мектепті, 17 үйді, дүкен мен моншаны, қойманы салып бітіруі тиіс. Құрылыс бригадирі Сақан Шыңғысбаев, Сатыбалды Сабабаевтарда тыным жоқ. Ал прораб В.Давыдов, оның көмекшілері Нұрсәлім Қайыркөбенов, Қожахмет Баташов, Садық Стамбеков істі басқарып жүр. Сол жылы күздің бір күні болатын. Адамдар қызу еңбек етуде. Күн еңкейген кез. Аудан жақтан бір пар атты суыт жүріспен келе жатты.

– Бұл кім болды екен? – десті құрылысшылар.

– Е, күндегі көп өкілдің бірі шығар, – деді Қыдырбай Ысмағұлұлы деген палуан жігіт.

Жеккендері екі жирен қасқа ат. Резеңке дөңгелекті жеңіл арба. Божышымен үш кісі. Үй қалап жатқандардың қасына кеп тоқтады. Бірі өзімізге танымал толық денелі, имек мұрын, еңгезердей қара торы кісі. Ол – Үржар аудандық атқару комитетінің председателі Перзадаев. Қасындағы кісі сұңғақ бойлы, иықты, тік денелі, кең жауырын, қара торының көріктісі. Қою имек қасты, қыр мұрын, көзі мөп-мөлдір қарақаттай. Басында пұшпақ бөрік бар. Арбадан түсе бере плащын қолының қырына іліп алды. Бұрын көрмеген адамымыз. Перзадаевты таныған соң алдынан шы-

ғып екеуінің де қолын алып сәлемдестік. Бізбен амандасқаннан кейін үй қалаушылардың қасына барды да:

– Іске сәт, жолдастар! – деді әлгі адам.

Колхозшылар «айтқаныңыз келсін» деп жамырасып қалды. Перзадаевпен бірге келген адам кірпіш алып, лайын салып, қалап, ырымдап тілегін айтты. Оны құрылысшылар жақсылыққа балады. Қаланып жатқан үйлерді жағалай жүріп көрді де, салынып біткен мектепке бөгелді. Жалпы залын, сыныптарын аралады. Ара-тұра қасындағы колхоз төрағасының орынбасары Жиынбай Жатақбаевтан шаруашылық жайын сұрай жүрді. Мектеп қасындағы балалар бақшасына да бұрылды. Балалар тамақтанып жатыр екен. Астарына үңіле қарап, дәмін татып көрген соң:

– Үлкен жігіт болыңдар, өркендерің өссін! – деді көрікті адам балаларға қарап.

– Тамақтарың дәмді екен, аспаз кім, қанша бала бар? – деді бақша бастығы Махи Жиенбайқызына.

– 45 бала, тағы келетіндер бар, тағамды көмекшіммен әзірлеймін, – деді ол. Бағанадан өзді-өзі сөйлесіп келе жатқан-ды. Біз де жөн сұрамап едік. Таныстыру осы арада есіне түсті білем, Перзадаев құрылысшыларға бұрылды да:

– Бұл кісі – жазушы әрі ақын, революционер Сәкен Сейфуллин жолдас. Алматыдан келгелі бір-екі күн болды. Ауданды түгел араламақ, алғашқы сапарын осы колхоздан бастап тұр, – деді.

– Бәсе, жақсыда жаттық жоқ, көрмесек те шүйіркелесе кетуінен-ақ осы кісі тегін адам емес-ау деп ойлаған едік, – деді Қыдырбай.

– Бұл колхозды не деп атайды? – деді Сәкен.

– «Ынталы кедей», – деді Жиынбай.

– Шынында, ынталы екенсіздер, – деп күлімдеді ол.

Жол-жөнекей аралап шаруашылықтармен танысты. Сол кездегі көрші отырған «Красные Горные Орлы» колхозы туралы бір жайды айтты да:

– Ол колхоздың атын қазақшалап «Таудың Қызыл Қырандары» деу керек, – деді Сәкен Перзадаевқа.

– Өте орынды айттыңыз, – деді Перзадаев.

Күн ұясына еніп бара жатқанда:

– Есепші бала, сіздің үй осы тұста емес пе еді? – деді Перзадаев.

«Үйге жүріңіздер» деу ойымда болып келе жатқан. Жаңағы сөз демеу болып, «күн кешкіріп қалды, үйге жүріңіздер», – дедім.

Құрметті адамға қошемет көрсетіп, бар мәзірімізбен қарсы алдық. Бұрышта газеттің он шақты саны мен төрт-бес кітап жиналып тұрған. Сәкен қолына алып, көре бастады. Ауыл адамдары, келімді-кетімді кісілер оқығандықтан кітаптар тозыңқы еді, соған қысылып отырмын. Кітаптардың бірі араб әрпімен басылған Сәкеннің «Тар жол, тайғақ кешуі» болып шықты.

– Ө, бала, мына кітапты оқыған екенсің ғой, – деп миығынан күле қарағаны. Арқам кеңейіп, бойым сергіп қалды.

– Бірнеше рет оқыдым, Сәкен аға, – дедім.

– Ол аз. Оқу керек, сендердің оқитын кезің, – деді ол.

– Оқымаймын демейді, жалғыз бала болған соң..., – деп қалды шай жасап жатқан кәрі шешей.

– Шешей, жалғызды оқытса көбейеді, – деп күлімсіреп қарады қарияға Сәкен.

Сәкен ән салуды сүйеді екен де, оны өте беріле тыңдайтын көрінеді. Үйде тұрған домбыраны алып, бір нәзік сарынды баяулата тартып отырды да:

– Ән салып, өлең айтатын ешкім жоқ па? – деді Сәкен.

– Мына кісі ән де салады, домбыраны да тартады, – дедім қасымдағы Жиынбай Жатақбаевты нұсқап.

– Қане, әуелі домбыра тартып жіберіңізші, шабыттана келе ән сап жіберерсіз, – деп оған домбыраны ұсынды.

– Бұл кісі Әсеттің әнін жақсы айтады, – дедім.

– Ендеше, Әсеттің бір-екі әнін айтыңызшы, – деді Сәкен.

Жиынбай «Білімді бикем сүйсем-ау», «Алқарагер», «Қысмет» әндерін айтып берді.

– Шынында да, үніңіз кең екен, тамағыңызда қоңырау бар, әнді нақышына келтіре айтады екенсіз! – деді Сәкен.

– Әсеттің өлер алдында айтқан өлеңін айтып берейін. Ал Рысқан қызбен айтысын мына бала біледі, – деп мені нұсқады Жиенбай.

– Әуелі Сіз айтыңыз. Оған да кезек келер, – деді Сәкен.

Жиенбай Әсеттің өлер сағатында жазған отыз жолдық өлеңін айтып берді. Сәкен отыз жолдық осы өлеңді блокнотына жазып алды.

– Төраға, мына жігіттердің тәп-тәуір таланты бар көрінеді. Уақытымыз көңілді өтіп жатыр. Әсіресе, Әсет жайында бірсыпыра жайды көкейлеріне түйіпті. Осы маңда Қарамойыл деген жер бар ма? – деп сұрады Сәкен.

– Бар. Осы арадан 10-15 километрдей, – дедім.

– Баяғыда, – деді Сәкен, – Қарамойыл деген жерде үлкен жиын болған. Оған арғын, найман, үйсін, жалайырдың игі жақсылары түгел қатысыпты. Абай да келген екен, – деп ұшан-теңіз жайларды ағыта айтты.

Сөйтіп, Перзадаев екеуі ұзақ әңгімелесті, өткен-кеткеннен талай мәселені қозғап, түн ортасы ауғанға дейін отырды.

Қадірменді адаммен болған осы бір кездесу күні бүгінгідей көрініп, оның жарқын бейнесі көз алдымда тұрғандай. Ертеңінде колхоз кеңсесінде болып, шаруашылықтың әр саласын сұрап, танысты да, жолға шықты.

«Міне, мұны тұлпардың ізі қалған жер деп білеміз», – деп қағазға түсіріпті Оспанбай Орынтаев. Сәкеннің халық арасына кеңінен тараған «Тау ішінде» атты әні Үржар өңірінде, Барқытбел тауының баурайында дүниеге келген дейді кейбір көнекөздер. Бәлки рас та шығар. Сәкеннің ізі қалған Көрпебай бауырындағы Елтай топырағында тұлпар текті, сұңқар бітімді талай азаматтар дүниеге келіп, Алаш даңқын асқақтатуда. «Ақынның хаты, жақсының аты өлмейді» деген осы болар.

Серікбек ТУҒАНОВ,
Семей қаласының облыстық
тарихи-өлкетану музейінің
Үржар ауданындағы филиалы.

ҚҰПИЯ СОҒЫС

немесе 1940-1949 жылдардағы Түркістан соғысы

2000 жылдары Ресейдің баспа беттерінде әскери ғалымдары ҰОС кезіндегі Батыс Иран мен Батыс Қытайға қатысты Шығыс Түркістан Республикасы (ШТР не Синьцзян жері) құпия соғыстың әлі ашылмағаны туралы аталған еді. Сол ақтандықтардың бірі Циныйцзянға қатысты «Түркістан соғысы» еді. Бұл оқиға кезінде еш жерде жариялануға, айтылуға тиым салынып, құпия соғысқа айналған. Атырау облысы, Индер ауданы, Индербор қалашығы тұрғыны Бақыт Мұқановтың 1998 жылы 28 қаңтарда Жас алаш газетінде «Құпия соғыс еді ғой бұл» деген хаты басылды. «... Мен кешегі ҰОС кезінде әскер қатарына шақырылып, 1944 пен 1950 жылдар аралығында азаматтық борышымды адал атқарған жандардың бірімін. Соған қарамастан соғыс ардагері болып есептелмеймін. Мен болған 53-атқыштар полкі 1945 жылдың тамыз, қыркүйек айларында Қытайда өзінің азаттығы үшін күресіп жатқандарға көмектесті. Қыркүйекте Шимпанзе қыстағын, Чико қаласын, Майтау қаласын азат еттік. Сол соғыста оң жақ бетімнен жарақат алдым. Бірақ бұл жарақатты қай соғыста алғаным жөнінде ауыз ашпастан құпия сақтап келдім. Тәртіп солай болатұғын. Аудандық комиссариаттан бастап Мәскеуге дейін талай әскери мекемелерге кейінгі жылдары хат жаздым. Келген жауап хатта 1944 жылы қарашада әскер қатарына шақырылғаным, 365-запастағы атқыштар полкінде болғаным, 1945 жылдың шілде айында Сарыөзек стансасы бағытына жіберілгенім айтылады. Содан кейінгінің бәрі құпия. Осы құпияның ашылатын кезі келген жоқ па? Құпия деп біздің тағдырымызға қиянат жасауға бола ма?»— депті. КСРО-дан астыртын барып, сол құпиясоғыстың ауыртпалығын мойнымен көтерген жауынгерлердің естеліктерінен.

1) Ғизат Күзембаев. 1923 жылы туған. ҰОС-ның ардагері, барлаушы болған. ШҚО Абай ауданы тұрғыны. Руы-Найман-Ақымбет. Ғұмырын ұстаздық жолға арнаған, зейнеткерлік жасында Жидебайдағы Абай музейінің директоры болады. 1980-жылдардың ішінде сұхбаттасқан едім. Ол кісі мені қонаққа да шақырды. Арамыз 1000 шақырымдай қашық болды. Қолбайлау өкімет жұмысынан тағы жолығудың сәті түспеді. Өне-міне деп жүргенде мүлдем кеш болды, дүниеден өтіп кетті ол адам. Қарауылда ұзартылған күн тобы мектебінде тәрбиеші болып істеп жүрген кезі. Үлкен баласы Бесқарағай ауданында инженер болып істейді. Алдында КСРО бойынша Харьковте ұйымдастырылған майдандастарының кездесуіне барып келіпті. Сонда сөз сөйлегенде қысқаша: «Мен барлаушылардың құлағының сақтығы мен көзінің қырағылығына тәнтімін»,— депті. Үлкен адам болғанымен алғыр неміс тілінде ауыз екі жақсы сөйлеседі. Соғыс кезінде майдан шебінен жазылған алғыс хатқа орай Кеңес Одағының Батыры Закария Белібаевпен Ғизат ақсақалға Қарауылда ел тұрғындары олардың майданда үлгілі ерлік көрсетіп, соғысып жатқанын қолдап митинг өткізіпті. Ол

жайлы аудандық газетте басылған материалдың қиындысы бар.

— Берлин көшелерінде Германияның тізе бүккені туралы машинамен жүріп, радиолардан үздіксіз хабарланып жатты. Біз алғы шептегі 4 барлаушы подвалда, т.б. жерлерде жиын отырған неміс әскерлеріне ақ туларды ұстата саламыз. Қалада жаяу жүреміз бе деп, бір мекемеден судай жаңа жеңіл машина мініп алып, оны 18 жастағы неміс солдатына айдаттық. Шофер өздерінің тәртібі ме, көшеде ақ ту көтеріп өтіп бара жатқан неміс әскерлерінің легіне жол беріп, оларды жіберіп тұрады. Әріптесім Вася оның бүйіріне пистолетін тірей қойса, ол сапты қаға-соға өте шығады. Бір кеңсеге кірсек, қорасында көздің жауын алатын ақбозат байлаулы тұр. Жануарды сипалап тұрғанымда даладан бір айғай естілгендей болды. Жүгіріп барып есіктен қарасам, Вася жас шофердің арқасына жабысады. Анау оны қаққандай болып, қашады. Жоғары қарасам, бір гестаповец 4-қабаттан автоматын кезеніп тұр екен. Ойланбастан автоматымды соған бұра салдым. Анау серейіп тұрып қалды. Автоматы жерге түсіп кетті. Сөйтсе ол этаждан шофер жігітке «Қаш, жаныңдағыны атам!»— депті. Вася шоферды жаныма ертіп келіп: «Мынаны ат!»— деді. Мен атпаймын дедім. Вася ата салды. Өлгі баланың аузын ашып, бұралып құлағаны әлі көз алдымнан кетпейді. Жаным керемет ашыды— деді. Аз уақыт бұрын бізді яғни 4 барлаушыны Кеңес Одағы Батырлығына ұсынған. Документтеріміз жоғарыға кеткен. Командирлер: «Магазиндегі заттарға тиіспеңдер, соқтықпаңдар, уланған болуы мүмкін»— деп, сапта тұрғанда құдайдың зарын қылады. Вася: «Жүріңдерші, мына жақта үлкен магазин бар екен. Барып келейік!»— деп болмады. Коля бармай қалды. Толя үшеуіміз барсақ, магазин жабық тұр. Вася автоматтың дүмімен терезесін бір қойып, ішіне кіргені сол еді, қайдан жетіп келгенін білмеймін, 20-30 солдат әйнектерді шағып, олар да кіріп кетті. Ішінен азық-түлік, заттар алып, сыртқа шықсақ магазинді НКВД-нің взводы қоршап алыпты. Бәрімізді апарып қамап тексергенде, бастаған Вася ілескен Толя екеуіміз кінәлі болдық. Бізді Кеңес Одағы Батыры атағынан қақты. Ал бармаған Коляға оншақты күннен кейін «Алтын жұлдыз» белгісі тапсырылды. Өткенде Новосибирскіден Харьковке кездесуге барыпты. Жұлдызы кеудесінде жарқырап тұр,— деді. Власов армиясында ма, жоқ басқа тұтқында болған ба, бір өзбек баласы бізге беріліп, қолға түсті. Ол бізбен бірге немістерге қарсы соғысып жүрді. Бірақ жасып, ұялып жүретін. Өзіміздің взводта тағы 1 өзбек баласы болған. Соған жігіттер қалжыңдап та, қағытып та сөз арасында: «Сенің жерлесің»— деп, ана жігітті нұсқап айта беретін. Бір күні мына өзбек жігіті ауыз үйде бейғам отырған ана байқұсты автоматпен дарылдата салғаны. «Қазір ойласам анау жау емес, мынау жауыз екен»,— деді. Сондай-ақ, Польша жерінде Кеңес әскерлерінің бейбіт тұр-

ғын әйелдерге жасаған озбырлығына шыдамаған Ғизат автоматын аспанға атып арашалап, күйініпті. Ол оқиганы жазуға менің аузым да, қаламым да бармады.

– Берлиннен көп солдат товарняк эшелонымен 1 айдан астам уақыт жүріп Алматыға жеттік. Келген соң бізді іріктеді. Бірге келген жігіттердің біршама-сын бөлектеді. Басқа бейтаныс жігіттер қосылды. Тұтас қазақ жігіттеріне айналдық. Командир негізінен бірге келгендер болды. Вокзалға келдік. Ауылдан біреу кездесті. Амандық сұрасқан соң ол менен қашқалақтап, басқа солдаттармен сөйлесіп жүрген. Поезд Сарыөзекке бет алды. Отырған соң бәрі мені қошаметтеп, дастархан жайып күте бастады. Шешемнің жақында қайтыс болғанын естіртті. Вокзалда ауылдасым оларға айтыпты. Сарыөзектен машинаға отырғызып Жаркентке апарды. «Сендер енді шет елге шығасыңдар. Қытайда аз ұлттардың қытай ұлтына қарсы көтерілісі болып жатыр. Соларға әскери басшылық жасайсыңдар, әрі соғысасыңдар. КСРО-дан барғандарыңды жан баласына айтпайсыңдар,– деп қатаң ескертті. Және ешқандай документ өтпейді деді. Кейбіреулер «партбилетімізді бермейміз»,– деп еді, генерал қолдарынан жұлып-жұлып алды. Ол жақтағы басты адамдармен, рулармен таныстырып, т.б. деректер берді.

Шығыс Түркістанның әскери ұлттық киімін кигізді. Жаркентте Ташкенттен келген молда 5 күн намазға жықты. Дәрет алу шарттарын үйретті. Жігіттер намазға жығылғанда алдында жатқандарды қытықтап, енін ұстап қалып, күліп намаздың шырқын бұза берген соң молда ыза болып, оқытпай қойды.

Жаркент тұсынан өттік. Командиріміз Берлиннен бірге қайтқан Омбының қазағы, уақ жігіті. Жол бойы әңгімелесіп, жақсы түсініскендей едік. Шешем қайтыс болғанын, үйде жаңғыз ұл екенімді білген соң маған: «Қанды қырғыннан аман қайтып, мұнда оққа ұшып кетіп жүрме?»– деп, шекара түбіндегі штабқа, шлагбаумға күзетшілікке қалдырды. Бірде қытай жағынан 2 самолет келіп бомбылады. Біреуін атып жіберді. Таудың беткейіндегі қалың қарағайдың арасына ертеде зеңбіректер кіргізіліп, орналастырылып. Екіншісі аттарды, асхананы алыстан бомбылап қайтып кетті.

Біз айт күні өттік. Халық бай. Тұнып тұрған молшылық екен. Жігіттер сол маңдағы елді аралап айтшылады. Бір үйге барғанда бізбен бірге барған бір солдаттың әпкесі кездесіп, бас салып көрісіп, ұзақ жыласты.

Шлагбаумда тұрғанда Әлихан төрені көрдім. Бір көзі қысықтау, дөңгелек қалпақ киген мұртты адам екен. 1946 жылы Қазақстанға кірді. Біз қайтқанша шыққан жоқ (Бүгінгі дерек бойынша ол сол беті КСРО-да қалады. 1982 жылы Самарқанда дүниеден қайтады). Сондай-ақ, қолынан қатты жараланып, қайтып келе жатқан ауылдың бір жігітіне жолықтым. «Қарауылдан тағы екеу бар» деді. Кейін елге келгеннен соң, төртеуіміз өзара сол соғыс туралы әңгімелесетінбіз.

Бір қызық оқиға болды. Командирлердің КСРО-ға жіберетін қағаздарын реттеп отырсам, ішінде Рысбек Сарғожаев деген жауынгердің Сталинге

жазған хаты жүр. Жазуы маржандай екен. Қытайға 1932-жылы ШКО-ның Шар станциясы маңынан латын қарпінде 3 класс оқып барыпты. Руы – уақ. Ол соғыс жүргізудің өзіндік тәсілін ұсыныпты. Командирлер өзіміз шешетін іс болса несін жібереміз, хатына өзіміз жауап береміз деп шешеді. Мынаның жазғаны балалық деді олар. Сондай-ақ, Қытай жерінен әскерге алынып, бізбен бірге соғысып жүргендер 1932 жылы Қазақстаннан босып барғандар екен. Талайының әкесі, шешесі, туған-туыстары Қазақстанда қалыпты. Соны командирлерге айтып, Қазақстанға қайтқысы келетінін білдіріп жүрді. КСРО үкіметіне хат жазғандары да көп болды. Солардың бізбен бірге оралғандары да болды ғой деймін. Бізбен бірге барғандардың ішінен сол жақта арнайы қалдырылғандары да болыпты, деді.

Сихудағы (Шихо қаласы) соғыс қатты болды. Тарғыбатайға (Тарбағатай) барғанда, біздің КСРО-дан келгенімізді ол жақта тұратындар бірден біліп қойыпты. Оншақты жыл бұрын тұтас Қазақстаннан ауып келгендер екен олар. Кейбіреулеріне жөнімізді, облысымызды, руымызды айттық»,– десіп келді жігіттер. Шәуешек соғыссыз 1945 жылы 15 тамызда алынды,– деді.

Зейнолла Сәнік «Басбай» Ұлттар баспасы.

1996 ж. 254-бетте: «1945 жылы 8 айдың 2-сі күні шеру тартып келеді... Міне, Доскенов (Арқадан барған командир, руы – арғын) бастаған ұлттық армияның басшылары Басекеңнің (Басбай) алдына түсе қалды... Сәлден соң Доскенов қарсы алуға шыққан бұқараны жол шетіне қатарлап сапқа тұрғызды. Сол сәтте ұлттық армия бөлімдері жетіп үлгеріп, анадай жерде бұйрық күтіп тұрған болатын. Дайындық біткен соң, қазір Басбай ақсақал Шәуешек халқы Ұлттық армиясының парадын қабылдайды деді де, ұлттық армияға қарап құрмет қадамымен марш деп бұйрық берді»,– дейді.

Доскеновтың армиясы Шәуешекке келгенде ондағы Қытай үкіметі армиясымен Қазақстанға қашып өтеді. 1932-33 жылдары қытайлармен соғысып ығысқан дүңгендер де осы ізбен Қазақстанға қашып өткен. Сол дүңгендер Аяғөзге көшіріледі де, теміржол арқылы оңтүстікке, Қордайға, т.б. жерлерге жіберіледі. «Свобода слова» газетінің 2009 жылғы 20 тамыздағы санындағы Эрик Аубакировтың «Уйгурия закончилась, не начавшись» деген мақаласында «... Агенты советской разведки хозяйничали в Циньцзяне, как у себя дома. Объединенные советско-китайские войска разгромили повстанцев Циньцзяне. Под Урумчи советская авиация рассеяла дунганскую армию Ма Джуина. Восточно-Туркестанская республика была упразднена, ее лидеры в большинстве были убиты, некоторые бежали в Индию...» деген. Мұндағы КСРО-ның халықты алдау саясаты – 1930-жылдардағы Циньцзяндағы дүңген көтерілісін әскер кіргізіп басып береді. Ізін жасыру үшін КСРО-ға жеңіліп қашып өткен дүңгендерге тағы көмек қолын созады. 1945 жылғы Түркістан соғысы да дәл осы нұсқада жүреді. 1945 жылы ШҚО Үржар ауданының Қаратал ауылының аяғындағы кең жазықта әскери киінген жуан-жуан, қарны қабақтайлары көп, жер

қайысқан қалың қытай жаз бойы жатыпты. Колхоздар оларға кезек-кезекпен арбаларға тиеп қауын, т.б. азық-түлік апарып сатып тұрыпты. Олар кейін Қытайға қайтарылады. 1977 жылы Мақаншы ауылындағы әскери шекара гарнизонында (отряд) алғашқы шекара заставаларының құрылғанына 50 жыл толуына орай үлкен мереке өткен еді. КСРО Қорғаныс министрлігінен бастап өкілдер келді. Қаза болған шекарашыларға құрмет көрсетіліп, салтанатты жиналыс өткізіліп, түрлі мерекелік іс-шаралар ұйымдастырылып еді. Мен де осы мерекеге қатысқанмын. Сонда баяндамашы офицер 1932-33 және 1945 жылдары шекара бұзушылардың өте көп тіркелгені туралы деректерді ерекше атағаны ойымда қалыпты.

КСРО әскерлері Синьцзяннан этап-этаппен қайтады. Мен 1946 жылдың аяғында оралдым. 1948 жылға дейін Түркіменстанның Кушка қаласында әскери борышымды жалғастырдым. 1951 жылы Қарауылда алтыбақанда жүргенде қызбалықпен біреумен ерегесіп: «Сен бір неміспен ғана соғыссаң, мен фашисті бітіріп, Қытайдағы соғысқа қатысып келдім»,— деп айтып қалғаным. Бірнеше күн өткеннен кейін НКВД шақырып тергеуге алды. Әкем жылап ауданның басшысы рулас ағайын Нұрбаевқа барады. Ол араласып, бұл іс қазақы жолмен әрең тоқтатылып, енді аузымды жанға ашпайтын болдым, — деді.

2) Талғатбек Қайранов 1927 жылы туған. Руы-Семіз найман-Тұманшы. ШҚО-да совхоз директоры, аудандық РАПО-ның, атқару комитетінің төрағалық қызметтерінде ұзақ жылдар басшы болған. 1996 жылы сөйлестім. Талғатбектің құпия соғысқа қатысқанын қазір туыстары біледі. Патша үкіметі тұсынан Қайран әулеті – Тарғыбатай (Тарбағатай) өңіріне танымал. 1920-жылдардың соңында бұл әулеттің ұрпақтары қуғын-сүргінге ұшырайды. Махаметжан (Талғатбектің әкесі) Семейдің түрмесінен 1930 жылы біреулердің астыртын көмегімен амалдап қашып шығады. Ауылы Таскескенге келсе, ағайын-туысы тұтас Қытай жеріне көшіп кетіпті. Ол туыстарының артынан Қытайға іздеп барады. Бір жыл бұрын Жұмақан Күдерин өзін кепілдікке қойып, ағасы Жүніс бастатқан 3 бауырын Аякөздің түрмесінен босатқанда солармен бірге Талғатбектің әкесі Махаметжанның ағасы Мұхаметжан да қашып шығыпты. Махаметжанмен бірге Семей түрмесінде Алматы жақтың бір адамы отырады. Махаметжан түрмеден қашып шығарында ол адам Талғарда тұратын ықпалды туысының адресін береді. Талғардағы сол адам кейін Махаметжанды жұмысқа орналастырып, отбасына көп көмектеседі. «1951 жылы әкем қыста қатты ауырып, Тарғыбатайға, елге барып өлемін деген соң Талғардан көштік. Бірақ әкем кейін жазылып кетті»,— деді Талғатбек.

Махаметжан Қытай жерінен Талғарға шығарында ағасы Мұхаметжанның 2-3 жастағы баласы Талғатбекті сұрайды. Келіншегі Гүлзағипа бала көтермей жүрсе керек. Талғатбектің аяғы құтты болып, қытай жерінен Талғарға келгеннен кейін Гүлзипадан Бекен (Бекмұхамет), Құрманғазы, Айша туады.

1944 жылы Талғатбек әскерге шақыртылып, Алматының Медеу шатқалындағы арнайы полигонда көп жастармен ШТР-дағы (Шығыс Түркістан Республикасы) құпия соғысқа дайындалып, жаттығады. Оны өзі білмейді. 1944 жылдың аяғында қыста көп әскерді ШҚО-ның Зайсанына апарды. 2 аптадан соң оларды қайта Алматыға алып келеді де, Жаркенттен Қытайға өткізеді.

Шихудағы қатты кескілескен соғыстың бел ортасында болады.

— Неше тәулік сол жақтан шақырылған қазақ, ұйғыр балаларымен окоптың ішінде суда тұрдық. Қала мықты қорғаныста. Қатты қарсыласуда. «Тез алыңдар!»,— деген бұйрық үсті-үстіне түседі. Жігіттер 3-4 атакаға көтерілді. Сәтсіз аяқталды. Пулеметтан толассыз жауған оқ қарсы алады. Командир маған ерекше тапсырма берді. Бір пакетті «Таудың ар жағындағы қалмақ полкіне апарып бер»,— деді. Жолды түсіндірді. «Түнде жүрме, далада қон»,— деді. Командир нұсқаған бағытта қара атпен 2 күн жүрдім. Екінді кезінде асуда кенеттен 20-шақты мылтық кезенген адам бұтаның арасынан қоршап шыға келді. Мен де автоматымды бұрып алдымдағыларға кезене қалдым.

— Ой, нағылған баласың!— деді біреуі. Мен қалмақ полкін іздеп келе жатқанымды айттым.

— Қалмақ полкі кеше таңертең кетіп қалған, ана автоматыңды түсір,— деді. Сендер де түсіріңдер дедім.

Кері қайттым. Келсем рота кетіп қалыпты. Мені тосуға 5-6 жігітті қалдырып кетіпті. Шихудың аяқ жағы қарасу. Қалың сексеуіл өседі екен. Құлдап келе жатқанбыз. Кенет Торғайдың бір жігітіне қаңғыған оқ тиіп, тіл тартпай кетті. Оны сол жерде жерледік. Әжептәуір жүргенде бір түбекте тігілген 5-6 киіз үйді көрдік. Барсақ тірі пенде жоқ. Сонда жайғаса бастадық. Адамдары қорқып сол маңға тығылып қалыпты. Аздан соң бір шал келді. Осы ауылдыкі екен. Шай ішіп отырғанбыз. Қатарымда маған қарап отырған сияқты болатын. Бір кезде маған: «Сен Қайранның баласысың ба»,— дегенде, «Иә!»— деп қалғаным. Шал тұрды да жылдам шығып кетті. «Әй, бірдеңкені бүлдірдім-ау!»,— деп, жүрегім зу ете түсті. Сөйтсем ана шалдың баласы бізбен бірге соғысып жүр екен. Шал мені 2-3 жасымда көріпті. Атама қатты ұқсайды екенмін. Зерек адам екен. Шырамытып, таныпты. 2-3 күннен кейін түнде біреулер мені шақырды. Солдаттар киіз үйде жататын. Бір үйге апарды. Жылтырап, сығырайған шам жанып тұр. Түнде шам жаққызбайтын. Сіріңке шағып, темекі тұтатуға дейін тиым салатын. Алакөлеңке 5-6 солдат отыр. Сол жағымдағы біреуі атым – Солтанай, 27 жастамын деді. Жағалай аттарын айтып жатты. Мен олардың аттарын түгел естігенмін. Әкем құлаққа құйып, айтып отыратын. Маған әке-шешен, ағаң Махмұт, апайың Райхан осында деді. Мен сонда ғана Мұхаметжанның баласы екенімді алғаш естіп, білдім (1960-жылдары туыстарым елге қайтып келді. Махмұт қол астымда шопан болды. Райхан әлі бар. Командирлерге сапта тұрып «Кіші лейтенант Қайранов!» деп, рапорт бергенімде ана бірге соғысып жүрген туыстарым: «Мынау біздің

бауырымыз!» деп, сыртымнан жылайды екен.

2 күннен кейін НКВД шақырды. «Сенің мынауың не, әкең, шешең, барлық туыстарың осында екен». Өзімнің де оны жақында ғана естігенімді айттым. Мені қайтарып жібере ме, басқа полкқа ауыстырма деп едім. Олай істемеді. Құпия соғысқа барған біздің ротаның 120 жауынгерінен 64-і ғана қайтты. 56-сы сонда қаза болды,— деді.

Елге келгеннен кейін басшылық қызмет берді. Анда-санда заң адамдары жолығып, жөн сұрап тұратын. Жіберген қателіктерімізді кешіріп, үстімнен жазылған 2-3 арызды жапты. Мені ертеде Қытай жерінен оралған 2 адам танып қойды. 1970 жылдары Аякөзден Алматыға самолетқа отырғам. Жанымдағы жігіт: «Мен сізді жазбай таныдым Талғатбек, аға!»,— деді. Ол да сол соғысқа Қытай жерінен қатысып, бірге соғысыпты. Құпия соғыс туралы тіс жармау керектігін ол да жақсы біледі екен.

— Жезқазған облысына бір балам ұзатылып, құдалықта отырғанда күтуші құдалардың ішінен бір әйел маған: «Сен-сен деп, қағытып, дерекілеу сөйлеп отырды. Құдалар да ыңғайсызданғандай. Бір кезде: «Ей, сарбала шынымен мені танымадың ба?» дегені. Жоқ дедім. «Баяғыда Іле өзенінің бойында тұрғанда жаныңда 2 жүгірмек бар, иін ағашпен су алуға барған біздің соңымыздан қалмаушы едіңдер ғой» дегенде барып ойыма түсті. «Иә, иә!» дей бердім деді. Бұл адам кейін Алматы облысының Қаскелеңіне көшіп келіпті.

3) Мәселғазы Ахметжанов (1921-1991) маған аталас, ағайын болады. 1980-90 жылдары үйге келгенде жеке жерде атама және әкеме сеніп, айтып отырған әңгімелерін естігем. Әңгімесі дәмді болған соң, зер салып ынтамен тыңдай бастағам. Ол кісі алғашында үлкендерден менің білімімді сұрап, мінез-құлқымды байқағандай: «Қалтаңда магнитофон жоқ па?» деп те қойды. Кейін түсіндім неге олай дегенін. Әңгімесін жалғай берді. Ол ШҚО Үржар ауданы Көктерек-Ойран мекенінде дүниеге келген. Сол ауылдың руы. Осында 3-4 сыныптық араб және латын қарпінде сауатын ашады. Берікбол Смағұлов мұғалімнің: «Бала күнімізде Мәселғазы, Желдібаев Қылышқан, т.б. балалар Ойран өзеніне суға шомылып, денемізге қара балшық жағып ойнайтынбыз. Және Мәселғазы неше оқу орнында оқыған, өте білімді адам»— дегені бар. Мәселғазының әкесі Ахметжан заставада жылқы бағады. 1932 жылы ашаршылықта елмен бірге Ахметжан мен жұбайы Самал балалары Құтжан, Мәселғазы, Сейілқан, Жаңылқанды ертіп уақытша Қытай жеріне өтеді. Шекарадан 4-5 шақырым жерде тұрады. 1937 жылы Ахметжан ол жақтан елге қайтқан оқымысты бір сенімді туысына Мәселғазыны тапсырып, Қазақстанға оқуын жалғастыруға ертіп жібереді. Мәселғазы Ташкенттегі ауыл шаруашылығы техникумында және ондағы КСРО көлеміндегі маңызды, танымал барлау мектебінде (Разведшкола) оқиды. Соғыс кезінде броньмен қалдырылып, Ташкентте әскери заводта жұмыс істейді. Мәселғазы:

— 1942 жылы Ташкентте ұры-қары көбейіп, қылмыс күшейіп, түнде жүру мүмкін болмай кетті.

Берия 15 күнде пышақ кескендей тыйды. Бүкіл заводтың жұмысшыларын, ДНД-ні түнгі кезекшілікке шығарды. Жау жағадан алғанда, бөрі етектен алады деп, аялдамада тұрған, автобуста жүрген топты немесе жеке тұрған ерлерді тіпті, суық қаруы барларды ұстап қолға алды. Содан кейін елдің көзі ашылды. Түнде қайда, қанша жүрсең жүре бер. 1943 жылы мені Алматыға бірнеше шақырды. 1944 жылдан бастап Алматыда әскери дайындыққа кірістім. Біз батыс майданды тосып жүрдік. Ұзақ дайындалтты. Білмейміз. Сонымен қойшы 1944 жылы көп әскер Қытайға соғысқа бардық...

1945 жылы ақпанда Құлжа жақтағы Кеңсай асуына жіберді. Күнгейде қар жұқа күндіз ериді. Жол аузындағы биік кезеңде қаруымызды солтүстікке кезеніп, ақ жамылғыны киіп, ұзақ жаттық. «Неге жатырмыз деп сұрасақ, әлі тосындар, тосындар, бұйрық солай»,— дейді. 20-шақты күн өткенде көз ұшында бір қара-құра көрінді. Екі бөлек жылжып келеді. Алдыңғысы 400-дей, келесі тобында есектеріне жүк артқан 800-дей әскер. Етектегі сайдан өтіп беткейге көтеріліп келеді. Бізді көрмейді. 300-200-100 м. қалды. Бұйрық «Атпаңдар!». Бір кезде бұйрық түсті. Алдыңғы келе жатқандары шалғымен шапқандай оталды. Текке кім жан береді. Олар да жата қалып, атыса кетті. Олардың мина ататын кеудесіне асып жүретін құралы бар. Кнопкасын басқанда ұшып келіп, жаныңа түсіп жарылып жатады. Қатты соғыс жүріп жатыр. Қатарымыз сиреп жатыр, күн екінтіге айналып барады. Командир полковник Байділда Доскенов келіп қалыпты. Взвод командирі едім. Жанымдағы 1-2 орыс жігіті бар, қазағы бар взвод командирлерінің бәрі-капитан, аға лейтенант, дәрежесіндегі офицерлер. «Сен, айтшы анаған шегінейік деп, жау көп, түнге айналса бізді басып алады»— десіп, олар баспайды. Ойланyp тұратын ештеңе жоқ, мынау өмір мен өлім арасы. Қазір ойласам ішіндегі жөн айтып, жеткізетін өжеттеуі мен екенмін. Олардың бәрі мені тыңдайтын. Айтып едім Доскеновке: «Немене осы уақытқа дейін маңқа қытайды ала алмай, не айтып тұрсың деп, пистолетін суырып алып, маған кезене бастағанда, мен де оған автоматымды бұра бердім. Осы кезде қырғыз полковнигі Мәуленов келіп арашалады. Доскенов қатыгез, қаныпезер, қиын адам. Әлі ішім жылымайды. Егер менен басқа біреу болса ата салады. Осы кезде атыс тыйыла қалды. Доскенов тұрды да «Ә, олар судың бойын жағалап, құлдап кетті. Енді штабтан шығады»,— деді. Штаб 4-5 шақырым жерде еді. Бізде құлдап барып түнімен атыстық. Ертеңінде сағат 11-лерде үшеуі келіп, бір үйге тығылып, қолға түсті. Полковниктер екен. Бұлар дүңген полкі екен, гоминдан қытайлары жағында соғысып жүрген. Екінші бөлегі жаралылар, есектерге артқандары азық-түлік, оқ-дәрі екен. «Сендер мұсылмансындар, біз де мұсылманбыз неге соғысасындар!» деп командирлер сөйлесіп жатты— деді.

Қытайдағы құпия соғыстан оралған соң, Өзбекстанда НКВД-да (КГБ) жұмыс істейді. Әскери шені-подполковникқа дейін өседі. Москвадағы Жоғарғы партия мектебін оқиды. Тәжік қызына үйленеді.

Бір қызы болады. 1950 жылдары Қытайдағы аға-бауырларының КСРО-ға көшіп келуіне ықпал жасайды. Туыстары елге көшіп келген соң басқа республикадағы аса маңызды қызметтің салдарынан ол туыстарына көмектесіп, алыстан араласа алмайды. Заң, тәртіп қатал кезі. Сол себепті елге келіп, туыстарына жақындау үшін тәжік әйелімен ажырасады. Ертедегі КСРО-ның заңы бойынша моральді тұрақсыз танылып, КГБ қызметінен босатылады. Ол дәуірде қызметтен бір сүрінсең, келесі қызметке маңайлай алмайсың. Талдықорған облысына келіп, колхозда агроном және партком секретары қызметтерін атқарады. Жаңа отбасын құрады. 6-7 баласы бар. Кейін Таскескен ауылына келіп тұрақтанады. СПТУ-ға жұмысқа орналасады. Ауыл шаруашылығы техникаларынан курсанттарға зейнеткерлікке шыққанға дейін сабақ береді.

Мәселғазы 1986 жылы Таскескен ауданының РАПО-ның төрағасы Талғатбек Қайрановқа келіп жолығады.

– Осы өкіметтің біз қатыс деген соғысына қатыстық. Неге соғыс ардагері атанбаймыз. Соғыс ардагерлеріне төленетін жеңілдіктен де қағылып келдік,– дейді. Сонда Талғатбек:

– Сіз қай соғысты айтып отырсыз? – дейді.

– Сен қатысқан құпия соғысқа мен де қатысқанмын,– дегенде Т.Қайранов:

– Біз шекарадан бері өткенде, «Қытай жерінде соғысқа қатысқанымыз еш жерде анкетамызға кірмейді, жазылмайды, аузымыздан адам баласына шықпайды»,– деп қолхат, түсінік жазып бердік қой,– дейді.

– ҰОС-да өлгендердің және соғысқа қатысып тірі жүргендердің жаны біздің жанымыздан артық па, немесе біздің жанымыз олардан артық па? Міне 40 жылдан асты біздің азаматтық құқығымыз тапталып келген. Мен ізденемін,– дейді Мәселғазы.

– Маған пенсияға шығуға 1 жыл қалды, сонан соң мен де ізденейін,– дейді Талғатбек. Екеуінің кездесу сәті туралы Талғатбек те осыны айтты.

Содан Мәселғазы Ташкентке барып, республикалық ішкі істердің ІІ құпия бөліміне (НКВД-дан ІІ құпия бөлім 1951 жылы бөлініп, жеке КГБ министрлігі болған) жолығып, бұйымтайын айтып, құпия соғысқа қатысқаны туралы құжат сұрайды. Ондағылар «Біз білейік, құжатты қарайық, артынан жібереміз» деп Мәселғазыны қайтарып жібереді. 6 ай тосады бірақ жауап келмейді. Құпия соғысқа қатысқаны туралы Алматының КГБ-на хат жазып, аудандық КГБ бөлімшесіне апарып береді. 6 ай тосады одан да жауап болмайды. Енді ол хатты Москваның КГБ-на жазады. 5-6 ай өткенде: «Сіздің сұрағыңызды Алматының КГБ-на қарауға жібердік» деп жауап келеді. «Соғыс жылында байланыс саласында оқыған куәлігімді және 1943 жылы Ташкенттен Алматыға шақырғанда төленбей қалған командировочныйдың бланкасы бар еді соны қосып, Москваның хатын қосып, Москваның өзіне қайта салып жібердім»,– деді.

9 май қарсаңында аудандық әскери комиссариат шақырды. Таскескендегі ҰОС-ң 14 ардагері түгел шақырылыпты. Мен соғыс ардагеріне теңестірілдім.

Куәлігі тапсырылды,– деді.

а) Енді 40 жыл бізге төленбеген ҰОС ардагерлеріне берілген жеңілдікті сұрап ізденемін.

ә) 1920-30 қиыншылық жылдары Қазақстаннан ауып барып, Қытай жерінен біз қатысқан құпия соғысқа қатысқан қазақтарды Соғыс ардагеріне теңестіруді қосымша ізденемін. Қазір олар совет азаматтары. Сол кезде ол қазақтар Қытай елінің азаматы емес, эмигрант болған,– деп еді. Мәселғазының ойының, ізденісінің ықпалы болды ма?

б) 1989-90 жылдары ШҚО-ның бір ауылынан 4 адам Қытай жерінен осы құпия соғысқа қатысыпты. Олар: Төкенбаев Ахмет, Несіпбеков Байжолтай, Нүсіпбаев Қажыоспан және Әнкежанов Охат. Осы сияқты адамдарды аудандық әскери комиссариат (Военкомат) шақырып, тізімдерін Москваға жіберіп, Соғыс ардагеріне теңестіруге әрекет жасады. Осылардың ішінен Әнкежанов О. соғысқа қатысқан жоқ деп Москвадан жауап келеді. Несіпбеков айтты: «Әнкежанов Сиху соғысы өткен соң 2 айдан кейін келіп еді. Соны біліп қойыпты. Әскерде бірге болған соң, соғыста болды дей салып едік»,– деп еді. Бұл іс КСРО тарқап кетті де аяқсыз қалды.

Мен ертеде Мәселғазының өз аузынан естіген жоғарыдағы оқиғаларды жуырда баласы Асқар Ахметжанов қосымша толықтырды:

Әкем бұрыннан ойлап жүрсе керек. 1980-жылдардың басында КСРО-ның басшылары жиі ауыса бастаған кезеңнен-ақ құпия соғыстың ерекшеліктері туралы іске әрекеттене бастаған сияқты.

1981 жылы әкемді Ташкенттен бір қазақ іздеп келді. Әкем егін жинау науқаны кезінде совхозға көмектесіп, қырмандағы техникалардың тұрақты жұмыс істеуін қадағалайтын. Кешкілікте келіп беті-қолын жуып жатқан әкемді қонақ бас салып құшақтап: «Ой, Мәселғазы! Біз сені бұл өмірде жоқ қой, болса ол бір жерден шығар еді деп ойлаушы едік! Бала-шаға басты болып, қам-қарекетпен кетіпсің-ау!» деп, беттерінен қайта-қайта сүйісіп, көздеріне жас алысып, ерекше тебіреністі. Тегінде құпия соғыста бірге болған ба, жоқ Ташкентте заң саласында қызметтес болған ба? Жалпы әкемді ерекше құрметтеген адам болған сияқты. Екеуі неше күн сөйлесті. Біз баламыз, жаспыз. Атын да білмеппіз ол адамның.

Әкем құпия соғыста жүргенде өзімен бірге туысқан ағасы Құтжан мен бауыры Сейілхан да сол соғыстың бел ортасында жүріпті. Бірақ бірін-бірі білмеген. Қайтар кездің алдында бір қатты қырғын соғысқа басқа полктардан қосымша күш келіп қосылады. Шегінуге бұйырық түседі. Әскерлер бұқпалап, еңкейе жүгіре басып келе жатқанда әкем бір тасада жараланып жатқан бауыры Сейілханды (1927-1975) көріп қалады. Екеуі жыласып көріседі. Жарақатын орап, дәрілеп көмектеседі. Біршама уақыт өткенде Сейілханды іздеп ағасы Құтжан келеді. Үшеуі ұзақ жыласып табысады. Олар бұл кездесуін жан адамға айтпайды. Әкем ағасы мен бауырына: «Елге қайтыңдар!»,– дейді. Бұдан кейін олар кездеспепті.

Әкем шекарадан бері өткенде Жаркентте шекарашылардың бір асау құла атын күзетке мінуге

үйретіп бермекші болады. Ол аттан жығылып, ат сүйретіп кетеді. «Соғыстан аман келіп, түкке тұрмайтын жерден кем болып қала жаздадым. Ішкі құрылысым зақым алды ма екен...»,— деп қоятын кейде.

Әкемнің өзі тұстас Есік қаласында бажасы тұрады. ҰОС-сы ардагерлеріне теңелгеннен кейін ол: «Ой, Мәке! Екеуіміз ұзақ жыл арамыздан қыл өтпестей тату туыс, дос, бажа, сырлас болдық. Арамызда айтылмаған әңгіме, шертілмеген сыр қалмады ғой. Мына құпия соғысқа қатысқаныңды қалай ішіңе сыйғызып, сақтап жүрдің?...»,— деп, таң қалды,— деді баласы.

Сол құпия соғысқа КСРО-дан барған жауынгерлер ҰОС-сы ардагерлеріне 1990 жылға дейін теңестірілді. 2020 жылы ШҚО газеттері: «Семей таңы» «Дидар» газеттері беттерінде және «Ертіс өңірінің» 2020 жылғы 22 қаңтарында «75 жыл күткен мәртебе» деген таң қаларлық суреттерімен мақала басылды. Онда 1926 жылы Ақсуатта туған 94 жастағы Асқар Рахымбаев ақсақалға ҰОС-сы ардагерінің куәлігі салтанатты түрде тапсырылады. 1941-де әскерге шақырылып, Румынияда соғысты бастады дейді. Сонда ол 15 жасында соғысқа алынған ба?... 1926 жылы туғандар кездейсоқ болмаса, батыстағы соғысқа жалпы қатыстырылған жоқ. ҰОС-сы 1944 жылдың аяғында ғана КСРО территориясынан шет елдерге Румынияға, т.б. ауыса бастады. Және 1949 жылы Қытайды азат ету соғысына қатысты дейді. «Ұзақ жылдар соғыс ардагерінің куәлігінсіз өмір сүріп жүргеніңізге не себеп болды?» деген сұрақтар қойылады. Бірақ жауап жоқ. Менің ойымша ол да осы құпия соғысқа қатысқан. 1980-90 жылдары ҰОС ардагеріне теңелмей, ізденбей ескерусіз қалған бір момын болар... Сондай-ақ, мақаланың басындағы Атыраулық кейіпкер Б. Мұқанов та 1998 жылы ҰОС-сы ардагері дәрежесін алмағандығын айтып газет бетінде жазып отыр ғой.

4) 1915 жылы 7 мамыр күні көзі тірілерден қалған куәгер Жәкула Әнкежанов ақсақалмен сұхбаттастым. 2 баласы кірпік қақпай өте мұқият тыңдап отырды. Кейін білсем екеуі де заң саласының қызметкері екен. Жәкула ақсақал ұзақ жыл ішкі істер бөлімінде қызмет атқарып, зейнеткерлікке шыққан. 1943 жылы әскерге шақырылып, ұзақ дайындықта болады. «Аудандық әскери комиссариаттың (военком) бастығы – Котов. Тағы Рүстемов деген қызметкер болды. НКВД-нің начальнигі Зайцев. 1944 жылы жазда Тарғыбатайдың Қытайға қарасты «Ақтас, Ойжайлау» деген шатқалына Әбдірахман Жүкеев (Руы – Сұлу. Шекара комендатурасының, Бақты заставасының қызметкері. 1932 жылы дүңген соғысында Қытай жақтан келген. Екі жақтың жер жағдайын, адамдарын жақсы білетін адам) деген топты адамды бастап барды»,— дейді. 20-шақты адамнан топқа бөліп, жеке-жеке орналастырады. Бұлар сол жерде соғыс жағдайында ара-тұра шабуылдарға тойтарыс беріп, тікелей жеткізілген қару-жарақтарды күзетеді.

— Жәшік көтерген солдаттар күндіз-түні таудың шатқалымен көлікпен де, жаяу да жасырын кіріп жатты. Кенет мені 3-4 айдан соң Қытайдан қайтарып, Өлімбаев деген КСРО-ға ертіп әкелді. 1945 жылдың

басында Сталинград майданын тазалау жұмысына жіберді. Онда 1950-жылға дейін әскери қызмет атқардым. Неге мені жаңғыз қайтарды? Себебіне әлі күнге дейін жіп таға алмаймын. Мүмкін шекара ауданынан болғандығымнан ба, жоқ ата-тегімде бір себеп болды ма?... 1977 жылы зейнеткерлікке шығарда Қытай жерінде әскерде, соғыста болғанымды айтып ізденіп едім, ештеңе шықпады,— деді.

5) Рамазан Садықов (1933-2021). Дәрігер. Тыл ардагері. 1966 жылдан Мақаншы ауылының тұрғыны. — Есімді жақсы білемін. 1946 жылы 6-сынып бітргенде әкем Жақыпбай шешем Закия үшеуімізді Бақтыға дейін жеңіл машинамен көшіріп апарды. Қытайға өттік. Әкем ары қарай соғысқа кетті. Әкемнің батальонының командирі-танымал ақын Сырбай Мәуленов болыпты. Кейін Кеңес әскерлері қайтқанда біздің отбасымыз Қытай жерінде қалып қалды. Мен мектепке бардым. Мен де, шешем де елге қайтайықшы деп қоямыз әкеме. «Кейінірек қайтамыз, асықпаңдар»,— дейді ол. 1953 жылдың аяғында әкем сонда тыңшы(шпион) болды деп ұсталды. 1954 жылы түрмеде өлді. Оқудан, өмірден қақпай көрдік. Медучилище ғана оқи алдым. 1960 жылдың басында сәтін салып елге оралдық. Семейдің мединститутына түсіп, оны 1966 жылы бітірдім. 1966-93 жылдар аралығында рентгенолог дәрігер болып зейнетке шықтым— деді.

6) 02. 03. 1915 жылы сағ. 7-30-да теледидардан Әбдіжәлел Шәріпов деген ақсақал 1942 жылы 18 жасында Алматы облысы Шонжыдан әскерге шақырылып, Ашхабадта 6 ай әскери дайындықта болады да, Қытайға жіберіледі. «Қытайды Шанхайшы гоминданнан тазаладық. Қытайға өткенде бізге басқа есім берді. Оны ұмытпа деп»— дейді. Қытайдан кейін Бакуға, Украинаны тазалауға жіберіледі. 1947 жылы елге оралады.

7) 1926 жылы туған, ұзақ жылдар партия, кеңес қызметінде істеген бір ақсақалдың 1980-жылдардың аяғында ғана ҰОС-ның ардагеріне теңелгенін естіп, қай соғысқа қатысқанын сұрағанымда ол: «Ой, мен ана Ауған соғысы сияқтыға қатысқамын»,— деп, жөнін айтпай, жасқанып, орнынан тұрып кетті.

8) Ертеден Республикалық баспа беттерінен танымал ҰОС-сы ардагері **Сүлеймен Ибрагимовтің** осы құпия соғысқа қатысқанын сенімді дерек көзінен жуырда естідім. Бірақ балаларына жолығып, жөнін білуге сәті келмей тұр.

Қытай жерінен әскерге алынып, соғысқа қатысқандар:

1) Байжолтай Несіпбеков (1921-1996). Руы – Керей – Нұралы. Шұбартау ауданында туған. Әкесі Несіпбек (1980-1963) Абайды 4 рет жайлау үстінде көріп, әңгімесін тыңдапты. Тобықты мен Керей елі жазда екі жақтан бір жайлауға шығады екен. Байжолтай 1932 жылы Қытай жеріне барған.

— 1945 жылы көктемде шекара маңындағы Шағантоғай ауданынан 200-дей қазақ баласын әскерге шақырды. Командиріміз ҰОС-на қатысқан жасы 40 шамасындағы Алматы облысының Сұлтан деген адамы. Бір қолы кемдеу сияқты. Былай шыққаннан кейін ол бізге мылтық атқызып көрді. 1928 жылдары Қарқаралыдан, Павлодардың Баянауылынан ауып

барған 15-тей арғын балалары ғана ата алды. Он шақты күн атпен жүріп, Шихуға таяғанда бір самолет ұшып шықты. Біз аңырып қарап тұрмыз. Сұлтан: «Жан-жаққа қашыңдар! Ақбоз атты жабыңдар!»—деп, айғайлап жатыр. Аспаннан өңкей галош түсіп келе жатқандай болды. Жарылғанда кеп тас-талқаныңды шығарды. Түскен жерін ұрадай ғып ойып, ұшырған қиыршық тастары адамның самайын тесіп, өтіп кетеді екен. Бізді соғысқа жетпей қырып кетті. Көршінің баласы Нұрсила Омаров деген өлді. Енді самолет көрсек іннен інге тығылатын болдық,—деді.

2) Жұматай Жармұхаметов (1916-1993). Қытай жеріне Үржар ауданынан 16 жасында барыпты. Соғыс кезінде «Тұмақты мерген» атаныпты. Шиху соғысында қатты жараланады. Ол: — Шиху түбінде Қытайдың 25 мың әскеріне Түркістанның 4 мың әскері қарсы тұрды. Ақтөбенің жігіті Ғалымжан деген командиріміз қатты жараланып, есі кетіп айғайлап: «Мынадай қатты соғыс немістермен болған жоқ»,—деп көзін жұмды. Күндіз-түні алға жылжитпайды. Түнде сәулелер оқтын-оқтын жарқырап көзге ұрады. Жау 5 қатар бекіністе жатыр. Он шақты күннен кейін КСРО-дан самолет келіп, жаудың алғы шебін бомбылап, пулеметпен сырылдатып қырып барып бетін қайтарды. Содан қытайлар Шихуды тастап шығуға мәжбүр болды. Шиху алынғанда бұрылыста жолдан шалғай 100-150 шақырымдай жерде Жың деген қала алынбай қалыпты. Онда да қамалда мұздай қаруланған қытай әскері жатыр. Бұл қамалды алуға полковник Доскенов бастатқан топ шебер айла ойлап тапты. КСРО-ның самолетінің жазуын боятып, қытайша жазу жаздырды. Алғашқы күні қамалдың маңын айнала ұшып, қытайдың буға піскен нанын қаптармен тастады. Келесі күні самолет ұшып шыққанда әскерлер жайбарақат сәлемдеме күтіп аңтарылып тұрғанда, осы жолы қаптармен бомба тасталды. Қамал тас-талқан болып, қала шығынсыз алынды. Жың қаласында қоймашы (кладовщик) боп істеген Жанәбіл деген қазақты баласымен Шихудан 90 шақырым жерде қытайлар кескілеп, өлтіріп кетіпті. Оған біздің жігіттер қатты ызаланып кетті. Қытайлар ол екеуін бізбен астыртын байланыс жасады деп, күдіктеніпті.

Манас өзеніне барғанда соғыс тоқтатылды. Командирлер: «Ешқандай оқ атпайсыңдар, келіссөз жүріп жатыр» деп ескертті. Соғыс кезінде түнде от, шам жағуға рұхсат етпейді. Окоптарда сырпы жағып, темекі тартуға да тыйым салынған. Сондада балалар болмай бастарын бүркеп алып, темекі тартып жатады.

Сол соғыста жетекші рөл ойнап, жасырын соғысып жүрген КСРО әскерінің бар-жоғын 3 рет БҰҰ-ы тарапынан әлемдік комиссия келіп тексерді. КСРО қаруын тығып тастадық. Сапта бәріміз тұра береміз. Комиссия сұрақтар қойды, азиялықтарды ажырата алмады. «КСРО әскері жоқ деп кетті»,—деді.

Үржар ауданы тұрғыны, «Б.Көкішевтің апайы қарт әже: «Балам Ағмыш Берлинде соғыс біткенде бар еді. Хат та келген. Артынан хабарсыз болып кетті»,—деп, көзінің жасын көл қылып жылаушы еді»,—дейді үлкендер. 1960 жылдары әженің немере бауыры

Қытайдан оралып: «Ағмыш менің взводымның командирі болды. Шиху соғысында қаза тапты. Мен өз қолыммен жерледім»,—деп келеді. Қазір сол әженің бауырының балалары осы оқиғаны біле алмайды. Неше сұрадым.

Сонда бұл соғыстың салдары қандай болды?

1. КСРО-дан барған қазақ жігіттері Қытай жерінде жасырын соғысып, жараланып, немесе қаза болып, сүйегі белгісіз жерде қалып жатады.

2. 1920-30 жылдары Қазақстаннан жансауғалап ауып барған қазақ жастарын Қытайда тағы жинап, осы қырғынға тағы салып жатады. Бұл да қазақ елі үшін орны бөлек нәубеттің бірі болар.

Бұл соғысқа негізінен Орта азиялық ұлт әскерлері жіберілген. Дені 80-90%-қазақтар болған. Ал орыс ұлтынан да шамалы командирлер, қолбасшылар болған. Оларды 1918-20 жылдары Қытайға Ресейден қашып барған патша өкіметінің әскери басшылары деп бүркемелеген. Некен-саяқ эмигрант ақ өкіметі офицерлері де қатыстырылған. Оларды «Бұрынғы жіберген кемшіліктеріңді КСРО кешіреді» деп сендірген. Соғыстың күрделенуіне орай әскери техника мен үлкен қарулар кіргізілген. Мыс: «Свобода слова» газетінің 2009 жылғы 20 тамызындағы санында Эрик Аубакировтың «Уйгурия закончилась, не начавшись» деген мақаласында «... Алтайская армия вернулась в СССР, белогвардейская дивизия вопреки советским рекомендациям была расформирована, полковника Папенгута обвинили в заговоре и расстреляли вместе с 40 белогвардейцами»,—деген. КСРО-дан Қытай жеріне құпия жіберіліп, Синьцзянды Қытай буржуазиялық өкіметінен азат етуге қатысқан **Кеңес әскерлерінің мен жинақтаған тізімінен шағын үзінді.** Жоғарыда аталғандардан басқа.

1. Діқанбаев Мраш ШҚО бұрынғы Шұбартау ауданы, Жорға ауылы тұрғыны.

2. Дүйсенбеков Ғайса — подполковник. 6-полк командирі. 1954 ж. Талдықорғанда дүниеден өтіпті. (Ә.Нұршайықовтың командирі де болыпты).

3. Доскенов Байділда — полковник. Арқа жақтың арғыны. Есімі «Шыңғыстау шырғалаңы», «Басбай», т.б. кітаптарда, баспаларда жиі аталады. 1950-жылдардың ішінде Қытайдан оралып, бұрын қол астында соғыста болған таныстарына келіп: «Енді тура ауыздарыңа ие болып жүріңдер! Бәріңнің есіргенің ана қара шалдың (Башбай бай екен) арқасы»,—деп сақтандырады. Тағы Башбай байды Шәуешекке әкім ғып тағайындап кеткен Байділда, «Соғыста қан төгіп қазақ соғысады, жеңеді екен... Артынан қайдағы бір ахундар бастық болады екен. Мен қойып кеткен Башбайды өзгертіп көрсін!..» деген дерек бар. «Башбай сауатсыз адам ғой» дегендерге, «Сен хат танисың, жазу жазасың ғой, анау да сауатты, жазады ғой. Сендер хатшы боласыңдар, ол көкейімен басқарады»,—деп, оған 5-6 хатшы тағайындап кетіпті,—дейді.

4. Мәуленов — полковник. Ұлты — қырғыз.

5. Әлжанов Ғани — майор, ұзын бойлы адам екен.

6. Сабитов — майор. Шиху соғысында қатты жараланып өледі. Біреу сүйегін Алматыға алып кеткен дейді. Ол бекер болуы керек.

7. Шаймарданов Разхан – капитан. Руы – қыпшақ. Орал облысының адамы.

8. Оразхан, 22 жастағы жігіт, барған соң көп ұзамай оққа ұшады. Фамилиясы ұмытылған.

9. Бөгенбаев Нұрлан әдемі, өте сұлу адам. Шиху соғысында: «Мен мұндай тәртіпсіз соғыс көрген жоқпын, немістермен 25 рет соғысқа кіргенде» деген қанатты сөзі бар.

10. Оразмұхамет – капитан. 1955 жылдары ШҚО-ның Көкпекті ауданында паспорт столының, аудандық милиция бөлімінің бастығы болыпты.

11. Жанұзақов деген бала командир атаныпты.

12. Хамитов – қырғыз сияқты 35-40 жастағы әскери дәрігер.

13. Тойжанов – капитан. Шағантоғайдан шақырылған балалардың командирі болған

14. Бөрібай Қызылордалық. Берлиннен кейін Қытайға соғысқа барып, 1946 жылы қайтқан.

15. Домылов Галымжан – ұлты татар сияқты. Сол соғыста жараланып өледі.

16. Ақын Сырбай Мәуленов.

17. Жазушы Қалмұқан Исабаев.

18. Қимадиев Талғат – взвод командирі.

19. Денисов – полк командирі. Полкі Құлжа, Манасқа барған.

20. Лескин – полк командирі. Алтайға барған.

21. Попов Алексей. 1960-70 жылдары Мүсірәлиев Асылхан дегенмен туысындай араласыпты. Екеуі Құлжада бір взводта бірге соғысыпты. Мүсірәлиев қатты жараланып, кантузия алып, құлағы мүлдем естімей қалған.

22. Доценко Шура – шофер, күзетші болған. 2005 жылдары өтті.

23. Резников – капитан. Шихо соғысында жараланады.

24. Полинский – генерал. Бұл құпия соғыста өлгендерге жалған документ жасалып, хабарсыз кеткендердің санатына қосылуы әбден мүмкін.

Жоғарыдағы оқиғаларға қатысты бір-жар баспалардан мысалдар келтірсек: Хасен Оралтайдың «Елім-айлап өткен ғұмыр» Алматы «Білім» 2005 ж. «Совет офицері көзімен» естелігі тарауының 38-39-беттерде: «1946 жылы мамырда Шығыс Түркістан үкіметінің бір жылдық тойы болды... Құлжадан генерал Полинов деген орыс, Әбдірахман мойор (Бұл кісі де Совет Одағынан барғандардан) келді. ШТР (Шығыс Түркістан Республикасы) армиясынан подполковник Қайса Батыр келді. Өке олар жөнінде ұдайы «Қазақшыл, ұлтшыл азаматтар еді. Орысқа қор болды ғой деп еске алатын. Осы той тарқасымен Құлжадағы Әлихан төре ұсталыпты деген сыбыс тарала бастады»,– десе, 40-бетте: И.Ю.Алыптекин «... Ахметжан Қасми батыс Түркістанда орыстар жағынан жетілдірілген және ШТР-ға жіберілген бір орыс шпионы еді... Төраға орынбасарлығына Ахметжан Қасми мен Бурхан Шахиди сияқты екі орыс шпионы орналастырылды»,–дейді.

«Оспан батыр». (Алматы. «Арда». 2007 ж.) кітабының 75-бетінде «... Құлжадан Ф.И.Лескин басшылығындағы 800 кісілік күшейтілген моторланған батальон жолға шығады. Олар 1947 жылы 16 қазан күні Сарысүмбені Оспан қолынан қайтарып алады...»,– деген. Бұл жинақтағы Сталиннің

қорытынды шешімі: «Егер Қытайда бұржуазиялық Чанкайши үкіметі жеңсе, ШТР-ын дербес ел ретінде ұстау еді. Мао Цзедун бастатқан коммунистік үкімет жеңген соң, ШТР-ын Қытайдың құрамына қосып берді. Сонымен ШТР-да КСРО әскерінің атқарған құпия жұмысы бекерге кетті».

2009 жылдың 20 тамызындағы «Свобода слова» газетінде Эрик Аубакировтың «Уйгурия закончилось, не начавшись» мақаласында Синьцзянның 1870 жылдан басталған, әсіресе, 1930-1950 жылдар арасындағы саяси, тарихи өміріне жан-жақты, терең түсінік береді. Осы мақалада: «... Агенты советской разведки хозяйничали в Синьцзяне, как у себя дома... Губернатор Синьцзяна Шэн Шицай несколько раз посещал Советский Союз, вступил в коммунистическую партию, пьянствовал с Деканозовым и Берией непроверенным легендам поставлял стареющему Сталину афродизиаки... С началом ВОВ-ы Шэн Шицай переметнулся на сторону китайских националистов-сторонников партии Гоминдан. Это вызвало недовольство Советского Союза, который с 1941 года начал поддерживать национально-освободительное движение в Восточном Туркестане. Перетрусивший Шэн Шицай написал покаянное письмо Сталину, в котором предложил присоединить Синьцзян к Советскому Союзу. Но было поздно... Советскому руководству было выгодно поддерживать Восточно-Туркестанскую республику, когда она боролась с чанкайшистами... 12 ноября 1944 года в Кульдже была провозглашена Восточно-Туркестанская Республика (ВТР). Президентом государства был провозглашен Алихан тура, узбек по национальности... В апреле 1945 года была создана регулярная армия ВТР. Командующим стал советский генерал-майор Иван Полинов... Но когда в Китае победили коммунисты во главе с Мао Цзедун, Москва в очередной раз предала Восточный Туркестан. Был составлен секретный договор, по которому Синьцзян безоговорочно отходил Китаю». Нәтижесінде 1949 жылы Қытай коммунистік партиясының армиясы Синьцзянға қарсылықсыз баса көктеп кіреді. ШТР Қытай коммунистік өкіметінің отарына айналады.

Бір телехабарда қоғам қайраткері Жағда Бабылықов: «ШТР Совет әскері шыққан күні құлап қалған»,– деп еді.

Өткен саясатқа бүгінгі Тәуелсіз Қазақстан мен Қытай үкіметі кінәлі емес болар. Бұл құпия әлі куәгерлері барда, уағында ашылуы тиіс сияқты. Бүгінгі ғылым-техникасы дамып кеткен қоғамға өткен ескі қоғамның кері әсері болмайтын заңдылығы бар. Бүгінгі демократиялық кезеңдегі қазіргі буынның бұл құпия соғысты ашып кетуі – ұрпақ алдындағы парызы. Бұл соғыс туралы әлем халқы ертеден хабардар. Тек біздің халыққа ғана әлі құпия.

Бүгінгі Тәуелсіз Қазақстан мемлекетінің халқы үшін айналасындағы империялық, қатерлі мемлекеттердің (Ресей мен Қытай) Қазақстан тарихына қатысты маңызды оқиғаларын білу басты міндет болғаны абзал.

Рамазан НУСІПОВ,
Алматы қаласы.

ҒТАХР/ IRSTI/ МРНТИ: 03.01.09

Инкәр ҒАЛЫМОВА,
 2-курс магистранты, әл-Фараби атындағы
 Қазақ ұлттық университеті,
 E-mail: i-n-k-a-r@mail.ru, Қазақстан, Алматы қ.

ОРТАҒАСЫРЛЫҚ АРАБ ТІЛДІ ЕҢБЕКТЕРДЕ ОРТАЛЫҚ АЗИЯНЫҢ ТАРИХЫ МЕН ГЕОГРАФИЯСЫНЫҢ ЗЕРТТЕЛУІ

XIX ғасыр Орталық Азияны шынайы ғылыми зерттеу дәуірін ашады. Географиялық зерттеулер осы мақсат үшін арнайы жабдықталған экспедициялармен жүзеге асырылады, оған әртүрлі мамандықтағы ғалымдар, соның ішінде шығыстанушылар кіреді. Азия туралы географиялық мәліметтер жиынтығын құру кезінде шығыс тілдеріндегі дереккөздер кеңінен қолданылады. Бұл ежелгі және орта ғасырлардағы Орталық Азия халықтарының өмірі туралы араб дереккөздерін зерттеу және аудару саласында байқалған прогрестің нәтижесінде мүмкін болды. Бір кездері болған мемлекеттердің шекаралары, халықтардың қоныс аударуы, сауда мен мәдени алмасулардың жолдары туралы нақты мәліметтер алынды. Зерттеу нысаны – Орталық Азия бойынша арабтілді географиялық және тарихи шығармалар. Мақаланың мақсаты – Орталық Азияның тарихы мен географиясы бойынша араб тіліндегі жұмыстар туралы ақпарат корпусын қалыптастыру. Нарративті дереккөздердің кең ауқымын жіктеуді жүргізу, араб жазба ескерткіштері мәліметтерінің кешенді деректанулық талдауын жүзеге асыру және оларды тұтас жүйе ретінде қарастыру. Тиісінше, компиляция деректанулық мәтіндік талдау үшін белгілі бір қиындықтар туғызады. Сонымен қатар, компиляция мәтіндік байланыстарды анықтауға, ақпарат хронологиясын құруға, бастапқы мәтінді қайта қарастыруға көмектеседі.

Түйін сөздер: Орталық Азия, тарих және география, зерттеулер, араб тіліндегі жұмыстар, мәліметтер, дереккөздер.

Инкар ГАЛЫМОВА,
 магистрант 2-го курса, Казахский Национальный
 университет имени Әл-Фараби,
 E-mail: i-n-k-a-r@mail.ru, Казахстан, Алматы

ИЗУЧЕНИЕ ИСТОРИИ И ГЕОГРАФИИ ЦЕНТРАЛЬНОЙ АЗИИ В СРЕДНЕВЕКОВЫХ АРАБОЯЗЫЧНЫХ РАБОТАХ

XIX век открывает эпоху подлинного научного изучения Центральной Азии. Географические исследования проводятся специально оборудованными для этой цели экспедициями, в которые входят ученые различных специальностей, в том числе востоковеды. При создании набора географических данных об Азии широко используются источники на восточных языках. Это стало возможным в результате прогресса, наблюдаемого в области изучения и перевода арабских источников о жизни народов Центральной Азии в древности и средневековье. Получены точные данные о границах некогда существовавших государств, переселении народов, путях торговли и культурного обмена. Объект исследования – арабоязычные географические и исторические произведения по Центральной Азии. Цель статьи – формирование информационного корпуса работ на арабском языке по истории и географии Центральной Азии. Проводить классификацию широкого круга нарративных источников, осуществлять комплексный источниковедческий анализ данных памятников арабской письменности и рассматривать их как целостную систему. Соответственно, компиляция создает определенные трудности для источниковедческо-текстового анализа. Кроме того, компиляция помогает выявлять текстовые связи, выстраивать информационную хронологию, переосмысливать исходный текст.

Ключевые слова: Центральная Азия, история и география, исследования, работы на арабском языке, сведения, источники.

Inkar GALYMOVA,
 2 nd year master's student
 Al-Farabi Kazakh National University,
 E-mail: i-n-k-a-r@mail.ru, Kazakhstan, Almaty

THE STUDY OF THE HISTORY AND GEOGRAPHY OF CENTRAL ASIA IN MEDIEVAL ARABIC LANGUAGE WORKS

The nineteenth century ushered in an era of genuine scientific study of Central Asia. Geographical studies were carried out by expeditions specially equipped for the purpose, which included scientists of various specialties, including orientalists. Sources in Oriental languages are widely used in the creation of the geographical dataset on Asia. This has been made possible by the progress observed in the study and translation of Arabic sources on the life of the peoples of Central Asia in antiquity and the Middle Ages. It has been possible to obtain precise data on the borders of once existing states, migrations of peoples, routes of trade and cultural exchanges. The object

of the research is Arabic-language geographical and historical works on Central Asia. The aim of the article is to form an information corpus of works in Arabic on the history and geography of Central Asia. To classify a wide range of narrative sources, to carry out a comprehensive source study analysis of these monuments of Arabic writing, and to consider them as an integral system. Accordingly, compilation creates certain difficulties for source-textual analysis. In addition, compilation helps to identify textual connections, build informational chronology, and rethink the source text.

Key words: Central Asia, history and geography, research, works in Arabic, information, sources.

Кіріспе. Мемлекеттіліктің дамуымен, этникалық аумақтың қалыптасуымен, мәдени мұраны анықтаумен, Орталық Азияның ортақ тарихи тағдырын көрсетумен байланысты бірқатар өзекті тарихи проблемаларды әзірлеудің ғылыми қажеттілігі негізінен сенімді дереккөз базасының қамтамасыз етілуімен байланысты. Шетелдік зерттеу тәжірибесі көрсетіп отырғандай, Орталық Азияның тарихи және географиялық процесінің әрбір кезеңі негізінен қандай да бір мәдени-тарихи жазба дәстүрінің ақпараттық қабатымен байланысты. Ерте орта ғасыр тарихы (VI-VIII ғғ.) ең алдымен Қытай және көне түркі жазба ескерткіштеріне негізделген. Орта Азия тарихының IX-XII ғғ. кезеңіне келсек, олардың негізгі ақпарат көзі IX-XV ғғ. жазылған араб тіліндегі тарихи және географиялық шығармалар болып табылады.

Араб жазба ескерткіштерін жеке-жеке және топтармен тарихи тұрғыдан зерттеуге ғалымдардың ұрпақтары бірнеше рет тартылды. Белгілі бір тарихи және деректанулық тәжірибе жинақталды. Алайда, осы уақытқа дейін XI-XV ғғ. араб шығармаларына деректанулық талдау жүргізілген жоқ. Бұл тәсіл қолда бар ақпараттың толықтығы мен дұрыстығы дәрежесін нақты бағалауға және шын мәнінде түркі халықтарының тарихы мен мәдениетін зерделеудегі жаңа бағалаулар мен қорытындылардың сенімді базасы болып табылатын әртүрлі дереккөздерден алынған нақты фрагменттердің топтамасын ішкі қарама-қайшы емес жүйеге айналдыратын ішкі байланыстарды анықтауға мүмкіндік береді.

Материалдар мен әдістер. Бүгінгі таңда Орталық Азия бойынша араб дереккөздерінің ең танымал зерттеушісі Б.Е.Көмеков. Нақты айтқанда, Б.Е.Көмековті бірінші және жалғыз деп атауға болады, өйткені оған дейін де, одан кейін де Орта Азия туралы ортағасырлық араб мәтіндерінің жиынтығын ешкім зерттеу тақырыбына айналдырмады [1]. Тек И.Ю.Крачковскийдің жұмысы бұл мәселені қамтиды, бірақ онда көрсетілген зерттеу саласы біршама кең. Көптеген зерттеушілер араб әдебиетінен аймақ туралы ақпарат алды, көпшілігі араб географтарының жеке хабарламаларын талдады. Алайда, олардың ешқайсысы, белгілі болғандай, араб дереккөздерінде қамтылған және Орталық Азияға қатысты барлық материалдарды жалпылауға әрекет жасаған жоқ. Ол таңдаған фрагменттер мүмкіндігінше хронологиялық тәртіппен орналастырылған. Егер сол материалмен жұмыс істеген көптеген зерттеушілер көбінесе дереккөздердің сыни тұрғыдан бағаламаса, онда С.Құдасов, Ж.М.Төлебаева, О.Қараев олардың әрқайсысын жалпы араб географиялық және әдеби дәстүр аясында, мәтіннің түпнұсқалығын, оның құрылу уақытын және ондағы бұрынғы шығармалардан ақпарат алудың болуын ескере отырып қарастыруға тырысты.

Талдау. Араб тіліндегі жазба ескерткіштер ке-

шенін талдау, ең ертеден бастап, саяхатшылардың жазбалары Тамим ибн Бахр (IX ғ.) және Саллям ат-Тарджуман (IX ғ.), атақты тарихшы Ибн Халдунның (XV ғ.) және географ Ибн әл-Вардидің (XV ғ.) еңбектеріне дейін ортағасырлық авторлардың ақпарат көздері мен өзара тәуелділігін анықтауға, әртүрлі сюжеттердің параллель орындарын белгілеуге, шығарма авторларының қауесеттері мен дәстүрлі идеяларына негізделген әрдайым сенімді емес мәліметтерді түзетуге, түркі этнонимдері мен топонимдерін түзетуге мүмкіндік береді [2]. Деректанулық талдау барысында Орталық Азия тарихына жататын мәліметтердің бастапқы және екінші қабаты анықталатын болады. Жүйелік тәсіл сонымен қатар дереккөздердің материалдарын кітап жазудың хронологиялық тәртібінде емес, бастапқы дереккөздердің шығу уақыты бойынша қарастыруға мүмкіндік береді. Араб дереккөздерінің барлық қол жетімді шеңберін зерттеу жаңа тарихи жалпылауға көшудің қажетті кезеңі болып табылады.

Зерттеу нәтижесі. Араб, дәлірек айтсақ, араб тіліндегі әдебиеттерде Орталық Азия әлемі туралы көптеген мәліметтер бар. Бұл аймақ туралы әртүрлі мазмұндағы 30-дан астам ортағасырлық араб мәтіндерінен – көркем шығармалардан, географиялық, тарихи, медициналық жазбалардан және навигация туралы трактаттардан табуға болады. Хронологиялық тұрғыдан олар IX-XVI ғасырлар аралығын қамтиды, яғни араб әдебиетінде Орталық Азия туралы алғашқы дәлелдер пайда болғаннан бастап отаршылдық дәуірдің басына дейінгі кезеңді қамтиды. IX ғ. ортасына қарай бізге жеткен мәтіндердің ең алғашқысы жатады, бірақ олардағы ақпарат, ең алдымен, ертерек кезеңге оралады [3]. Орталық аймақтағы араб дереккөздерінің бүкіл корпусын екі негізгі белгілер бойынша жіктеуге болады – хронологиялық және жанрлық ерекшеліктері бойынша. Бұл және басқа жіктеулер бірқатар қиындықтармен байланысты және өте шартты, өйткені қарастырылып отырған мәтіндердің нақты кездесуі де, ортағасырлық араб әдебиеті жанрларының нақты демаркациясы да мүмкін емес.

Негізгі дереккөздерге егжей-тегжейлі шолу төменде осы тарауда формальды хронологиялық тәртіппен жасалады. В.В.Матвеева және Л.Е.Куббеля қолданған материалды ұйымдастырудың бұл әдісі, басқа жақсы әдіс болмағаны үшін сақталған [4]. Алайда, бұл ортағасырлық араб жазбаларына тарихи дереккөз ретінде сілтеме жасау кезінде пайдасыз, өйткені жеке хабарламалар әрдайым мәтіннің өзімен сәйкес келе бермейді. Қарастырылған жұмыстардың көпшілігі ауызша және жазбаша дереккөздерге негізделген компиляция болып табылады. Азия әлемі туралы жазған авторлар, әдетте, Үндістаннан Шығысқа сапар шекпеді. Олар Парсы шығанағының порттарында ақпарат жинады, замандастарының

еңбектерінен ақпарат алды. Географтар сүйенген жазбаша дереккөздердің арасында оларға уақыт жағынан жақын араб мәтіндері де, б.з. I ғасырларынан кешіктірілмей даталанатын грек және үнді дереккөздері де болды [5]. Араб әдебиетінде Орталық Азия туралы әңгімелер көбінесе бір-бірін қайталайды, ал бұрынғы жұмыстардан алынған кең дәйексөздер бастапқы дереккөзге сілтеме жасамай келтіріледі. Сондықтан мәтінді құру уақыты (егер ол белгілі болса) әрқашан ондағы ақпаратты анықтауға мүмкіндік бермейді. Шынында да, бір жұмыста оның авторына арналған қазіргі заманғы мәліметтер екі жүз жыл бұрынғы ақпаратпен қатар жүруі мүмкін.

Алып Еуразия құрлығының қақ ортасында бірнеше елдің аумағын қамтитын кең өңір – Орталық Азия жатыр. Неғұрлым кең мағынада оны Орталық Еуразия, ал тар мағынада Орта Азия немесе Түркістан деп те атайды. Бұл аймаққа «әлемнің төбесіне» дейін көтерілген қауырсынды дала, тұзды шөлдер, құмды шөлдер мен биік таулар кіреді. Орталық Азиядағы барлық дерлік өзендер мұхитқа жетпейді және көлдерде аяқталады немесе құмдарда кебеді. Жазда ол ыстық және құрғақ, қыста аязды және желді-шұғыл континенталды климат. Қалалық және отырықшы-егіншілік өмір ежелден оазистерге, тау бөктері мен тауаралық алқаптарға таралып келеді, ал далалар мен шөлдердің кең байтақ далаларында бұдан жүз жыл бұрын пайда болды, мың, екі және үш мың жыл бұрын қожайындары малшы-көшпенділерден (алдымен ирандықтардан, кейін түріктерден) басқа ешкім өмір сүре алмады.

И.Ю.Крачковский араб әдебиетінің бес санын бөліп көрсетеді, оларда Орталық Азия туралы айтылады:

- саяхатшылардың әңгімелері;
- географиялық трактаттар;
- тарихи жазбалардағы бөлімдер;
- медициналық жұмыстар;
- теңізде жүзу нұсқаулықтары [6].

Бұл аймақ тарихы оқиғаларға өте бай және ежелгі дәуірден бастау алады. Үш ежелгі өркениеттің – алдыңғы Азия, Үнді және Қытай өркениеттерінің арасында орналасуы ежелден Орталық Азияның транзиттік сипатын анықтаған: дәл оның аумағы арқылы, Ұлы Жібек жолы бейнелі түрде анықталған керуен жолдары арқылы ежелгі мәдени орталықтар арасында тауарлар, идеялар, өнертабыстар, өнер түрлерімен алмасу жүрді. Бірақ бұл өзінің дамуына кедергі келтірмеді: біздің заманымызға дейінгі екінші мыңжылдықта Түркіменстанның Оңтүстік оазистерінде және Амудария, Сырдария сынды ұлы өзендерден құралған Орта Азия өзендерінің аймағында, біздің дәуірімізге дейінгі бірінші мыңжылдықтың басында қалалар менқайнаған өмір пайда болды [7]. Маргиана, Хорезм, Соғды, Бактрия, Ферғана және басқа салаларда егіншілік, қолөнер және сауда өркендеді. Мыңдаған жылдар бойы жемісті отырықшы-көшпелі Иран мен Тұранның диалогы тұрақты болды. Біз Орталық Азияның ежелгі дәуірі туралы иран, қытай жазба дереккөздерінен, сондай-ақ археология, эпиграфия, нумизматика және басқа да қосымша тарихи пәндер деректерінен білеміз.

Орта ғасырлардағы араб географиялық әдебиеті оған көз ретінде қарау кезінде ескерілмейтін бірқатар

ерекшеліктерге ие. Олардың ішінде компиляция (ортағасырлық араб әдебиетінің басқа жанрларына тән және тек араб әдебиеті ғана емес) және фактілер мен көркем әдебиеттің арасында айқын шекараның болмауы. Географиялық жазбаларда фантастикалық сипаттағы сюжеттердің болуы олардың фольклорлық шығу тегімен де, көркем және көркем емес әдебиеттер арасында нақты айырмашылықтың болмауымен де байланысты.

Әдетте, араб авторларының хабарламалары Орталық Азияның тарихи географиясы бойынша зерттеулер мен пікірталастардың тақырыбына айналды. Ғалымдар оларда кездесетін топонимдерді анықтауға, олардың қазіргі картадағы орнын анықтауға және басқа көздерден белгілі қалалар мен елдермен байланыстыруға тырысады. Тарихшыларды билеушілердің есімдері, соғыстар, көтерілістер, елшіліктер, саяси жүйе және дін туралы мәліметтер, тауарлар мен теңіз жолдары туралы ақпараттар, яғни география және сауда тарихы туралы мәліметтер қызықтырады. Сонымен қатар, орталық аймақтағы Араб дереккөздерінде этнографиялық сипаттағы мәліметтер бар – бұл ғимараттардың, костюмдер мен тағамдардың сипаттамалары, өмір мен әдет-ғұрып, мерекелер мен сот этикеті, отбасылық және неке қатынастары туралы, әдет-ғұрыптар мен аңыздар туралы әңгімелер [8]. Мұның бәрі әлі толық зерттелмеген бай материал. Алайда, осындай мәліметтер жиі аса маңызды мән береді. Зерттеу араб туралы куәліктерді негізгі ретінде ғана емес, тарихи және этнографиялық тарихи көзі түрінде зерделеу басталды.

Осылайша, осы типтегі мәтіндер аймақтың тарихы мен этнографиясының қайнар көзі ретінде аз қызығушылық тудырады. Олардағы топонимика қазіргі заманға жақын және басқа ортағасырлық араб әдебиеттерімен айтарлықтай алшақтайды, бұл бір жағынан географиялық атауларды анықтауға мүмкіндік береді, бірақ сонымен бірге басқа дереккөздердің хабарламаларына аз жарық түсіреді. Жоғарыда аталған ерекшеліктерге, теңіз анықтамалықтарының өте кеш кезеңге жататындығына және олардағы тарихи-этнографиялық мәліметтердің аздығына байланысты бұл мәтіндер осы жұмыстың шеңберінен тыс қалады. Лория Ахмад ибн Мажида мен Сулайман әл-Махри – бұл классикалық араб географиялық дәстүрінен өзгеше арнайы әдебиеттің ерекше түрі және олардың орталық аймақтың сипаттамалары жеке зерттеу тақырыбына айналуға лайық.

Егер тарих пен археологиядағы көшпенділік бағыт туралы айтсақ, онда олардың дамуы аталған үрдістер арнасында өтті. Шығыстанушылар үшін де, көшпенділердің әлеуметтік тарихымен айналысатындар үшін де инновациялық тәсілдер туралы мәселе әлдеқайда өткір болғанын ескерген жөн. Жоғарыда айтылғандай 1930 жылдардың ортасынан бастап көшпенділер тарихшылары (осы проблеманың хронологиялық аспектісін қарасақ та жеткілікті) формациялық ұғымдық торды «салу» әдістері мен тәсілдеріне, сондай-ақ формациялық модельдер шеңберінде көшпенділердің қоғамдық жүйелерін сипаттауға бірыңғай тәсілді тұжырымдай алмады. Бұл жағдай көшпенділер тарихының жекелеген кезеңдерінің мазмұны төңірегінде үнемі

бетпе-бет және сырттай (кітап беттерінде) пікір-таластар туғызды (патриархалды-феодалдық қатынастар туралы пікірталас, әсіресе, алғашқы кезеңдерде). Сонымен қатар, бұл пікірталастардың қарқындылығы 1950-1960 жж. өсті.

Р.Б.Көмекованың жұмысында маңызды орын орта ғасырдағы арабтардың Орталық Азия туралы қандай түсінікке ие болды, картадағы шашыраңқы нүктелер олардың санасында қалай біртұтасқа айналды және әлемнің жалпы көрінісінде аймаққа қандай орын берілді деген сұрақ туындайды [9]. **Зерттеушінің пікірінше, араб географиялық әдебиетінде Азия топографиясының үш түрлі тұжырымдамасы болған:**

- Птолемей тұжырымдамасы (б.з.ІІ ғ.);
- классикалық араб тұжырымдамасы (VIII-X ғғ.);
- навигация бойынша кейінгі еңбектерде дамыған қазіргі заманғы тұжырымдама.

Жаңа дәуірдің басында халықтардың ұлы қоныс аудару дәуірі басталды, ирандық мәдени ландшафт барлық жерде болмаса да, біртіндеп түркілерге ығыстырыла бастады: құрлықтың тереңінен ғасырдан кейін келген түркі көшпенділерінің толқыны Орта Азия даласының І және ІІ мыңжылдықтар шебіне қыпшақ атауын алуына әкелді (Дашт-и Қыпшақ, түркі тайпаларының бірінің аты бойынша). Содан кейін Түркістан атауы «түріктердің мекендейтін елі» мағынасында пайда болды, уақыт өте келе ол бүкіл аймаққа таралды. Арабтар мен парсылар мұсылман империясының құрамына кіргеннен кейін Орталық Азияны халифат деп атады және оны исламдау процесі басталды. Өз атауын мұсылмандар мен ортаазиялық сөз арасында беріп, оны Мавераннахр деп атады. Мавераннахрдың ортағасырлық тарихы шығыс тілдеріндегі, негізінен парсы тіліндегі жазбаша дереккөздердің көптігі мен танымал.

XIII ғ. Мавераннахр да, Дашт-та-Қыпшақ та адамзат тарихындағы ең ұлы құрлықтық империя – Ұлы Моңғол ұлысының құрамына кірді, ал ол ыдырағаннан кейін Шыңғыс хан империясының бұрынғы мұрагерлері болған түрлі моңғол және түркі мемлекеттеріне айналды. Моңғол дәуірі Орталық Азияда, астанасы Самарқандта, әйгілі жаулап алушы және мемлекет қайраткері Темірланның қуатты империясы (Әмір Темір) пайда болуымен аяқталды, оның есімі әр оқушыға белгілі.

Кіріспе. XIX ғасырда ресейлік экспедициялар Оңтүстік Қазақстанның экономикалық мүмкіндіктерін зерттей бастады. Бұл аймақтағы отаршылдық биліктің негізгі міндеттерінің бірі аграрлық отарлауды қамтамасыз ету мақсатында аумақтарды зерттеу болды. Осылайша П.А.Скрыплевтің басшылығымен 1906-1913 жылдары оңтүстік Қазақстан жерін зерттеу басталды. Сарапшылар мен зерттеушілер «Қырғыздардың (қазақтардың) жер пайдалану бойынша Сырдария статистикалық партиясы жинаған және әзірлеген материалдары» (әрі қарай «ҚЖПМ») тарихи дерек көзі ретінде сирек пайдаланады. Осы себепті Сырдария облысы тұрғындарының жер пайдалануын және П.А.Скрыплевтің басшылығымен Статистикалық

жұмыстардың ерекшеліктерін зерттеу өзекті болып отыр. Айта кетейік, Сырдария ауданындағы статистикалық жұмыстарға Шымкент, Қазалы, Перовск, Әулиеата уездері және Шу өзені мен Талас өзенінің төменгі ағысының аудандары кірді. «ҚЖПМ» Ташкентте жарияланған.

Материалдар мен әдістер. Қарастырылып отырған мәселенің деректік базасын Сырдария облысына арналған «Қырғыздардың (қазақтардың) жер пайдалану материалдары...» дереккөздері құрайды. «ҚЖПМ» қазақ халқының этникалық тарихын, қазақ дәстүрлі шаруашылығының ерекшеліктерін зерттеуде баға жетпес дереккөз. Мәселені қарастыру барысында тарих ғылымдарындағы жалпы методология-

лық қағидалар пайдаланылды.

Талдау. Оңтүстік өңірді зерттеу нәтижесінде жинақталған, «Қырғыздардың (қазақтардың) жер пайдалану бойынша Сырдария статистикалық партиясы жинаған және әзірлеген материалдары» Қазақстанның оңтүстік өңірлеріндегі егіншілік және мал шаруашылығы туралы құнды мәліметтер береді. «ҚЖПМ» қазақ тарихын зерттеуде дереккөз ретінде жиі қолданыла бермейді. Сырдария өңірі және экспедиция туралы ақпарат А.Кауфман, П.Скрыплев және П.Румянцев секілді ғалымдар еңбектерінде кездеседі. Отандық зерттеушілерден бұл тақырыптың зерттелу деңгейі Н.Тәсілова еңбектерінен көрініс тапты.

Зерттеу нәтижелері. XX ғасырдың басында Жетісу және Сырдария облыстары Ресейден шаруалардың жаппай келуіне байланысты қоныс аударатын аудандар болып жарияланды. Алайда Сырдария облысының жерлерін отарлау Жетісу өңіріне қарағанда басқаша жүргізілді. Бұған өңірдің географиялық, климаттық және экономикалық ерекшеліктері себеп болды. Бұл өз кезегінде жергілікті тұрғындардың ауыл шаруашылығының сипатына әсер етті. Қазақстанның оңтүстік өлкесінің аймақтарында байырғы тұрғындар көбіне суармалы егіншілікпен, аз мөлшерде мал шаруашылығымен айналысқан. Сырдария облысында егіншілік Дала облыстарына қарағанда әлдеқайда жақсы дамыған. Шымкент уезінің статистикалық кестесі бойынша өңірдегі шаруашылықтың негізін бидай, тары мен құнақ құрайды. Сондай-ақ, жүгері, күріш, мақта, күнжіт, сұлы, қауын, жасымық, арпа және бұршақ кездеседі (МКЗ, 1908).

1906 жылы статист маман П.А.Скрыплев Шымкент, Әулиеата, Қазалы, Перовск уездерінде зерттеу жұмыстарының жетекшісі болды. 1905 жылы Петр Андрейұлы денсаулығы нашарлауына байланысты қоныс аудару бөліміне оны Оңтүстік бөліктердің біріне ауыстыру туралы өтініш береді. Көші-қон бөлімінің бастығы бұл өтінішті қабылдап, 1906 жылдың 1 наурызында П.А.Скрыплев Сырдария статистикалық партиясының уақытша басшысы болып тағайындалды. Аймақты зерттеуді П.А.Скрыплев 1906 жылдан бастайды, бірақ 1913 жылдың наурыз айының басында ол экспедиция аяқталғанға дейін қайтыс болды. Дегенмен, ол Түркістан өлкесінің қоныс аударушылары мен қазақтардың шаруашылығы туралы құнды материалдар қалдырды, Сырдария облысының «ҚЖПМ» алғысөзін қалдырды және бірнеше тарауларды редакциялады (Эсенкулов, 2017). Осыдан кейін басшылық пен қалған жұмысты И.И.Рылов өз қолына алды, ол көбінесе жиналған деректерді зерттеп, өңдеумен айналысқан.

П.А.Скрыплев Сырдария облысын зерттеуде Ф.Щербина экспедициясының мәліметтері бойынша үнемі салыстырмалы талдау жүргізіп отырған. Ф.Щербина шаруашылықты зерттеудің «бюджеттік» әдісін қолданған. Оның экспедициясы пайдаланған зерттеу әдістері бірнеше қазақ үй шаруашылықтары үшін бюджеттер жасауды, осы бюджеттерді бұқаралық деректермен салыстыруды қамтыды. Экспедиция сонымен қатар бюджеттік әдіс туралы негізгі идеяны ұстанды. Бұл экономика-

лық құбылыстар жергілікті өндіріс әдістері мен әлеуметтік жағдайлардың ерекшеліктеріне сәйкес зерттелуі керек (Campbell, 2017). Бұл экспедиция материалдарының құндылығын арттырып, Оңтүстік Қазақстан аумағында шаруашылық жүргізудің өзіне тән ерекшеліктерін көрсетті. Сонымен қатар, карточкалар мен анкеталарда жинақталған деректер ауылдар мен болыстардың ақсақалдарынан қайта сауалнама алу арқылы нақтыланды (Тәсілова, 2017).

Статистикалық партияның құрамы үнемі өзгеріп отырды. Алайда экспедицияның негізгі құрамы өзгерген жоқ. Зерттеулер Шымкент уезінен басталды. Осы уездің қоныс аудару басқармасы «ҚЖПМ» 1908 жылы және екі бөлімді 1910 жылы шығарды. Шымкент уезінде статистикалық зерттеуді үш негізгі жасақ жүзеге асырды (МКЗ, 1908).

1906-1913 жылдары Сырдария облысының Шымкент, Әулиеата, Перовск, Қазалы уездерінде зерттеу осы өңірлерді білікті мамандардың алдын ала тексеруінен және жұмыстарды жүргізу қажеттілігін негіздейтін қаулы шығарғаннан кейін жүргізілді. Осылайша белгілі статист А.А. Кауфман 1903 жылы Түркістанға жасаған сапары туралы есебінде бұл жерлерді статистикалық партиялармен зерттеу қажеттілігін негіздеді. Баяндамада ол Сырдария қазақтарының жер пайдалануы мен шаруашылығының Ақмола және Торғай облыстары қазақтарының тұрмыс жағдайларынан және шаруашылығынан айырмашылығын атап өтті. Қазақстанның оңтүстік өңірлерінің басты айырмашылығы суармалы егіншіліктің және егіншілік кәсіпшілігінің дамуы болып табылады (Кауфман, 1903). Оңтүстік өңірдің кей жерлерінде егіншілік едәуір дамыды, ал мал шаруашылығы қосалқы болған. Мысалы, Шымкент уезінің халқы отырықшы егіншілікпен айналысады, көшпенділер тек 16,62 % құраған (Румянцев, 1910). Сол себепті зерттеу бағдарламасында жер шаруашылығына қатысты бөлім кеңейтілді. Сәйкесінше, мал шаруашылығы жағын сипаттайтын бағдарламалардың бір бөлігі қысқартылды. Аймақта егіншілікпен қатар мал шаруашылығы да маңызды рөл атқаратындықтан, мамандар осыны ескере отырып кесте жасаған. Сондықтан егіс алаңы бойынша топтастыру негізгі болып саналды. П.А.Скрыплев атап өткендей, шаруашылықтарды жылқылардың саны бойынша топтастыру шаруашылықтың қазақ түріне сәйкес келеді, себебі жылқы көшпенділік атрибуты саналған. Санақ мекемесінің дерегі бойынша 1924 жылы Қазақстанда 1,665,734 бас жылқы болған. Сондай-ақ, Сырдарияда 60 % қой болған (Шонанұлы, 2015).

1908 жылы Шымкент уезіне арналған «ҚЖПМ» аудармашылар арқылы сауалнама жүргізу қажеттілігі ең үлкен қолайсыздық болғанын атап өтті. Бұл өз кезегінде қарапайым сауалнамаға қарағанда екі есе көп уақытты қажет етті. Мұндай жұмысқа сәйкес келетін аудармашыларды табу күрделі болды. Сонымен қатар, Түркістан өлкесінде алғаш рет зерттеу жүргізуге кіріскен Сырдария статистикалық партиясы үшін бұл қиындық одан сайын күшейе түсті. Сондай-ақ, дереккөзде аудармашылар орыс және қазақ тілдерін жақсы меңгерумен қатар, міндетті түрде саналы және адал адам болуы тиіс

екендігі көрсетілген. Нәтижесінде партия қазақтар, татарлар мен орыстардың аудармашыларына тоқталды. Жер пайдалану материалдарында Сырдария уездерін зерттеген қазақтар тіркеуші, бухгалтер, корреспондент, аудармашы ретінде қатысқан, бірақ дереккөздерде олардың аттары аталмайды.

Қорытынды. Сөз соңында, «ҚЖПМ» шаруашылықты, әлеуметтік экономиканы және Қазақстан тарихын зерттеудегі маңызды дереккөз болып табылады. Бұл дереккөзді зерттеу нәтижелері XIX ғасырдың аяғы мен XX ғасырдың басындағы қазақ жері тарихының жандануына үлес қосатыны анық.

ӘДЕБИЕТТЕР

Кауфман А.А. К вопросу о русской колонизации Туркестанского края: отчет члена Ученого Комитета М-ва З. и Г.И. А.А.Кауфмана по командировке летом 1903 года. СПб: Тип. В.Ф. Киршбаума, 1903. 205 с.

Материалы по киргизскому землепользованию, собранные и разработанные Сыр-Дарьинской статистической партией. Ташкент: Типография Штаба Туркестанского военного округа, 1908. 639 с.

Румянцев П.П. Киргизский народ в прошлом и настоящем. СПб, 1910. 66 с.

Тасилова Н.А. «Қырғыздардың (Қазақтардың) жер пайдалану материалдары...» - қазақ қоғамының рулық-тайпалық құрылымы тарихының дерек көзі (XIX ғ. соңы - XX ғ. басы). 2-е изд. Алматы: «Қазақ университеті», 2017. 151 с.

Эсенкулов Н.Ж. Особенности обследования аграрно-экономического положения Сыр-дарьинской области экспедицией П.А. Скрыплева в 1906–1913 гг. Вестник науки и образования, 2017. С. 42–45.

Campbell I.W. Knowledge and the ends of empire. Kazak

Intermediaries and Russian Rule on the Steppe, 1731–1917. Ithaca: Cornell Univ. press, 2017. 273 p.

REFERENCES

Kaufman A.A. K voprosu o russkoi kolonizacii Turkestanskogo kraia: otchet chlena Uchenogo Komiteta M–va Z. i G.I. A.A.Kaufmana po komandirovke letom 1903 goda [On the question of the Russian colonization of the Turkestan region: a report by a member of the Scientific Committee of M. Z. and G.I. A.A.Kaufman on a business trip in the summer of 1903]. – SPb: Tipografiya V.O.Kirshbauma, 1903. 205 p [in Russian].

Materialy po kirgizskomu zemlepol'zovaniyu, sobrannye i razrabotannye Syr-Dar'inskoi statisticheskoi partiei. Tashkent: Tipografiya Shtaba Turkestanskogo voennogo okruga [Materials on Kyrgyz land use collected and developed by the Syr-Darya Statistical Party]. – Tashkent, 1908. 639 p [in Russian].

Rumyancev P.P. Kirgizski narod v proshlom i nastoyashchem [The Kyrgyz people in the past and present]. – SPb, 1910. 66 p [in Russian].

Tasilova N.A. «Qyrgyzdardyn (Qazaqtardyn) zher paidalanu materialdary...» - qazaq kogamynyn rulyg-taipalyq qurylymy tarihnyn derek kozi (XIX g. sony - XX g. basy) [Materials of Kyrgyz (Kazakhs) land use... - a source of the history of the tribal and tribal structure of Kazakh society (late XIX - early XX centuries)]. – Almaty: «Qazaq universiteti», 2017. 151 p [in Kazakh].

Esenkulov N. ZH. Osobennosti obsledovaniya agrarno-ekonomicheskogo polozheniya Syr-dar'inskoi oblasti ekspeditsiei P.A. Skrypleva v 1906–1913 gg [Features of the survey of the agrarian and economic situation of the Syr-Darya region by the expedition of P. A. Skryplev in 1906–1913]. – Vestnik nauki i obrazovaniya, 2017. P. 42–45 [in Russian].

Campbell I. W. Knowledge and the ends of empire. Kazak Intermediaries and Russian Rule on the Steppe, 1731–1917. Ithaca: Cornell Univ. press, 2017. 273 p.

ҒТАХР/ ІRSTI/ МРНТИ: 03.20.00

Парасат КАМАЛОВА,

2-курс магистранты, Х.Досмұхамедов атындағы Атырау университеті, E-mail: parasat99@mail.ru, Атырау, Қазақстан

АТЫРАУ Өңіріндегі Қараусыз Қалған Балаларды Қорғау (XX ғасырдың 20-30-жылдары)

Мақалада XX ғасырдың 20-30-жылдарындағы қараусыз қалған балаларды қорғаудың тарихы Атырау облыстық мұрағатының материалдары мысалында қарастырылады. Қазақ қоғамында дәстүр бойынша жетімдер, жетімдер үйі болмағанымен, Қазақстанда XX ғасырдың басында қорғансыз балалардың пайда болу себептері келтірілген. Олардың көптеп пайда болуына азаматтық соғыс, жұт және құрғақшылық себеп болды.

Биылғы жылы 100 жыл толып отырған 1922 жылғы ашаршылықтың бірнеше себебі болды: біріншіден – жұт, екіншіден – қуаңшылық, үшіншіден – азамат соғысы. Бұл жөніндегі, әсіресе, еліміздің батыс өңіріндегі 1921-1922 жылдардағы халық арасындағы ашаршылықтың себептері мен салдарлары, тарихы мақалада кеңінен қарастырылады.

Кілт сөздер: қараусыз қалған балалар, жұт, қуаңшылық, азамат соғысы, ашаршылық, қаңғыбас балалар.

Parasat KAMALOVA,
2nd year masters, Atyrau University named after H. Dosmukhamedov,
E-mail: parasat99@mail.ru, Atyrau, Kazakhstan

PROTECTION OF HOMELESS CHILDREN IN THE ATYRAU REGION *(20-30 s of the XX century)*

The article discusses the history of the fight against child homelessness in the 20-30s of the XX century on the example of archival materials of the Atyrau Regional Archive. The reasons for the appearance of homeless children in Kazakhstan are given, although traditionally in Kazakh society there were no orphans, orphanages. The reasons for the appearance of a large number of orphans at the beginning of the 20th century were civil war, jute and drought.

There were several reasons for the famine of 1922, which this year marks the 100th anniversary: first - famine, second - drought, and third - civil war. In this regard, the article discusses in detail the causes and consequences of the famine, especially in the western part of the country in 1921-1922.

Keywords: homeless children, famine, drought, civil war, famine, homeless children.

Парасат КАМАЛОВА,
магистрант 2-го курса, Атырауский университет имени Х.Досмухамедова,
E-mail: parasat99@mail.ru, Атырау, Казахстан

ЗАЩИТА БЕЗДОМНЫХ ДЕТЕЙ В АТЫРАУСКОЙ ОБЛАСТИ *(20-30-е годы XX века)*

В статье рассматривается история борьбы с детской безпризорностью в 20-30-е годы XX века на примере архивных материалов Атырауского областного архива. Приводятся причины появления безпризорных детей в Казахстане, хотя традиционно в казахском обществе не было детей сирот, детских домов. Причинами появления большого количества детей-сирот в начале XX века были гражданская война, джут и засуха.

Причин голода 1922 года, которому в этом году исполняется 100 лет, было несколько: первая – голод, вторая – засуха, третья – гражданская война. В связи с этим в статье подробно рассматриваются причины и последствия голода, особенно в западной части страны в 1921-1922 гг.

Ключевые слова: безнадзорные дети, голод, засуха, гражданская война, беспризорники.

Кіріспе. Қай ұлттың болмасын басынан небір қиын кездер өткені, өз халқының бастан кешкен басты қайғылы-тағылымды оқиғалары жөнінде тарих беттерінде жазылып келеді. Біздің қазақ халқы үшін XX ғасырдағы сондай сұрапыл оқиғалардың арасында 1921-1922 жылдар мен 1931-1933 жылдарды қамтыған ашаршылықтың зардабы аса зор болды.

Осы ашаршылықтың және соғыстың зардабынан қазақ даласында қараусыз қалған қаңғыбас балалар көбейді. Бұған дейін жетім-жесірін жылатпаған дәстүрлі жүйемізде «Балалар үйі» пайда болды.

Зерттеу материалдары мен әдістері. Тарихи оқиғаларды сипаттауда, тарихи шындықты анықтау барысында, сонымен бірге объективті тұжырымдарды қабылдау үшін әр түрлі дереккөздерді пайдалану аса маңызды. Мысалы, кез келген дерек түрінің өзіндік ерекшеліктері бар. Біз қарастырылатын отырған дерек түрі – архив деректері қатарына жатады. Себебі соңғы жылдары тарих ғылымында архив деректері кешенін қолдану және олардың ғылымдағы маңызы туралы мәселелер қарастырылып жүр.

Зерттеу жүргізу барысында алынған негізгі дерек көзі – еліміздің батыс өңіріндегі 1921-1922 жылдардағы халық арасындағы аштық туралы Атырау облыстық мемлекеттік архивінің деректері. Қазіргі таңда тарих ғылымы барынша кешенді зерттеуді талап етеді. Әдістеме тұрғысынан қарағанда, архив деректерін кеңінен қолдану жаңаша көзқарастың қалыптасуына ықпал ете алады. Мақаланы жазу барысында тарихи-жүйелілік принципі басшылыққа алынды.

Талдау мен зерттеу нәтижелері. Ашаршылықтың салдарынан ел көлемінде көбейіп кеткен қа-

раусыз қалған қаңғыбас балаларды қорғау, яғни қаңғыбастықпен күресу үшін мемлекет деңгейінде арнайы Қаулылар мен Ережелер қабылдана бастайды. Ол құжаттардың мақсаты панасыз қалған жетім балаларды қамқорлыққа алу бойынша нақты шаралар қабылдау болып табылады. Соғыс пен аштықтың салдарынан ата-анасыз қалған жетім балалардың қаңғыбастыққа салынуы, олардың криминалды элементтерге жақындауы және басқа да мәселелер кеңес үкіметінен ол балаларды кеңестік тәртіп пен идеологияға, еңбекке баулу, қоғамға бейімдеу бойынша шұғыл шаралар қабылдауға мәжбүр етті.

Сонымен қатар XX ғасырдың 20-30-жылдарындағы Кеңес мемлекетіндегі ашаршылық, мыңдаған жас балалардың аштыққа ұшырауы туралы ақпарат бір-қатар шетелдік ұйымдарға белгілі болды. Осыған байланысты «Аштыққа ұшырағандарға көмек беру ұйымы» секілді ұйымдар жәрдем бере бастады. Атап айтқанда, тамақтандыру пункттері, асханалар Орынбор, Орал қалаларында ашылды.

Жұт пен қуаңшылықтың себебінен дәнді-дақылдардың өнімі күрт төмендеп, егістік жерлер көлемі қысқарды. 1922 жылы егістік көлемі 1920 жылмен салыстырғанда екі есеге азайып, яғни 3,289 мың га. дан 1.782 мың га. кеміп кетті. Орал губерниясының 4 уезінде егістік көлемі 1917 жылмен салыстырғанда 1922 жылы 65 пайызға төмендеді.

Мұрағат құжаттары бойынша Орынбор, Қостанай, Орал, Ақтөбе губерниялары мен Бөкей ордасында ашаршылыққа ұшырағандар 1921 жылы 1,5 млннан асқан [1, 12-п.]. Кеңес үкіметі тұсындағы мақала хронологиясы шеңберіндегі кезеңдегі балалар өлімін П.И.Куркин жазып, оның себебіне талдау жасайды [2].

Қуаңшылық пен жұт салдарынан туындаған аштықтан жас балалар шығынының көбеюіне байланысты мемлекет арнайы шаралар қабылдай бастайды. Оның ішінде медициналық көмек, дәріханалар ашу, тамақтандыру бекеттерін ашу, балалар үйлерін ұйымдастыру болды [37].

Атырау облыстық мемлекеттік мұрағатының құжаттарына сүйенер болсақ, бұл жағдай еліміздің батыс өңірінде де кең таралды. Қазіргі Атырау, бұрынғы Гурьев қаласы ретінде танылған батыс аймақта 1921 жылы Гурьев уездік комиссиясының шешімімен ашаршылық кезінде аш қалған отбасыларға көмек көрсету мақсатында арнайы шаралар алына бастады. 1922 жылы наурыз айлары мен сәуір айында барлығы 850 адам аштыққа ұшыраған делінсе, оның ішінде жұмысқа жарамды 338 адам, жұмысқа жарамсыз 405 адам туралы жазылған. *«На основании постановлений Окр исполкома от 16/X-33 г. По борьбе с детской беспризорностью Гур. Окр Дет комиссия сообщает, что Гур. Райдет комиссия переходит в Окр Деткомиссию, а все Райдеткомиссии переходят не посредственно подчиненных в Окр деткомиссию под руководством Окр. исполкома где председателями является зам. пред.Окр. исполком тов. Силянин Райдеткомиссии должен быть пред Рик «а поэтому Окр Дет комиссию предполагает всем райдеткомиссиям немедленно приступать к работе по борьбе с детской беспризорности по улучшению быта Дет. Дома по подготовке их к зиме и также просим вас выслать сведения по данной вам форме»* [4]. Осылайша қараусыз балаларды қыс мезгіліне дайындаған. Панасыз қалған балаларды қабылдау кезінде оларға арнайы жеке сауалнама, яғни жеке парақ ашылған. Онда баланың аты-жөні, жасы, ұлты, табысы, мүлкі туралы сұралады. Сауалнаманы толтырып болған соң оларға қажетті керек-жарақтар берілген (етік, күртеше, іш киім, бас киім, шыны, кесе мен шәйнек және т.б.).

Батыс аймақтардан көптеген балалар 1928 жылы ашылған «Юнком» балалар үйіне ауысып келгендігі туралы мәліметтер бар. Мұрағат құжаттарында панасыз қалған балаларды қабылдау мен оларды тәрбиелеуші ұстаздарды қалай жұмысқа алғандығы туралы, актілер мен арыздар жазылған көп мәліметтерді көре аламыз: *«На питание одного воспитанника детского дома «Юнком» в г. Гурьев по установленной норме на 1928/1929 бюджет. год отпускается 20,5 коп. в день; этого явно недостаточно даже при тех ценах на продукты питания прошлого года, которые существовали при составлении сметы, при существующих же ценах на продукты питания 26,5 коп. совершенно недостаточно, а потому ОКРОНО просит разрешить увеличить норму питания до 46 коп. на воспитанника в день, что составит 75 % увеличения. Увеличение питания должно пойти за счет остатков по статье 3 операционно-эксплуатационных расходов / от питания / получившихся от неполного комплекта воспитанников / 62 в место 80/. В подтверждение своего требования ОКР. ОНО представляет следующие данные:*

Осы құжатта бөлінетін азықтың калориясы келесідей болып берілген:

Ет-200 гр. – 276 калорий.

Нан – 600 гр. – 900.

Қант – 3 гр. – 12.

Крупалар – 6 гр. – 19,5.

Ұн – 4 гр. – 14,5.

Шәй – 1 гр. –

Барлығы: 1222 калория» [5].

1933 жылғы мұрағат деректеріне сәйкес ашаршылық кезінде панасыз қалған балалардың паналаған балалар үйлері туралы, олардың қай ауданнан келгендері жайлы, балалар үйіне көрсетілген көмектер мен азық-түлік мөлшерлері туралы мәліметтер бар. Сондай-ақ, *«1933 жылы Луначарская №41 мекен-жайы бойынша балалар үйіне шілде айында 57 бала келіп, барлық бала саны 117, 6 бала қашып кеткен, 14-і басқа балалар үйіне ауыстырылса, 1 бала жұмысқа тұрған, 2 бала ауруханада, балалар үйінде 8»*, – деп көрсетілген. Нақтылап айтар болсақ, 86 бала сол балалар үйінде қалып, оның ішінде 3-7 жас аралығындағы балалардың саны 38 болса, 8 жастан 13 жасқа дейінгі балалар 43, 13 жастан асқандар 5 бала болған [6].

1933 жылы шілде айында Гурьев балалар үйіндегі балалар саны – 38, лагерьге кеткені – 17, тамыз айында – 64, маусым айында – 26, мамыр айында – 32, ақпан айында – 33, қаңтар айында – 14 бала келіп түскен. Әр келген баладан анықтама алынып отырған, кейбіреуінде құжат болмаған, ата-аналары жоқ, мүлкі жоқ балалар да болған [7].

Қорытынды. 1929 жылдың қараша айында өткен Кіші комиссия отырыстарында төраға Ливкина панасыз қалған балалардың нақты саны мен олардың жеке белгіленген сауалнамалары бойынша жағдайларын анықтау туралы, сонымен қатар жүргізілген жұмыстар бойынша жұмыс жоспарын құру мен әр аптаның жұма күні кешкі сағат 18:00-де комиссия мүшелеріне жиналып отыруға хаттамаға қол қояды. 1929 жылдың 22 қарашасында Орталық атқару комитеті «Баспанасыз балалармен соңғы екі жылда жүргізілген жоспарлы жұмыстар өзінің жағымды нәтижесін берді» деп атап өтеді [8].

ӘДЕБИЕТТЕР

Государственный архив Актыубенской области (ГААКО). ф.3; оп.1, д.16.

Куркин П.И. Санитарно-статистические таблицы. М., 1925-1926. – 57 с.

Резолюции и постановления II Съезда Советов КССР. 4-10 октября 1921г. – Оренбург, 1921. – 26 с.

Государственный архив Гурьевской области (Бұдан әрі – ГАГО). Ф-69, оп.1, д-107, л.15.

ГАГО.Ф-69, оп-1, д-71, л.230.

ГАГО.Ф-69, оп-1, д-103, л.81.

ГАГО.Ф-109, оп.1, д-24, л.18.

ГАГО.Ф-8, оп.1, д-3, л.6.

TRANSLITERASIA

Gosudarstvennyi arhiv Aktübenskoï oblasti (GAAKO). f.3; op.1, d.16.

Kurkin P.I. Sanitarno-statisticheskie tablisy. M., 1925-1926. – 57 s.

Rezoliüsii i postanovlenia II Sezda Sovetov KSSR. 4-10 oktäbrä 1921 g. – Orenburg, 1921. – 26 s.

Gosudarstvennyi arhiv Gurevskoi oblasti (Büdan äri – GAGO). F-69, op.1, d-107, l.15.

GAGO.F-69, op-1, d-71, l.230.

GAGO.F-69, op-1, d-103, l.81.

GAGO.F-109, op.1, d-24, l.18.

GAGO.F-8, op.1, d-3, l.6.

ҒТАХР/IRSTI/ МРНТИ: 03.01.45, 03.20

ӘОЖ 372: 893

Гүлқыз ЖУСАНБАЕВА,
тарих ғылымдарының кандидаты, аға оқытушы,
Абай атындағы Қазақ Ұлттық педагогикалық университеті,
Тарих және құқық институты. E-mail: gulkiz61@mail.ru, Алматы. Қазақстан

ҚҰЗЫРЕТТІЛІК – НӘТИЖЕГЕ БАҒЫТТАЛҒАН БІЛІМ БЕРУ НЕГІЗІ

Бұл мақалада бәсекеге қабілетті дамыған мемлекеттің сауатты, кәсіби тұрғыдан жан-жақты, рухани дүниесі бай шығармашыл тұлғасын қалыптастыру үшін білім жүйесіндегі қазіргі заманғы білімнің мақсаты мен басты стратегиялық бағдары айтылған, онда білімге бағытталған мазмұнды құзыреттілік, яғни нәтижеге бағдарланған білім мазмұнына алмастыру қажеттілігі көрсетілген.

Отандық және шетелдік ғалымдар, педагогтар, психологтар еңбектерінде көрініс тапқан. Ғалымдардың құзыреттілік мәселелері туралы пікірлері және оқыту үдерісіндегі құзыреттілік ұғымына, терминіне берілген анықтамалар туралы баяндалған.

Мақалада тарих пәні бойынша жаңа әдістерді қолданып оқытуда нәтижеге бағытталған іс-әрекетті құзыреттілік тұрғыдан жүзеге асыру – негізгі міндет ретінде қарастырылып, құзырлылық оқушының, яғни жеке тұлғаның іс-әрекетінің сапасынан көрінетін білім нәтижесі болып табылатындығы қарастырылған.

Кілт сөздер: Құзыреттілік, шығармашылық тұлға, түйінді құзыреттіліктер, нәтижеге бағытталған іс-әрекет, модульдік технология, оқытудың ақпараттық технологиясы.

Гүлқыз ЖУСАНБАЕВА,
кандидат исторических наук, старший преподаватель,
Казахский национальный педагогический университет имени Абая,
Институт истории и права. E-mail: gulkiz61@mail.ru, г. Алматы. Казахстан.

КОМПЕТЕНТНОСТЬ – ОСНОВА РЕЗУЛЬТАТИВНОГО ОБРАЗОВАНИЯ

В данной статье обозначены цели и основные стратегические направления современного образования в системе образования по формированию компетентной, профессионально разносторонней, духовно богатой творческой личности конкурентоспособной развитой страны, в которой подчёркивается необходимость замены знаниях компетенций на ориентированные на результат содержание.

Это нашло отражение в работах отечественных и зарубежных ученых, педагогов и психологов. Мнения ученых по вопросам компетентности и определения понятия, термина компетентность в процессе обучения.

В статье рассматривается, что основной задачей в обучении истории с использованием новых методов является осуществление результативной деятельности в плане компетентности, а компетентность – это результат знаний, отраженный в качестве действий учащегося.

Ключевые слова: компетентность, творческая личность, ключевые компетенции, нацеленность на результат, модульная технология, информационные технологии образования.

Gul'kyz ZHUSANBAYEVA,
Candidate of Historical Sciences, Senior Lecturer,
Kazakh National Pedagogical University named after Abai,
Institute of History and Law. E-mail: gulkiz61@mail.ru, Almaty. Kazakhstan.

COMPETENCE IS THE BASIS OF OUTCOME EDUCATION

This article outlines the goals and main strategic directions of modern education in the education system for the formation of a competent, professionally versatile, spiritually rich creative personality of a competitive developed country, which emphasizes the need to replace knowledge competencies with result-oriented content.

This is reflected in the works of domestic and foreign scientists, teachers and psychologists. Opinions of scientists on competence and the definition of the concept, the term competence in the learning process

The article considers that the main task in teaching history using new methods is to carry out effective activities in terms of competence, and competence is the result of knowledge reflected in the quality of the student's actions.

Keywords: competence, creative personality, key competencies, focus on results, modular technology, information technologies of education.

Кіріспе. «Қазақстан Республикасындағы білім беруді дамытудың 2025 жылға дейінгі тұжырымдамасында» қазіргі заманғы орта білімнің мақсаты мен басты стратегиялық бағдары айтылған, онда білімге бағытталған мазмұнды құзыреттілік, яғни нәтижеге бағдарланған білім мазмұнына алмастыру қажеттілігі көрсетілген.

Бәсекеге қабілетті дамыған мемлекет болу үшін біз сауаттылығы жоғары елге айналуымыз керек. Барлық жеткіншек ұрпақтың функционалдық сауаттылығына да зор көңіл бөлу қажет. Сондықтан білім берудің мазмұнын жетілдіре отырып, үздіксіз білім беру арқылы оқушыларды жеке тұлға ретінде қалыптастырып, оқушыларды жан-жақты жетілдіру мәселесі бүгінде күн тәртібіне қойылғанын көріп отырмыз.

Бүгінгі күні «құзыреттілік» ұғымы оқыту үдерісінде білімді қолданудың негізгі нәтижесі ретінде қарастырылуда.

Құзыреттілікті қалыптастыру – білім беру саласының өзекті мәселесі. Күн сайын адамға көптеген ақпарат тасқыны келеді. Ал оқу мазмұны мен оқыту әдістері ескі сарында қалып қояуда. Сондықтан білім берудегі әлеуметтік қажеттілікпен ол қажеттілікті қанағаттандырудың арасындағы қарама-қайшылық білім беру саласының дағдарысына әкеліп соғуда. Сол себепті оқытушылардың әдістемелік шығармашылығын дамытуды педагог-мамандардың біліктілігін жетілдіру жүйесінде ұйымдастыруды олардың кәсіби құзыреттілігі кезінде жүзеге асыру қажеттігі туындайды.

Құзыреттілік тәсіл идеясы – «қоғамға қандай, жеке тұлғаға қандай білім қажет және ол қоғамның қандай қажетін өтей алады» деген сұраққа жауап береді. Оқытушының құзыреттілігін қалыптастыру – бүгінгі білім беру саласының өзекті мәселелерінің бірі. Құзырлық тәсіл, білім сапасын арттыруды дәстүрлі тәсілмен білім мазмұнын ұлғайту арқылы шешудің арасындағы қарама-қайшылықтан туындаған дағдарыстан шығудың бір жолы деп қарастыруға болады. Бұл тәсіл білім берудің нәтижесіне басты орын береді. Оның сапасы алған білімнің көптігінен емес, сол білімді қолдана білумен маңызды.

Материалдар мен әдістер. XX ғасырдың ортасында американдық ғалым Н.Хомский «Құзыреттілік» терминін енгізген болатын, алғашқыда ол ана тіліндегі нақты тілдік қызметті орындау үшін қажетті қабілеттіліктер деген түсініктеме берген. Құзыреттілік – оқушылардың білім алу барысында, практикалық-тәжірибелік іс-әрекетті меңгеруден көрінетін білім нәтижесі.

Білім мазмұнын жаңалау – негізгі талаптардың бірі болып табылады. Қазіргі білім берудегі басты мақсатымыз – білім игеру барысында күтілетін нәтижеге қол жеткізу. Негізгі білім алу бағыты оқытушыдан жеке тұлғаға ауысады, яғни, жеке тұлға бұрын білімді қабылдаушы рөлін атқарса, ал жаңа білім мазмұны бойынша өзбетімен білім алушы, үйренуші ретінде көрінеді. Сондықтан жеке тұлғаның толық бейнесін бүгінгі заман талабына сай дайындауымыз керек.

Құзыреттілік жеке тұлғаның өзіндік танымымен тәжірибесіне байланысты ұғым. Отандық және шет елдік ғалымдар, педагогтар, психологтар еңбектерінде студенттердің кәсіби құзыреттілік мәселелері туралы

пікірлер баршылық. Оқыту барысында қалыптасатын құзыреттіліктерге ғалымдар әр түрлі анықтамалар берген.

Мәселен, ғалым С.М.Вешнякованың «Кәсіптік білім беру» сөздігінде: «Құзыреттілік (латын сөзі) competences – қабілетті, қатысты деген мағынада. Белгілі бір саланың тұлғаларының білімінің, білігінің, тәжірибесінің сәйкестігінің мөлшері» деген анықтама берілген болса, А.В.Баранниковтің айтуынша: «Құзыреттілік дегеніміз өз бетінше іске асырылатын қабілеттілік, ол оқушының алған білімдеріне, өмірдегі тәжірибелеріне, құндылықтарына негізделеді». Ал ғалым Дж. Равен «құзыреттілік» терминіне жеке тұлғаның көп қасиеттерін топтайтын ұғым деген анықтама береді [1].

Ғалымдардың пікірлерін басшылыққа ала отырып, «құзыреттілік» ұғымына – оқушылардың жеке тұлғалық психологиялық ерекшеліктеріне байланысты меңгерген білімдерін, танымдық және тәжірибелік іскерліктерін өмірде дұрыс қолдана алуы деген анықтама бере аламыз.

Құзыреттілік – бұл алынған білімдермен біліктерді іс-жүзінде, күнделікті өмірде қандайда бір практикалық және теориялық мәселелерді шешуге қолдана алу қабілеттілігін айтады.

Сонымен, оқытудағы құзыреттілік тәсіл білім беру нәтижесі ретіндегі оқыту сапасын қамтамасыз етеді, ал ол өз кезегінде кешенді әдіс-тәсілдерді жүзеге асыруды, оқыту сапасын бағалаудың біртұтас жүйесін құруды талап етеді. Демек «құзырет» және «құзыреттілік» ұғымдарын педагогикалық үдеріске енгізу білім берудің мазмұны мен әдістерін өзгертуді, ондағы қолданылатын іс-әрекет түрлерін жаңартуды талап етеді.

Қоғам талабына қарай оқытушының білім берудегі міндеті нәтижеге бағытталған іс-әрекетті құзыреттілік тұрғыдан жүзеге асыру болып табылады.

Талдау. Қазіргі уақытта оқытушымен қатар оқушылардың алдына қойылатын талап-міндеттер де өсуде. Басты талап – оқушылардың бойында түйінді құзыреттіліктерді қалыптастыру. Құзыреттілік ең алдымен оқушылардың ақпараттық сауаттылығы мен кез келген мәселені дұрыс шеше білу қасиетінен көрініс табады. Сыртқы ортадан ақпарат алу, оны өңдеу оқушы бойында іс-әрекетті қалыптастырудың қайнар көзі болып табылады. Ақпараттарды өз бетімен іздей алуға, талдауға, қайта өңдеуге үйрету ақпараттық құзыреттілікті қалыптастыруға негіз болады, оқушылардың өз бетімен орындалатын іс-әрекетіне көп мән беріледі. Құзыреттілік мәселесін кең зерттеген ғалымдардың С.М.Вешнякова, А.В.Баранников, Дж. Равеннің еңбектері зерттеудің негізін құрайды.

Зерттеу нәтижелері. Оқушылар өз бетінше жаңа ақпараттық технологиялардың көмегімен ғаламтордан, энциклопедия, тарихи құжаттар, тарихи түсіндірме сөздіктерден түрлі тарихи ақпараттар алып, сабақ барысында пайдалану құзыреттілікке бағытталған білімнің негізін қалайды.

Бұл құзыреттілік оқушының оқу пәндеріндегі және білім аймақтарындағы және сонымен қатар қоршаған ортадағы ақпараттармен жұмыс істей білу білік дағдыларын қамтамасыз етеді. Ал оқытушының мақсаты – оқушыға білімді өздігінен игеру амалдары мен тәсілдерін үйретіп, оның өзіндік дүниетанымын

қалыптастыруына ықпал жасау, ақыл-кеңестер мен бағыт-бағдар беру болып табылады.

Негізгі құзыреттіліктер түріндегі күтілетін нәтижелер:

1. *Өз қызметіне мақсат қоюға;*
2. *Жоспарлауға, жинақтауға;*
3. *Қорытындылауға, салыстыра дәлелдеуге;*
4. *Ол өз бетінше талдауға;*
5. *Өзін-өзі бағалауға;*
6. *Өз әрекетінің әлсіз және күшті жақтарын көрсете білуге;*

7. *Нені меңгергенін, нені меңгермегенін анықтауға қаншалықты дағдыланғанын, үйренгенін білу [2].*

Қазақстан Республикасының «Білім туралы» Заңының 8-бабында «Білім беру жүйесінің басты міндеттерінің бірі – оқытудың жаңа технологияларын енгізу, білім беруді ақпараттандыру, халықаралық ғаламдық коммуникациялық желілерге шығу» деп атап көрсеткен.

Оқытушылар білім беру жүйесінде жаңа оқу технологияларын және интерактивті оқыту әдістерін қолдану арқылы оқушының қазіргі заман талабына сай білім алуына жол ашады. Ал оқытушының ізденісі арқылы жан-жақтылығы құзыреттілік арқылы айқындалады [3]. Құзыретті жеке тұлға даярлау мақсатында негізгі міндеттерді шешудің тиімді жолдарының бірі – модульдік технологияны қолдану. Осы технология негізінде тарих пәндерін проблемалық оқыту арқылы оқушылардың ой-өрісін дамыту, өз бетімен іздену жұмысын, логикалық ойлау қабілетін, шығармашылық әрекеті мен икемділіктерін дамыту басты назарда ұсталуды қажет. Білетіні және білмейтінінің арасындағы қайшылықтарды ашу әрі проблемалық міндеттерді шешу жолдарын жүзеге асыруға болады.

Модульдік технология арқылы тарих сабақтарын проблемалық оқытудағы басты талаптарының бірі – оқушының яғни жеке тұлғаның ойлау жүйесін, өздерінің шығармашылық қабілеттері арқылы игерген білім қорын, одан әрі тереңдету және түрлі проблемаларды шеше білетін білімді оқушының жеке тұлғалық қабілетін қалыптастыру болып табылады.

Жеке тұлғаға, тарих сабақтарында нәтижеге бағытталған білім беруде күтілетін тұлға құзыретілігін төмендегіше сипаттауға болады:

- ә) өзінің даралық қабілетін сезініп, өзін-өзі дамыта білуі;
- а) өзінің қызметінің барысын бағалай білуі;
- б) негізгі мәселені шешудің бағыттары мен тиімді жолдарын таба білуі;
- в) өз алдына мақсат қоя білу қабілеттілігі мен оны жүзеге асыра білуі;
- г) өз әрекетінің нәтижелерін сыни бағалай білуі;
- ғ) жинақталған ақпаратты таңдай білуі;
- д) түрлі өмірлік жағдаяттарда тиімді шешім қабылдай білуі.

Тарих сабақтарында жаңа білім беру барысында, оқушыларды жеке тұлға ретінде қалыптастыра отырып, жаңашыл әдістерді оқытуда нәтижеге бағытталған іс-әрекетті құзыреттілік тұрғыдан жүзеге асыру – негізгі міндет болса, құзырлылық – оқушының яғни жеке тұлғаның іс-әрекетінің көрінетін білім нәтижесі болып табылады [4].

Білім мазмұнын жаңарту – білім беру бағдарламасының құрылымы мен мазмұнын, оқыту мен

тәрбиелеудің әдістері мен тәсілдерін қайта қарастыру болып табылады. Ұлттық және жалпыадамзаттық құндылықтарды бойына сіңірген, кез келген өмірлік жағдайда функционалдық сауаттылығы мен бәсекеге қабілеттілігін көрсете білетін тұлғаның үйлесімді қалыптасуына және зияткерлік дамуына қолайлы білім беру ортасын тудыру – жаңартылған білім мазмұнын енгізудің нәтижесі болуы керек. Білім беру мазмұны – жеке адамның біліктілігі мен жан жақты дамуын қалыптастыру үшін негіз болып табылатын білім берудің әрбір деңгейі бойынша білімдер жүйесі.

Тарих пәні бойынша оқу материалдарының мазмұнын оқушының өмір тәжірибесіне жақындату, оның өз бетінше оқу және ізденушілік қызметін кеңейтетін жағдайлар туғызу білім сапасын арттырудың пәрменді тәсілдері болып саналады. Білім нәтижесі ретінде қалыптасқан құзыреттілік білім алу кезінде анықталатындығы көрсетілген. Тарих пәні бойынша құзыреттілікті қалыптастыруға бағытталған тапсырмалар жан-жақты оқу әрекеттерін қалыптастырып, оқушының ой-өрісін одан әрі дамытуға негізделеді.

Құзыреттілікті қалыптастыруға бағытталған тапсырмаларды құрастырудың басты мақсаты – оқушыларға білім беріп қана қоймай, сол алған білімдерін өмірде қолдана алатын құзыреттілігі қалыптасқан жас ұрпақ тәрбиелеу, ол үшін оқушының теориялық алған білімдерін өмірмен байланыстыратын тапсырмалар реттілігін орындауына жағдай жасау қажет.

Оқушының сабақта өзіндік мәліметтерді жинақтап, белгілі бір уақытта білімдерін одан әрі дамытуға әрекет жасауы тек білу, түсіну ғана емес, сонымен қатар талдау, синтез, бағалау іс-әрекеттерін жан-жақты қолдану арқылы көрініс табады.

Оқушы берілген мәліметтер ішінен өзіне қажетті ақпаратты өз бетімен анықтай алуға, орындалатын жұмыстың ішінен өздігінен мақсат қойып, таңдаған мәліметтерін негіздей алуы керек.

Құзыреттілікті дамытуға бағытталған сабақты ұйымдастыру барысында келесі құрылым бөліктері болуы шарт:

Ақпарат. Тапсырманы дұрыс орындау үшін тақырып бойынша толық ақпарат бере алатын тарихи мағлұматтар тізбесі болу керек.

Бағалау құралы. Кілт, модельді жауап, аналитикалық шкала, топ жұмысының барысын бақылайтын парақ.

Жауап – берілген жауап құрылымы бар, ашық типті, дұрыс және жартылай дұрыс тапсырмалар реттілігі болуы шарт.

Жабық түрдегі тапсырмаларға оқушылардың жауабының кілт-эталоны [5].

Қазіргі заманғы білім берудің басты мақсаты тұлғаны шығармашылыққа дайындау. Өйткені қоғамда «орындаушы» адамнан гөрі «шығармашыл» адамға деген сұраныстың көптігі қоғам талабынан туындап отырған басты мәселе. Шығармашылық дегеніміз ізденімпаздықтың негізінде пайда болады. Ұлы ақын Абай атамыздың дана сөзі ойға оралады: «Өзіңе сен, өзіңді алып шығар, ақылың мен қайратың екі жақтап». Бұл жерде тұлғаның өзіне деген сенімін туғызу, өзінен шығармашылық қабілетін дамыта білу, өмірде өз орнын таба білу қаншалықты қиын екенін түсіндіру.

Шығармашылыққа баулу оқушы – тұлғаның бо-

йындағы талант көзін ашып, тілдік қорын байытып, ойлау, іздену сияқты қасиеттерін қалыптастырып, тұлғаның дамуына өзіндік әсерін тигізеді.

Тұлғаның шығармашылық қабілетін дамыту үшін бірнеше шарт орындалуы тиіс. Олар:

1. Шығармашылық қабілетін дамытуды ерте жастан қолға алу;

2. Жүйелі түрде шығармашылық әрекет жағдайда болу;

3. Шығармашылық іс-әрекетке жағдай туғызу.

Оқушыларды шығармашылыққа баулу, өзіндік іс-әрекетін ұйымдастыру үшін төмендегідей түрлерді қолдануға болады:

ә) оқулық мәтінімен жұмыс;

а) арнайы бір тақырыпқа пікірталас тудыру;

б) қоғамдағы әр түрлі саяси-әлеуметтік-мәдени өзгерістерге байланысты пікір айту;

в) құжаттармен, иллюстрациялармен жұмыс;

г) тарихи оқиға, құбылыс, фактілерді таңдауға, ізденуге, дәлелдеуге үйрету;

ғ) логикалық ойлауын дамытатын ойындармен берілген тапсырмаларды шешкізу (анаграмма, сөз-жұмбақ);

д) қайшылықты, проблеманы шешу;

ж) оқушының ой-пікір дербестігі мен еркіндігін барынша кеңейту;

з) қайталау сабақтарында, оқыған мәтіндері бойынша өз беттерінше тест тапсырмаларын құрастыру;

к) сабақта проблемалық жағдай жасау;

л) жаңа деректерден керекті білімді ала білу, пайдалану, іздену;

м) реферат жазу;

Осындай жұмыстарды үнемі жүргізу оқушы – тұлғаны шығармашылыққа баулуға, шәкірт бойындағы талант көзін ашып, өз бетінше ізденуге зор әсерін тигізеді [6].

Бүгінгі күні білім беру жүйесі сабақ беру кезінде ақпараттық құралдарды кеңінен қолдануды қажет етеді. Осылайша, білім беру үдерісінде жаңа ақпараттық технологияларды пайдалану заман талабынан туындап отыр. Оқытудың ақпараттық технологиясы – бұл ақпаратпен жұмыс жасау үшін арнайы тәсілдер, педагогикалық технологиялар, бағдарламалық және техникалық құралдар (кино, аудио және бейнеқұралдар, компьютерлер, электрондық оқулықтар, телекоммуникациялық желілер). Білім беру үдерісін ақпараттандыру дүниежүзілік озық тәжірибелерге сүйеніп, жаңа типті оқытуды, әр білім алушының қабілетін жан-жақты дамыту үшін қолайлы жағдай туғызуды, оқу-тәрбие үрдісінің барлық деңгейлерінің тиімділігі мен сапасын жоғарылатуды көздейді.

Кез келген сабақта әр түрлі тақырыптағы суреттер, сызбалар, тәсілдер арқылы графикалық иллюстрациялар негізінде ақпараттық технологияларды пайдалану білім алушылардың танымдық белсенділігін арттырып қана қоймай, логикалық ойлау жүйесін қалыптастыруға, шығармашылықпен еңбек етуіне жағдай жасайды.

Қорытынды. Оқушы-тұлғаның құзыреттілігін қалыптастыру үшін әр ұстаз өзіне тиімді әдіс-тәсіл мен технологияны қолдана алады. Тарих сабақтарында осылайша әрбір ізденімпаз ұстаз жаңа білім беру әдістерін қолдана отырып әрі құзыреттілік идеясын іске асыра отырып, әрбір оқушыдан жеке тұлға

қалыптастырып, тұлғаның ізденімпаз, шығармашыл, тарихтан алған білімін іске асыра алатын құзыретті, іскер адам болуына игі әсер ете алады. Ал құзыретті тұлға елдің ертеңі, келешегі, келешекте елдің өркендеуіне өзіндік зор үлес қосатын, іскер маман, ендеше құзыретті тұлға тәрбиелей отырып, әрбір ізденімпаз ұстаз, мемлекеттің, елдің өркендеуіне өлшеусіз үлес қосады. Ұлттық рухтағы әлемдік білім деңгейі талаптарына сай ұлтжанды азамат тәрбиелеу үшін әр мұғалім күнделікті сабағында жаңа технологияларды тиімді пайдалану, құзыреттілік тұрғыда оқыту, жаңаша авторлық технологиялар мен бағдарламалар құрастырып, жүзеге асыру қажеттігі туындайды. Бүгінгі заман әр ұстаздан үздіксіз ізденімпаздық пен шығармашылықты, кәсіби шеберлікті, құзырлыққа жету жолындағы инновациялық технологияларды тиімді қолдануды қажет етеді.

ӘДЕБИЕТТЕР

Равен Д. Компетентность в современном обществе, выявление, развитие и реализация. – М.: Наука, 2002. – 111 с.

Концепция интеллектуальных школ Первого Президента Республики Казахстан // Казахстанская правда. – Компетентностный подход как способ достижения нового качества образования. – М.: Просвещение, 2002. – 134 с.

Голуб Г.Б. Компетентностная составляющая образовательного стандарта: материалы Междунар. НПК. – Алматы: Білім, 2007. – 56 с.

Компетентностный подход в педагогическом образовании: колл. моногр. / Под ред. проф. В.А.Козырева, проф. Н.Ф.Радионой и проф. А.П.Тряпицыной. – СПб.: Изд-во РГПУ им. А.И.Герцена, 2005. – 392 с.

Жайтапова А.А. Научно-методическое обеспечение профессионального роста учителей на этапе перехода к модели образования, ориентированного на результат. – Алматы: Білім, 2004. – 74 с.

REFERENCES

Raven D. Kompetentnost v sovremennom obschestve, vyivlenie, razvitie i realizatsiya [Competence in modern society, identification, development and implementation]. – М.: Nauka, 2002. 111 p [in Russian].

Kontseptsiya intellektualnyi hshkol Pervogo Prezidenta Respubliki Kazakhstan // Kazhastanskaya pravda. – Kompetentnostnyi podhodkak sposob dostizheniya novogo kachestva obrazovaniya [The concept of intellectual schools of the First President of the Republic of Kazakhstan // Kazakhstanskaya Pravda. – Competence-based approach as a way to achieve a new quality of education]. – М.: Education, 2002. 134 p [in Russian].

Golub G.B. Kompetentnostnaya sostavlyayushchaya obrazovatel'nogo standarta: materialyi Mejdunar. NPK [Competence component of the educational standard: materials of the Intern. NPK]. –Almaty: Bilim, 2007. 56 p [in Russian].

Kompetentnostnyi podhod v pedagogicheskom obrazovanii: koll. monogr. / Pod red. prof. V.A.Kozyreva, prof. N.F.Radionovoy i prof. A.P.Tryapitsynoy [Competence-based approach in teacher education: coll. monograph. / Ed. prof. V.A. Kozyreva, prof. N.F.Radionova and prof. A.P. Tryapitsyna]. –St. Petersburg: Publishing house of the Russian State Pedagogical University im. A.I. Herzen, 2005. – 392 p [in Russian].

Zhaytapova A.A. Nauchno-metodicheskoe obespechenie professional'nogo rosta uchiteley na etape perehoda k modeli obrazovaniya, orientirovannogo na rezultat [Scientific and methodological support for the professional growth of teachers at the stage of transition to a model of education focused on results]. –Almaty: Bilim, 2004. 74 p [in Russian].

Ы.АЛТЫНСАРИННЫҢ АҒАРТУШЫЛЫҚ ҚЫЗМЕТІНІҢ НЕГІЗГІ ҚҰНДЫЛЫҚТАРЫ

Ұлы ағартушы мұғалімнің атқаратын рөлін жоғары бағалайды. «Халық мектептері үшін ең керектісі – мұғалім. Тамаша жақсы педагогика құралдары да, ең жақсы үкімет бұйрықтары да, әбден мұқият түрде жүргізілетін инспектор бақылауы да мұғалімге тең келе алмайды», – деуі соған дәлел. 1876 жылы Ы.Алтынсарин Петербург, Қазан қалаларына барып орыстың ағартушылық жүйесін, ағартушыларының еңбектерін зерттеді. Оның оқулығы К.Д.Ушинскийдің педагогикасы мен «Балалар әлемінің», Л.Н.Толстойдың, И.И.Паульсонның, Н.А.Корфтың және басқалардың оқу құралдарын басшылыққа ала отырып, қазақ ауыз әдебиеті мен салт-дәстүрлерінің озық үлгісіне негізделді. Бұл кітаптардағы өскелең ұрпақты отансүйгіштікке, еңбекке, имандылыққа тәрбиелейтін үлгі-өнегеге, ғибратқа толы шығармалары ешқашан да өзінің маңызын жоймайды. Олар балалар мен жастарды талаптылыққа, сабырлылыққа, мейірімділікке, рақымды болуға, обал мен сауапты танып-білуге, әлсіздерді ренжітпеуге тәрбиелейді. Сол секілді шешендікке, батырлыққа, халық қамын ойлап, қорғаны бола білуге баулиды. Сонымен қатар, ол шығармалар иманды, шыншыл, жомарт болуға шақыра отырып, ойланып сөйлеуге, кәсіпкерлікке, тазалыққа, әдептілікке, қанағатшылдыққа, әділдікке, жинақылыққа, өтірік айтпауға, надандықтан аулақ болуға, жамандықтың өзіне жақсылық жасауға, қонақжайлылыққа, төкаппар болмауға, жан-жануарға қамқорлық көрсетуге үндейді және үйретеді. Ұлы ағартушы халықты білімге, ғылымға шақырды, оқу-білімнің тек ізденіс, еңбекпен табылатынына назар аударды.

Ы.Алтынсарин өзі философ әрі педагог ретінде бағалаған Я.А.Коменскийдің еңбектерін мұғалімдер үшін өте пайдалы материал деп есептеді. Я.А.Коменскийдің идеяларымен Ы.Алтынсариннің оқушыларға «заттарға дұрыс көзқараспен қарау», табиғаттан үйрену, кітаптағыдай түсінумен шектелмеу, «ғылым мен өнер» үлгілері мен тәжірибеге сүйену сияқты талаптары сәйкес келіп жататынын баса айтқан. Ы.Алтынсарин өзінің қалыптасуы барысында шығыстанушы В.В.Григорьевтің, К.Д.Ушинский бастаған педагогикалық қозғалыстың әсерін тигізді. Ол халықтың болашағы ең әуелі балалардың жаппай сауат ашуына байланысты деп қарады. Өзі құрастырған «Қазақ Хрестоматиясын» ғылыми, әрі байыпты басшылыққа негізделген, қажетті танымдар мен пайда бере алатын» жол нұсқаушысы ретінде бағалады.

Ы.Алтынсаринның ағартушылық идеялары негізінен қазақ халқының экономикалық және мәдениеттік мешеулігін жоюға бағытталған. Ол құр білім алу мақсат емес, әлеуметтік ортаны өзгерту күресіне жастарды белсенділікпен қатыстырудың негізгі жолы деп білді.

«Қазақ халқының экономика жағынан дамыту үшін» мектептерді тұрақты және қазіргідей әлдеқайда баянды ете отырып, олардың беретін білімінің дәрежесін көтеру керек» дейді Алтынсарин, «Қалай болса солай оқытуға болмайды, жақсы білім беру керек», «Оқу кітабы ғылымға негізделуі тиіс».

Адамшылдыққа тәрбиелеу идеясы, өте анық айтылған, мұның өзі оның шығармаларында да үлкен орын алады, сол заманда ғылым мен білімнің ерекше рөлін тану – исламның ортағасырлық, артта қалған идеялогиясына қарсы күресте, феодалдық

патриархалдық құрылысқа қарсы күресте орасан зор рөл атқарды. Оқушыны адамгершілікке тәрбиелегенде ең алдымен адам болуға баулуды көздеу керек. Балаларға өнегелі тәрбие беру аса маңызды іс деп білетін. Ол шәкірттерді адамгершілікке, Отанды сүюге тәрбиелейтін. «Барлық күш жігерімді олардың мінез-құлқына да ықпал етуге жұмсаймын, кейін паракор біреу болып шықпауы үшін», – деп жазады ол. Өзінің ағартушылық философиясында жас ұрпақтың тағдырына халықтың рухани қайта өрлеу үмітін артып, осыған байланысты педагогикалық (ұстаздық), психологиялық көзқарастарын дамытты. Өз көрінісін ақындар айтысынан, қисса, хикая, жаңа эпикалық поэмалардан тапқан эстетика жаңа даму кезеңіне шығып, жарқырай дамыды.

Алтынсаринның хрестоматиялық материалдарында еңбекке тәрбиелеу мәселелері елеулі орын алады, мұнда еңбектің психологиялық, тәрбиелік маңызы атап көрсетілген. Алтынсарин ғылыми-жаратылыс тану жөніндегі дүние көзқарастарын үйрету мәселесіне ерекше көңіл бөледі. Ол «Қазақ Хрестоматиясының» тарих, география және техникалық пәндерге арналған екінші бөлімін даярлайды. Бірақ автордың дүние салуына байланысты жарыққа шықпайды да, оның бұл ізденістері аяқсыз қалады.

Қазақ даласында ғылым мен білімді таратуды және оны насихаттауды, сонымен бірге Алтынсарин ақын ретінде де ғылым мен ойдың мән-маңызын өзінің өлеңдерінде үгіт-насихат етіп таратады. Ол қыздар мен жігіттерді білімді игеруге шақыра отырып, оған тек мектептен оқу арқылы ғана қол жеткізетінін көрсетеді.

*«Оқысаңыз, балалар
Шамнан шырақ жағылар,
Тілегенің алдыңнан
Іздемей-ақ табылар.
Бір құдайға сыйынып,
Кел, балар оқылық!
Оқығанды көңілге
Ықыласпен тоқылық...»*

Ы.Алтынсарин тек ағартушы ұстаз, қоғам қайраткері ғана емес, сондай-ақ жазушы, этнограф-ғалым болған адам. Оның қаламынан шыққан «Орынбор ведомствасы қазақтарының кісі жерлеу және ас беру рәсімдерінің очеркі» атты қос еңбегі «Императорлық орыс географиялық қоғамының Орынбор бөлімі жазбаларында» жарияланған. Ал 1874 жылы В.Алтынсарин осы қоғамның мүше-қызметкері болып сайланды.

Ұлы ағартушының істеген ісінен, шығармаларынан өз халқына деген зор махаббатын, үлкен қамқорлығын көруге болады. Н.И.Ильминскийге, В.В.Катаринскийге жазған хаттарында қазақ халқының көңілі ашық, қонақжай, мейірімді екенін, жаңаға талпынғыш, білімге құштар жұрт екенін үлкен сүйіспеншілікпен айтады. Халқының өзіндік мәдениетінің дамуын аңсайды, тілінің бөтен тілмен шұбарланбай таза болғанын тілейді.

Н.И.Ильминскийге 1862 жылы жазған хатында «молдалар өздерінің адам басын қатыратын ерекше қасиеттерінің үстіне, қазақтың табиғи тілін де бұзып жүр» деп реніш білдіреді. Сонымен бірге Ыбырай қазақ халқы басқа халықтармен ынтымақтастықта болуын және олардың мәдениетінен үлгі алуы керектігін әруақытта

уағыздап отыр. Ыбырай толығымен ағартуды жақтады, мектепті діннің ықпалынан ажырату үшін күресті, исламның феодалды-клерикалды идеологиясын сынады, мұсылман дін басыларын, олардың діни-схоластикалық білім жүйесін әшкереледі.

Сонымен қатар, Ы.Алтынсарин жалпы білім беретін мектептермен бірге практикалық сипаттағы оқу орындарын ашуға да ұмтылды. Ол – Торғайдағы қолөнер училищесі. 1887 жылы Ырғызда қазақ қыздарына арналған училище шаңырақ көтерді. Осылайша қазақ даласында қыздарға білім беру ісінің де тұсау кесері болды. Қыздар мектебіндегі негізгі пән қол еңбегі (қолмен тігу, машинамен тігу, кесте, тоқыма, зерлеп тігу, т.б.) болды. Қазақ қыздары қол еңбегінен басқа орыс тілін (оқу, жазу) арифметиканы оқыды. Алтынсарин негізін салған қыздар училищесінің жалғаушысы ретінде

осы күні, тігін саласында білім мен практика ұштастырып отырған, оқу орындарының бірі Алматы сән және дизайн колледжі биыл 75 жылдық тарихын атап өтумен бірге Алтынсаринның 180 жылдық мерейтойын да сыныптан тыс шара ретінде атап өтті.

ӘДЕБИЕТТЕР

<https://egemen.kz/article/107449-aghartushy-aydyny.egemen.kz>

Ы. Алтынсарин тағылымы : Әдеби- сын мақалалар мен зерттеулер. /Құраст.М.Жармұхамедов – Алматы: Жазушы, 1991-384 бет.

Ғабитов Т.Х. Қазақ философиясы. – Алматы : Раритет, 2011 – 208 б.

<http://www.zharar.com/>

ШАРИҒИ САУАТ

АЗ СӨЙЛЕУДІҢ ПАЙДАЛАРЫ

Сұрақ: Аз сөйлеудің, үндемеудің пайдалары туралы және көп сөйлеудің зияндары туралы мәлімет бересіз бе?

Жауап: Пайғамбарымыз(с.ғ.с): «Аз сөйлеу иманнан, көп сөз екі жүзділіктен»,– деп білдірген. Тіл – үлкен нығмет. Жақсылығы да, жамандығы да үлкен. Жәннатқа да, жаһаннамға да апарады. Көлемі кіші, зардабы үлкен. Адамның иманды немесе имансыз болуы ауыздан шығатын сөздеріне байланысты. Ауыздан шыққан сөз я шындық, я өтірік. Басқа мүшелердің өрісі, ауқымдылығы шектеулі. Құлақ тек естиді, көз тек қана көреді. Ал тілдің өрісі кең. Жақсылық немесе жамандық айту үшін өте кең мүмкіндіктерге ие.

Тіл туралы көптеген хикметті сөздер айтылған:

Адамға келген он пәленің тоғызы – тілден.

Атағыңды өсіретін де, өшіретін де – тіл.

Ауызда жиек жоқ, Тілде тиек жоқ.

Көнектей басыңа шүмектей тілің жау.

Көп сөйлеу достықты бұзады, қажетсіз сөйлеу айыптарды ашады, ащы сөйлейтіндерден достары қашады. Егер көңілде мұң, реніш, денеде қажу және әлсіздік, ризықта кемшілік және берекесіздік болса, мұның бос және орынсыз сөздерден туындағанын білу керек!

Хикметті сөйлеуден емес, үндемеуден іздеу керек!

Үндемеу – ақылдың әшекейі және надандықтың перделенуі.

Жылы сөзді және жомарт қолды болу керек!

Үндемеу ғалымның зейнеті, наданның пердесі.

Ғибадат он бөліктен тұрады, оның тоғызы үндемеу, бір бөлігі жаман достан қашық жүру.

Аз сөз әдеп, жақсы амалдарды қорғауға себеп.

Кісі тілінің астына жасырылған. Сыр сақтаған адам мұратына жетеді.

Бұлбұл қыран құсқа:

«Екеуіміз де құс болсақ та, сен патшаның сарайыңдасың, мен болсам бақшаның тікендеріндемін. Сен құстарды аулап жейсің, патшаның қасында қадірің өсіп, мұратыңа жетесің. Құстардың сұлтаны боласың. Мен болсам күнді күнге қосамын, әр түні таңға дейін гүлдің ашылуын күтемін. Мен ұйықтамайынша ол ашпайды, ояғанда ашылған кейпін көремін. Ашылып жатқанын көре алмаймын, мұратыма жете алмаймын. Тікен арасында мұратсыз жылаймын, жүрегімді сыздатамын»,– дейді.

Сонда қыран құс былай деп жауап береді:

«Мен мың мұратыма жетемін бірақ біреуін де айтпаймын. Сен болсаң бір мұратыңа жете алмастан мың мұрат айтасың. Үндемеген мұратына жетеді, ал шырылдап шағымданған мұратсыз қалады».

Хазреті Лұқман қонаққа ең жақсы тағам ретінде тіл мен жүректі ұсынады. Басқа бір уақытта ең жаман тағам ретінде тағы да тіл мен жүректі ұсынады. Тіл қылыш секілді, дұрыстап қолданылмаса, өз өліміңе себеп болады.

Үндемеу – шаршамастан жасалатын ғибадат, шығынсыз тағылатын әшекей, білікті талап етпейтін дәулет, тау-тастарды қажет етпей салынған қорған, еңбек етпей қол жеткізілген байлық және айыптардың жабылуы.

Күмәнді сөздерден сақтанған, күлімдеген жүзді болған, адамдарға мейірімділік еткен, қажетті дін ілімдерін үйренген және дұрыс сөйлеген адам мұнафық (екі жүзді) бола алмайды.

Тілге ие болу.

Тіліне ие болмаған адамды шайтан әрқалай ойнатады. Үлкен құздың шетіне келтіріп, құлатады, пәлекеттерге душар қылады. Адам тіліне ахлақ тізгінін тақса, дүние және ахырет бақытына қауышады. Егер бос қалдырса зияндарға ұшырайды.

Мүшелердің ең көп қарсы шығатыны тіл. Қалаған тарапына оңай кете алады. Хадис шәрифте былай делінеді: *«Әр күні таңертең мүшелер тілге мынадай деп жалбарынады: Біздің атымыздан сөйлегенде Алладан қорық, жаман сөз айтпа, бізді отқа тастама! Біздің дінге мойынсұнып немесе мойынсұнбауымыз саған байланысты. Сен дұрыс болсаң, біз де дұрыс боламыз. Сен бұрыс болсаң, біз де бұрыс боламыз»* (Тирмизи)Хазреті Лұқманға «Бұл дәрежеге қалай жеттіңіз?» деп сұрағанда: *«Дұрыс сөйлеу, аманатқа қиянат етпеу және пайдасыз сөздерді тәрк етумен жеттім», –* деп жауап береді.

Әһли хикмет ғұламалардың айтқандары:

Бір адамның жаһил (надан) екендігінің белгілері мыналар: Жанды-жансыз барлық нәрсеге ашуланады. Сыр сақтай алмайды. Ақшасын орынды жарата алмайды. Бәріне сене береді. Досын дұшпанынан ажырата алмайды. Жаман адамдармен достық құрады.

Үндемеу – хикмет, жақсы қасиет. Тілдің үндемеуі, көңілдің үндемеуіне, ал көңілдің үндемеуі Раббысының кешіріміне себеп болады. Адамның амандығы тілін қорғауында. Қалам да екінші тіл деген сөз.

Асыл арна. ЖасСақ тобы!

ОТАНДЫ СҮЮ – МІНДЕТІҢ, ОТАНДЫ ҚОРҒАУ – ПАРЫЗЫҢ!

Туған өлке, тарихи орданы сүю – ақылдың ісі емес, жүректің ісі. Ең аяғы, аң-құс та бір өңірді мекендеп, басқа аймақтарды жерсінбейді. Не нәрсені де саудалау сөнге айналған бір жылдары араб жұртынан келген қонақтар қазақ даласының қырандарын сатып әкеткені бар. Қырандардың аяғына сақина кигізіп, әлпештеп, аялап-ақ ұстайды. Бір қызығы, сол биіктік сақшылары бір күні ізім-қайым жоғалыпты. Сөйтсе, олар өздерінің бауыр басқан мекені, ата жұрты, жалғыз Отаны – қазақ даласына қайта оралған екен. Бұл олардың асып бара жатқан ақылдылығынан емес, туған өлкесіне деген жүректегі сағынышы мен махаббатынан туындаған. Біздің де сонау дәуірлерден бері тамырын тереңге жайған бір ғана Отанымыз бар. Ол – Қазақ жері. Осынау алып қазақ сахарасын көздің қарашығындай қорғап, оны шексіз сүю – әр қазақтың міндеті және азаматтық борышы. Өйткені қазақтың Қазақиядан басқа Отаны жоқ. Егер осы бір төрт әріптен құралған сөздің түпкі мағынасына үңілсек, оның қаншалықты қастерлі ұғым екендігіне көз жеткіземіз. Өйткені Отан деген тек туып-өскен жерің ғана емес, ол – күнделікті отбасы, ошақ қасың, ауасын жұтып, суын ішіп, байлығын игілігіңе жаратып отырған кең-байтақ жерің, қазыналы қариясы мен ақ жаулықты анасы бар алтын бесігің, тай-құлындай бірге өскен құрбы-құрдастан құралған ыстық ауылың, қадірлі ата-ана, сүйікті жар, сүйкімді балаң жүрген туған елің. Қойнауы қазынаға, өрісі малға толы ырысты атамекен, «атамыз күйеу, анамыз келін болған жер». Міне, осы туған ел мен жерге еге болу, аман-дығын тілеу, ұрпақтың болашағына жауаппен қарау, ел тыныштығымен қатар рухани бірлікті сақтау – әрбір мұсылманның парызы.

«Біз, қазақ деген мал баққан елміз.

Ешкімге соқтықпай жай жатқан елміз.

Елімізден құт-береке қашпасын деп,

жеріміздің шетін жау баспасын деп,

найзаға үкі таққан елміз.

Ешбір дұшпан басынбаған елміз.

Басымыздан сөз асырмаған елміз...» – деген

Қазыбек бабамыздың отты сөзі жерімізге көз алартқан дұшпанды тәубесіне түсіре білген батырлар ұрпағы болғандығымызға дәлел.

Әйгілі батыс ойшылдарының бірі Эпиктеттің: *«Сенің туған жерге жасаған ең үлкен жақсылығың – оның ғимараттарын биіктетуің емес, азаматтарының ақыл-ойын өсіруің. Биік ғимараттарда аласа ойлы адамдар өмір сүргенше, аласа ғимараттарда ойы биік, парасаты жоғары адамдардың тұрғаны артық»*, – деген сөзі де осы шындықты меңзеуде. Ұлт жанашыры Ахмет Байтұрсынұлының тілімен айтқанда «Балам деген жұрт болмаса, жұртым деген бала қайдан шықсын?!». Туған елге қызмет, Отанға деген махаббат – өте кең ұғым. Оның бір тармағы – басшыларға бағыну. Бұл да ел ішіндегі тыныштықты сақтау, бүлік тудырмау үшін қажет.

Елге қызмет етудің тағы бір жолы – сол елдің тілін, дінін, салт-дәстүрін, мемлекеттік рәміздерін құрметтеу. Сондай-ақ, халық игілігіндегі мүлікті талан-таражға салмау, кісі ақысына көңіл бөлу, ұлт мүддесі үшін жұмыс істеу де – Отан алдындағы адалдықтың белгісі. Сол себепті кез келген ел мемлекет мүлкіне зор

жауапкершілікпен қарайтын, ұлт мүддесін өз мүддесінен жоғары қоя білетін, арды ақшадан биік көретін ерлер көбейгенде ғана гүлденері хақ. Бұл біз үшін қазіргі таңда ауадай қажет қасиет болып отырғаны баршаға аян.

Туған жердің көркейгенін қалаған әрбір азамат өз ісін жақсы меңгеруге талпынуы керек. Кәсібилігін арттырып, өз мамандығының шыңына шығуы тиіс.

«Ең жақсы адам – басқаға пайдасы тиген адам», – дейді. Осы себепті туған елімді сүйем деген әрбір азамат ол айтқанын Отаны үшін жасаған жақсылығымен дәлелдеуі керек. Саясаткерлер халық игілігін көздейтін мықты саясат жүргізуі керек. Балабақшаларда тәрбиешілер балаларға жақсы тәрбие беріп, имандылықты үйретуі керек. Мектептерде ұстаздар сапалы білім беруге талпынып, дәрігерлер науқастарға қолдан келгенше жәрдем беруге, тәртіп сақшылары халыққа сенімділік ұялата білуі тиіс. Сондай-ақ, дипломаттар шет елдерде өз елін жақсы жақтарынан танытып жатса, өнерпаздар мен ақындар халықтың мұңын мұңдап, жоғын жоқтаса, имандылық пен ізгілікті дәріптеп, отанға деген сүйіспеншілікті насихаттаса, имамдар Ислам дінінің құндылықтарын кеңірек жайып, елдің ауызбіршілігін арттырып, іс-әрекетімен үлгі болып жатса, ұлттық рухтың көтерілуіне түрткі болып, отаншылдық жарқын көрініс тапқан болар еді. Өйткені Отанға деген сүйіспеншілік, құрмет осындай кең ұғымды білдіреді.

Туған елге деген құрмет үлкенді сыйлау, кішіге ізет білдіру, сондай-ақ мәдениеттілікке бет бұрумен де қалыптасады. Ақ сақалды аталарымыз бен ақ жаулықты аналарымызды, жасы үлкен аға, әпкелерді құрмет тұту, қарындасты қарындас, ініні іні деп сыйлай білудің де елді құрметтеуге жататынын ұққан жөн. Бүгінгі күні ата-әжелерді келеке-мазаққа айналдыратын түрлі сахналық қойылымдардың жиі ұшырасатыны, ақ шашты қариялардың алдында ашық-шашық би билеп, ән айтуды өнер санап имену дегенді білмейтіндердің көбеюі іштей қынжылыс туғызады. Бұл мұсылмандыққа жатпайтын әдет. Осы орайда бүгінгі күні жастарды ұяттылық пен ибалылыққа тәрбиелеу турасындағы насихатты күшейтудің басты орында тұрғанын ұмытпаған жөн.

Қорыта келгенде, отанды сүю мен патриотизм, ұлтжандылық, туған елге ізет, туған жерге қызмет – бәрі қатарлас ұғымдар. Отанға деген сүйіспеншілік оған жанашырлықпен қарауға, көркейтуге үлес қосуға, адал қызмет етуге, халықты сыйлауға, халықтың тілі, діні, салт-дәстүрі, қалыптасқан мәдениеті, мемлекеттік рәміздері, шекара аумағы, атамекен секілді қастерлі ұғымдарын құрметтеуге негізделуі тиіс.

Отанды, елді қорғағанда, атақ алу үшін, абыройға кенелу үшін емес, ұрпағым, елім болашақта жетім болмасын, Отансыздықтың азабын тартпасын деп қорғау керек. Жер бетінде Отансыз ұлттар қаншама?! Оларды дәл біздегідей бауырына басып, жақсылық жасап отырған елдер некен-саяқ. Жергілікті ұлттың ызғарына тоңып, қаһарына ұшырап отырғандары және бар. Біздің де ұрпағымыз біреудің қас-қабағына қарап жәутендемесін, қолына қарап дәмептесін десек, атадан қалған асыл мұраны сақтап, ақылды ұрпақ тәрбиелеу – бұлжымас парызымыз болу керек.

Ұлту ИБРАГИМОВА,

№178 мамандандырылған лицейдің тарих пәні мұғалімі

СЫРТҚЫ БАҚЫЛАУҒА ДАЙЫНДАУДЫҢ ТИІМДІ ЖОЛДАРЫ

«Егер сен болашақтағы өзгерісті байқағың келсе, сол өзгерісті уақытында жаса», – деп Үнді халқының тарихи тұлғасы Махатма Ганди айтқандай, оқушы бойындағы қабілетті жетілдіріп, оқушыларды болашаққа жетелеу – менің басты мақсатым. Тарих пәнінен сыртқы бақылауға дайындауда алдын ала оқушының ой-өрісін кеңейтіп, дүниетанымдық көзқарастары мен танымдық белсенділігін арттырып, зерттеушілігі мен шығармашылық икемділігін дамытып, біліктілікке ұмтылдырып, яғни тұлғаны жан-жақты дамытуды жүзеге асыруда оқу үрдісінде инновациялық технологияларды енгізу шешуші рөл атқарып, оң нәтиже беріп отыр. Оқушылар өз бетінше жұмыс істеп, ізденеді.

Білімді әрі саналы ұрпақ тәрбиелеу – аса маңызды мемлекеттік міндет. «Еліміздің болашағы дарынды, отаншыл жастардың қолында болуы керек. Солай боларына кәміл сенемін. Осы стратегиялық мақсатқа қол жеткізу үшін жүйелі реформаларды міндетті түрде жалғастырамыз», – деді президентіміз Қасым-Жомарт Тоқаев. Тарих – адамзаттың зердесі. Қазіргі ақпараттық қоғамда оқушылар үшін білімнің мәні маңызды екені белгілі. Оқушыларымыздың келешекте табысты болуын қамтамасыз ету үшін оқыту мен оқуды ұдайы арттырып отыруымыз қажет. Бірыңғай тестілеу жүйесі елімізде жыл сайын жетілдіріліп келеді. Әр жылғы тест жүйесі мектепте біздің қалай оқытып жатқанымыз бен мектеп бітірушілердің нені талап ететіні арасындағы алшақтықты анықтап береді. Бұл жағдай әр мұғалімнен қорытынды аттестацияға дайындаудың тиімді әдіс-тәсілдерін шебер меңгеруді талап етеді. Бүгінде тарихты оқытудың басты мақсаты – дүниежүзілік дамудағы адамзаттың орны ерекше екендігін, ол жасаған бүкіл әлемдік құндылықтарды білетін, оларды еліміздің дамуы үшін пайдалана алатын ынталы, жан-жақты жетілген, өзінің қоғамдағы орнын түсінетін азаматтарды қалыптастыру қажет.

Мен оқушыны тарих пәнінен сыртқы бақылауға дайындаудың жаңа әдіс-тәсілдері негізінде былай баулимын:

- мақсат қоюға үйретемін;
- есте сақтау қабілеттерін дамытамын;
- басқалармен бірігіп жұмыс жасауға;
- кітаппен жұмыс жасауға;
- қатарыннан қалмауға;
- дарынды оқушыларды өз қабілеттерін одан әрі бекітуге;
- әлсіздерді оқуға ниет білдіріп, өзіне деген сенімсіздіктен арылтуға;
- өздігінен жұмыс істеуге дағдылануға.

Мұғалім ретіндегі әрекетім:

- жүйелі тапсырма беру;
- оқушыны жан-жақты танып білу;
- қарым-қатынас орнату;
- оларға шығармашылық еркіндік беру.

Сыныпта сабақ барысында, сыныптан тыс жұ-

мыста дәйім шәкірттерім мен ізденіс жұмысында және оқушының ойлау қабілетінің даму жолдарының алғы шарттарының бірі – баланың пәнге деген қызығушылығын анықтап, тәрбиелеу, жетілдіру, бойындағы ерекше қасиеттерін көрсетуге, дамытуға мүмкіндік беремін. Осы қағиданың негізінде ерекше қабілеті бар балаларды ізденіс жұмыстарына белсенді қатысуға тартамын. Іздену жұмыстары арқылы оқушының ойлау қабілетін анықтап және олардың жетілуіне тиімді жағдай жасаймын. Балалардың ізденіс жұмысқа бейімделуі – терең білімнің негізі ғана емес, оқушының ойлау қабілетінің даму кепілі.

Тарих – тамыр болса, мұғалім – бұтақ, оқушы – гүл. Міне, осы гүлді әдемі қалпында жайқалта өсіріп, сақтау және білімді де білікті ету – менің басты міндетім. Күтілетін нәтиже – қорытынды аттестацияда оқушылардың жоғарғы нәтиже көрсетуі. ХХІ ғасырда оқушылардан талап етілетіні: сын тұрғысынан ойлау, проблемаларды шешу дағдыларын қалыптастыруда мұғалімдерге көптеген оқыту стратегиялары, түрлі педагогикалық тәсілдерді араластырып қолдану мүмкіндіктері, сондай-ақ нақты әдістерді қалай және қай жағдайда қолдануды білуі ойын еркін жеткізе алатын оқушыны қалыптастыруға көмектеседі. А.М.Саранов: «*Инновациялық білім беру жүйесін дамытудың теориялық негіздері*» атты еңбегінде «*инновациялық процесс, оның құрылымы жаңаны пайдалану идеяларынан туындайды*», – деп атап көрсетеді. Шын мәнінде мұғалім ретінде әр сабақта интербелсенді әдістер, құралдар мен жаңа тәсілдерді қолданып, әрбір оқушы өзінің үйренгені мен өз білімі туралы түсініктерін ортаға салып, қорытынды аттестацияның қиын сұрақтарын бірлесе талқылап, қиын сұрақтың жауабын ой толғауларынан өткізгенде, ол сұрақтың жауабы естерінде мәңгіге қалары анық. Мен интербелсенді оқу мен оқытуды бірлесе үйрену идеяларын ұстанамын. Бірлесе үйренуде әрбір оқушы танымның оқу мен үйренудің мазмұны мен қорытындының нәтижесіне өз үлесін қосып, басқалармен өзінің білгенімен, идеяларын мен түсінігімен алмасады, жоғары нәтиже қалай жете алатындығын анықтайды. Мұндай қарым-қатынастағы бірлескен әрекеттер бірін-бірі жақтыру, өзара сыйласымдық пен қолдау атмосферасында жаңа білім игеруге жағдай жасаймын. Оқушыларды тестке дайындау барысында тапсырмаларды оқушының қиналмай оқып, ұмытпаулары үшін тест тапсырмаларын мағынасына қарай іріктеп, оқушылардың білімін бақылауда тесттің бірнеше түрлерін ұсынамын. «Ұстазы жақсының ұстамы жақсы» деген, бүгінгі тәуелсіз мемлекетіміздің ертеңі біз тәрбиелеп отырған жас ұрпақтың меңгерген біліміне, алған тәжірибесіне байланысты екеніне еш күмән-нім жоқ. Сондықтан оқушылардың танымдық көзқарасын байыту ақыл-ой қабілетін жетілдіру, өзіндік ойлау және өмірлік ұстанымын қалыптастыру – менің ұстаздық борышым.

АЛАШ ҚОЗҒАЛЫСЫ және қазақ революционер-демократтарының саяси көзқарастары (Қазақстан тарихы. Сабақ жоспары)

Сабақтың (білімділік) мақсаты:

XX ғасырдың басындағы Қазақстандағы саяси оқиғалар, Алашорда үкіметінің құрылуы, қазақ зиялылары, олардың атқарған қызметі туралы білім беру.

Сабақтың типі мен түрлері, оқыту әдістері, әдістемелік тәсілдер, педагогикалық технологиялар: аралас сабақ, сұрақ-жауап, кезбе тілші, өрмекші, кубизм әдісі, сөз тізбегіндегі сөздерді табу, сөздік жұмысы, сын тұрғысынан ойлау тәсілі, кестемен жұмыс, эссе жазу, бос қорап әдісі.

Оқу-әдістемелік, құрал-жабдықтар, анықтама-лық әдебиет, сілтемелер: БҰҚ, портреттер, хат.

Техникалық жабдықтау, материалдар: интер-белсенді тақта, интернет, компьютер, микрофон.

Қолданатын әдебиеттер: Қозыбаев М., Қозыбаев. I Қазақстан тарихы. Алматы, «Мектеп», 2003 жыл.

Сабақ нәтижесінің сипаттамасы.

Оқыту нәтижелері:

Бағалау критерийлері: баллдық жүйе.

Бағалау тапсырмалары:

Сабақ барысы.

I Ұйымдастыру кезеңі:

- а) сәлемдесу;
- б) оқушыларды түгелдеу;
- в) назарын сабаққа аудару;
- г) сарапшы топты сайлау;
- ғ) бағалау критерийін тарату.

II Білім алушылардың негізгі кезеңде дайын-дығын тексеру.

1. Психологиялық дайындық (сарапшылар бағалайды).

Сөз тізбегіндегі сөздерді табу, анықтама беру. Аж рпгреволюциявнрпкцмлсоциализмвнааптшыпартияо пемлыгыалашпегрмунгрлправтономияакпотыеоамұғалмрыгзиялыларвпкпретдемократияоктрестнчуприм трепрессиянуркане.

Оқушылардың жауабы: революция, социализм, партия, алаш, автономия, зиялылар, демократия, репрессия (Сөздерді тақтаға магнитпен ілу).

Сын тұрғысынан ойлау әдісі.

-Осы берілген сөздерге қарап бүгінгі сабақ қандай тақырыпта болуы мүмкін?

«Алаш» партиясы, революция, ұлт зиялыларының халыққа сіңірген еңбегі жайында болмақ.

III Жаңа сабақ.

-Олай болса бүгінгі тақырыбымыз:

Сабақ тақырыбы:

«Алаш» қозғалысы және қазақ революционер-демократтарының саяси көзқарастары».

1.Сабағымыздың мақсатымен танысайық:

XX ғасырдың басындағы Қазақстандағы саяси оқиғалар, Алашорда үкіметінің құрылуы, қазақ зиялылары, олардың атқарған қызметі мен репрессия құрбандары жайлы мағлұмат беру.

2.Мұғалімнің сөзі:

XX ғасырдың басында өмір сүрген қазақ зиялы-ларының қылышынан қан тамып тұрған заманда

атқарған еңбектері орасан зор. Қазақ автономиясына қол жеткізген зиялылардың қазақ жерін ҚАКСР-інің қарамағына біріктірудегі еңбектері ұшан-теңіз. Осылайша Қазақ АКСР-інің тұңғыш астанасы бол-ған Орынбордың (1920-1924 жж.) қалыптасу мен дамуында белгілі рөл атқарды.

3.Олардың қазақ халқына сіңірген еңбектері туралы кинодан көріп тамашалайық: «Алаш Орда туралы бар шындық» 10 минут.

1. Сол кезде ұлттық зиялылардың қоғамдағы орны қандай болды?

2. Ұлт зиялылары кімнің мүддесін қорғады деп ойлайсыңдар?

3. «Алаш партиясы неліктен халық арасында көп қолдауға ие болды?».

Оқушылар орындайды:

Топтарға бөлу: **Әлихан Бөкейхан тобы.**

Ахмет Байтұрсынұлы тобы.

Міржақып Дулатұлы тобы.

Топтарын қорғау (5минут).

Алаш партиясын бірнеше қырынан ашып айту.

- Берілетін уақыт әр топқа 5 минут. Сарапшылар 1-3 ұпайға дейін бағаланады.

1-топ. «Өрмекші торы» әдісі арқылы.

2-топ. «Кубизм» әдісі арқылы.

3-топ. «Кезбе тілші» әдісі арқылы таныстыру.

1-топ: «Өрмекші торы» әдісі арқылы түсіндіру.

Алаш партиясының бағдарламасы – 1917 жы-лы «Қазақ» газетінде пайда болған бағдарлама.

Жоба жасаушылар: Әлихан Бөкейханов, Ахмет Байтұрсынов, Міржақып Дулатов, Елдес Ғұмаров, Есенғали Тұрмағанбетов, Ғабдулхамит Жүндібәев, Ғазымбек Бірімжанов.

I Мемлекет қалпы.

II Жергілікті бостандық.

III Негізгі құқық.

IV Дін ісі.

V Сот және билігі.

VI Ел қорғау.

VII Салық.

VIII Жұмысшылар.

IX Ғылым-білім үйрету.

X Жер мәселесі.

2-топ кубизм тәсілі арқылы түсіндіру.

Сталинизм саясатын түсіндіру.

3-топ «кезбе тілші» әдісімен түсіндіру (артист қойылым арқылы).

1. Адамдық борышың – халқыңа еңбек қыл.

ШӘКӘРІМ.

2. Азаттық таңы атты. Тілекке Құдай жеткізді. Күні кеше құл едік, енді бұ күн теңелдік. Қам көңілде қаяудай арман қалған жоқ. Еңше ғасырлардан бері жұрттың бәрін қорлықта, құлдықта ұстаған жауыз үкімет, өзгеге қазған оры өзіне шағын көр болып, қайтпас қара сапарға кетті. Енді бүгін теңеліп, түсімізде көрмеген жақсылықты өңімізде көріп,

төбеміз көкке жетіп отыр. Бұл күнге жеткізген Құдайға мың шүкірлік!

Әлихан БӨКЕЙХАН.

3.Кез болған соң кер заман біздің баққа,
Жау жарағын асырып, міндік атқа.
Ел бастайтын ерлерге бұл бір зор сын,
Жаңа талап, жас ұлан, қарап жатпа!
Азаматы алаштың
Аттанатын күн туды.
Тұлпар мініп, ту ұстап,
Баптанатын күн туды!

Міржақып ДУЛАТОВ.

4.Алтын Күннен бағасыз бір белгі боп,
Нұрлы жұлдыз, бабам тілі, сен қалдың!
Жарық көрмей жатсаң да ұзақ, кен-тілім,
Таза, терең, өткір, күшті, кең тілім.
Тарап кеткен балаларыңды бауырыңа
Ақ қолыңмен тарта аларсың сен, тілім!

Мағжан ЖҰМАБАЕВ.

5. «Алаш» туының астында
Күе болсын арымыз!
Көркейтуге «Алашты»
Құрбандық біздің жанымыз!
Жасасын, Алаш, жасасын!

Сұлтанмахмұт ТОРАЙҒЫРОВ.

6.Алаш халқымызды бесігінде тербетіп, есейіп
ат жалын тартып мінгенде бойына күш-қуат және
сенім берген – ұлттық идея. Алаш – ұлттың өзін
бөлінбес тұтас жер, яғни территория ретінде
сезінуі. Алаш – ұлттың аспан асты, жер үстінде өз
орны бар ел ретінде өз еншісі мен үлесін анықтау
харакеті.

Мәмбет ҚОЙГЕЛДИЕВ.

ІҮ Жаңа сабақты бекіту.

Жабық хат тарату.

- Әр топқа сыйлық !!!

- Берілетін уақыт әр топқа 5 минут. Сарапшылар
1-3 ұлайға дейін бағаланады.

4.1.Салыстыру. Кестемен жұмыс (5 минут). Оқу-
шылар кестені толтырады.

Сәйкесін тап. **1-топ.**

Партия-ның аты	Мер-зімі	Партия басшысы	Газет-тері	Шыққан қаласы
Алаш	1905, 1917	Ә.Бөкейханов	«Қазақ»	Орынбор
Кадет	1917	Либерал-демократтар	«Еркін сөз»	Семей
Үш жүз	1917-1918	Көлбай Тоғысов	«Үш жүз»	Омбы
Шура-ислами	1917-1918	М.Абдура-шидханов	«Шура-ислами»	Ташкент

2-топ. Берілген күрделі сөздердің сыңарын тауып,
сәйкестендір.

Алаш Орда	мұрагерлері
отаршыл	жау
саяси	болды

аян	ел
Алаш	мәселелері
тартысты	үкіметі
осал	қуғын-сүргін
адамгершілік	насихат

Алаш Орда үкіметі.
Отаршыл ел.
Саяси насихат.
Аян болды.
Алаш мұрагерлері.
Тартысты қуғын-сүргін.
Осал жау.
Адамгершілік мәселелері.

3-топ.

Тұлғаның аты	Еңбектері мен атқарған қызметтері.
Ахмет Байтұрсынов	«Қырық мысал» 1909 жылы, «Маса» 1911ж, «Оқу құралы» (1912) , «Тіл құралы» (1914) , «Әліпби» (1924) , «Жаңа әліпби» (1926).
Әлихан Бөкейханов	«Ресей. Жалпы географиялық сипаттама» «Жаңа энциклопедиялық сөздік», «Қобыланды» жырындағы әйел бейнесі», Алгебра оқулығы Алаш» партиясын ұйымдастырушы, Алашорда үкіметінің төрағасы, 250-ден астам мақала, аудармалары жарық көрген, алгебра оқулығының авторы.
Міржақып Дулатов	Оян, қазақ!», «Азамат», «Терме» «Бақытсыз Жамал», «Есеп құралы», Балқия» пьесасы.

Сергіту сәті. «Самалтау» әнін тыңдау (5 минут)
Оқушылар тыңдап отырады.

4.2. Топтар қарсы топқа сұрақ қояды (3минут).

Быттыр ҚР тәуелсіздік алғанына 30 жыл толды.
Тәуелсіздікке байланысты әр топ бір-бірілеріне сұрақ қойыңыздар.

V Сабақ қорытындысы.

5.1. Эссе жазу (3 мин.).

1.Сіздіңше бүгінгі оқып-білгеніңіздің ішіндегі сіз үшін ең маңыздысы не болды?

2.Қай сұрақ есіңізде қалды?

3. Сіз үшін қиындық тудырған сұрақ?

5.2. «Бос қорап» әдісі.

1. Сізге сабақ неден басталған дұрыс деп ойлайсыз?

2. Қосымша не білгіңіз келеді?

3. Бағалаудың қандай түрі пайдаланған дұрыс деп ойлайсыз?

VI Оқушыларды бағалау.

Сарапшыларға сөз береміз. Топты бағалау.

VII Үй тапсырмасы.

Үш жүз және шура-ислами партиясы туралы қосымша мәліметтер жинау.

Оқытушының қолы.

ҚОЛДАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР

1.М.Изотов, Ә.Нысанбаев, М.Сәбит Адам.Қоғам. Құқық. 10-сынып, Алматы: Мектеп, 2014 ж.

2.Жамбылов Т. Саясаттану. Алматы, Жеті жарғы, 2007 ж.

3.Интернет.

4.Блум таксономиясы.

Бейнежазба: «Менің Отаным – Қазақстан».

Тұсаукесер.

АРХИВ ДЕРЕКТЕРІ АХМЕТ БАЙТҰРСЫНҰЛЫ ХАҚЫНДА



«Өзге оқыған замандастары өз бастарының пайдасын ғана іздеп, ар нәм имандарын сатып жүргенде, Ахмет халықтың арын іздеп, өзінің ойға алған ісі үшін бір басын бәйгеге тіккен. Ахмет Байтұрсынұлы ұлтын шын сүйетін шын ұлтшыл».

Сәкен СЕЙФУЛЛИН.

XX ғасырдың басында қазақ халқы аса ірі қоғамдық-саяси өзгерістермен қатар ауқымды рухани жаңғыруларды да бастан кешті. Ұлттық мәдениет пен әдебиеттің, білім мен ғылымның туын көтерген, жұртшылықтың санасына демократиялық ойлар сіңіріп, алға жетелеген зиялы топтың сонау қуғын-сүргін жылдары жоғалған еңбектері Тәуелсіздіктен кейін біртіндеп табылып, қайта жаңғыруда. Осындай халықтың зердесіне сәуле түсіріп, санасын оятқан рухани көсемнің бірі нәм бірегейі – Ахмет Байтұрсынұлы. Қазақ елінің жарқын болашағы, тыныш та тәуелсіз өмірі үшін өзінің ақылын арқау еткен Ахмет Байтұрсынұлының еңбегі мен шығармашылығы туралы аз айтылып, аз зерттеліп жатқан жоқ.

Алайда Алматы қаласының Мемлекеттік архивіндегі Ахмет Байтұрсынұлы туралы деректер туралы елдің көбі біле бермейді. Аталған архивтің қорында Жетісу өңірінен шыққан көр-

некті ақындардың бірі, аудармашы, КСРО және Қазақстан Жазушылар одағының мүшесі, КСРО Әдебиет қорының мүшесі Ғұсман Жандыбаевтың жеке тектік қоры сақталған. Ақынның 2017 ж. 19 қаңтарда жазған «Қазақ энциклопедиясы» анықтамалығы қолжазбалық еңбегінде (288-қор, 1-тіз., 284-іс) ұлт ұстазына тарихи тұлға ретінде мынадай толық сипаттама берген: *«Ахмет Байтұрсынұлы – қазақтың ақыны, әдебиет зерттеуші ғалым, тюркітанушы, публицист, педагог, аудармашы, қоғам қайраткері. Қазақ халқының 20 ғасырдың басындағы ұлт-азаттық қозғалысы жетекшілерінің бірі, мемлекет қайраткері, қазақ тіл білімі мен әдебиеттану ғылымдарының негізін салушы ғалым, ұлттық жазудың реформаторы, ағартушы, Алаш-Орда өкіметінің мүшесі»* (Қазақ энциклопедиясы, Алматы, 2017 ж.)

Сондай-ақ, осы қорда Ғұсман Елеуұлының «Ахмет Байтұрсынұлы» энциклопедиясы үшін 2017 жылы жазған, жинақтаған қолжазбалық мақалалары бар. Мақалада автор Ахмет Байтұрсынұлының «Тіл құралы» кітабында қолданылған терминдер (ұғымдар) туралы 180-ге жуық мақаланы жинақтап, ондағы Байтұрсынұлы қолданған терминдерге түсінік береді: ғалым бұл ұғымды не үшін, қандай мағынада қолданғандығын, қазіргі анықтамаларға сәйкестігі мен өзгешеліктерін мысалдармен көрсеткен (288-қор 1-тіз., 289-іс).

Архивтің №398-қорындағы философ, философия ғылымдарының кандидаты, доцент **Арғымбаев Әбсемет Қалиұлының құжаттарында** (398-қор, 1-тіз., 280-іс) 1914 жылы Орынбор қаласында жарық көрген «Ахмет Байтұрсынұлының қазақша әліппесі» атты кітап бар. Бұл еңбекті қырғыз жазушысы Қарбоз Дыйқанов Бішкек қаласындағы «Периодика» баспасынан 500 таралыммен қайта шығарғанын, мазмұны жағынан еш өзгеріс жасалмағанын және қағаз тапшылығына байланысты кітаптың форматы кішірейгенін айтады (жылы белгісіз). Тек айырмашылығы бұл кітапта қырғыз жазушысы Қ.Дыйқанов Ахмет Байтұрсынұлына қазақ қана емес, *«қырғыз-қазақ ақыны, көрнекті ғалым тюрколог, публицист, педагог, аудармашы және қоғам қайраткері»* деген анықтама береді. Кітаптың алғысөзінде Ахмет Байтұрсынұлының өмірбаянына, ғылыми-шығармашылық қызметіне, қоғам және мемлекет қайраткері ретіндегі жанкешті еңбегіне жан-жақты тоқталған.

«Ахмет Байтұрсынұлының 1912 жылы «Оқу құралы», 1914 жылы «Тіл құралы», «Қазақ әліппесі» бірнеше рет басылды. 1926-1928 жылдары «Жаңа әліппе», 1926 жылы «Баяншы» деген әдістемелік кітабы жарық көрді.

Ахмет Байтұрсынұлы – араб таңбасына негізделген қазақ жазуын реформалаған адам. 1911 жылы қазақ, қырғыз балалары үшін жасалған бірінші әліппе Уфадан шықса, 1912 жылы осы алфавитпен қазақ тілін бөліп шыққан бірінші ғалым – Ахмет

Байтұрсынов, 1924 жылы қырғыз тілін бөліп шыққан ғалым – Ешеналы Арабаев.

Біз Ахмет Байтұрсыновтың 1914 жылы басылған «Қазақ әліппесін» оқырмандарға ұсынамыз. Бұл кітапта араб таңбасы толық берілген. Бұны 1924 жылға дейін қырғыз оқырмандары да пайдаланып келген. Халық ағарту ісіне бұл кітаптың қызметі көп. Осы кітапты оқып, жазуды үйренгендер араб таңбасымен жазылған барлық кітапты оқи алады», – деп жазылған кітаптың алғысөзінде.

Байтұрсынұлы атындағы көше. Алматы қаласы әкімінің 18 сәуір 1993 жылғы №78 шешіміне сәйкес Космановтар көшесіне Алаш партиясы көшбасшыларының бірі, белгілі түркітанушы, реформатор ғалым, қазақ тіл білімі, әдебиеттану және қазақ тілін оқыту әдістемесі ғылымдарының негізін салған зерттеуші, қоғам қайраткері, сталиндік репрессияның құрбаны Ахмет Байтұрсынұлының есімі берілді. Ахмет Байтұрсынұлы (1872-1937) Торғай уезінің Тосын болысында дүниеге келген. Ол халық ағарту, қоғамдық саяси бағыттағы қызметтер атқарған. Қазақстандағы Алашорда партиясының жетекшілерінің бірі болған. 1913 жылы Орынборда қазақтың көрнекті қайраткерлерін топтастырып, ұлттық қоғамдық-саяси және ғылыми-әдеби басылым «Қазақ» газетін ашқан.

Көше Әуезов, Алмалы, Бостандық аудандарын қиып өтеді. Мақатаев көшесінен басталып, қаланың оңтүстігіндегі таулы аймақтарға дейін созылып жатыр. Бұрынғы атаулары: а) Тараншы, ә) Космонавтар көшесі. Көшенің ұзындығы – 4450 метр («Алматы көшелері» анықтамалық энциклопедия 79-бет № 310-қор, Алматы қаласы әкімінің аппараты).

№ 434 Сырым Бөкейхановтың жеке тектік қорында Алматы қаласының көше атаулары туралы «Имена наших улиц от А до Я» авторлық энциклопедиялық анықтамалығы бар. Автордың бұл еңбегінде Ахмет Байтұрсынұлы атындағы көшенің ертеректегі тарихы туралы қызықты мәліметтер бар. Ескі қалада бұл аймақ «Кучегур» деп аталыпты. Мұнда Құлжа өлкесінен келген дүнгендер мен ұйғырлар қоныстанды. Верный кезеңінде осы көше мен бүгінгі Сәтбаев көшелерінің қиылысында ипподром орналасса, өткен ғасырдың 20-жылдарында бұл жерде Алматының алғашқы аэродромы болыпты. Сонымен қатар бұл көшеде Никольский православтық шіркеуі және жанында Никольский базары бар. Кейінірек көшеде Киров атындағы зауыттың тұрғын үй кешені бой көтерді. Қазіргі кезде әуежай орнында Ұлттық техникалық университеті және энергетика және байланыс академиясы ғимараттары орналасқан. Бүгінде көшеге қазақ қоғам қайраткері, ағартушы, лингвист, әдебиеттанушы, түркітанушы, аудармашы Ахмет Байтұрсыновтың (1872-1937) есімі берілген. Кейінірек көшеде Киров атындағы зауыттың тұрғын үй кешені бой көтерді. Қазіргі кезде әуежай орнында Ұлттық техникалық университеті және энергетика және байланыс академиясы ғимараттары орналасқан. Ол 1873 (кей деректе – 1872) жылы Торғай уезінің Сартүбек шатқалында қарапайым шаруаның отбасында дүниеге келген. Оның әкесі Үмбетай батырдың ұрпағы болып саналған Байтұрсын қазақ ауылдарында жер, жергілікті өндіріс үшін феодалдар және патша өкіметімен жиі қақтығысқа түскен ержүрек, ақылды адам

болған. 1885 жылы олардың ауылына уезд бастығы полковник Яковлев бастаған полиция қызметкерлері келіп, халықты жөн-жосықсыз ұрып-соғады. Байтұрсын мен оның ағалары қорлыққа шыдамай, полковниктің өзін сабағаны үшін 15 жылға сотталып, Сібірге жер аударылды. Биліктің әкесін, туыстарын және оларды қолдаған ауылдарды қырып-жоюы болашақ ақынға қатты әсер қалдырды. Бар өмірін халықтың болашағына арнаған ағартушы ғалым 1937 жылы 8 қаңтарда халық жауы ретінде екінші рет сотталып, ату жазасына кесілді.

Архивтің Анықтамалық ақпараттық-қорында «Қазақстан Наркомдары 1920-1946 жж.» өмірбаяндық анықтамалық бар. Онда ұлт ұстазын былай таныстырған:

«Ахмет Байтұрсынов (1873-1938) Торғай уезінің Тосын болысының № 5 Сартүбек ауылында малшы отбасында дүниеге келген, қазақ. «Алаш» партиясының негізін қалаушылардың бірі, 1920 ж. сәуір айынан 1921 ж. қараша айына дейін Торғай орыс-қырғыз училищесін, 1895 ж. Орынбор мұғалімдер мектебін бітірген. Ағартушы, ақын, публицист, түркітанушы ғалым. 1895-1909 жылдары Ақтөбе, Қостанай, Қарқаралы уездеріндегі ауылдық, болыстық екі сыныптық орыс-қырғыз мектептерінің мұғалімі. Патшалықтың отарлық саясатына қарсы күреске қатысты. 1907-1909 жылдары тұтқындалады (Қарқаралы, Семей түрмелері). 1910 жылдың ақпан айында Орынбор қаласына жер аударылып, 1912 жылдың соңына дейін саяси қадағалаумен бір жыл өмір сүрді. 1918-1919 жылдары Торғай облыстық жер басқармасында жұмыс істеді, Алаш Орда үкіметінде оқу-ісін ұйымдастыру жөніндегі комиссияның төрағасы болды. 1919 жылы наурызда ерікті түрде кеңес өкіметі жағына өтті. 1919 жылдың маусымынан 1920 жылдың қазанына дейін төрағаның орынбасары, сонымен қатар 1920 жылдың қаңтар-ақпанында Кирвоенком Ішкі басқару бөлімінің меңгерушісі. 1920 жылдың қазанынан 1921 жылдың қазанына дейін Нарком, 1921 жылдың қазанынан 1922 жылдың маусымына дейін ҚазССР халық ағарту комиссары орынбасары, ҚазССР халық ағарту халық комиссариаты жанындағы Академиялық орталықтың төрағасы (Өмірбаяндық анықтамалық. ҚР Президентінің архиві, «Арыс» баспасы, 2007 ж.).

Ахмет Байтұрсынұлы – қазақ әліппісінің атасы, түркі тілтану ғылымының ағартушысы. Қазақ әдебиеті тарихында Абайдың орны қандай болса, қазақ тіл білімі мен мәдениеті тарихында Ахмет Байтұрсыновтың орны сондай. Оның өмірбаяны, бар тірлік-тынысы, ой-арманы туған халқына деген қалтқысыз қызметтен тұрады. Оның өмірін сондықтан да жеке адамның, жеке бір маманның өмірі деп қарауға болмайды. Ол – халықпен біртұтас, қалың елмен тамырлас, ел жүгін қайыспай көтерер нағыз халық перзенті.

Ахмет Байтұрсынұлының мол шығармашылық мұрасының тарихи маңызы жоғары. Ахмет Байтұрсыновтың ұлтым деп соққан жүрегі, үлгі-өнегесі – қазіргі жаңа заманға аса қажет.

Дайындаған: Алматы қаласының
Мемлекеттік архивінің
бас сақтаушысы
Гүлбакыт ҚҰРМАНЖАНОВА.

РЕСЕЙДІҢ ШЫНАЙЫ ТАРИХЫ

Қанат Ескендір. КИГІЗ КІТАП
25 маусым 2018 жыл.

1. Мәскеудің (Московия) атауын тек XVIII ғасырда, 1721 жылы ғана І Петр Ресей (Россия) деп өзгерткен.

2. «Моқшы (Мокш, мокшане) тайпасы өздерінің өзендерін Москва (Мәскеу, Мосқау, Мақсу ма екен?) деп атаған, яғни, «Лас су» деген мағына береді. Әлемде ешбір тіл Москва сөзіне түсінік бере алмайды» деп тұжырады орыс ғалымдары. Сөйтеді де, «Моқшы тілі угоро-финн тіліне жатады, ал ол Орал әулеттік тілдер классына тиесілі. Моқшы тілінде Татарстан, Бұлғария, Венгрия жерінде қолданатын аз ғана субэтнос бар» деп тағы да нақты дәлел келтіреді. Сібірге дендей еніп, Еділді жайлаған, Алтын Орданың негізгі авангард күші болған, Шыңғыс әулетіне аянбай қызмет ете жүріп..., жұтылып кеткен моқшы тайпасы қазақтың түп туысы, тел-тамыры емей кім болады, сонда? «Моқшы» ма, «мың оқшы» ма, олардың кім екенін тек 1926 жылы ғана санақ жүргізген кеңес үкіметі ашып айта ала ма?!.

Санақ барысында төрт жарым мыңның үстінде ғана адам қалды деген сол моқшыдан дара талант – Василий Шукшин туды.



3. «Кремль – татар сөзі, беріктікке, нығаюға бірігу дегенді білдіреді» дейді орыс ғалымдары. Ол біздің «құрамалы» ма әлде «қормалы» деген сөзден шыққан ба?!.

4. Орта ғасырда Еуропаның барлық картографтары Еуропа шекарасының шегін Русь шекарасымен іргелей сызған. Ал, Русь дегеніміз – қазіргі Украина территориясына тиесілі аумақ. Московия – өзіне бодан финн жұрағатымен қоса Орда қарамағындағы ұлыс болған. Еуропа тарихшылары мен жұрты бұл жерлерді «Азияға тиесілі» деп шынайы бағалауда.

5. Московия (Россия) Алтын Орданың заңды мү-

рагері болған..., өзінің суверені әрі қожайыны – Қырым хандығына 1700 жылға дейін алым төлеп тұрды. Московия патшасы Қырым елшісін Басұру төбесінен (Поклонная гора) күтіп алып, өзінің атына мінгізетін де, атты жетектеп Кремльге салтанатпен әкелетін. Сосын елшіні өз тағына отырғызып, өзі оның алдында тізерлеп тұратын.

6. 1610 жылы Борис Годуновтың (шын есімі Мурза Гудун, яғни, Мырза Ғұдын не Ғұдын мырза) тұсында Шыңғыс әулетінің династиялық билік құруы тоқтады да, одан кейін орда қызметіне сіңген финнің Қобылы әулетінің ұлы Алексей Кошк (Алексей Михайлович) таққа отырды. Таққа отыру салтанатында шіркеу дінбасылары оған Романов деген тек беріп, Московияны басқаруға Римнен келген ақсүйек деп жариялады.

Патша ауласында дәрігер болған ағылшын Сэмюэль Коллинз өз күнделігінде «Алексей патша бүркітпен, тазымен аңға шығуды жақсы көрді. Оның сұңқарларын бағатын үш жүзге тарта құсбегісі болды..., Сібірден ең ұшқыр лашын құстарды алдыртатын...» деп жазады.

7. II Екатерина Ұлы Литовск Князьдігін (қазіргі Белорусия) толықтай жаулап алғаннан соң, 1795 жылы Московия құрамындағы угоро-финн тайпаларын «Ұлы орыс» (Великоросс) деп, ал шынайы Русь әулетіне жататын (украиндарды) ұлт өкілдерін «Кіші орыс» (Малоросс) деп атауға арнайы жарлық шығарды.

8. Ешкім де ешқашан да Богдан Хмельницкий мен Алексей Романов патша Московия мен Украинаны біріктіру мақсатында өзара жасасты деп жүрген «келісімшарттың» түпнұсқасын еш жерден кездестірген де емес, көрген де емес!

9. Дмитрий Донской Мамайды жеңді деп ойдан шығарған жасанды жырды тарихқа айналдырғысы келсе де..., әлі күнге бірде бір археологиялық зерттеулер Куликов даласында болған шайқасты дәлелдейтін нақты жәдігерді бірнеше ғасыр бойы іздесе де, таба алмай келеді.

10. Ресей Федерациясының территориясындағы Псков, Новгород, Смоленск облыстары Московия-Орда билігі 1462, 1478, 1654 жылдары басып алғанша ежелгі Русь иелігіне (Киев) тиесілі жерлер болатын. Московияның тарихи атауы өзгермей тұрғанда басқа аймақтарында славян тайпалары мен ұлты ешқашан болған емес еді...

Ескерту: Деректер ТМД тарихшылары қатысқан ресейлік пікірталас форумында әсіреұлтшыл тарихшылар дәлелдей алмаған фактілерден түзілді.

Иран Нуралдиннің
«Фейсбук» парақшасынан.

ПС-1 н. ф.ПС-1 Мөрдін орны Оператордың қолы	ААҚ "ҚАЗПОШТА" АБОНЕМЕНТ Басылым индексі 75748 "Қазақ тарихы" журналы											
	(басылым аты)											
	жазылу бағасы				тг		тн		Комплектілер саны			
	2022 жылға, айлары											
	1	2	3	4	5	6	7	8	9	10	11	12
Қайда _____ пошта индексі, мекен-жайы _____ Кімге _____ аты-жөні _____												

ТАСЫМАЛДАУ КАРТОЧКАСЫ												
Мөрдін орны Оператордың қолы	ПВ	орны										75748
	"Қазақ тарихы" журналы											
	(басылым аты)											
	БАҒАСЫ		жазылу		тг		тн		Комплектілер саны			
			тұрағын өзгерту		тг		тн					
2022 жылға, айлары												
1	2	3	4	5	6	7	8	9	10	11	12	
Қайда _____ пошта индексі, мекен-жайы _____ Кімге _____ аты-жөні _____												

Жазылуы ұйымдастырушыға! Осы бетті өз мектебіңіздегі әріптестеріңіздің бөріне жетердей етіп ксерокшірмеден өткізіп, үзік сызықпен белгіленген тұстарынан қылып алыңыз. Дайын бланкіні анықтап толтырып, әріптестеріңізден жиналған ақшаны пошта бөлімшесіне төлеп, мөр басылған түбіртеккі жазылушыларға таратып бересіз.

«ҚАЗАҚ ТАРИХЫ»

ЖҰРНАЛЫНА 2022 ЖЫЛҒА ЖАЗЫЛУ ЖАЛҒАСУДА!

Төл журналыңызға қалған айларға толық жазылып, түбіртегіңізбен қоса жіберсеңіз, 2 беттік сабағыңыз не мақалаңыз тегін жарияланады.

2022 жылға "Қазпоштадан" жазылу бағасы:

Жазылу индексі: **75748.**

«ҚАЗАҚ ТАРИХЫ» Жылына 6 рет шығады

қала

аудан, ауыл

6 айға 3 111, 90 тг
12 айға 6 223, 80 тг

6 айға 3 124, 80 тг
12 айға 6 249, 60 тг